



ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН
ҚОЛДАУ ҚОРЫ



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАҢДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

ИМАН негіздері

Смайыл СЕЙТБЕКОВ

Алматы, 2011

УДК 28
ББК 86.38
С 31

*Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған*

СЕЙТБЕКОВ Смайыл

С 31 Иман негіздері - Алматы; Ислам мәдениеті мен білімін
қолдау қоры, 2011. - 376 бет.

ISBN 978-601-7271-38-1

Кітапта діннің танымына, таухид сеніміне, ақиданың маңыздылығына, күпірліктің түрлері секілді т.б. маңызды тақырыптарға тоқталумен қатар, Ислам дініндегі алты иман негіздеріне: Аллаһқа, періштелерге, қасиетті кітаптарға, пайғамбарларға, о дүниенің бар екендігіне, тағдырдағы жақсы-жаманды істің бір Аллаһтан екендігіне деген сенім мол айғақтармен жан-жақты түсіндірілген.

Еңбек діни сауатын арттыруға аянталы қалың жұртшылыққа арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7271-38-1

© Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	6
----------------	---

I БӨЛІМ

1. Діннің мағынасы мен түсінігі	9
2. Адамның дінге мұқтаждығы	11
3. Дінді жіберуші – Аллаһ Тағала	13
4. Алғашқы діннің пайда болуы жайындағы ғылыми тұжырымдар	14
5. Адамзаттың алғашқы діні – Таухид діні	17
6. Ислам бойынша діннің түрлері	18

II БӨЛІМ

1. Ақида дегеніміз не?	22
2. Ақиданың маңыздылығы	23
3. Ақиданың қамтитын тақырыптары	25
4. Ақида ілімінің тарихы	26
5. Ислам ақидасының ерекшеліктері	35
6. Әһли сүннет ақидасын жүйеге келтірген имамдар	40

III БӨЛІМ

1. Иман сөзіне түсінік	66
2. Иманның түрлері	71
3. Ғайыпқа иман етудің маңыздылығы	74
4. Мәзхабтардың иман жайындағы көзқарастары	76
5. Иман мен амал арасындағы айырмашылық	83
6. Иманның артып-кему мәселесі	89
7. Ислам мен иман сөздерінің ұғымы	91
8. Иманның сахих (қабыл) болу шарттары	93
9. Тыйым салынған үлкен күнә істеудің үкімі	97

IV БӨЛІМ

1. Мүмин	101
2. Кәпір және күпірліктің түрлері	102
3. Мүшрік және серік қосудың түрлері	106
4. Мунафик (екі жүзділік)	108
5. Муртәд (ислам дінінен басқа дінге өтуші)	111

6. Фасық (күнәһар, бұзақы)..... 113
7. Аси (дінге және билікке қарсы шығушы)..... 114

V БӨЛІМ

1. Аллаһтың бар және бір екендігіне сену 116
2. Аллаһтың барлығы мен бірлігін растайтын діни және қисындық (ақли) дәлелдер 119
3. Бір ғалымды Аллаһтың бар екендігіне сендірген жеті себеп 124
4. Аллаһтың көркем есімдері 129
5. Аллаһ Тағаланың сипаттары 137
6. Аллаһтың о дүниеде мумин пенделеріне көрінуі 148

VI БӨЛІМ

1. Періштелерге сенудің маңыздылығы 155
2. Періштелердің ерекшеліктері 158
3. Періштелердің қызметтері 163
4. Адамдар мен періштелерді дәреже тұрғысынан салыстыру жайында 169
5. Жындар әлемі 171
6. Шайтан және оның кейбір өзіндік ерекшеліктері хақында 178
7. Рух және оның бір тәннен екінші тәнге өту мәселесі 186

VII БӨЛІМ

1. Аллаһ Тағала тарапынан түскен қасиетті кітаптарға иман 195
2. Аллаһ тарапынан түскен парақтар (сухуфтар) 196
3. Таурат кітабы 198
4. Забур кітабы 205
5. Інжіл кітабы 206
6. Құран Кәрім 214
7. Алдыңғы қасиетті кітаптардың бұзылу себептері 229
8. Таурат кітабының бұзылғандығының айғағы 231
9. Інжіл кітабының бұзылғандығының айғағы 234
10. Қасиетті кітаптар алдындығы мұмин кісінің міндеті 236

VIII БӨЛІМ

1. Пайғамбарлық және пайғамбарларға иман 238
2. Адамзаттың пайғамбарға мұқтаждығы 243

3. Пайғамбарлардың сипаттары.....	244
4. Пайғамбарлардың ер кісілерден болуы жайында.....	250
5. Пайғамбарлардың саны және Құранда аты аталған пайғамбарлар.....	252
6. Пайғамбарлар дәрежесі.....	260
7. Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) – Жаратушының соңғы елшісі.....	262
8. Мұғжиза деп нені түсінеміз?.....	265
9. Хазіреті Пайғамбарымыздың мұғжизалары.....	268
10. Әулиелік және карамат.....	276
11. Мұғжиза мен караматтан тыс өзге де табиғат заңдылықтарына қайшы келетін жағдайлар.....	284
12. Уахи және уахидің келу жолдары.....	286

IX БӨЛІМ

1. Ақырет күніне иман.....	289
2. О дүниелік өмірдің маңыздылығы мен қажеттілігі.....	292
3. Қабір өмірі.....	295
4. Қиямет - қайым және оның уақыты.....	301
5. Ақырзаманның белгілері жайында.....	303
6. Сур және сурға үрлеумен қияметтің басталуы.....	329
7. Өлімнен кейін қайта тірілу.....	331
8. Ақыретте болатын жағдайлар.....	336

X БӨЛІМ

1. Тағдыр мен қазаға иман.....	349
2. Адам тағдырының жазылу мәселесі.....	351
3. Адамның ерік-жігері мен қалау еркіндігі.....	354
4. Тағдырды сылтау ету дұрыс па?.....	357
5. Тағдыр өзгере ме?.....	359
6. Жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену.....	361
7. Хидаят (дұрыс жол) пен далалат (адасушылық).....	363
8. Жүректегі мөр.....	365
9. Пенденің рызык-несібесі.....	367
10. Өмірдің бітуі мен ажал мәселесі.....	369

АЛҒЫ СӨЗ

Барлық мадақ пен мақтау бүкіл әлемдердің жаратушысы – Аллаһ Тағалаға тән. Екі дүниенің нұры Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) және оның отбасына, ардақты сахабаларына Ұлық Жаратушының сәлемі мен нұры жаусын!

Қадірменді оқырман қауым, Аллаһ Тағала бір мезетте бүкіл ғаламды жоқтан бар еткені секілді адамды да топырақтан жаратты. Хазіреті Адам атаны жаратып, оны өзінің ұрпақтарына пайғамбар етіп жіберудегі мақсаты - Аллаһты танытып, шексіз құдіретіне иман келтіріп, Оған құлшылық ету болатын. Сол себепті дініміздегі бұйрықтарды ескере отырып, мұсылман халқымызға қажет болған «Ислам тарихы», «Ислам әдебі» атты оқу құралдары жарық көрген Сейтбеков Смайылдың еңбектері жалғасын тауып, діни-руханият һәм ғылым қамтылған Аллаһтың пайғамбарлар арқылы жіберілген дініміздегі иман негіздеріне жеке-жеке тоқталған. Осы ауқымды еңбекте исламның сенім жүйесіндегі әһли сүннет сенімі бойынша жан-жақты баяндалған. Себебі, дініміздегі пенденің сенімі дұрыс болмаса, амалы пайда бермейді. Білмеген нәрсені істеп, күнәға бататынымыз секілді иман шарттарынан бейхабар жүрген жанның имансыздыққа бет түзеуіне кім кепіл? Сондықтан иман негіздері мен оның басты-басты шарттарын әрбір мұсылманның біліп, зердесіне тоқып алғаны абзал.

Бұл кітаптың аса маңызды құндылығы осы уақытқа дейін отандық басылымдардан жарық көрген сенім негіздеріне байланысты еңбектерде тақырыптар кеңінен қамтылмаған шағын көлемде болатын. Ал мұнда иман не-

гіздеріне жүйелі түрде ислам әлемінің, әсіресе араб, түрік тіліндегі жазылған еңбектер молынан пайдаланылуында. Сол себепті Смайыл Сейтбековтың қолдарыңыздағы еңбегі сол олқылықтардың орнын толтырудағы қадам.

Кітапта жалпы дін ұғымы мен діндегі сенім түйткілдерінен (иман негіздері) бастап, бірізділікпен тағдырға, қазаға иман ету мәселелеріне дейін сөз болады. Және де автордың тақырыпты баяндаудағы маңызды бір ерекшелігі, әрбір мәселеде көпсөзділікке ұрынбай тақырыпты нақты дәлелдермен яғни, Құран аяттары және хадистермен дәлелдеп отырады. Мұндай мәтіннің көркем не әдеби мәтіннен гөрі, ең алдымен ғылыми еңбек тілімен туыс екенін ескеруіміз керек. Себебі, мұнда сенім мәселесі қарастырылғандықтан, әрбір сөздің қорғасындай салмағы бар.

Мысал ретінде «Кәпір және күпірліктің түрлері» атты бір ғана тақырыпты алалық. Автор тақырыптың терминдік жағына жан-жақты тоқталғаннан кейін осы мәселеде аят пен хадистер не дейді деген мәселеге келеді. Аллаһ Тағала Құранда өзіне сенбеген яки қарсы келген пенделерге ақыреттегі азабын баян ете келіп, олардың жан түршігерлік азапқа душар болатындығын білдіреді. Осы тақырыпты қорыта келе, автор күпірлікке барудың да түрлі себептермен болып жататынын айта келе олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталады. Бұларды жәй тізбектеп келтіріп қана қоймай, әрбіріне анықтама беріп, олардың әрі терминдік әрі шариғи мағынасын қатар пайымдап талдайды. Мұнымен қатар, кітаптың Аллаһ Тағалаға, періштелерге, қасиетті кітаптарға, пайғамбарларға, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену тұрғысындағы тақырыпшаларында да, автор аят пен хадистерге сүйене отырып, тұжырым жасайды. Еңбектің ең ұтымды жері де осы.

Ойымызды түйіндеп айтар болсақ, оқырман қауымға жол тартып отырған бұл еңбек аз да болса сіздердің қажеттіліктеріңізге жарап, еліміздегі діни білімді байытуға себепкер болса нұр үстіне нұр болар еді деген ниеттеміз.

ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ

*Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы,
Бас мұфти, профессор*

I БӨЛІМ

ДІНГЕ ЖАЛПЫ ШОЛУ

1. Діннің мағынасы мен түсінігі

«Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы – сыйлық, үкім, есеп, жаза, мойынсұну, бағыну, құлшылық, шарифат, заң, жол, тіпті, кейбір жағдайларда ұлт деген ұғымды да қамтиды¹. Ал «діннің» термин ретіндегі мағынасын, Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген адамзаттың өмір сүруін ретке келтіретін, адамның аса күрделі жан-дүниесіне рухани тірек болатын заңдылықтарды, ақыретте Аллаһтың разылығына кенелумен уәде етілген мәңгілік жәннәттағы қуаныш пен бақытқа жетелейтін жолдарды көрсетеді деп түсіндіруге болады. Сондай-ақ, «дін» ұғымы – адамзатқа пайғамбарлар арқылы жеткен Жаратушыға деген құлшылықтың заңдылықтары мен тәртіптері. Әрине, біз бұл жерде «діннің» ұлан-асыр мағыналық көпқырлылығын барынша синтездеп, негізгі ұғым ретінде ғана келтіріп отырмыз. Асылында, бұл тақырыптың шеңбері мұнымен шектелмейтіні даусыз.

Дін бүкіл әлемнің жаратушысы тек Аллаһ Тағала тарапынан ғана жіберіледі. Иә, дін Жаратушыдан жеткен қасиетті ұғым жүйесі болғандықтан, өзге күштің дінге ұқсас жүйе ойлап шығаруға немесе діни үкімдерге әлдеқандай өзгеріс енгізуге ешқандай да құқы жоқ. Тіпті, пайғамбарлар да мұндай құзыретке ие емес. Аллаһ Елшілерінің міндеті – Жаратқаннан келген әмірлер мен тыйымдарды үмметтеріне жеткізу.

¹ Гүнай Түмер, Абдурахман Күчүк, Динлер тарихи, Анкара, 1997, 4 –бет.

Дін адамға Аллаһ Тағаланың таңғажайып даналыққа құрылған жаратылысының алдындағы мақсат, міндеттерін айқындап береді. Адам баласы тек ішіп-жеу, саят құрып сайрандау, бірін-бірі өлтіру үшін ғана жаратылмаған. Керісінше, адамзаттың Ұлы Жаратушыға құлшылық ету үшін ғана жаратылғандығын мына бір аят баян етеді: **«Мен жындар мен адамдарды тек қана маған құлшылық етулері үшін жараттым»** (51. Зарият-56).

Дін адамға екі дүниенің бақытына апаратын тура жолды көрсетеді. Адамның бүкіл іс-әрекетін қайырымдылыққа, ізгілікке бағыттайды. Нәтижесінде адам фәнилік өмірін де босқа өткізбей сауапқа кенелері хақ. Себебі, о дүниелік өмірге қажетті негізгі қағидалар тізбегін дін ғана үйрете алады. Мұның қоғамдық мәні де зор. Неге десеңіз, жеке адамнан шығатын ізгілік нұры, оның имани келбеті айналасындағы дос-жаран, ағайын-туыстарына да әсер етпей тұрмасы белгілі.

Дін пайғамбарлар арқылы адамдарға жеткізілген Аллаһтың бұйрықтары мен тыйымдарынан тұратындықтан тек уахиге² ғана сүйенеді. Діннің ең басты ерекшелігі осы уахи арқылы келуінде. Басқалай болған жағдайда, яки дін негізі уахиге құрылмаса, Аллаһ құзырында иләһи (кұдайлық) дін болып саналмайды. Ислам ондай діндерді «жасанды дін» деп атайды.

Батыс әлемі дін ұғымы үшін «аса құрметті, мән берілген, тағзым етілген нәрсе» мағынасына келетін латынша «religio» сөзін қолданады³.

Тарих сахнасындағы философтар, әлеуметтанушылар мен дінтанушылар және ислам ғұламалары дінге түрлі анықтама берген. Ислам философиясы бойынша дін -

² Уахи - Аллаһтың діни үкімдерді Жәбірейіл періште арқылы пайғамбарына жеткізуі

³ Гүнай Түмер, Абдурахман Күчүк, ж.к.е., 5 бет.

әлемді байланыстырушы күш, яғни, Аллаһ Тағаланың барлығына сенім мен амалдың бірлігі.

2. Адамның дінге мұқтаждығы

Асылында, әрбір дүниеге келген адамның бойында дінге, рухани тазалыққа, тылсым күшке сену *сезімі* болады. Бойдағы бұл сезім адамды ерте ме, кеш пе әйтеуір бір тылсым күшке сенуге жетелейді. Адамның ет пен сүйектен жаратылғаны айдан анық болса, тән мен жан да сол адамдық ұғымның қос қанатын құрайды. Тән азығы ішіп-жеу мен басқа да нәпсілік жағдайыттармен байланысты болса, жан азығы – ең алдымен, Ұлы Жаратушыға құлшылық ету. Тарихи деректерден қорытынды шығарсақ, дінсіз (яки, имансыз) адам болғанымен, дінсіз қоғам болмаған. Себебі, адам баласы сенімге мұқтаж. Ал сол мұқтаждық сезім, әу баста Аллаһты тану үшін берілген бір хикмет екенін ескере бермейміз. Аллаһ адамзатқа жаратылысқа дейін рухтар әлемінде Өзінің Жаратушы Ие екендігін үйретіп, бізден Өзін Жаратушы Иеміз деп танитындығымыз турасында уәде алды. Атам қазақтың «әлмисақтан мұсылманбыз» деуінің төркіні де осында жатыр. Бұл жайында аятта былай дейді: **«Сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?» – дегенде олар: «Әрине куәміз»,–деген. Қиямет күні: Бұдан хабарымыз жоқ демендер»** (7. Ағраф-172).

Хазіреті Пайғамбарымыз да бір хадисінде адамның ислам дінімен дүниеге келетіндігін айтып өтеді: **«Әрбір сәби (жаратылысында) мұсылман болып дүниеге келеді. Бірақ ол баланың әке-шешесі оны өз діндеріне кіргізеді. Яһуди болса яһуди, христиан болса христиан, мәжуси болса мәжуси етеді»** (Бухари, Жәнайз 80; Муслим,

Қадар 22; Тирмизи, Қадар, 5). Хазіреті Пайғамбарымыз осы хадисімен адамдағы діни сезімнің туа біткеннен болатындығын білдіреді. Осы тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізген батыс әлеуметтанушылары адамдағы тылсым дүниеге, қандай да бір күшке сену сезімінің туа біткеннен болатындығын ғылыми тұжырымдармен дәлелдеген. Бірақ, адамдардың бәрі дерлік Ұлы Жаратушыға сеніп, оған құлшылық етпеген. Неліктен? Өйткені сенім жүре келе ортаға қарай икемделіп, кім қандай ортада өссе солай қалыптасады. Біреулердің пұтқа табынып, келесі біреулердің от пен суға, жан-жануарларға табынып жататыны соның айғағы.

Адам бойындағы бұл имани сезімді діннен өзге ешбір жүйе қанағаттандыра алмайды. Мысалы, ғылым, өнер, спорт, т.б. осы секілді жағдаяттар адамды рухани тұрғыдан жетілдіре алмайды, белгілі бір дәрежеде жетілдіргенімен ол сезімнің ғұмыры шектеулі. Ал дінде, яки Жаратушы құрған жүйеде бұл сезімнің ғұмыры, әлбетте шексіз болып келеді. Иманның иләһи ләззатынан адамның ешқашан жалықпайтыны да сондықтан.

Адам оң-солын танығаннан кейін айналадағы тіршілікке көз салып, бір сәт өз болмысын ойлағанда: *«Мен қайдан келдім? Қайда барамын? Өмірге не үшін келдім? Мені кім жаратты? Не үшін жаратты? Мен өлген соң қайда барамын?..»* дегендей сұрақтар санасын мазалап, жауап іздейді. Бірақ ақыл бұларға адамды қанағаттандыруарлық толық жауап бере алмайды. Себебі, аталмыш сұрақтардың түп-төркіні телегей-теңіз діни өлшемдерде жатыр.

Қоғам өмірінде діннің алар орны ерекше. Өйткені, дін әдептілік қағидалары мен қоғам бірлігін, әділеттілікті, тәрбиелік жүйелерді қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Адам дінге сенген соң, өзгелерге жәбір

көрсетуден, тәртіпсіздік жасаудан, ішімдік, есірткі секілді жаман әдеттерден бойын алыс ұстайды. Дінсіз қоғамда тәртіпсіздік пен қылмыс етек жаятындығы белгілі.

Ұлы Жаратушының бар екендігіне сенген адам құлшылық ету үшін діни қағидаларды қажет етеді. Ғылым мен техника адамға құлшылық етудің, тақуалықтың қыр-сырын үйрете алмасы анық. Сондықтан, «қоныс таңдағанша, өріс таңда» дегендей, адамдық болмысымыз өткінші hareketтен гөрі, рухани өрісімізді кеңейтіп, мәңгілік бақытқа жетелейтін, иләһи өлшемдерге, дәлірегі дінге мұқтаж.

3. Дінді жіберуші – Аллаһ Тағала

Аллаһ Тағала адамды Өзін танып, құлшылық ету үшін жаратқандықтан дін жіберді. Бұл діннің негізі «Таухид» (Аллаһтың бірлігі) сенімінен тұрады. Ислам дініне дейін Аллаһ өзінің шынайы, дара жолын үйрету үшін әрбір қауымға, тайпаға, ұлтқа елшілер арқылы дін жіберді.

Ұлы Жаратушының бар екендігіне сенгенімен, қалай құлшылық ету керектігін адам ақылымен шеше алмайды. Сол үшін діни әмір мен тыйымдар келіп отырды. Екіншіден адамға дін келмесе о дүниеде Аллаһқа: «Уақытыңда Сенің елшілерің келгенде, шынайы жолды үйреткеніңде біз тозаққа бармас едік. Я, Аллаһ! Әділдігің қайда?!» дегендей уәж айтары сөзсіз. Міне, осындай сылтау мен желеуге бірден-бір тосқауыл ретінде әрбір қауымға жеке-жеке елші мен шарифат заңы жіберілді. Құранда бұл жайында былай дейді: **«Бұрынғы пайғамбарлардан кейінгі адамдарға (пайғамбар келсе біз тәубе етер едік деп) сылтау айтпауы үшін жақсы хабар жеткізуші, (астамшылық еткендерді) ескертуші етіп, тағы да**

пайғамбарлар жібердік. Аллаһ аса үстем, хикмет иесі» (4.Ниса-165).

Елші келмеген, дін жіберілмеген ешбір қауымның болмағандығын мына аяттар хабар береді: **«Шындығында Біз сені ақиқатпен (муминдерге) қуанышты хабар жеткізуші, (кәпірлерді) қорқытушы етіп жібердік. Қауымдардың қайсысына болса да елші жіберілген»** (35.Фатыр-24); **«Әрбір үмметтің бір пайғамбары бар»** (10.Юнус-47).

Аллаһ қайсы бір қауымға пайғамбар мен шарифат жібермесе, онда ол қауымды ақыретте жазаламайды. Өйткені, Аллаһ Өзін танытатын елші мен діни үкімдер жібермегендіктен, адамдар Аллаһқа қалай құлшылық ету керектігін ақылымен шеше алмай, құлшылық жасаймын деп, Аллаһқа серік қосу немесе күпірлік етіп қоюы әбден мүмкін еді. Сол себепті Құранда: **«Пайғамбар жібермейінше ешкімді жазаламаймыз»** (17.Исра-15) деп анық ескертілген.

Демек, Ұлы Жаратушы өзінің діни шарифатын жібере отырып, оны исламмен тәмамдаған. Ал исламнан кейін қияметке дейін ешқандай иләһи дін келмейтіні әмбеге аян.

4. Алғашқы діннің пайда болуы жайындағы ғылыми тұжырымдар

Қоғам өмірі мен рухани болмысы жайында ғылыми зерттеулер жүргізген философтар, әлеуметтанушылар мен дінтанушылар алғашқы діни жүйелер жайында түрлі тұжырымдар айтқан. Әр ғалым өзінің зерттеу нысанының шеңберінде дінге түрлі түсінік береді. Нәтижесінде, алғашқы діни жүйе ретінде, ғалымдар *анимизм, тотемизм, натурализм, магия, фетишизм, паганизмдерді* бөле-жара атайды. Аталмыш діндер негізінен көп тәңірлік

(политеистік) сенімнен тұрады. Ғалымдардың айтуы бойынша, алғашқы қауымдық құрылыс уақыт өткен сайын мәдениеттілікке қол жеткізіп, соңында мәдениетті, өркениетті елге айналғаны секілді, діндер де алғашқыда көп тәңірліктен бастау алып, бертін келе, бір құдайға (монотеизм) сыйынудың қалыптасқандығын айтады. Ал исламның бұл пікірге келіспейтіндігіне төменде тоқталып өтеміз.

Енді осы айтылған ғылыми тұжырымдамаларға келсек:

а) Анимизм – адамның өмірлік істеріне араласатын және адамға өз мақсатына жетуге көмектесетін немесе кедергі келтіретін сансыз «рухани әлемдердің» болатындығына деген сенім⁴. Бұл тұжырымның мән-жайы Эдуард Тайлор еңбектерінде біршама қисынды түрде талданады. «Анима» латынша «рух» деген ұғымды білдіреді. Яғни, анимизм дегеніміз жанды-жансыз тіршілік атаулыда болатын рухқа табынушылық.

Тайлордың теориясы бойынша, жан ұғымы - жын шайтандар, түрлі рухтар және рухани мәндер тобына ортақ есім. Алғашқы қауымдық кездегі адамдар үшін ұйқы мен өлімнің маңызы зор еді. Олардың түсінігі бойынша ұйқы - рухтың тәннен шығып серуендеуі және тәнге қайта оралуы болса, өлім – керісінше, серуендеуге шыққан рухтың тәнге оралмауы болып табылады. Өлген адамдардың рухтарының ішінде жақсылары да, жамандары да бар. Анимистік теория бойынша алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдар жаман рухтардың жаманшылығынан сақтану үшін жақсы рухтардан жәрдем тілеу арқылы рухтарға табынған. Нәтижеде «анимизм» деген «дін» пайда болған деген тұжырым жасайды⁵.

⁴ Мұханмадияр Орынбеков. Қазақ сенімдерінің бастаулары, Алматы «Қазақ университеті», 2002, 167-бет.

⁵ Сайм Клавуз, Акиф Көтен, Осман Четин, Хусейн Алгүл. Дин Құлтүрү ве ахлак билгиси, Байрак баспасы, Истанбул, 1997, 35-бет.

ә) **Натуризм** – французша табиғат деген ұғымды білдіретін «la nature» сөзінен шыққан. Макс Мюллердің (1823-1900) тұжырымы бойынша, алғашқы дін - «натуризм». Натуризм «діні» табиғатқа табыну, яғни қоршаған ортадағы заттарды құдайға айналдырып, соған табынудан тұрады. Бұл тұжырым бойынша, адам табиғатпен салыстырғандағы өзінің әлсіздігін сезініп, апаттардан, жаманшылықтардан құтылу үшін күн, ай, от, тау, тас секілді түрлі заттарға сиынған.

б) **Тотемизм** - ру, тайпа, жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлері арасындағы туыстыққа сену. Тотемизм ру мүшелерінің кейбір жануарларға киелі деп табынуы немесе әр алуан киелі нәрселерге тәуелді болуы. Тотемизм көбінесе егіншілік және аңшылықпен айналысқан алғашқы қоғамдарда кезігеді.

Француз әлеуметтанушысы Э. Дюркгейм (1858-1917) 1912 жылы жазған «Діни өмірдің қарапайым пішіндері» атты еңбегінде «Тотемизмді» алғашқы дін деп есептейді. Ол австралиялық тұрғындар арасындағы тотемдік сенімнің кең тарағанын дәлел ретінде алға тарта отырып, осындай тұжырым жасайды⁶. Шынтуайтында, Дюркгейм Австралияға арнайы зерттеушілік саяхат жасамаған, тек сонда барып келген саяхатшылардан сұрастыру арқылы аталмыш тұжырымды алға тартады.

в) **Магия** – ұғымы әр түрлі салт-жоралар мен оған сәйкес наным-сенімдердің ортақ белгісі болып табылады. Магиялық іс-әрекет – мақсаттылық бағыты бойынша емдеу магиясы (тәуіптік), сақтаушы магия, зиянды магия (көз тию) секілді түрлері болады⁷.

Ағылшын этнологы, алғашқы діндерді зерттеуші

⁶ И.Н. Яблоков, ж.к.е., 151-152 -бет; Гүнай Түмер, Абдурахман Күчүк, ж.к.е., 29-бет.

⁷ М. Орынбеков, ж.к.е., 169-бет.

ғалым Джеймс Джорд Фрэзер (1854-1941) 1890 жылы жазған «Золотая ветвь» (Алтын бұтақ) атты ауқымды еңбегінде «магиялық өнерді» дін пайда болғанға дейінгі шынайылық қарым-қатынастың эмбебап формасы болған дейді. Фрэзер пікіріне құлақ түрсек, магия белгілі бір дәрежеде діннің дамуына үлес қосқан болып шығады⁸.

5. Адамзаттың алғашқы діні – Таухид діні

Ислам діні бойынша адамзаттың алғашқы діні – Таухид⁹ діні. Себебі, Хазіреті Адам ата адамзаттың алғашқысы, әрі алғашқы пайғамбары. Ол Аллаһтың әмірімен таухид (бірлік) дінін уағыздаған. Аллаһ Тағала оған 10 парақтан тұратын Өзінің діни заңдылықтар топтамасын түсірді. Хазіреті Адам (а.с.) өзіне жүктелген пайғамбарлық қызметті балалары мен немерелеріне айтып жеткізді. Осылайша жер бетіндегі алғашқы дін - «Таухид» діні пайда болды. Хазіреті Адам дүниеден өткен соң оның ұрпақтары сауатсыздықтан, шайтанның алдап-арбауымен таухид дінінен ауытқи бастады. Мұның түбі түрлі діни сенімдер мен діндердің пайда болуына әкеп соқты. Өйткені, Аллаһқа құлшылық етпек ниетімен түрлі нәрселерге табынған адамдар қалайша бұрыс жолға түскендіктерін аңғармай қалады. Бірақ, адамдар таухид дінінен шығып, өзге нәрселерге табына бастағанда Аллаһ екінші бір елшісін жіберіп, пенделерін адасушылықтан тура, шынайы жолға шақыртып отырады.

Ислам адамзаттың алғашқы діні жайында айтылған жоғарыдағы келтірілген тұжырымдармен келіспейді. Алайда, ара-кідік болса да, Аллаһтың шынайы дінінен

⁸ Д.Дж. Фрэзер, Золотая ветвь, Москва, 1980. 61-62-бет; И.Н. Ябл - ков, ж.к.е., 184-185-бет.

⁹ Таухид – Бір Аллаһқа сену, Оны жалғыз деп білу, Аллаһтан басқа тәңрі жоқ деп сену

шығып, өз беттерінше жаңа бір діни сенім мен құдай жасап алған тайпалардың болғандығы рас. Бірақ, бұл жерде олардың бәрі дерлік таухид (бір құдайлық) дінінен кейін пайда болғанын ескеру керек.

Хазіреті Адам атадан кейін уақыт өткен сайын адамдар арасында әр түрлі көзқарастар туды. Шынайы ұғымдар бұрмаланып, соның салдарынан түрлі діндер және бір діннің өз ішінде әр түрлі ағымдар пайда болғаны тарихтан мәлім. Иmandылықтан ажырау, оның шарттарын шала түсіну ұрпақтың болмыстық, иләһи дінінің жоғалуына алып келді. Әуесқойлық, дүниеқорлық, сауыққойлық сияқты жеңіл, келеңсіз құбылыстар көбейді. Адам Жаратушы Ие алдындағы жауапкершілігін, қорқынышын жоғалтып, өзіне «Құдай» жасап алып сиынды. Діннің орнына әр тайпада, әр елде өзіндік сенім, тек өзінің мақсат-мұратына жету үшін жасалатын әрекеттер пайда бола бастады. Дінге ешқандай қатысы жоқ бақсылық, балгерлік, шамандық, сиқырлық сияқты құбылыстарға да сенім күшейіп, адамдар имандылықтан қиянатшылық жолына ауыса бастады.

6. Ислам бойынша діннің түрлері

Ислам – Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген соңғы иләһи дін. Ислам өзінен алдыңғы иләһи шариғаттардың бәрін толықтырушы әрі кәміл дін болғандықтан, Аллаһ исламнан өзге дінді қабыл етпейді: **«Күмәнсіз Аллаһтың құзырындағы дін – Ислам»** (З.Али Имран-19).

Діндер тарихын зерттеушілер, дінтанушылар мен дін әлеуметтанушылары әлемдегі діндердің шығу тарихы мен ерекшеліктеріне қарай бірнеше топтарға бөледі.

1. Тайпалық діндер (алғашқы тайпаларда кездескен діндер)

2. Ұлттық діндер (бір ғана ұлт өкілдері ұстанатын діндер: индуизмді үндістер, сихизмді жапондар ғана ұстанады).

3. Әлемдік діндер (әлемдегі көптеген ұлттар мен ұлыстардың ұстанатын діні: Ислам, Христиан, Буддизм)¹⁰.

Дінтанушы ғалымдар тайпалық, ұлттық және әлемдік діндерден бөлек дінге ешқандай қатысы жоқ, яки, дін деп атауға болмайтын кейбір топтарды «Дәстүрлі емес культтар» деп атайды. Мұндай культтарға «сатанизм», «кришнаизм» секілді діни топтар жатады.

Ислам ғұламалары діндерді екі топқа бөліп қарастырады:

1. Аллаһ тарапынан жіберілген сәмәуи діндер
2. Аллаһ тарапынан жіберілмеген жасанды діндер¹¹

Енді осы топтағы діндерге қысқаша шолу жасап өтейік.

1. Аллаһ тарапынан жіберілген сәмәуи діндер де өз ішінде екі топқа бөлінеді:

а) Аллаһ тарапынан жіберілген дін болғанымен бұрмаланған, хақтығын жоғалтқан діндер. Бұған христиан мен яһудилікті мысал ретінде келтіруге болады. Себебі, христиандық пен яһудилік Аллаһ тарапынан Хазіреті Иса мен Хазіреті Мұса пайғамбарға түсірілген діндер еді. Бірақ Хазіреті Иса мен Хазіреті Мұсаның дүниеден өтуінен кейін бұл діндер ақырындап бұрмалануға ұшырап, шынайылығын жоғалтты.

б) Аллаһ тарапынан жіберілген және хақтығы зәредей бұзылмаған дін. Бұл - ислам діні. Ислам дінінің хақтығы

¹⁰ Оразкүл Көбеева, Дінтану негіздері, Алматы ҚАЗАКПАРАТ-1999, 74-бет.

¹¹ Сайм Клавуз, Акиф Көтен, Осман Четин, Хусейн Алгүл. ж.к.е., 34-бет; Хамди Дөндүрен. Делиллериле ислам илмихалы, «Еркам» баспасы. Истанбул, 18-бет.

ешқандай бұрмаланушылық пен өзгеріске ұшырамаған және қияметке дейін солай жалғаса бермек.

2. Аллаһ тарапынан жіберілмеген жасанды діндер немесе наным-сенімдер:

а) Адамның табиғи күштердің алдындағы әлсіздігінен, шарасыздығынан туған діни наным-сенімдер:

Анимизм - түрлі рухтарға табыну нәтижесінде пайда болған сенім.

Натуризм – табиғаттағы қандай да бір затқа сыйынып, содан медет тілеу. Бұл да көбіне табиғат апаттары алдындағы шарасыздықтан туындайды.

Тотемизм - өмір сүрген ортада кейбір аңдар мен жануарларды, өсімдіктерді киелі деп соларға сиыну.

Фетишизм – қандай да бір затты қасиетті, киелі деп сенумен сол затты өзімен бірге алып жүру нанымы. Фетиш сенімінің негізі қандай да бір қасиетті деп тапқан затының өзіне сәттілік, бақ-дәулет әкеледі, жамандықтан сақтайды, жолымды ашады деген сенімдерге құрылған.

Ата-баба әруағына сену – қайтыс болған ата-бабаларының әруағына сыйыну, сол әруақтардың өздерін желеп-жебеп жүретіндігіне сену.

Шаманизм – кейбір адамдардың әруақтармен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктеріне сену және сол әруақтар арқылы адамдардың ауруын емдеу секілді жайттармен шұғылдану әдісі. Шамандықтың негізгі белгілері емшілік, жерлеу рәсімдері, болжау, шаруашылық түрлеріне ықпал ету секілді hareket сенімдермен байланысты.

Пұтқа табыну – Аллаһқа құлшылық ету, сиыну үшін араға себепкер қажет деген сеніммен қолдан жасалған пұттарға табыну.

Отқа табыну – жаратылыстағы ең үлкен күш от деп отқа табыну. Бұл түсінік негізінде, от – барлық тіршілік атаулыны жағып, күл етеді деген сенім жатыр.

б) Кейбір тұлғалар жағынан негізі қаланған діндер.

Ислам діні бойынша, Аллаһтан өзге ешкім дін құра алмайды, құрғанымен Аллаһ құзырында ешқандай маңызы жоқ. Дегенмен тарихқа қарасақ, кейбір діндердің негізін қалаушы тұлғалардың бар екендігін көреміз. Мұндай діндерге «жасанды дін» деп баға береді. Өйткені Ұлы Жаратушының әмірімен келмегендіктен иләһи дін сипатын ала алмайды. Мысалы, Буддизм дінінің негізін салушы ақсүйек, ханзада Сиддхартга Гаутама. Ол өзінің философиялық ой тұжырымын айтып кеткен. Оның жолын қуушылар оған нұрланған, жарыққа жеткен, дана, құтқарушы деген мағынадағы «Будда» атағын бергендіктен бұл сенім «Буддизм» деп аталып кеткен. Сол секілді қытай еліндегі Конфуций дінінің негізін қалаған Конфуций (Кун-цзы) (б.э.д. 551-479) екенін білеміз¹².

Әлем діндерін зерттеп қарағанда бірнеше діннің негізін салушы тұлғаларды көреміз. Демек, әлемдегі діндердің шығу тарихы әр түрлі болғандықтан, ислам бойынша, осылай сараптама жасалады.

¹² Оразкүл Көбеева, ж.к.е., 126-бет.

II БӨЛІМ

ИСЛАМДАҒЫ СЕНІМ (АҚИДА) ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Ақида дегеніміз не?

«Ақида» ұғымы араб тілінен аударғанда (сөздік, яки грамматикалық мағынасы) «бір нәрсенің бөлек ұштарын бір жерге жинау», «топтау» мағынасын береді. Көпше түрі «ақайд». Терминдік мағынасы болса, дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, дәлірегі, *иман негіздері* дегенді білдіреді.

Ақида ұғымы сенім жүйесі ретінде қолданылуымен бірге, белгілі бір мазхабтың немесе бір мазхабты құрған имамның иман негіздеріне қатысты айтқан пікірлері мен түсінігін білдіру үшін де қолданылады.

Ислам дінінің сенім жүйесіне қатысты саласын зерттейтін ғылымды «**калам**» десе, тікелей сенімге байланысты айтқанда «**итикад**» термині қолданылады. Сол секілді ақиданы да, көп жағдайда иман негіздері деп айтуымызға әбден болады. Яғни, бұл иман негіздеріне «әмәнту билләһ» дейміз. Әмәнту: «**Әмәнту билләһи уә мәләикәтиһи уә кутубиһи уә русулиһи уәл-яумил ахири уә бил-қадари хайриһи уә шарриһи миналлоһи тағала уәл-бағсу бағдәл-мәути хаққун. Әшһәду ән лә иләһә илләллоһу уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу**» болып айтылады.

Мағынасы: «Мен Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтың жаратуымен болатындығына иман еттім. Өлгеннен кейін қайта тірілу хақ. Аллаһтан басқа ешбір тәңірі жоқ, Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін».

2. Ақиданың маңыздылығы

Жоғарыда да тілге тиек еткеніміздей, ақида діннің негізгі сенімін құрайды. Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген елшілердің уағыздау жүйесі де – алдымен бір Жаратушыға, сонан соң ақырет күні мен пайғамбарларға деген сенімнен тұрады. Осыдан-ақ, сенімнің қаншалықты маңызды екенін пайымдауға болады. Құран Кәрімдегі, әсіресе, Меккеде түскен сүрелерді зерделеп қарағанда сенімге байланысты мәселелер басым болғандығы байқалады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Меккеде 13 жыл бойы халықты бір Аллаһқа иман етуге шақырды. Бұл да сенімнің маңыздылығын көрсетеді.

Адамның өмірі мен тұрмыс-жайын, өмірге көзқарасы мен әрекеттерін жүрегіндегі сенімі белгілейді. Сондықтан да шынайы, кіршікшіз бір сенімге ие болмай Аллаһтың разылығын алатын амалдарды жасау неғайбыл нәрсеге айналады. Кәпір, мүшрік және мунафықтардың істеген амалдарының Аллаһ құзырында ешқандай да маңызы болмайтындығының басты себебі де осында жатыр.

Пенденің бұл пәни дүние мен о дүниедегі жағдайы оның ұстанған ақидасына (сенім жүйесіне) байланысты. Ақидасы дұрыс болса, пенде құлшылығының арқасында адалниетінің жемісін көреді. Ал, ақидасы бұрыс болса, тура жолдан ауытқуына бірден-бір себеп болады. Адам әуелгіде

иман етпестен, қанша амал, яки қайырлы іс жасағанымен ақыретте сол амал-істерінің ешқандай пайдасы болмайды. Жүрегінде иман болмаған соң амалдың не қажеті бар? Егер жүрегінде иманы болып, сол иман арқылы амал етпесе, онда ол кісі, кәпір болмайды, тек күнәһар болады. Ақыретте сол күнәлары үшін жазаланып, соңында пейішке барады. Амалдан бұрын ақиданың маңыздылығына мына аятты келтіруге болады: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) Сендерге амал тұрғысынан зиянға ұшырағандарды айтайын ба? – деп айт. Олар дүние өмірінде еңбектері, амалдары зая кеткендер. Олар жақсы іс істедік деп ойлайды. Негізінде олар Аллаһтың аяттарына әрі Раббыларына жолығуға сенбеген. Сондықтан олардың амалдары зая болады. Оларға қиямет күні еш мән бермейміз»** (18. Кәһф, 103-105).

Иә, Қасиетті Құран Кәрімде: **«Иннәл ләзинә әмәну уә амилус-салихат** (*Күмәнсіз иман еткен және ізгі амал істегендер*) аятының жиі қайталанатыны белгілі. Аят мағынасы әуелі иман ету және сол иманға сай амал етудің маңыздылығын түсіндіреді. Иман негіздерін құрайтын жүйені ақида деуіміздің себебі де сондықтан. Асылында, ақидасы өзгерген кісі ислам діні бойынша адасқан жан ретінде саналады. Ислам тарихында адасқан мұсылмандарды көптеп кездестіруге болады. Олай болса ең алдымен ақидамызға ерекше мән бергеніміз абзал.

Адамзат тарихындағы барлық пайғамбарлардың иләһи дін жеткізудегі ортақ ұстанымдары: «Аллаһтың бар екендігіне, бір екендігіне иман ету. Оны нұқсан сипаттардан пәк етіп, кәміл сипаттарымен таныту. Ақырет күніне, есеп беруге, жәннат, жәһәннам және осыларға байланысты ұғымдарға кіршіксіз сену». Бұл жөнінде аят та: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) Сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек; оған: «Күдіксіз Менен басқа тәңір жоқ. Онда**

Маған құлшылық қылындар» - деп қана уахи етіп жібердік» (21.Әнбия-25), - деп, бүкіл пайғамбарлардың айтқан сөздері мен насихаттары - тек адамзат пен ғаламды жаратқан Аллаһты тану мен Оған иман ету және құлшылық жасау қажеттігі жайында екенінен хабар береді.

Аллаһ Тағаланың разылығын алып, жәннәтқа кіру, ақиданың шынайылығына байланысты болса, дәл сол секілді жәһәннамда мәңгі қалу да ақиданың бұзылуынан болады.

3. Ақиданың қамтитын тақырыптары

Ислам сенімі бойынша, адамзатқа жіберілген діндердің сенім негіздері уахиға сүйенгендіктен, барлық иләһи діндерде иман негіздері бірдей. Яғни, Хазіреті Адамнан (а.с.) соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) дейінгі адамзат үшін жіберілген діндерде иман негіздері өзгерместен бірдей болып келгендігін жоғарыда айтып өткенбіз. Құран Кәрімде барлық пайғамбарлардың түсіндірген, уағыздаған ақидасының негізгі іргетасын таухид сенімі құрайтыны айтылады (Әнбия-25 аятқа қараңыз). Пайғамбарлардың уағыздаған амалдық және ахлақтық үкімдері Аллаһтың әмірімен кейде өзгертіліп отырған. Өйткені, кейінгі шарифат алдыңғы шарифаттың қандай да бір амалдық үкімін алып тастаған немесе жаңадан үкім қосқан. Ал, ақидада мұндай өзгерістер болмаған. Құранда Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) жіберілген уахидің алдыңғы пайғамбарларға жіберілген уахиға ұқсас болғандығы және оған уахи етілген кітаптың алдыңғы қасиетті кітаптарды растағандығы жайында баян етіледі: **«(Мұхаммед с.а.у.) Нұх (а.с.) және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей саған да уахи еттік»** (4. Ниса-163) және **«(Мұхаммед с.а.у.) Сондай саған біз**

уахи еткен Құран, ол хақ. Алдыңғыны қуаттаушы. Әрине Аллаһ құлдарынан анық хабар алушы, тым қырағы» (25. Фатыр-31).

Ислам ақидасын құрайтын негіздер Құран Кәрім мен хадистерде ашық түрде білдірілген. Құранда Аллаһқа, пайғамбарларына, кітаптарға, періштелерге, ақыретке, тағдырға иман ету мәселесі айтылған соң, басқа аяттарда оларға қосымша мағлұмат беріледі. Хадис кітаптарында да, иман негізіне байланысты көптеген баптарда да бұл жайында айтылады.

Ислам ақидасының тақырыптарын екі бөлімде қарастыруға болады:

1. Нақты дәлелмен бекітілген сенім негіздерінің бірін қабыл етпеу нәтижесінде күпірлікке апаратын сенім негіздері. Яғни, әмәнтудегі иман негіздеріне қатысты қандай да бір мәселені қабылдамау күпірлік болады. Мәселен, күллі пайғамбарларды қабылдап, соңғы пайғамбар Хз. Мұхаммедті (с.а.у.) қабылдамау күпірлік.

2. Мутауатир (дұрыстығына күмән болмаған) дәрежесіне жеткен сенім негіздерін қабыл етпеген жағдайда күпірлікке апармайтын негіздер. Мысалы, ақырзаманмен байланысты болатын оқиғалардың біреуін қабыл етпеу күпірлік болып есептелмейді. Айталық ақырзаман таянғанда Дажжалдың келіп-келмеуіне қатысты кез-келген бір хабарды терістеу күпірлікке жатпайды.

Ақиданың үкімдері замана ағымына және қоғамның даму ерекшелігіне қарай өзгермейді, жеке-дара бөліп алып сенуді де қабылдамайды.

4. Ақида ілімінің тарихы

Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) пайғамбарлық кезеңінде ақиданың және өзге ислами ғылым

салаларының қайнар көзін құрайтын уахилар келіп тұрды. Пайғамбарлықтың осы 23 жылдық кезеңінде ақида (саласын) ілімінің жазбаша болғандығын айту мүмкін емес. Өйткені, барлық сала мен сенімге байланысты сұрағы болғандар Пайғамбарымызға жүгінетін. Ал Пайғамбарымыз (с.а.у.) болса, кез-келген мәселеге дер кезінде қанағаттанарлық жауап беріп, шешімін көрсетіп отырған. Сондықтан да Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) кезеңінде сенім мәселесінде толық мойынсұну қалыптасты. Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін сенімге байланысты кейбір мәселелерде азды-көпті түсініспеушіліктердің пайда болғаны белгілі.

632 жылы Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) қайтыс болғаннан кейін ислам дінінің әкелген ой еркіндігінің нәтижесінде мұсылмандар Құран мен хадиске түрлі түсінік беріп, ағымдарға бөлінуге көшті. Бұған қоса сырттан түрлі тіл, дін, ұлт пен мәдениеттің адамдары исламды қабылдап, сан-алуан саяси идеологиялық әрекеттердің өршуіне де ұйытқы болды. Мәселен, Пайғамбарымыз (с.а.у.) дүниеден өткен соң халифалық мәселе төңірегіндегі жанжалдар шиит мәзхабының шығуын жылдамдатты. Кейіннен үшінші халифа Хазіреті Осман 656 жылы шейіт болғаннан кейінгі Жәмәл оқиғасы, 657 жылы болған Сыффин соғысы секілді өзара қақтығыстарға ұласты. Осы соғыстарда адам өлтіру, әсіресе мұсылманды мұсылман қолымен өлтіру әрекетінің ақыры үлкен күнәларға соқтырды. Осындай жағдайда үлкен күнә істеген пенденің халі не болады деген сұрақтар туындады. Иман мен күпірдің өлшемі қандай, сонымен қатар адамның қалау еркіндігі мен еркіндіктің шегі қандай деген бірқатар мәселелер де өз жауабын талап етті. Бұл мәселелер төңірегінде әртүрлі көзқарастар айтылып, ақырында Мұржия, Харижит, Қадария, Муғтазила және

Жәхмия секілді мәзһабтардың шығуына себеп болды. Сонымен қатар ислам халифатына қарасты жердегі түрлі дін мен мәдениет өкілдерімен мұсылмандардың қарым-қатынас құруы, пәлсафалық түсініктердің ислам әлеміне жайыла бастауы секілді сырттан келген әсерлер де, сенім мәселесінде түрлі көзқарас пен топтардың тууына бірден-бір түрткі болды.

Сахабалар дәуірінің соңына таман Мабәд әл-Жухани (өл. 699 ж.) деген кісі алғаш рет тағдыр мәселесін талқылай келе адамның ықтиярымен болған істердің ерік қалауымен болатындығын айтып, тағдырды қабылдамағанымен қоймай оны теріске шығарды. Бұл ұстанымды жалғастырушылардың бірі Ғайлан әд-Димашқи (өл. 743 ж.) болды. Ол халифа Хишам ибн Абдулмәлик (724-743 ж.) кезеңінде тағдырға көбірек тоқталды. Осындай түбегейлі теріс пікірлерге байланысты Абдуллаһ ибн Омар (өл. 692 ж.), Жабир ибн Абдуллаһ (өл. 697 ж.), Әбу Хурайра (өл. 679 ж), Абдуллаһ ибн Аббас (өл. 687 ж) және Әнәс ибн Мәлик (өл. 712 ж.) сынды ғұлама сахабалар олардың көзқарастарын бірден жоққа шығарып, мұндай теріс пайымнан елдің аулақ болғаны абзал екендігін айтты. Және де ондай теріс пиғылды кісілерге сәлем де берілмей, өлсе жаназа намазы да оқылмайтынынан елді хабардар етті¹³. Сол кезеңдерде Жағд ибн Дирхәм (өл. 736 ж.) деген кісі Құранның махлуқ (жаратылған) екендігін айтып, Аллаһтың «кәләм» (сөйлеу) сипатын жоққа шығарады. Жәхм ибн Сафуан да (өл. 745 ж.) құлдың еркін қалауын қабыл етпей, ислам тарихында алғаш рет «жәбр» (мәжбүрлік) пікірін, яғни адам өз қалауымен емес мәжбүрлікпен әрекет етеді деген тұжырымын алға тарт-

¹³ Абдулкаһир Бағдади, *Әл-Фарқ бәйнәл фирақ*, Истанбул 1979, 21-22 бет; *Ислам ансиклопедиси*, Түркия диянет вақфы баспасы, Истанбул, 1984, 2-том, Акайд тармағы, 214 -бет.

ты. Оның түсінігі бойынша, адам робот секілді әрекет етеді. Тағдырына не жазылса, соны ғана істейді. Адам тағдырдан тыс әрекет етпейді. Сондықтан адамның басына келген нәрсенің бәрі тағдырында болғандықтан, адам бұған кінәлі емес дегенді айтады. Ол мұнымен шектелмей (өзге адасқан мәзхабтар сияқты) Аллаһтың болмысы жаратылғандарға ұқсамайды деген түсінікке сүйеніп, Жаратушының сипаттарын қабыл етпеді. Тіпті, ақыретте мұсылмандар Аллаһты көре алмайды дей келе, жәннат пен жәһәннам да мәңгілік емес деген мүлде қисынсыз пікірге барады¹⁴.

Хижри жыл санауы I ғасырдың соңы мен II ғасырдың басында осы мәселелерге орай Муғтазила мәзхабы пайда болды. Құрушысы Уасыл ибн Ата (өл. 748 ж.). Бұл ағым сенім мәселелерін талқылау мен діни үкімдерді түсінуде ақылға көбірек басымдық береді. Ақылға көбірек мән бергендігі соншалық, ақыл қамти алмайтын (олардың тілінде «ақылға қайшы келген») аят пен хадистерді қисынмен түсіндіруге тырысты. Уасыл ибн Ата «Құран-махлуқ» дей отырып, пенде іс-әрекетті өзінің ерік қалауымен жаратады деген пікірді қолдап, үлкен күнә істеген кісі иманнан шыққанымен, кәпір болмайды деген түсінікті ұстанды. Муғтазила ғалымдары өздеріне пікірі қарамақайшы келген, кейбір адасқан мәзхабтармен және өзге дін өкілдерімен күресу жолында көптеген еңбектер жазды. Осы ғасырларда жазылған ақидаға байланысты еңбектердің мазмұны негізінде Аллаһтың сипаттары; Тағдыр; Үлкен күнә істегеннің жағдайы; имамдық (халифалық) мәселесі төңірегінде болды.

Әһли сүннет ақидасының іргетасы хижри I ғасырда

¹⁴ философия ғылымында адамның тағдыр бойынша өмір сүретіндігін қабылдаушы, тағдырдан тыс өмір сүрудің мүмкін еместігіне «фатализм» термині қолданылады.

қаланды. Бірақ, бұл кезеңдегі шығармалар ақида тақырыбына байланысты мәселелердің бәрін толығымен қамтымай, әсіресе адасқан ағымдарға қарсы жауап беру мақсатымен кішігірім шығармалардан тұрды. Ал ақиданы біршама толық қамтитын негіздер – Хижри IV ғасырда Имам Әшғари (872-936) мен Имам Матуриди (852-944) сынды ғалымдардың есімдерімен байланысты. Бір жағынан бұл имамдар *калам* ілімінің ұстаздары болғандықтан, әһли сүннет ақидасын түсіндіріп, үйрететін калами ерекшеліктерге ие болды.

Ал фикһ ғалымдарынан ақидаға байланысты алғашқы еңбекті Имам Ағзам Әбу Ханифа (өл.767 ж.) жазды. Ислам ғұламасының «Әл-Фикһул әкбар», «Әл-Фикһул әбсат», «Әр-Рисәлә», «Әл Алим уәл-мәтәаллим» және «әл-Уасия» атты әйгілі шығармалары осы ақида мәселелеріне арналған¹⁵.

Аббасидтер кезеңінде (750-1258) ислам ақидасына тағы бір ушыққан мәселе тудырған сала – пәлсафа болатын. Пәлсафалық еңбектер әсіресе Халифа Мәмунның (813-833 ж.) әмірімен грек тілінен араб тіліне көптеп аударылды. Көп ұзамай-ақ, мұсылман пәлсафашылар дүниеге келді. Олар ақида тақырыптарын пәлсафалық тұрғыдан қарастырып, яғни сенім негіздерін ақылға жүгіне отырып дәлелдеуге тырысты. Өкінішке қарай, мұндай әдістердің көпшілігі Құран мен хадиске қайшы келіп отырды. Пәлсафашылардың мұндай әрекеттері ислам ғалымдарының оларға қарсы шығуына, керек болса кейбіреуін кәпір деуге дейін алып барды. Бір жағынан ақылды бірінші негіз етіп алған Муғтазила мен ислам пәлсафашыларының ғылыми әрекеттері әһли-сүннет ғалымдарының жүйелі жұмыс істеуіне септігін тигізді.

Әйгілі ғұлама Имам Ғазали (өл.1111 ж.) ислам

¹⁵ Ислам ансиклопедиси, ж.к.е., 2 -том, 214-215-бет;

әлеміндегі пәлсафаның 20 мәселеде дінге қайшы келетіндігін «Тахафутул фәләсифа» атты еңбегінде дөп басып көрсетті. Имам Ғазали бұл мәселелерді жан-жақты зерттеп барып, қорытынды жасай келе дінге қайшы келетін 20 мәселенің үшеуінде ислам пәлсафашылары үлкен қателікке ұрынғандығын айтады. Осы қателіктерінің маңыздылық деңгейіне байланысты оларды кәпір деп айыптауға дейін барады. Қалған 17 мәселе бұл үш мәселеге қарағанда айтарлықтай қауіпті емес. Бірақ, түптеп келгенде осы 17 мәселенің өзі адам санасын адасушылыққа жетелейтіндігіне тоқталады.

Ғалымның пікірінше пәлсафашыларды күпірлікке апаратын төмендегідей үш мәселе бар:

1. Әлем Аллаһ сияқты ээли, яғни әуелден бері бар. Пәлсафашылардың айтуынша әлем заттық тұрғыдан хадис (кейіннен жаратылған), заман тұрғысынан ғана ээли, яғни әуелден бері бар. Бұлай болғанда, мұның мағынасы Аллаһ заман және уақыт тұрғысынан емес, заттық, материалдық тұрғыдан әлемнен бұрын болған дегенге саяды.

2. Аллаһ жузи (кішкентай, бөлшектер) нәрселерді білмейді. Өйткені, оқиғалар мен жағдайлар сәт-сайын өзгеріс үстінде. Оқиғалар өзгерген кезде оған байланысты мәліметтің де, білушінің де өзгеруі тиіс. Егер, Аллаһ жүзиятты біледі дейтін болсақ, Аллаһтың болмысы да өзгеруі тиіс. Алайда Аллаһтың болмысында өзгеріс болмайды. Себебі оның заты, болмысы әртүрлі өзгерістерден пәк дейді.

3. Ақыретте өлгеннен кейін қайта тірілу кезінде адамдардың махшар алаңына жиналуы рухани тұрғыдан болады. Яғни, пәлсафашылар ақыретте өмірдің болатындығын қабыл етеді, бірақ ондағы өмірдің тәнмен емес, тек рухани тұрғыдан болатындығын айтады.

Имам Ғазали осы үш мәселенің Құран аяттары мен Пайғамбар хадистеріне қайшы келетіндігін айта келіп, ислам пәлсафашыларын күпірлікке жол берді деп тұжырым жасаған. Адасушылыққа апаратын қалған 17 мәселенің басты-бастылары төмендегідей болып келеді:

1. Әлем мәңгілік, жоқ болып кетпейді (дініміз бойынша Аллаһ Тағаладан өзге еш нәрсе мәңгілік емес).

2. Аллаһтың ілім, күдірет деген сипаттары жоқ (суннит мұсылмандардың көзқарасы бойынша, Аллаһтың зати және субути сипаттары бар. Аллаһтың өздігінен бар болуы, еш нәрсеге мұқтаж болмауы мен мәңгілік болуы зати сипаттары болып табылады да ілім, күдірет, басар секілді сипаттары субути сипаттарына жатады).

3. Жарықтың күннен еріксіз шыққаны тәрізді, әлем де Аллаһтан шыққан. Қалайша күннен жарық сәуле өздігінен шықса, әлем де Аллаһтан сол секілді өздігінен пайда болған. Күнмен бірге жарықтың да болатыны секілді, Аллаһпен бірге әлем де болады (Аллаһ Тағала Құранда аспан мен жерді алты күнде жаратқандығын айтады. Олай болса, әлем Аллаһтан шыққан болмайды, Аллаһ оны жаратқан болады).

4. Адамның рухы мәңгілік, ол ешқашан жоқ болып кетпейді (асылында, мәңгілік тек Аллаһ Тағала ғана).

5. Аспан әлемі тірі болып, қозғалыс әрекетімен Аллаһқа ғибадат етеді, әрі мойынсұнады¹⁶.

Жоғарыдағы күпірлікке апаратын үш мәселені ислами тұрғыдан ашып, талдайық:

1. Аллаһтың зати сипаттарының біреуі «Қидәм». Қидәмнің мағынасы – бастауы жоқ. Аллаһ әуелден бері бар және бұл сипат тек Аллаһқа ғана тән. Әуелде, минус

¹⁶ Сүлеймен Улыдағ, Фуат Кавукчу. Келам дерслери, Истанбул, 1977, 45-46-бет; Бекир Топалоглу. Келам илми гириш, Истанбул, 1996, 29-30-бет.

шексіздікте Аллаһтан басқа ештеңе жоқ еді. Аятта да бұл мәселені былай келтіреді: **«Ол Аллаһ әуелгі әрі соңғы»** (57. Хадид-3). Ал әлем болса Аллаһтың жаратуымен кейіннен болған материя. Сондықтан әлем ешқашан әуелгі бола алмайды. Себебі, әлемнің жаратылуына байланысты Құранда көптеген аяттар бар екендігі баршамызға мәлім. Мысалы:

«Көктер мен жерді жоқтан бар етуші» (6. Әнғам-101).

«Күдіксіз Раббыларың сондай Аллаһ көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Сонан кейін ғаршыны меңгерген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді және күн мен айды, жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Сақ болыңдар! Жарату мен бұйрық беру Соған тән» (7. Ағраф-54), (10. Юнус-3).

«Ол Аллаһ, қайсыларың жақсы амал істейді деп, сынау үшін көктер мен жерді алты күнде жаратты» (11. Худ-7).

«Әуелде көк пен жер біртұтас еді. Біз екеуінің арасын ажыраттық, жанды мақұлықтың барлығын судан жараттық. Кәпірлер осыны қалай білмейді. Оған неге сенбейді?» (21. Әнбия-30).

Осы айтылған аяттардан шығатын қорытынды, әлем кейіннен 6 күнде жаратылған, оның ешқандай да әу бастан бері болмағандығы айдан анық (қосымша мағлұмат үшін мына аяттарды қараңыз: Хижыр-85; Нахыл-3; Фурқан-59; Фуссилат-11; Қаф-38; Хадид-4).

2. Аллаһтың жузи нәрселерді білмеуі мүмкін емес. Өйткені, Аллаһ бүкіл мақлұқатты жаратқандықтан барлық нәрсені біледі. Яғни болғанды, болатынды, ашықты, жа-сырынды, құпияны, адамның не істегенін, керек десеңіз жер бетіндегі бір ағаштан түскен жапырақты да біледі. Себебі, Аллаһтың «алим» деген сипаты бар. Аятта бұл мәселені былай келтіреді: **«Ғайыптың (көместің) кіл-**

ттері Соның жанында. Оны Ол өзі ғана біледі. Және құрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де Аллаһ оны біледі» (6. Әнғам – 59). Ендеше, Аллаһ қалайша жузи (кішкентай, бөлік пен бөлшектерді) нәрсені біле алмайды дейміз? Әлбетте, бұл қисынсыз тұжырым. Басқалай болған жағдайда Аллаһтың сипаттарына нұқсандық келтірген болып шығамыз.

3. Өлгеннен кейін қайта тірілудің тәнмен емес, жанмен болатындығын айту шынында да аса қауіпті күпірлік. Өйткені, ислам дінінің иман негіздерінің бірі – өлгеннен кейін қайта тірілуге иман ету болып табылады. О дүниеде адамның әрі тәнімен, әрі жанымен тірілетіндігін баяндайтын көптеген аят пен хадистер бар. Қайта тірілудің тәнмен, әрі жанмен болатындығына мына аят айқын дәлел бола алады: **«Олар өздерінің қалай жаратылғанымен жұмыстары жоқ. «Міне, мына шіріген сүйектерді кім тірілтеді?» - деп бізге дәлел айтпақшы болады. Сен оларға айт: «Оны тірілтетін (сол адамды) әу баста жаратқан күдіретті Аллаһ. Ол бар нәрсені біліп тұрады» (36. Ясин 78-79). «Негізінен ондай аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел тозаққа саламыз да, олардың терілері жанған сайын азапты татулары үшін, оны басқа терілерге ауыстырамыз. Шәксіз Аллаһ тым үстем, хикмет иесі» (4. Ниса-56).**

Екінші айтылған аят тозақтағы адамның халін бейнелеген кезде оның тозақ отында жазалануы тәнімен, әрі жанымен болатындығын ашық түрде білдіруде. Иә, бұл аяттың түсуіне Меккелік мүшріктер себеп болған еді. Олар Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп, о дүниедегі азаптың болмайтындығын, әрі болған күннің өзінде отқа бір-ақ рет жанған соң, азапталмаймыз деп, ақырет өмірін жоққа шығарған еді. Сонда Аллаһ Тағала өзіне қарсы келушілердің тозақта бір рет жанып, азаптан құтылып

кете алмайтындығын, керісінше жанған тәнге ет пен тері қайта кигізу арқылы одан әрі азаптайтындығын, бұл үдеріс пенденің жазасы біткенге дейін мәңгілік жалғаса беретіндігін осы аят арқылы ескертеді.

5. Ислам ақидасының ерекшеліктері

Ақида иләһи діндердің негізін құрайды. Хазіреті Адамнан (а.с.) соңғы пайғамбар Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) дейін Аллаһ тарапынан жіберілген елшілердің барлығы Аллаһтың барлығы мен бірлігін уағыздаған. Сол себепті Аллаһтың барлығы мен бірлігін уағыздайтын таухид дінінің өзгермейтін басты негізі **ақида** болып табылады.

Адамдар Хазіреті Адамнан (а.с.) кейін таухид дінінен шығып, адасушылыққа бет алады. Адасушылықтың бірден-бір көрінісі ретінде жұлдыздарға, табиғаттағы төтенше оқиғаларға, рухтарға, пұттарға табынушылықты айтсақ та жеткілікті. Осындай жағдайға ұшыраған пенделерін дұрыс жолға салу үшін Аллаһ Тағала пайғамбар жіберген. Жаңа келген пайғамбар өзінен бұрын келген пайғамбардың уағыздаған таухид сенімін үйретеді. Бұл жерде тек пайғамбар ғана өзгереді де, Аллаһ Тағала өзінің таухид дінін сол қалпында адамдарға жеткіздіреді. Бұл жайында Құранда былай дейді: **«Аллаһ Нұхқа (а.с.) нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді сондай-ақ Ибраһим, Мұса мен Исаға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды»** (42. Шура – 13).

Аллаһтың жіберген таухид дініндегі ақида еш өзгерместен Пайғамбарымызға дейін жеткендігі осы аятта баяндалады. Бірақ қазіргі кездегі яхудилер мен христиандардың Хазіреті Мұса (а.с.) мен Хазіреті Исаның (а.с.) уағыздаған таухид дінінен ауытқығандығы айтпаса

да түсінікті. Ислам ақидасының негізгі өзіндік ерекшеліктерін атап өтер болсақ:

а) Ислам ақидасы анық әрі түсінікті

Ислам ақидасының өзге сенім жүйелерінде кездеспейтін басты ерекшеліктерінің бірі, анық әрі түсінікті болуында. Ислам ақидасында ешқандай түсініксіз, құпия не қалтарыс қалған мәселе жоқ. Әлемді құдіретімен орынорнымен, ретпен, тәртіппен жаратқан Ұлы Жаратушы Жаббар Ие Аллаһқа иман ету басты міндетіміз. Бұл әуел бастан басы ашық һәм айқын ұстаным. Бүкіл әлемдердің иесі жалғыз Аллаһ. Аятта да: **«Аспан мен жерде болмаған нәрселердің бәрі Соныкі. Барлығы Соған мойынсұнған»** (2.Бақара-116) деп, өзге сенімдердегі тәрізді үштік, дуализм секілді тұманды жайттардан ислам ақидасының толықтай пәк екендігін білдіреді.

ә) Ислам ақидасы тұрақты әрі өзгермейтін ақида жүйесі

Ислам ақидасы – артуды, кемуді, өзгеруді қабыл етпейтін тұрақты ақида жүйесі. Қандай да бір рухани мәслихат, құрылтай, съезд, діндер лигасы, дін ғалымдарының ақидада жоқ нәрсені оған енгізуге немесе одан алып тастауға құқықтары жоқ. Ал мәселе, керісінше болған жағдайда ондай кісі діннен шығады немесе адаушы мұсылман үкімін алады. Себебі, Құранда Аллаһ Тағала: **«Немесе дін тұрғысынан Аллаһ бұйырмаған нәрсені оларға шарифат қылатын ортақтары бар ма?»** (42.Шура-21) деп, кейіс білдіреді. Бұл тақырып жөнінде Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: **«Кім де кім біз жайында бізде болмаған бір нәрсені шығаратын болса, қабыл етілмейді»** (Бухари, Сулх 5; Муслим, Ақдия 17).

б) Ислам ақидасы - адамның жаратылысына ең ыңғайлы сенім жүйесі

Ислам ақидасы адамның ішкі жан дүниесіне, бол-

мысына қайшы келмейтін сенім жүйесі болып табылады. Құранда бұл жайында: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) Бәрінен бет бұрып, жүзінді ислам дініне бағытта. Аллаһ жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Аллаһтың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы түп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді»** (30.Рум -30), – делінген.

в) Ислам ақидасы нақты дәлелге сүйенеді

Ислам ақидасы Құран мен хадис үкімдеріне сүйенгендіктен, кейбір сенімдердегідей «көзінді жұм да, артымнан ер» деген шалақ түсініктен аулақ. Ислам ақидасы адамзатқа иман негіздерін түсіндіргенде кез-келген мәселені анық дәлелдермен келтіреді. Мысалы, Құранда Аллаһтың бар және бір екендігімен қоса, кәміл сипаттарын жеке-жеке түсіндіретін тұстары кездеседі. Сол секілді әлемнің жаратылысы, адамның жаратылысы және тарихта болған кейбір оқиғалар да келтірілген. Сондай-ақ, Құран Кәрімде өлгеннен кейін қайта тірілу мәселесі адамның алғаш жаратылысымен барабар, һәм аспан мен жердің қалай жаратылғандығына теңей отырып нақты дәлелдермен түсіндіріледі (бұл тақырыпқа байланысты мәселелер «Ақыретке иман» бөлімінде кеңірек баяндалады).

г) Ислам ақидасы орта жолды ұстанады

Ислам ақидасы бірқатар сенім жүйелерімен салыстырғанда (табиғаттан тыс күштерге, өзге де беймәлім алапат күштерге, бір құдайға емес, бірнеше құдайға сенім, адам өлгеннен кейін оның жаны басқа тәнге өтетініне сенім т.б.) нағыз орта жолды ұстанады. Сондай-ақ, ең негізгісі Аллаһқа ешқандай серік қоспастан басқа құдайлардың жоқ екендігіне деген сенімге құрылған. Бұл жайында аятта былай делінеді: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) Егер білсеңдер жер жүзі және жер бетінде болғандар кімдікі?»** – де. **Олар дереу: «Аллаһтікі»,** - дейді. «Ендеше, одан неге

тағылым алмайсыңдар?», - де. «Жеті қабат көктің Раббы және ұлы ғарыштың Раббы кім?», - де. «Аллаһ», - дейді. «Онда оның қаһарынан қорықсаңдар етті», - де. «Барлық жаратылыстың иелігі кімнің қолында? Біле білсеңдер, айтыңдаршы, адамдарға пана бола алатын кім? Оған қарсы тұра алатын кім, бәріне пана бола алатын кім?», - деп сұра. «Аллаһ», - дейді олар. «Сендер қалайша алдандыңдар?», - деп сұра» (23.Муминун, 84-89).

Ислам ақидасы Аллаһтың сипаттары жайында да орта жолды ұстанады. Яғни, яхудилер секілді Аллаһты адамға (Алла сақтасын!) ұқсатудан аулақ. Сонымен бірге, мұсылмандық сенім Аллаһты нұқсан сипаттардан пәк деп қабыл етеді. Аллаһты басқа бір бейнеге ұқсату мүмкін емес, өйткені Ол жаратылған ешқандай затқа ұқсамайды. Себебі, бұл жайт Құранда: «Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Аллаһ әр нәрсені естуші, толық көруші» (42.Шура-11), - деп, айдан анық айтылады.

Исламның ақида жүйесі өзге сенімдегілермен қарым-қатынаста да орта жолды ұстана отырып, олардың сенімдеріне қолшоқпар да болмайды хәм оларды даттамайды. Өйткені, бұл жол – ең дара, ең тура, ең үлгілі және ең шынайы жол. Сондықтан ешкімнің сеніміне қосылмайды. «Менің тура жолым осы. Сол жолмен жүріңдер, бұрыс жолға түспеңдер. Олар сендерді Құдай жолынан тайдырады. Тозақтан сақтануларың үшін сендерге Аллаһ осы істерді өсиет етеді» (6.Әнғам-153). «(Мұхаммед (с.а.у.)) Онда Аллаһқа тәуекел қыл. Өйткені, сен нағыз таза дін жолыңдасың» (27.Нәміл-79). «(Мұхаммед (с.а.у.)) Сен сондай өзіңе уахи етілген Құранға жабыс. Сен шын мәнінде тура жолдасың» (43.Зухруф-43) аяттары өзге сенімге жалтақтаудың қажеті жоқ екендігін, әрі ең тура жол исламның бұйырған шынайы жолы екенін пай етеді.

«(Мұхаммед (с.а.у.)) Міне сол үшін ақиқатқа шақыр, бұйырылғандай мықты тұр. Олардың ойларына ілеспе және оларға: Аллаһ келтірген кітапқа иман келтірдім. Сондай-ақ араларында әділдік қылуға бұйырдым. Аллаһ біздің де Раббымыз, сендердің де Раббыларың, біздің ісіміз - бізге, сендердің істерің - сендерге тән. Біздің өзара тайталасуымыздың жөні жоқ. (Қиямет күні) біздің басымызды бір жерге қосатын Аллаһ. Соңғы баратын жеріміз де Аллаһтың құзыры» (42.Шура-15). «Сендердің діндерің өздеріне, менің дінім өзіметән, де» (109.Кафирун-6). «(Мұхаммед (с.а.у.)) Егер сені өтірікші етуден таңбаса, онда: «Менің іс-әрекетім өзім үшін де, сендердің іс-әрекеттерің өздерің үшін. Менің ісімнен сендер аулақсындар, мен де сендердің істеріңнен аулақпын», - деп айт» (10.Юнус-41) аяттары біздерге өзге дін иелерімен қалай қатынас жасау мен мәміле жасау керектігін үйретеді. Демек, өзге дін иелеріне қарсы ешқандай орашолақ әрекетке бармағанымыз абзал екен. Ең дұрысы, өзге жолды ұстанған жандарға айтар бір ғана мәселе бар. Ол өзге діндегілерді хақ дін исламға үндеу: «**Рас! Мен мұсылмандарданмын деп Аллаһқа шақыра отырып, ізгі іс істеген кісіден сөз тұрғысынан жақсы кім бола алады?**» (41.Фуссилат-33). Сонымен бірге, ислам әмәнда күштеп, зорлап дінге кіргізуге қарсы. Құранда сенім еркіндігі жайлы: «**Бұл хақиқат (Құран) Раббыларыңнан»** де. Сонда кім қаласа сенсін, кім қаласа қарсы келсін» (18.Кәһф-29), - деп, анық ескертілген.

Олай болса, Жаратушыға деген сенім - әркімнің өз қалауында. Аллаһ және бір аятта былай дейді: «**Дінде зорлық жоқ. Расында туралық азғындықтан ажыратылды»** (2.Бақара-256).

Ислам ақидасы пайғамбарларға иман ету мәселесінде

де орта жолды ұстанады. Ешқандай пайғамбарды құдай дәрежесіне көтермейтіні өз алдына, сол секілді ешбір пайғамбарды ең төмен адам деңгейіне де түсірмейді. Ислами ақиданың қағидасы бойынша пайғамбарлар да адам. Бірақ, Аллаһ оларға уахи беру арқылы мәртебесін көтерді және үлкен күнә істеуден қорғап, Өз бақылауына алып, оларды барлық жағынан адамдарға үлгі етті.

6. Әһли сүннет ақидасын жүйеге келтірген имамдар

Алдымен әһли сунна ұғымының мәніне үңілсек. Құран Кәрім мен Хазіреті Пайғамбардың сахих хадистерін ұстанып, жол бастар етуші, Аллаһтың елшісі Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) және оның сахабаларының ақида (сенім) мәселесінде ұстанған жолымен жүрушілер «**Әһли сүннет уәл-жамағат**» деп аталады. Әһли сүннет уәл-жамағаттың қазақша мағынасы - «сүннет халқы және жамағат». Яғни, сүннетті ұстану - Хазіреті Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.у.) жүрген жолын ұстануды білдіреді.

Ал мұның *Әһли сүннет уәл-жамағат* деп аталу себебі, Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) үмметі жайлы айтқан мына хадисінен туындайды:

«Яхудилер 71 топқа, христиандар 72 топқа, үмметім де 73 топқа бөлінеді. Осы 73 топтың ішіндегі біреуі ғана жәннәтқа барады, қалған 72-сі тозақтық болады», - дейді. Сонда қасында тұрған сахабалардың біреуі тұрып: «Я, Расулуллаһ! Жәннәтқа баратын топ қайсысы?», - деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Менің және асхабымның жүрген жолымен жүргендер», - деп жауап береді. (Әбу Дәуіт, Суннат 1; Ибн Мажа, Фитан 17).

Шындығында да әһли сүннет уәл жамағаттың ақидада ұстанған жолы Пайғамбарымыз бен сахабалардың ұстанған, жүрген, амал еткен жолымен бірдей екендігін кейінгі тақырыптардан байқауға болады.

«Әһли сунна уәл-жамағат» терминін алғаш Әбу Ләйс ас-Самарқанди (өл.898) «Шәрхул фикһил әкбар» атты еңбегінде қолданған.

Басралық филолог әл-Асмаидің (өл.213/828) пікіріне сүйенсек, *Әһли сүннет уәл-жамағат* жолын Юнус ибн Убайд әл-Қайси (өл.138/756), Абдуллаһ ибн Аун ибн Өртәбан (өл.151/768), Әйюб әс-Сахтияни (өл.131/748) және Сүлейман әт-Тәйми (өл.143/760) атты кісілер құрған.

Сүннит ақидасының бір жүйеге келуі Умея халифатының соңғы жылдарынан бастап, Аббасидтердің билік кезеңінің алғашқы I ғасыры аралығында болады. Әһли сүннет ақидасы Умеяттардың 10-халифасы Хишам ибн Абдулмаликтің билікке келуі мен (724-743) Аббасидтердің 7-халифасы Мәмунның (813-833) таққа отыруы аралығында туып, қалыптасты. Әуелде әһли сүннет мәзхабы фикһ саласында жүйеленіп, дами келе әһли сүннеттің фикһи мәзхабтары пайда болды (Ханафи, Шафи, Ханбали, Малики)¹⁷.

Әһли сүннеттің ақидаға байланысты саласында алғашқы еңбек пен зерттеуді қолға алғандардың ішіндегі көрнекті өкілдердің бірі - Имам Ағзам Әбу Ханифа Нұғман ибн Сабит. Имам Ағзам Әбу Ханифа фикһта Ханафи мәзхабының негізін салушысы ретінде ақидаға байланысты көптеген құнды пікірлер айтып кеткені белгілі.

Имам Ағзам 699 жылы Куфа қаласында дүниеге келеді. Ұстазы Хаммад ибн Әби Сүлеймен (өл.120/737) Куфа мешітінде ұзақ жылдар бойы дәріс берген кісі. Әбу Ханифа алғашқы ақидалық дәрістерін сол кісіден алып, ұстазы дүниеден өткеннен кейін ел арасында 30 жылдай дәріс оқып, пәтуа береді. Имам Ағзам Әбу Ханифа

¹⁷ Етхем Рухи Фығлалы. Чаымызда итикади ислам мезхеплери, Иста - бул-1996, 54-59-бет; Сайм Клавуз, ж.к.е., 296-297-бет.

өз дәуірінің біртуар ғалымы, әрі фақиһы еді. Имам Ағзам «Әһли Бәйтті» (Пайғамбар әулетін) жанындай жақсы көріп, оларға үлкен құрмет көрсеткендіктен, Умея мен Аббасид билеушілеріне деген ықыласты ниетін толықтай көрсете алмайды. Әбу Ханифаның екі әулеттің халифалық кезеңін басынан өткерген жылдарында, Умея мен Аббасид әміршілері оған қазылық қызметті ұсынып, ғұлама ол ұсынысты қабыл алмайды. Сөйтіп, Аббасид халифасы Әбу Жағфар әл-Мансур (754-775) ұсынысын қайтарып, сағын сындырғаны үшін Әбу Ханифаны түрмеге қаматады. Бағдаттағы түрмеде 15 күндей қамауда болған ислам ғұламасы 767 жылы 70 жасында дүниеден озады.

Әбу Ханифаның ақидаға байланысты жазған еңбектері: «әл-Фикһул әкбар», «әл-Фикһул әбсат», «әр-Рисалә», «әл-Алим уәл-мутааллим», «әл-Уасия». Осы еңбектерінің ішінен «әл-Фикһул әкбары» ғұламалар жағынан жоғары бағаланып, ол еңбек жайында көптеген түсіндірмелі, талдамалы шығармалар жазылды¹⁸.

Әһли сүннет мәзхабы адасушы мәзхабтарға (әһли бидғат) карағанда мынадай өзіндік ерекшеліктерге ие және ақидасы да осы қағидалардың төңірегінде құрылған:

1. Барлық әлем мен тіршілік иелері кейіннен жаратылған.

2. Әлем босқа жаратылмаған, оның өзіндік мән-маңызы мен ерекшелігі бар.

3. Әлемдер мен бүкіл тіршілікті жаратушы Аллаһ.

4. Аллаһ жалғыз, бастауы мен соңы жоқ. Ол тұмаған, туылмаған. Ол уақыт, мекен, һәм тәндік ерекшеліктерге мұқтаж емес. Және Одан басқа тәңірі жоқ.

5. Аллаһтың әзәли, әбәди затынан бөлінбейтін сипаттары бар.

¹⁸ Алиюл Қари, Минәхур раудил-әзхари ли шәрхил-фикһул әкбар, Кайр 1323; Бекир Топалоглу, ж.к.е., 126-бет.

6. Аллаһ ақыретте муминдерге көрінеді.

7. Тағдыр (қадар) хақ. Бірақ, құл іс-қимылында мәжбүр емес (яғни, пәнденің таңдау еркі бар).

8. Пайғамбарлардың муғжизасы, әулиелер және олардың көрсеткен кереметтері хақ. Бірақ, ешқандай пайғамбар мен әулиеде тәңірлік нышан болмайды. Олар да адам, тек дәреже тұрғысынан ғана қарапайым жандардан мәртебелі келеді.

9. Аллаһтың кәләмы әзәли (басы жоқ). Аллаһтың сөйлеуі дауыс пен әріптерден тұрмайды.

10. Ақырет және ондағы болатын жағдайлар хақ (жәннәт, тозақ, таразы).

11. Пайғамбардан (с.а.у.) кейін ең ұлы кісі Әбу Бәкір, одан кейін кезегімен Омар, Осман және Әли. Пайғамбардың (с.а.у.) сахабалары ерекше құрметке лайық кісілер болып саналады.

12. Амал иманның бір бөлігі емес. Сеніп, иман ете тұра амал етпеген немесе күнә істеген кісі діннен шықпайды. Бірақ, ол күнәһар кісі ретінде саналады.

13. Бір әмірші тағайындау мұсылмандарға парыз. Басқару жүйесі әрдайым кеңесу және сайлаумен болады.

14. Адамдарды жаратқаны секілді, Аллаһ Тағала олардың амалдарын да жаратады. Пенде қандай да бір істі істеу үшін таңдайды, Аллаһ оның таңдауына сай ісін жаратады.

15. Жақсылық жасағанға - сый, жамандық жасағанға - жаза беріледі. Бірақ, Аллаһ қалаған мумин пендесінің күнәсін кешіруі мүмкін.

16. Ислам дінін қабылдаған, әрі мумин екендіктері белгілі кісілер мына жағдайда ғана кәпір болып есептеледі:

- а) Аллаһ Тағаланы жоққа шығарса
- б) Аллаһқа серік қосса

в) Пайғамбарлар мен пайғамбарлықты қабыл етпесе
г) Харам екендігі нақты білінген (аят пен хадис арқылы бекітілген үкімдерді) нәрсені халал деп, не керісінше халалға харам деп, оған сенсе¹⁹

Енді әһли сүннеттің ақидасын бір жүйеге келтірген имамдарға тоқталып өтелік.

1) Имам Матуриди

Матуридилік мектептің негізін қалаушы Әбу Мансур Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди әс-Самарқанди (шамамен н. 238/ м. 862 жылы) Самарқандтың Матурид деген ауылында дүниеге келген. Имамның өмірі жайында мағлұмат өте аз. Имам Матуридидің еңбектеріне қарай отырып, оның қалам, мәзхабтар тарихы, фикһ әдістемесі мен тәпсір саласында өзіндік орны бар ірі ғалым екендігін пайымдауға болады. Еңбектеріндегі тұжырымдарын жоғарыда айтылған әһли сүннеттің басты қағидаларын әрі нақилге (Құран аяттары мен хадистерге) сүйеніп, әрі ақли дәлелдер арқылы жүйелеген. Әсіресе, ол кісі муғтазила мен шииттік түсініктегі мұсылмандарды қатты сынға алған²⁰.

Әбу Мансур әл-Матуриди Ханафи мәзхабын ұстанатын ортада өскендіктен әрі фикһта, әрі ақидада (сенімде) Имам Ағзам Әбу Ханифаның жолымен жүрген. Әбу Ханифа фақиһ болуымен қатар, ақида саласындағы ғалымдардың да алғашқыларының бірі екендігі мәлім. Сондықтан Имам Матуриди Ханафи мәзхабын ұстанып, ақидада Әбу Ханифаның пікірлерін одан ары дамыта отырғаны түсінікті. Бір жағы соны ескергендіктен болар, *қалам* ғалымдары «Матуридилік» деп аталатын мектептің

¹⁹ Бұл мәселер жайында қараңыз: Әбу Ханифа, Әл-Фикһул әқбар; Омар ән-Нәсәфи, Мәтнул ақайд, немесе Ақидатун-Нәсәфи.

²⁰ Сайм Клавуз, ж.к.е., 301-бет.

негізін қалаушы ретінде - Әбу Ханифаны атайды. Ал Имам Матуриди болса, Әбу Ханифаның айтып кеткен негіздерін ақли және нақли (аят пен хадис) дәлелдермен қуаттап, талдап, жүйелеп бір ізге түсіруші ретінде танылған²¹.

Ислам әлемінде хижри жыл санауының II ғасырынан бастап пайда болған адасқан мәзхабтарға, соның ішінде әсіресе ақылды көбірек қолданатын Муғтазила мәзхабына классикалық әдіспен төтеп беру біршама қиын болды. Мұндай әдіспен Әһли сүннет сенімін қорғау жеткіліксіз еді. Неге десеңіз, классикалық, яки дәстүрлі әдісте ақыл ақида мәселесінде негізгі рөл ойнамайды. Осыдан келіп, әһли сүннет сенімін қорғау жолында жаңа бір әдіске мұқтаждықты. Яғни, иман негіздерін түсіндіруде аят пен хадиске қоса, ақылға да орын беру керек болды. Өйткені логикалық талдаулар жасалып, мәселенің мазмұнын ашу, мақсатын түсіндіре білу қажеттілігі туды. Осы бағытта Матуриди және Өшғари мектептері қалыптасады.

Имам Матуриди ақида саласында аят пен хадиске қоса, дінді түсіндіруде ақылды да қажетті қағида ретінде пайдаланды. Матуридилер бірқатар мәселелерде алғашқы ғұламалардың тәсілін ұстанғанымен, Өшғарилерге карағанда ақылды көбірек қолданды. Дегенмен, имам Матурийдің тәсілі бойынша ақылды өз орнымен қолданып, оған шектен тыс басымдық беруге жол бермеу қажет²².

Имам Матуриди ақылға біршама мән бергенімен, муташабах (ұғымын Аллаһ пен Оның елшісі білетін) аяттардың тәпсіріне келгенде (Әбу Ханифа ұстанымынан ауытқымай) жорамал (тәуил) жасамайды. Мысалы: «**Ол Рахман, аршыға үстемдік етті**» (20. Таһа-5) аятындағы

²¹ Әл-Баяди, Кәмәладдин Ахмәд бин Хасан бин Синанеддин, Ишар - тул мәрам, Мысыр, 1368/1949, 23 бет.

²² Сайм Клавуз, Акиф Көтен, Осман Четин, Хүсейн Алгүл, ж.к.е., 81-бет.

«истауа» сөзі муташабих аят болғандықтан, бұл сөзді түсіндірген кезде алдымен аят жайында түрлі теңеулер жасаған кісілердің көзқарасын айта келіп, олардың пікірлерін теріске шығарып, мынадай тұжырым жасайды: **«Бұл мәселедегі біздің ойымыз Аллаһ Тағала «Еш нәрсе Оған ұқсамайды» (42.Шура-11) деп, айтқан сөзі арқылы Аллаһтың жаратылғандарға ұқсамайтындығын білдіруде. Аллаһ жаратылғандарға ұқсаудан пәк. Біз де жоғарыда Аллаһтың фиһлінде және сипатында ұқсастықтан пәк екендігін айтып өттік. Олай болса, біз Рахманның Ариғға истиуасы (үстемдігі) жайында Құранда айтылған күйінде қабыл етуіміз керек. Бұл аятты мынадай мағынаға келеді деп айта алмаймыз. Өйткені жоғарыда келтірілген тәуілдердің (жорамалдардың) қандай да біреуі сәйкес келіп қалуы мүмкін болса, дәл солай адамның санасы жете бермейтін басқа да бір мағынаға сай келу ықтималдығы да бар. Сондықтан, Аллаһ аятта қалай келтірсе, біз де дәл сол күйіне иман етеміз».**

Имам Матуриди муташабих аяттарға түсініктеме беруді дұрыс көрмегенімен, беріректегі бірқатар әли сүннет ғалымдары ол аяттарға түсініктеме берген. Дегенмен, бұл қарапайым халықтың аяттағы ұғымды басқаша мағынаға жорамалдауының алдын алудан туындаған қажеттілік болатын. Алайда, аталмыш ғалымдар муташабих аяттарды араб тілінің шеңберінен шықпайтын астарлы (мәжәзи) мағыналары бойынша ғана түсіндіруге болатындығын айтады. Солай болғанның өзінде ғалымдар айтқан жорамалдарының соңында оның нақты мағына емес, аяттың баламалы ұғымы ғана деп ескерту жазып отырады²³.

²³ Әл-Баяди, Кәмәладдин Ахмәд бин Хасан бин Синанеддин, Ишар - тул мәрәм, 186-189 бет.

Имам Матуридидің өмір сүрген кезеңі ислам әлеміндегі сенімге байланысты арпалыстың ең өршіген уақыты еді. Ислам халифаты күн өткен сайын ұлғайып, көптеген халықтар ислам дініне кіріп жатты. Бір жағынан халифа Мәмун (813-833) дәуірінен бастап, ежелгі грек және үнді философиясы араб тіліне көптеп аударылды. Мұсылмандардың өзара мәзхабқа бөлінгендері аздай, сырттан келген яхуди, христиан пәлсафашылары мен дін басылары сенімге байланысты түрлі пікірлер айтып, халықтың санасына көптеген күмәнді мәселелерді ұялатып, дел-сал қылып қойды. Осындай сәтте исламның иман негіздерін қорғау мақсатында ақыл мен қисындық қағидаларды пайдалану қажет болды. Нәтижеде иман негіздерін әрі нақылмен (аят-хадис), әрі ақылмен бекітетін «Калам» атты жаңа әдіс пайда болды. Мұның латыншадағы ұғымы - «теология». Имам Матуриди осы дәуірде шыққан әйгілі мутакаллим, яғни теолог еді. Имам Матуридидің шыққан жері Мауарауннахр өлкесі болғандықтан, ғалым сол аймақтағы Ханафилардың ақида мектебінің имамы атанды²⁴.

Имам Матуриди 333/944 жылы Самарқандта дүниеден өткен. Имам фикһта Ханафи мәзхабын ұстанушылардың сенім негіздерін жүйеге келтіруші болып саналады.

Әһли сүннет фикһта Ханафи, Шафи, Ханбали, Малики болып бөлінсе, сенім мәселесін Сәләфи, Матуриди және Әшғари мектептері қарастырғаны белгілі. Қазіргі кезде әлемдегі сүннит мұсылмандардың жартысынан көбі (шамамен 53%) Ханафи мәзхабын ұстанады. Ал Ханафилердің басым көпшілігі Имам Матуридидің бір жүйеге келтірген сенім негіздерін басшылыққа алады. Матуридилік мектептің ғұламалары бір жүйеге келтірген иман негіздері – негізінен, Орта Азия, Түркия, Балқан

²⁴ Хамди Дөндүрен, Ислам илмихали, Истанбул, 1998, 47-бет.

түбегіндегі, Қытай, Үндістан, Пәкістан аймағындағы мұсылмандар арасында кеңінен жайылған²⁵. Әсіресе түркі халықтары арасында көбірек жайылған.

а) Имам Матуридидің еңбектері

Имам Матуридидің ең танымал еңбектері мыналар:

1. Тәуилатул - Қуран
2. Китабут - таухид
3. Китабул - мақалат
4. Китабу - мәхашиш-шараи (фикһ усулы жайында жазылған)

5. Китабул-жәдәл

Өзге де еңбектері:

1. Китабул рәдди әуаиллил-әдиллә лил-Қағби
2. Китабу рәдди тахзибил-жәдәл лил-Қағби
3. Китабу бәяни уәхмил – муғтазилә
4. Рәдду китабул – Қағби фи уаидил – фуссақ
5. Рәддул усулил – хамса ли Әби Умарил – Баһили
6. Рәдду китабул – имамә
7. әр-Рәдду алал – Карамита

Осы аталған еңбектердің ішінен біздің заманымызға жеткен кітабы «Тәуиләтул Қуран» мен «Китабут – таухид» қана²⁶.

б) Имам Матуридидің иман жайындағы көзқарасы

Имам Матуридидің иман жайында ұстанған пікірлері төмендегідей:

ба) Иман мен ислам жайындағы көзқарасы. Имам Матуриди бойынша, иман – иман негіздерін жүреппен бекіту (тасдиқ), сенімін тілмен айту (икрап). Егер адам

²⁵ Сайм Клавуз, ж.к.е., 303-бет.

²⁶ Етхем Рухи Фығлалы, ж.к.е., 77-78-бет.

тілімен иман келтіріп, бірақ жүрегімен бекітпесе, онда ол иман еткен болып есептелмейді. Сол секілді ешқандай қиыншылыққа ұшырамастан сенімін тілімен айтпаса, яғни иманын жасырған кісі де мумин бола алмайды. Өйткені, ешқандай кедергісіз сенімін тілмен айтпау жүректегі иманның бекітпеген болып есептеледі. Иманның мекені жүрек болғандықтан, жүрекке орныққан иманға үкім етуге, яки оны күштеп шығаруға ешкімнің құдіреті жетпейді.

Иман мен ислам тілдік жағынан мағыналары бөлек сияқты көрінгенімен, діни тұрғыдан қамтитын ұғымдары бір дейді Имам Матуриди. Иман дегеніміз - Аллаһтың барлығына, бірлігіне, серігі мен ұқсасының болмағандығына, барлық нәрсе Оның қалауы мен жаратуының нәтижесінде болатындығына жүрекпен сеніп, оны тілмен айту. Ислам дегеніміз – адамның өзін толығымен Аллаһқа тапсыруы, Оның әмірлерін орындап, тыйымдарынан тыйылу, діни міндеттерді шынайлықпен іске асырып, Аллаһқа толық сеніммен құлшылық жасау. Бұл айтылған тұжырымдар да, иман мен исламның мағыналық тұрғыдан айтарлықтай айырмашылықтарының жоқ екендігін көрсетеді.

Сондай-ақ, иман еткен бір жанға *мұсылман емессің* деп айту қаншалықты дұрыс емес болса, исламның шарттарын орындаған адамға да *мумин емессің* деп айта алмайсыз. Қысқаша айтқанда, ислам – Аллаһты тану, білу (мұның орны - кеуде). Ал, иман болса, Аллаһтың Жаратушы екендігін білу (мұның орны - кеудедегі жүрек). Яғни, біріңсіз бірі жоқ.

Мағрифат Аллаһты сипаттарымен танып білу, мұның орны көңілде, ол да жүректің ішінде. Таухид Аллаһты жалғыз деп тану, мұның орны сыр, ол көңілдің ішінде. Сөзімізді мына аятпен бекітіп алуымызға болады: **«Аллаһ – көктер мен жердің нұры. Оның нұрына мысал: Ішін-**

де жарық бар қуыс сияқты. Жарық әйнектің ішінде. Ал әйнек бейне інжудей бір жұлдыз. Шығыста батыста болмаған берекеті зәйтун майымен тамызылады. Тіпті от тимей-ақ, оның майы жарық бергелі тұр. Нұр үстіне нұр. Аллаһ қалаған кісіні өз нұрына бөлейді. Аллаһ адамдарға осылай мысал береді. Аллаһ әр нәрсені толық білуші» (24.Нұр-35).

Имам Матуриди бойынша амал иманның бір бөлігі емес. Өйткені Құран Кәрімде: «Иман еткендер және ізгі іс істегендер... (иннәл-ләзина әмәну уә амилус салихат)» деп келетін көптеген аят бар. Бұл аяттарда иман мен амал бір-бірінен бөлек етіп көрсетілуде және иман еткен кісіге амалдан бөлек ретінде «мумин» деуде. Егер амалды иманға кіргізетін болсақ, амалмен байланысты үкімдерде кейде нәсх (кейінгі үкім алдыңғы үкімнің күшін жою) болғаны секілді иман негіздерінде де нәсх болу керек еді. Бірақ, иман мәселелерінде нәсх (күшін жоюшы жаңа үкім) болмайды²⁷. Бұл да иман мен амалдың бөлек ұғымдар екендігін білдіреді.

Иман біртұтас ұғым, онда арту-кему деген болмайды. Иман, пенденің Аллаһқа берген нақты уәдесі. Ал егер адамның: «Иншаллаһ» немесе «Аллаһ қаласа мен муминмін» деп айтуы, Аллаһқа берген уәдесінің бұзылуына, күшін жоюына себеп болады.

бә) Таухид жайындағы көзқарасы. Аллаһ бар, жалғыз, серігі мен ұқсасы жоқ. Ол болмысы мен істері тұрғысынан да жалғыз. Біз Аллаһқа иман етуімізбен жауаптымыз. Аллаһтың болмысына және істеріне қатысты сипаттары бар. Бұл сипаттар Аллаһтың болмысымен бірге, бірақ, ол сипаттар Жаратушының болмысының өзі де емес, одан бөлек те емес.

²⁷ түсінікті болу үшін «Ислам ақидасының ерекшеліктері» тақырыбына қараңыз

бб) Аллаһтың ақыретте көрінуі (руятуллаһ).

Имам Матуридидің пікірінше, мумин пенделер ақыретте Аллаһты қос жанарымен көреді. Құран және хадисте бұл мәселеге дәлелдер бар. Бірақ, Аллаһты қалай көретіндігіміз беймәлім (яғни, тікелей мағынасындағы екі көзімізбен бе, әлде көкірек көзімізбен бе).

Ал Аллаһтың көрінетіндігіне дәлел ретінде мына аятты келтіруге болады: **«Көздер Оған жете алмайды. Ол көздерді көреді»** (6.Әнғам – 103).

Бұл аят бойынша, Аллаһтың көрінуі мүмкін болмағанда «идрак» деген сөздің алдына болымсыз жауапты білдіретін «лә» әріпінің қойылуында құпиялық болмас еді. Себебі, Аллаһ көруге мұқтаж емес бола тұра өзгелерді (идрак) көре алады. Ал пенделер болса, барлық нәрсеге көру арқылы көз жеткізеді. Сондықтан, пенделер көре алмайтын болса «идрак» сөзінің алдындағы болымсыз әріптің де ешқандай мағынасы болмас еді.

Екіншіден, Хазіреті Мұсаның (а.с.): «Раббым маған өзіңді көрсет, Сені көрейін», - деуі Аллаһтың көрінетіндігінің мүмкін екендігіне дәлел бола алады. Өйткені, Хазіреті Мұса Аллаһтан мүмкін емес нәрсені талап етуі, Оның Жаратушы Иесін толық білмейді деген ұғымға келеді. Ал сауатсыз бола тұра, оның пайғамбар болуы ақылға қонымсыз жайт.

Үшіншіден, **«Қиямет күні кейбір жүздер жарқырап Раббысына қарайды»** (75.Қиямет, 22-23) аяты Аллаһтың көрінетіндігіне басты дәлел бола алады. Осы айтылған мәселелер бойынша Аллаһ ақыретте муминдерге көрінеді. Бірақ, Имам Матуриди бұл жерде мына мәселені айтып өтеді: *«Аллаһтың ақыретте көрінетіндігін оймен елестете алмаймыз және де оны ақли дәлелдер арқылы жеткізу мүмкін емес. Сол үшін ешқандай жорамалға, тәпсірге жүгінбестен мұның солай болатындығына толықтай сену керек».*

бв) Пенденің іс-әрекеті: Имам Матуридидің айтуы бойынша іс-әрекет жасауда адамның қалау еркіндігі бар. Өйткені Құранда: «Қалағандарыңды істендер. Сөзсіз Аллаһ не істегендеріңді толық көруші» (41.Фуссилат-40); «Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істесе, ол оны көреді. Ал кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді» (99.Зилзал, 7-8), - деген. Бұл да адамдардың іс-әрекетін өздері жасайтындығын білдіреді. Алайда, адам іс-әрекетін өзі жасағанымен оны жарату мен іске асырушы Аллаһ болып табылады. Себебі, мына аят осының айғағы: «Аллаһ сендерді де, жасаған нәрселеріңді де жаратты» (37.Сафат-96). Бұл жерден адамның қалау еркінің күші жоқ деген қорытынды тумауы ләзім. Себебі, адам өз ықтиярымен іс-әрекет жасауға ниеттенген кезде, Аллаһ оған сол іс-әрекетті істеу күшін береді де, ісін жаратады. Бұл күшті «иститағат» деп атайды. Иститағат – жаңаланып отыратын күш, яки құдірет деген сөз. Адамның сауап немесе күнә алуы оның мақсатына байланысты жасаған іс-әрекеті болып саналады. Мақсатсыз жасалған іс-әрекет үшін сауап жазылмайды (мысалы, ұйықтау, тыныс алу, отырудың мақсатқа ешбір байланысы жоқ болғандықтан, бұл үшін адам Аллаһ алдында жауап бермейді).

бғ) Үлкен күнә мәселесі. Имам Матуриди бойынша адам өлтіру, зина жасау секілді үлкен күнәлар адамды иманнан шығармайды. Яғни, имансыз етпейді. Егер мұсылман пенде үлкен күнә істеп, өмірінде сол үшін тәубе етпестен өлетін болса, жәһәннамда мәңгілік қалмайды. Ал, егер үлкен күнә істеген кісі, істеген ісі үшін өкініп, тәубе ететін болса, оның иманына ешқандай зиян келмейді және Аллаһтың кешірімін алуы да мүмкін.

бд) Аллаһтың кәләмы – Құран. Имам Матуридидің айтуынша, Аллаһтың кәләмы (кәләм сипаты деген

ұғым) өзінің затымен бірге болған сипат. Яғни, ол Ұлы Жаратушының әуелден болған сипаты. Аллаһтың кәләмы әріп пен сөйлемдерден құралмайды. Өйткені, әріп пен сөйлем кейіннен жаратылған нәрселер (хадис). Кейіннен болған нәрсе қадим (әуелгі) болған Аллаһпен бірге бола алмайды. Бұл жердегі негізгі мәселе «Құранның махлуқ еместігі» (яғни, Құранның кейіннен жаратылмағандығы жайлы) жайында болып отыр.

б) Шапағат мәселесі. Имам Матуридидің айтуына қарағанда, шапағат негізінен күнәһарлар үшін беріледі. Күнәсіздердің бұған зәрулігі жоқ. Аллаһ Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) сый ретінде ақыретте күнәһар муминдерге шапағат ету мүмкіншілігін берген. Сондай-ақ, Аллаһ тәубе мен жарылқау тілегендерді кешіретіндігін білдірген. Олай болса, Пайғамбардың (с.а.у.) шапағатына іліккен пенденің Ұлы Жаратушы тарапынан кешірілуі әбден мүмкін. Себебі, олар үлкен күнәға бой алдырғанымен, имансыз емес-тін. Аллаһтың барлығына, бірлігіне сенгендіктері және иман негіздерінің бәрін қабыл еткендіктері үшін, әлбетте ақыретте Пайғамбардың (с.а.у.) шапағатына ілігуі бек мүмкін.

в) Имам Матуридидің әдісін қолдаушы ғалымдар

Имам Матуриди және оның жолымен жүрушілер әһли сүннет ақидасын алғаш қорғап, осы бағытта еңбектер жазған. Имам Ағзам Әбу Ханифа алғашқы әһли сүннет ақидасының қалыптасуына өзіндік үлес қосқанын жоғарыда айтып өттік. Ал бұл ақиданы Имам Матуриди бір жүйеге келтіргеннен кейін осы жолмен жүруші ғалымдар бұл жүйе мен әдісті одан ары дамытып, шыңына жеткізді. Бірақ, Имам Әшғари және оның ізбасарлары ақида мен калам саласында көбірек еңбек жазғанын айтып өткеніміз орынды болар. Бұның себебі, Әшғарилік таяу шығыста

пайда болып, сол өңірдегі адасушылармен, дінсіздермен көбірек күресті. Әлемдік мәдениет айдынында орны бөлек таяу шығыста түрлі дін мен ұлт өкілдері тұрғандықтан олармен күресу оңайға түспеді. Мәселе бұнымен шектеліп қоймай исламдағы ағымдардың бәрі дерлік таяу шығыстан шыққандықтан, сол өлке нағыз идеологиялық күрес алаңына айналып кете барды. Ал Мауарауннахрде адасқан топтар болмағандықтан ондай идеологиялық күрес болмады. Керісінше, Мауарауннахр аймағы үнемі жаугершіліктің нысанасы болғандықтан, қалам саласына байланысты көлемді еңбектер жарық көре қоймады.

Матуридилік жүйе мен әдісті ұстанушы және осы жолда еңбек жазып танымал болған көптеген ғалымдар болды. Солардан ішінде ең бастылары мыналар:

1. Хаким Самарқанди (өл.342/953). Бұл кісі Имам Матуридиден тікелей фикһ пен қалам дәрісін алған. Еңбегінің аты «әс-Сәуадул-ағзам».

2. Садрул-ислам Мұхаммед Пәздауи (өл.493/1000). Еңбегі «Усулуд-дин». Классикалық қалам кітаптарындағы тақырыптарды қамти отырып, 96 мәселені қарастырған және ислам мезхабтарына қысқаша шолу жасаған.

3. Әбул Муин ән-Нәсәфи (өл.508/1111). Матуридилік жүйе мен мектептің қалыптасуына ең көп еңбегі сіңген Нәсәфи әулетінен шыққан ғалым. Әбул Муин фикһ, тафсир, хадис және қалам саласында құнды еңбектер жазды. Оның осы салада жазған «Тәбсиратул әдиллә» атты еңбегі Матуридилік жүйедегі ең ауқымды, әрі мәселелерді тереңірек қамту тұрғысынан да құнды еңбек болып табылады.

4. Омар Нәсәфи (өл.573/1142). Ислам әлеміне кеңінен танымал «Мәтнул ақайдтің», яғни екінші есімі «Нәсәфи ақайдының» авторы. Нәжмеддин Омар Нәсәфи тәфсир, әдебиет, тарих саласын жетік меңгерген кісі. Бұл кісінің

жазған еңбегі күні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтқан емес.

5. Әбул Бәракат Хафизуддин Нәсәфи (өл.710/1310). «әл-Умда» атты еңбегі бар.

6. Ферғаналық Сиражуддин Али ибн Осман әл-Уши (өл.575/1179). «Әмали манзум» атты еңбегі бар.

7. Бұхаралық Нуреддин әс-Сабуни (өл.580/1184). Нуреддин әс-Сабуни алғашқы калам саласы үшін «әл-Кифая фил-хидая» атты еңбек жазады. Бірақ, бұл еңбегі көлем жағынан өте ауқымды болғандықтан, кейіннен оны ықшамдап, «әл-Бидая фи усулид-дин» атты екінші кітабын жарыққа шығарады.

8. Ибн Хуммам атты лақап есіммен танымал болған Камалиддин Мұхаммед ибн Абдулуахид (өл.861/1457). Оның «әл-Мұсаяра фил-ақайдил-мунжия фил-ахира» атты еңбегі бар. Сонымен қатар фикһ саласында өзіндік беделі бар 8 томдық «Фатхул Қадир» атты кітаптың авторы.

9. Османлы түріктерінен шыққан Қады Желаледдин-заде Хызырбей (өл.863/1458), еңбегі - «Қасидеи Нуния».

10. Муртаза Зәбиди (өл.1205/1790). Матуриди ғұламаларынан Муртаза калам, хадис, фикһ, суфизм, шешендік өнерді жетік меңгерген. Бұл кісінің имам Ғаззалидің «Ихия-и улумид-дин» атты еңбегіндегі ақайд бабын талдай отырып «Қауаидул ақайд» атты 300 беттік кітабы бар.

2) Имам Әшғари

Әшғарилік мектептің құрушысы Әбул Хасан Әли ибн Әби Бишр Исхақ Әл-Әшғари h.260/м.873 жылы Басра қаласында дүниеге келді. Имам Әшғари әйгілі сахаба Әбу Мұса әл-Әшғаридің (өл.44/665) ұрпағынан тарайды²⁸.

Имам Әшғари 40 жасына дейін Муғтазила мәзхабының

²⁸ Бекир Топалоглу, ж.к.е., 135-бет.

итикадын ұстанды. Сол уақытқа дейін муғтазила қағидаларын үйрету және оны өзгелерден қорғаумен айналысады. Оның ұстазы әйгілі муғтазила ғалымдарының бірі болған Әбу Али Жуббаи еді (өл.303/916). Имам Әшғари калам дәрістерін осы ұстазынан үйренеді.

Имам Әшғари 40 жасына келгенде муғтазила мәзхабын тастап, Ахмед ибн Ханбалдың жолымен жүрген хадисшілер жағына өтеді. Имамның муғтазила мәзхабын не үшін тастағандығы жайлы ғалымдар түрлі себептер айтады. Көпшілік ғалымдардың айтуы бойынша ұстазымен «үш ағайынды» мәселесі жайында тартысып қалып, ұстазын жеңеді де, содан кейін муғтазила мәзхабын тастап кетеді. Бұлай болудың негізгі себебі ретінде мына оқиғаның ұйытқы болғандығы айтылады. 40 жасына дейін муғтазилит түсінігін үйреніп, сол жолда күресіп келген имам түсінде Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарды көреді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) түсінде оған дұрыс жолды түсіндірмегендігін айтқан екен. Содан бастап муғтазила жолын тастап, хадисшілердің, яғни әһли сүннет жолын ұстануға көшеді²⁹.

Осыдан кейін Әшғари біраз уақыт үйінен шықпай әһли сүннеттің еңбектерін оқып, муғтазиламен салыстыра отырып зерттейді. Сөйтіп жұма күнінің бірінде Басра қаласындағы орталық үлкен мешітке барып, мінберге шығады да, жамағатқа: «Мені танып отырған шығарсыздар. Танымағандарыңыз бұдан былай танитын боласыздар. Мен Әбу Хасан Али ибн Исмайлмін. Осы уақытқа дейін муғтазила мәзхабын ұстанып келдім. Осы жолда қызмет еттім. Бірақ, істеген ісімнің дұрыс еместігін ұғынып, тәубе етіп, бүгіннен бастап муғтазила мәзхабын тастадым», - дейді³⁰.

²⁹ Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 48-бет.

³⁰ Мухаммед Ебу Зехра. Мезхепер тарихи, 170-бет.

Имам Әшғари өмірінің қалған кезеңін әһли сүннет жолында өткізеді. Муғтазиланы тастағанымен, ол өзінің исламға деген қызметіне қаяу түсірмейді. Керісінше, дін дағуа жолындағы ізденісін еселей түседі. Ол кісі ең алдымен өзі шыққан муғтазилаға қарсы күреседі. Әһли сүннет ақидасын қорғау үшін муғтазиланың өз тәсілдерін өзіне қарсы қолданады. Себебі, әһли сүннеттің әдісі ол кезге дейін ақли дәлелдерге орын бермейтін, тек аят және хадис аясында болатын. Ал муғтазила болса ақылды, қисындық қағидаларды көбірек қолданып, қарсылас адамының аузын аштырмай тастайтындай жауаптар беретін. Сондықтан олар осы әдісі арқасында ислам әлеміне тез арада жайылып, халифаттың ресми мәзхабы дәрежесіне дейін көтерілген-ді.

Имам Әшғари муғтазила ағымын өте жақсы білгендіктен олардың әлсіз тұстарын пайдаланып, идеологиялық тұрғыдан қатты тойтарыс береді. Бірақ, Имам Әшғари әһли сүннет сабына өткен соң ақылды аз қолдану қағидасын ұстанады. Неге десеңіз діни заңдылықтар мәселесінде көбіне ақыл аздық етеді.

Имам Әшғаритек муғтазила ағымына ғана емес, сонымен қатар адасқан мұсылмандарға, пәлсафашыларға, өзге діндегілерге қарсы исламның иман негіздерін қорғады. Оның пікірлері мен ұстанымы тез арада ислам әлемінің түкпір-түкпіріне тарап, мұсылмандардың көпшілігі Имам Әшғаридің бір жүйеге келтірген иман негіздерін ұстануға көшеді. Әсіресе Ирак, Сирия, Мысыр және Солтүстік Африканың тұтастай осы ақида қағидаларын қолдап, Әшғарилік жүйенің дамуын едәуір жылдамдатты. Имам Әшғари 324/936 жылы Бағдатта дүние салды³¹.

Қазіргі таңда әлемдегі сүннит мұсылмандардың 13%-ін құрайтын Маликилердің барлығы, 33%-ін құрайтын

³¹ Етхем Рухи Фыглалы, ж.к.е., 74-бет.

Шафилердің төрттен үші, Ханафилер мен Ханбалилердің аз ғана бөлігі Имам Әшғаридің қалыптастырған иман негіздерін ұстанады. Әшғарилік жолдың кең тараған аймағы Хижаз, Солтүстік Африка, Мысыр, Ирак және Сирия өлкелері болып табылады³².

Имам Әшғари мен ұстазы Әбу Али Жуббаи арасындағы «Үш ағайынды» мәселесі былай болған: «Муғтазила сенімі бойынша пенденің ғұмырында жақсы, қайырлы болған нәрсені Аллаһтың жасауы, жаратуы уәжіб. Өйткені, құлды жаратқан Аллаһ болғандықтан оған қажетті нәрсені өзі жаратуы керек. Имам Әшғари бұл мәселеде аз-кем күмәнданып ұстазы Әбу Али Жуббаиға былай деп сұрақ қояды:

- Бірі кәпір, бірі мумин, бірі жастай өлген үш ағайынды жандар жайында не айтасыз?

Ұстазы:

- Мумин болғаны жоғары дәрежеге жетеді (жәннәтқа барады), кәпір болып өлгені азапқа душар болады, жастай дүниеден өткені сауапқа да, азапқа да душар болмайды, - деп жауап береді. Әшғари:

- Өлгі жастай кеткені мумин салих дәрежесіне барғысы келсе рұқсат беріле ме?

Ұстазы:

- Жоқ, берілмейді. Және оның жауабы былай болады: «Сенің бауырың бұл жоғары мақамға мойынсұнумен, амалдарымен жетті. Ал сенің мойынсұнған амалың жоқ». Әшғари:

- Егер жас бала: «Я, Аллаһ, кінә менде емес қой, сен маған ғұмыр бергеніңде саған мойынсұнар едім», - деп айтса, Аллаһ Тағала не айтар еді?

Ұстазы:

- Жауап төмендегідей болар еді: «Сен өмір сүргеніңде

³² Сайм Клавуз, ж.к.е., 305-бет.

бас көтеріп, қарсы шығып, менің азабыма ұшырайтын едің. Мұны білгендіктен саған ғұмыр бермедім. Сен үшін пайдалы, қайырлы болғанын жасадым». Әшғари:

- «Сонда кәпір болып дүниеден өткен бауыры: «Әй, әлемдердің Аллаһы! Әй, жанашырлардың ең көп жанашыры! Оның жағдайын білген болсаң, менің де жағдайым Өзіңе белгілі еді. Не үшін оның пайдасына, қайырына болған нәрсені жасадың да мен үшін пайдалы, қайырлы болған нәрсені жасамадың?», – деп айтса, бұған не дейсіз?» дейді.

Ұстазы:

- Уасуасаға түстің (шайтан азғырып отыр), - деп жауап береді.

Әшғари:

- Жоқ, мен уасуасаға түспедім. Өкінішке орай шейхіміздің айтар сөзі қалмады, - дейді³³.

Бұл мәселені әһли сүннет сенімі бойынша қарайтын болсақ, үш ағайындының басынан өткен нәрсе олардың тағдыры болып саналады. Кімнің қашан өлетіндігі дүниеге келместен бұрын оның тағдырына жазылып қойған. Балиғатқа толмай дүниеден өткен балалар сұрақ-жауапсыз жәннәтқа барады. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Үш кісіге қалам жүрмейді. Сауыққанға дейін есі ауысқан адамға, оянғанға дейін ұйықтап жатқан адамға, балиғат жасына толғанша балаларға»*. (Бухари, Талақ 11. Худуд 22; Әбу Дәуіт, Худуд 17; Тирмизи, Худуд 1). Мұндай үзірі (себебі) бар пенделер құлшылықтан жауапты болмайды. Құлшылық ете білу үшін ақыл есі сау, балиғатқа толу керек деген қағида бар.

Ал, фикһта Имам Әшғаридің қай мазһабты ұстанғандығы жайында түрлі пікірлер айтылады. Әрбір мазһабты ұстанатын ғалымдар, ислам ғұламасын

³³ Бекир Топалоглу, ж.к.е., 23-24-бет.

өз мәзһабтарына жақын санайды. Шындығына келгенде, Имам Әшғаридің фикһта нақты қай мәзһабты ұстанғандығы белгісіз. Тарихшы Мақризи (өл.841/1441) деген кісі Әшғаридің Ханафи мәзһабын ұстануы мүмкін деген жорамал жасайды. Бұған негіз ретінде муғтазила мәзһабын дәлел ретінде келтіреді. Себебі, муғтазилиттер ақылға көбірек мән бергендіктен, фикһта Ханафи жолын ұстанған (Әбу Ханифа пәтуа бергенде көбінесе ақылға (рәйге) сүйенетін). Сондықтан осы қағида муғтазилиттер ұстанымына сәйкес келгендіктен, фикһта олар Ханафи болатын. Имам Әшғари де әдепкіде, 40 жыл бойы муғтазила мәзһабын ұстанып келгендіктен, оның да фикһта ханафилік жолды ұстану ықтималы басымырақ деп тұжырым жасайды.

Имам Әшғари ақида мәселесінде Ахмед ибн Ханбалдің жолымен жүреді. Сол себепті, ол ақидада көбінесе сәләфилік әдісті ұстанған. Бірақ, ақылды да қолдана отырып «Калам әдісін» пайдаланды. Нәтижесінде алғашқы мұсылмандар секілді тек нақылмен шектеліп қана қоймай немесе муғтазилиттер сияқты асып та кетпей (тек ақылға басты орын беріп) орта жолды ұстанды. Имам Әшғариден кейінгі осы мектептің өкілдері ақидаға кейбір өзгешіліктерді енгізді. Мысалы, Имам Әшғари муташабиһ аяттарды жорамалдамай керісінше тәуилге қарсы шығып, бұл мәселеде алғашқылардың қағидаларымен жүрсе, кейінгі келген Имамұл Харамәйн әл-Жууайни (өл.478/1085), шәкірті Ғаззали (өл.505/1111), Шәхристани (өл.548/1153) сынды тұлғалар тәуилді еркін қолданған³⁴.

а) Имам Әшғаридің еңбектері

Имам Әшғари муғтазила мәзһабынан шыққаннан кейін, сол мәзһабтың кем-кетік жерлерін сынап, әрі кей-

³⁴ Әт-Тафтазани, Шәрхул макасид, 2 том, Истанбул, 1277, 49-50 бет.

бір тұжырымдарына жауап ретінде бірқатар еңбектер жазады. Деректер бойынша ол кісі муғтазиладан шыққаннан кейін 70-тей еңбек жазған. Кейбір Әшғари ғалымдарының айтуына қарағанда еңбектерінің саны 100-ге жеткен. Мысалы Әшғари ғалымы Ибн Фурак (өл.405/1015) пен Ибн Анасир (өл.571/1176) ғұламаның 70 еңбегінен өзге, және 30 еңбектің атын келтіреді. Имам Әшғари тек қалам саласында ғана емес, әрі тәфсир саласында да еңбектер жазған екен. Имамның бүгінгі күнге дейін жеткен еңбектері төмендегілер ғана:

1. әл-Ибәнә ан усулид-диянә - муғтазиладан шыққан соң жазған алғашқы еңбегі
2. әл-Лума фир-рәдди ала ахлиз-зәйғи уәл бида
3. Рисаләту фи истихсанил-хауд фи илмил қалам
4. Мақалатул исламиин
5. Рисаләту илә әхлис-сағри бибабил әбуаб³⁵

б) Әшғарилік мектептің өкілдері

Имам Әшғари құрған жүйе мен мектеп тез арада ислам әлеміне тарап, көптеген мұсылмандардан қолдау табады. Бұл жүйені одан ары жалғастырушы ғалымдар да көптеп кездескені тарихтан белгілі. Әһли сүннет жолын ұстанушы мұсылмандар арасында қаламға байланысты оқылған кітаптардың көпшілігі Әшғари ғалымдарының еңбектері болып табылады.

Ислам әлеміне және әлемдік пәлсафада танымал тұлғалардың басым көпшілігі Әшғарилік жүйені ұстанушы ғалымдар. Әшғари мектебінің ең танымал ғалымдарын атап айтар болсақ: Ибн Фурак (өл.400/1009), Әбу Бәкір Мұхаммед Бақыллани (өл.403/1013), Имамүл Харамәйн әл-Жууайни (өл. 478/1085), Ғаззали (өл. 505/1111), Шехристани (өл. 548/1153), Амиди (өл.631/1233), Фахруддин

³⁵ Ислам ансиклопедиси, IV том., 391-бет.

Рази (өл.606/1210), Қады Бәйдауи (өл.685/1286), Адудуддин әл-Ижи (өл.657/1355), Тафтазани (өл.793/1390), Сайд Шариф әл-Журжани (өл.816/1413) және Жалаледдин әд-Даууани (өл.908/1502)³⁶.

в) Матуридилік пен Әшғарилік жүйе арасындағы айырмашылықтар

Әһли сүннеттің ақида және қалам мектебін құрушы Матуридилік пен Әшғарилік негізін ұстанатындардың қағидалары мен жолдары бір. Екі мектеп те алдымен нақылға (аят пен хадиске) сүйеніп, одан кейін ақылға да белгілі бір дәрежеде мән береді. Бұл екі мектептің ұстанымы ақайд саласында ақылға орын бермеген сәләфилер мен ақылды шектен тыс қолдануға барған муғтазилиттердің ортасынан орын алады. Дегенмен, бұлардың арасында да нақылға сүйене отырып, ақылды қолдану тәсілінде кейбір мәселелерде пікір қайшылықтары туындап жатады. Мұның өзіндік себептері де жоқ емес. Матуридилік Мауарауннахрдан шықса, Әшғарилік Иракта пайда болды. Ирак сол кезде идеологиялық пікірлердің қайнап жатқан отаны еді. Сонда Әшғарилердің муғтазилалықтармен көбірек күресіп, кей тұстарда орта жолды ұстана алмай қалған кездері де болды. Кейде нақылға қатты басымдық берсе, кейде ақылға көбірек күш салып жіберді. Ал Матуридилер болса, мұндай жайттармен кездеспегендіктен (ол кезеңде Мауарауннахрда әһли бидғат (адасқандар) топтары болмады) ақыл мен нақылды қолдану мәселесінде нағыз орта жолды ұстанып, сәтті қадамдар жасай білді.

Әшғарилік пен Матуридиліктің арасында кейбір мәселеде айырмашылықтар бар. Бұл айырмашылықтарды ғасырымыздағы Етхем Рухи Фығлалы атты ғалым «Чаымызда итикади ислам мезхеплери» атты еңбегінде былайша атап көрсетеді:

³⁶ Сайм Клавуз, ж.к.е., 304-бет; Етхем Рухи Фығлалы, ж.к.е., 75-бет.

1. Жузи ирада (қалау еркіндігі). Матуридилер бойынша, құлда жеке жузи ирада (қалау еркіндігі) бар. Әшғарилер бойынша, бұл қалау еркіндігі жеке емес, оны Аллаһ жаратады.

2. Хусн және Қубх (жақсы-жаман, сүйкімді-сүйкімсіз). Әшғарилер бойынша, бір нәрсенің жақсы немесе жаман (Хусн-қубх) екенін ақыл біле алмайды. Бұлардың жақсы не жаман екендігі Аллаһтың әмірі мен тыйымдары нәтижесінде белгілі болады.

Матуридилер бойынша, жақсы-жаманың өлшемін ақылмен білуге болады. Аллаһ бір нәрсені жақсы болғандықтан ол үшін әмір етіп, жаман болған нәрсеге тыйым салады.

3. Мағрифат. Әшғарилер бойынша, діни үгіт-насихат жасалмаған жердегі адамдар Аллаһты өз ақылдарымен тауып, оған иман келтіруге міндетті емес.

Матуридилер бойынша діни үгіт-насихат болсын-болмасын адам Аллаһты өз ақылымен тауып, сенуі керек. Мысалы, тау басында өмір сүрген адам біздің сеніміміз бойынша Аллаһтың бар екендігін ақылымен тауып, оған сенуі керек. Бірақ, оған діни заңдылықтарды ешкім үйретпегендіктен мұндай жағдайда ондай пенде құлшылықтан жауапты болмайды.

4. Тәкуин (жаратушы). Әшғарилер бойынша, Аллаһтың Тәкуин деген жеке бір сипаты жоқ, бұл сипат «Құдірет» сипатының ішіне кіріп кетеді. Ал матуридилерде, тәкуин Аллаһтың жеке бір сипаты. Аллаһтың Құдірет, Ирада деген жеке-жеке сипаттарының болғаны тәрізді, Тәкуин де сол сипаттардың бірі болып табылады.

5. Пайғамбарлық. Әшғарилер бойынша, пайғамбардың ер кісі болуы шарт емес. Әйел кісінің де пайғамбар болуы мүмкін. Олардың пікірінше, Хазіреті Хауа ана, Мариям ана, Асия, Сара, Хажар, Хазіреті Мұсаның анасы бәрі

пайғамбарлар. Өйткені, оларға Аллаһ уахи жіберген. Уахи келген кісі пайғамбар болады деді.

Матуридилер бойынша, пайғамбардың ер кісі болуы шарт. Әйел кісілерден пайғамбар келмейді. Ал уахиге қатысты олардың нақты айғақтары бар. Уахидің де түрі бар, басқалай айтқанда уахидің де уахиі бар. Құранда Аллаһ Тағала араларға да уахи еткендігін білдіреді. Олай болса, аралар да пайғамбар болуы шарт болып шығады. Және бұл мәселеде матуридилер негізінен төмендегі аятқа сүйеді: **«Сенен бұрын да өздеріне уахи етіп еркектерді ғана жіберген едік. Егер білмесеңдер Кітап иелерінен сұрандар»** (21.Әнбия-7).

Әшғарилер пайғамбар жіберілмеген жағдайда адамдар Аллаһты ақылымен табуы уәжіп емес десе, матуридилер уәжіп дейді.

6. Тәклифи ма-ла ютақ (пендеге күші жетпейтін нәрсені жүктеу). Әшғарилер бойынша, Аллаһ пендеге күші жетпейтін нәрсені әмір етуі және бұдан жауапты етуі де мүмкін.

Матуридилер бойынша, Аллаһ пенденің күші жетпейтін нәрсені оған жүктемейді және жауапты етпейді. Себебі, аятта: **«Аллаһ кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді...»** (2.Бақара – 286) – деп, нақты айтылған.

7. Себеп пен хикмет. Әшғарилер бойынша, Аллаһтың жасағандарынан себеп іздестірілмейді және оның ешбір хикметпен байланысы да жоқ. Өйткені, Аллаһ жасағандарынан жауапты емес.

Матуридилер бойынша, Аллаһтың жасаған нәрселерінің бір хикметі бар және себепке сүйенеді. Өйткені, Аллаһтың әрбір ісінде бір хикмет бар. Ол бәрін біледі және Хаким.

8. Құран. Әшғарилер Құран сүрелерінің кейбірін бірқатарынан жоғары деп есептейді.

Матуридилер Құран сүрелерінің бәрі бірдей, ешқайсысы бір-бірінен жоғары, яки абзалырақ емес.

9. Құлшылық. Әшғарилер иман етпеген жанның құлшылық етуге міндетті екендігін және етпеген жағдайда ақыретте сол үшін бөлек жазаланатындығын айтса, Матуридилер мұсылман болмаған кісі құлшылық етуге міндетті емес, өзі кәпір болса, оған құлшылық қалайша парыз болсын және ақыретте бұл үшін оған бөлек жаза берілмейтіндігін айтады.

10. Діннен шығу. Әшғарилер діннен шыққан (муртад) мұсылман кісі қайта иман ететін болса, алдыңғы жақсылық пен жамандықтары амал дәптеріне қайта жазылады дейді.

Матуридилер діннен шыққан мұсылман кісі қайтадан иман ететін болса да, оның алдыңғы жасаған жақсы не жаман амалдары амал дәптеріне тіркелмейді дейді.

11. Жан алқымға келгендегі тәубә. Әшғарилер жан алқымға келгенде жасалған тәубә қабыл болмайды десе, Матуридилер бойынша мұндай тәубә қабыл болады. Бірақ, Матуридилер пенде жан алқымға келгенде иман етсе, оның қабыл болмайтындығын айтады.

12. Иман. Әшғарилер иманның артып, кемитіндігін қабыл етсе, Матуридилер ондай түсінікке түбегейлі қарсы. Яғни, олардың пайымынша иман артпайды да, кемімейді де³⁷.

³⁷ Етхем Рухи Фығлалы, Чаымызда итикади ислам мезхеплери, Иста - бул-1996, 83-86-бет; Әл-Баяди, Ишаратул мәрәм, 53-56 бет.

III БӨЛІМ

ИМАН

1. Иман сөзіне түсінік

Иман сөзі - араб тіліндегі «ә-мә-нә» етістігінен шығып, ифғал бабында қолданылған масдар³⁸ болып саналады. Ал жалпы иман ұғымы – бір адамның сөйлеген сөзін қуаттау, айтқанын қабыл ету, шын көңілімен қабылдау, күмәнға жол берместен нақты, жүрекпен, шын ықыласпен сену деген мағыналарды береді. Иман еткен кісі «мумин», иман етілген нәрселерге де «муминун биһ» дейді.

Иман сөзінің шарифаттағы мағынасы – Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) Аллаһ Тағаладан жеткен нақты үкімдерді растап, ешбір күмәнсіз қабыл ету, әрі бұлардың хақтығына шын көңілмен сену болып табылады³⁹.

Иман етудің негізгі қағидасы жүрекпен бекітіп, тілмен айту. Себебі, бір адамның толық мұсылман болуы үшін иман негіздерін жүрегімен қуаттап, тілімен сенгендігін айтуы тиіс.

а) Иман негіздерін жүрекпен бекіту (тасдиқ)

Иманның негізгі шарты жүрекпен қуаттау болып келеді. Себебі, аяттар мен хадистер иманның жүректе болатындығын білдіреді. Иман қолмен ұстап, көзбен көрінетін нәрсе емес, тек жүрекпен сезіледі. Мұны мынадай аяттардан анық байқауға болады.

³⁸ Етістіктен құралған есімдік

³⁹ Сайм Клавуз, ж.к.е., 17-бет.

«Әй, Пайғамбар! Ауыздарымен: «Сендік», - деп жүректері сенбегендермен яһудилерден күпірде жарысқандар сені кейітпесін» (5.Майда-41).

«Бәдәуилер: «Иман келтірдік», - деді. Мұхаммед оларға айт: «Сендер иман келтірмедіңдер. Алайда, «Мұсылман болдық» дендер. Өйткені иман жүректеріне кірмеді» (49.Хужурат-14). Міне, осы екі аят бізге жүрегіне иман кірмеген, әрі толық қуаттамаған адамның жағдайын баян етуде. Бұл екі аят негізінен жүрегімен иман етпеген бәдәуи арабтар жайында түскен. Өйткені, олар Пайғамбарымыздан бір зат алу ниетімен өздерін мұсылман ретінде көрсетіп: «Біз де иман келтірдік», - дейді. Бірақ, Аллаһ олардың иман етпегенін, тек тілімен айтқандықтан жүректеріне әлі иман кірген жоқ, жай тілмен айтып тұрғанын баян етеді.

Ал мына аят: «... Міне солардың жүректеріне Аллаһ иман жазған, әрі оларды өз жағынан бір нұрмен қолдаған» (58.Мужадәлә-22) – деп, мәңгілік жәннәтта болатын жандардың иманынан хабар береді.

Енді, иманның жүректің қуаттауынан тұратындығы жайлы айтылған хадистерді келтірелік.

1) Усама ибн Зәйд ибн Харис бір жорық кезінде мүшріктермен қақтығысады. Сонда Усама ибн Зәйд шайқас үстінде бір адамның басын алмақ болғанда әлгі адам: «Лә иләһә иллаллаһ (Аллаһтан басқа құдай жоқ)», – дейді. Усама оның бұл айтқан сөзіне мән берместен шауып тастайды. Себебі, оны әлгі тұтқын өлімнен қорыққандықтан айтты деп пайымдайды. Усама жорықтан оралған соң болғаноқиғажайлы Пайғамбарымызға (с. а. у.) айтқанда, Аллаһ Елшісі ашулы кейіппен: «Өлтірген адамның рас айтып, айтпағанын қайдан білесің? Әлде оның жүрегін жарып көрдің бе? - дейді». (Муслим, Иман-41; Әбу Дәуіт, Жихад-95; Ибн Мажа, Фитән-1). Міне, хадистегі Хазіреті

Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «Жүрегін жарып көрдің бе?» деген сөзі иманның жүректің қуаттауымен (тасдиқы) болатындығына айқын дәлел.

2) Хазіреті Пайғамбарымыз бір хадис шәріпте былай дейді: *«Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне шын жүрегімен куәлік еткен кісіге Аллаһ жәһәннәмды харам еткен»* (Муслим, Иман-17).

3) Басқа бір хадисте былай дейді: *«Аллаһ жәннәттықтарды жәннәтқа, жәһәннәмдықтарды жәһәннәмға тастайды. Содан кейін: «Қараңдар, жүрегінде титтей иман болған біреуін тапсаңдар, оны жәһәннәмнан шығарыңдар», - дейді»*. (Бухари, Иман-15; Муслим, Иман-82).

Осы айтылған аяттар мен хадистер бізге иман етуде жүректің қуаттауы бірінші шарт екендігін білдіреді. Егер бір адам жүрегімен сенбестен, тілімен кәлима айтса, ол иман еткенге жатпайды⁴⁰. Ал, егер керісінше жүрегімен сеніп, тілімен айтпаса, біз оның кім екендігін, оған деген көзқарасымыздың қалай болатындығын білмейміз. Мысалы, бір адам өзінің мұсылман екендігін айтпаса, бірақ жүрегімен сенсе, шарифаттың үкімдерін оған қалай орындатасыз? Оның мұсылман ба, әлде мұсылман емес пе оған көзіңіз анық жетпейді. Бірақ, оның жүрегіндегіні Аллаһ біледі, сол себепті ақыретте мумин есебінде болады. Алайда, жүрегімен сеніп, қуаттаған бірақ, тілсіз, мылқау, яки өлімнен қорқып сенімін айтпастан кәшірмін, атеистпін деп айтқан кісі де мумин болып саналады. Өйткені, Аммар ибн Ясир есімді сахабаның басынан осындай оқиға өтеді.

Аммар ибн Ясир жанұясымен ислам дінін қабылдаған алғашқы мұсылмандар болатын. Меккеде күн санап

⁴⁰ А. Лүтфи Казанжы. Ислам акайди, Истанбул, 1997, 11-12-бет; Сайм Кл - вуз, Акиф Көтен, Осман Четин, Хүсейн Алгүл, ж.к.е., 101-102-бет.

мұсылмандардың саны артып келе жатқаны мүшріктердің жанына батып, исламды қабылдаған мұсылмандарды дінінен қайтару үшін зорлық пен зұлымдыққа көшеді. Осы зорлық пен зұлымдықтың құрбаны болғандардың қатарында Аммар ибн Ясирдің жанұясы бар еді. Мүшрикер Аммардың әке-шешесін ыстық құмның үстіне жатқызып, дінінен қайту үшін әбден қинап, жәбірлейді. «Менің құдайым Лат, Манат, Узза», - деп айтқызбақ болғанымен жүрегінде иманы берік Аммардың анасы Сумәйя мен әкесі Ясир: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ», - деп, айтқандарынан қайтпайды. Содан мүшрикер Сумәйя мен Ясирді жауыздықпен шәхит етеді. Бұл уақиға Ислам тарихында алғаш шәхит болған әйел мен ер сахаба ретінде есімдері ислам тарихында алтын әріппен жазылып қалады. Әке-шешесін көз алдында өлтірген соң Аммар шарасыздықтан: «Менің құдайым Лат, Манат, Узза», - деп айтып, аман қалады. Содан Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) құзырына барады да: «Мен құрыдым, біттім, Аллаһ мені кешірмейді», - деп өкініш сезімін айтып, басынан өткен оқиғаны айтып береді. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған: «Сен сол сөзді айтқанда шын жүрегіңмен айттың ба, әлде жүрегінде иманың бар ма еді?», - деп сұрайды. Аммар: «Ол кезде менің жүрегім иманға толы еді, бірақ мен жанымды құтқару үшін олардың айтқандарын істедім», - деп жауап береді⁴¹. Осы оқиғадан кейін Аллаһ Тағала мына аятты түсіреді де, Аммардың кәпір болмағанын, керісінше мумин екендігін баян етеді: **«Жүрегі иманмен орныққаннан кейін зорлық көрген адамнан басқа жандар иман келтіргеннен кейін Аллаһқа қарсы келсе, сондай-ақ біреу көңілін имансыздыққа берсе, оған Аллаһтың ашуы және оларға зор азап бар»** (16.Нахыл-106).

⁴¹ Дамира Өмірзаққызы Ибрагим. Адамзаттың асыл тәжі, Алматы, 2004, 2 басылым, 175-177-бет.

б) Сенгенін тілімен айту (икрар)

Иман жүрекпен бекітілген соң, оны тілмен айту керек. Тілмен айтылмаған жағдайда ол адамның кім екендігі белгісіз болғандықтан, шарифаттың бұйырған көптеген амалдарын ол кісі үшін жасай алмаймыз. Мысалы, қарапайым сәлем беру әдетін мұсылман екендігі белгісіз болған кісіге берілмейді. Өйткені: «Әс-сәләму алайкум» деп мұсылман бауырыңыздың амандығын тілеген боласыз. Мұсылман емес кісіге: «Әс-сәләму алайкум», - деп айтылмайды (дұрысы олар сізге не тілесе, сіз де өзіне соны тілейсіз). Осы тектес көптеген мысалдарды келтіруге болады.

Адамның жүрегінде не бар екендігін тек Аллаһ біледі. Бірақ, Аллаһ Тағала Құранда: **«Аллаһқа және бізге түсірілген нәрселерге иман еттік деп айтындар...»** (2.Бақара-136) деп иман еткенімізді тілмен айтуымызды бұйырады.

Иман етуде тілмен айтудың қаншалықты маңызды екенін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына хадистерінен де байқауға болады: *«Адамдар: «Аллаһтан басқа тәңірі жоқ, Мұхаммед Оның елшісі» деп айтқанға дейін олармен соғысуға бұйырылдым. Қашан осы сөзді айтатын болса, жаны мен малын менен құтқарған болады. Бірақ діни жазалар бұдан басқа. Ішкі жан дүниесінің есебі Аллаһқа қалады»* (Бухари, Жиһад-102; Иман-17; Муслим, Иман-8; Әбу Дәуіт, Жиһад-104).

«Жүрегінде бидайдай, арпадай иманы болып: «Аллаһтан басқа тәңірі жоқ, Мұхаммед Оның елшісі» деген адам жәһәннамнан шығады» (Бухари, Иман-33; Тирмизи, Жәһәннам-9; Ибн Мажа, Зухд-37).

Имам Ағзам Әбу Ханифа «Фикһул Әкбәрда»: «Иман тілмен икрар (айту), жүрекпен тасдиқ (қуаттау)»,⁴² деп түйіндейді.

⁴² Имам Ағзам Әбу Ханифа Нұғман ибн Сабит, Фикһул әкбәр, түркіге тәржімалаған және таузиқ жазған Сайид Махмуд ат Тарази, баспаға лайындаған Дайрабай Серікбайұлы, Алматы, 2000, 14-бет.

Иманды жүрегімен қуаттамаған кісі, тілімен иман келтіретін болса, ондай кісі мунафиқ болады. Мунафиқ дегеніміз жүрегімен сенбестен, тек көзбояушылық ниетпен сырт көзге мұсылман болып көрінген екіжүзді кісі. Дегенмен бір адамды мунафиққа жатқызу үшін алдымен оның бойында екіжүзділіктің нышандары бар ма, жоқ па соны айырып алу керек. Адам бойынан ондай қасиет байқалмайынша, оған мұсылман ретінде қарым-қатынас жасау міндетіміз болып табылады. Ал, оның ақыреттегі есебі Аллаһ Тағаланың құзіретіне қалады⁴³. Егер пенде мунафиқтық ниетпен иман еткен болса, мәңгілік тозақта қалары сөзсіз. Құранда жүрекпен сенбестен, жәй тілімен иман еткендерді мумин демейді: **«Адамдардың кейбіреуі екіжүзді (мунафиқтар): «Аллаһқа ақырет күніне иман еттік» деп айтады. Бірақ олар иман етушілерден емес»** (2.Бақара-8).

2. Иманның түрлері

а) Ижмали иман

Ижмали иман дегеніміз - бір ауыз сөзбен Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Аллаһ тарапынан әкелген барлық нәрсесіне сену деген сөз. Бұл иман етудің ең қысқа жолы болып саналады. Ижмали иман кәлима таухид және кәлима шахадаттан тұрады.

аа) Кәлима таухид: **Лә иләһә Иллаллаһу Мухаммадур Расулуллаһ** = Аллаһтан басқа тәңірі жоқ, Мұхаммед Оның елшісі.

аб) Кәлима шахада: **Әшһәду ән лә иләһә Иллаллаһу уә әшһәду әннә Мухаммадән абдуһу уә расулуһу** = Аллаһтан басқа тәңірі жоқ екендігіне, Мұхаммед Оның құлы және елшісі екендігіне куәлік етемін.

⁴³ А. Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 12-14-бет.

Ислам дінінің негізгі тірегі осы айтылған кәлима болып есептеледі. Себебі, Аллаһты тек жаратушы тәңірі деп сенген, Хазіреті Мұхаммедті (с.а.у.) Оның елшісі ретінде қабыл еткен кісі басқа да иман негіздерін қабылдағандығын білдіреді. Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) пайғамбарлығына сену оның әкелген бүкіл діни неіздері мен қағидаларына сену деген сөз. Өйткені, басқа да иман негіздері Пайғамбарымыздың айтуымен біздерге жетті және оларға иман етуді Пайғамбарымыз бұйырды. Сондықтан, Аллаһтың елшісін қуаттау, Оның әкелген барлық нәрсесіне бір ауыз сөзбен иман еткенін білдіру «ижмали иман» болып саналады. Яғни, ижмали иманның ерекшелігі Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың үйреткен иман негіздеріне жеке тоқталмастан бәрін бір сөзбен айту арқылы иман ету болып саналады.

Бір пендеге ең алдымен парыз болатын жайт, біріншіден Аллаһтың ұлылығына, барлығына, бірлігіне, шексіз құдірет иесі екендігіне, Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың пайғамбарлығына ешқандай күдіксіз, күмәнсіз сенуі керек. Сонда ғана ол кісі мумин бола алады. Содан кейін діни үкімдер мен өзге де иман негіздерін біртіндеп үйренеді.

б) Тафсили иман

Тафсили иман дегеніміз - иман етілетін, яғни сенуі, илануы керек болған нәрселердің әрқайсысына жеке-жеке сену деген сөз. Тафсили иман иманның ең ауқымдысы. Тафсили иманның үш мәртебесі болады.

ба) Бірінші мәртебесі. Аллаһқа, Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) Аллаһтың пайғамбары екендігіне және ақырет күніне нақты сену. Тафсили иманның бірінші мәртебесі ижмали иманға қарағанда, ақыретке сенуді қосып айтуымен ерекшеленеді.

бб) Екінші мәртебесі. Әмәнту билләһ. Яғни, Аллаһқа,

Аллаһтың періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, өлгеннен кейін қайта тірілуге, жәннәт пен жәһәннамның бар екендігіне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену.

бв) Үшінші мәртебесі. Құран және мутауатир хадистермен бекітілген барлық итиқади, амали және ахлақи үкімдердің бәріне жеке-жеке тоқталып, Аллаһ пен Оның Елшісінің бұйырған әмір мен тыйымдарына сену. Мысалы, намаз, ораза, зекет, хаж секілді парыз амалдарға, халал мен харам амалдарға шын жүрекпен сену тафсили иман болып саналады⁴⁴.

Ижмали иманды дәнге, тафсили иманды сол дәннің жемісіне ұқсатуға болады.

в) Тақлиди иман

Тақлиди иман дегеніміз - әке-шешеден, ұстаздан немесе өмір сүріп жатқан ортамыздағы адамдардан естіп, олардан көріп, үйреніп, соларға еліктей отырып келтірген иман.

Әбу Ханифа, Суфьяны Сәури, Малик ибн Әнәс, Әузай және барлық фикһ ғалымдары мен хадис ғалымдары иманның бұл түрінің дұрыстығын айтады. Бірақ, нақли (аят-хадис), әрі ақли дәлелдерді қолданып, сол иманын қуаттамайынша, ондай кісі күнәһар болады дейтін депікірлер бар⁴⁵.

Ақиқатына келгенде бұқара халықтың иманы көбіне осы тақлиди иманға жатады. Ғалымдар тақлиди иманның үнемі күмәнға ұшырауға (нақты дәлелдермен қуаттандырмағандықтан), миссионерлердің жетегінде кетуге бейімдігі басымырақ екендігін айтады. Сондықтан,

⁴⁴ Сайм Клавуз, ж.к.е., 30-33-бет; А. Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 16-18-бет.

⁴⁵ Нурәддин Ахмед ибн Мәжмуд ибн Әби Бәкр әс-Сабуни, Әл-Бидая фи усулуд-дин, Димашк, 1979, 89-бет.

әрбір мұсылман өзінің сенген иман негіздерін қолынан келгенінше, білімінің шама-шарқынша дәлелдермен қуаттауы қажет.

г) Тахқиқи иман

Тахқиқи иман дегеніміз – дәлелдер арқылы Аллаһтың бар және бір екендігіне иман ету. Сондай-ақ, Аллаһтың жер бетіне жіберген діні ислам дінін барлық жағынан шынайы деп қабылдай отырып иман ету. Мысалы, американдық ғарышкер Армсторгтың аспан әлемінде азанның даусын естіп, артынша исламды қабылдап, иман етуін тахқиқи иман деп айтуға болады.

3. Ғайыпқа иман етудің маңыздылығы

Ислам діні бойынша ең қуатты иман - ғайыпқа сену. Яғни, көрмеген нәрсесіне сену деген сөз. Бұл да Аллаһқа және Оның елшісі Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.), оның әкелген хабарларына шын жүректен күмәнданбастан сенумен жүзеге асады. Асылында, иман етудің ең маңызды шарты көзге көрінбеген нәрселерге, яғни ғайып әлеміне сенуден тұрады. Адам баласы ғайыпқа иман келтіру арқылы шынайы мумин сипатын алатындығын мына аят растайды: **«Сондай олар көмеске (ғайыпқа) иман келтіреді»** (2.Бақара-3). Адам көзге көрінетін барлық нәрсеге сенетіндігі сөзсіз. Бірақ, көзге көрінбейтін нәрсеге сену әркімнің қолынан келе бермесі анық.

Аллаһ біздерге ғайыпқа сенуді бұйырады, яғни алдымен Аллаһ өзіне сенуді, періштелеріне сенуді, ақырет күніне сенуді, ақыретте болатын есеп-қисапқа сенуді әмір етеді. Бұлар, әлбетте ғайып әлеміне жатады. Аллаһты ешкім көзімен көрген жоқ, періштені адам көре алмайды және өлгеннен кейінгі өмірге ешкім барып-келмеді. Мұның

бәрі біздер үшін қияли нәрсе секілді көрінеді. Күпірлік дегеніміз осы қияли нәрсе секілді көрінген жайттарға сенбегеннен шығады. Сондай-ақ, Хазіреті Адамның (а.с.) топырақтан жаратылғандығын, оның періштелермен тілдескенін ешкім көрген жоқ, тек Құран Кәрімде айтылғандықтан осылай деп білеміз. Сондықтан ислам дінінің өзге діндерден бірден-бір ерекшелігі ғайыпқа сену болып есептеледі. Ал көрінетін нәрсеге сенудің исламда ешқандай мәні де, маңызы да жоқ.

Бұл дүниеге Аллаһқа, оның елшілеріне, ақыреттегі өмірге сенбейтін қаншама адам келіп кетті. Міне осындай түсінік пен сенімде болған адамдардың ақыретте Аллаһтың бар және бір екендігіне, ақырет өмірінің хақ екендігіне көзі жетіп, Аллаһ Тағаладан кешірім сұрап, жалбарына-тын сәті аятта былайша бейнеленеді: **«Күнәһарлардың, Раббыларының жанында бастарын иіп: «Раббымыз! Көрдік, естідік, енді бізді (дүниеге) қайтар, салих амал істейік». Рас нандық дегендерін бір көрсең!»** (32. Сәжде-12).

Ғайыпқа сенудің негізін - «әмәнту билләһида» айтылған иман шарттарына шын жүректен, ешбір күмәнсіз сенім кұрайды. Дегенмен, адамның көру мүмкіндігінен тыс әлемдердің бәрі ғайыпқа жатқанымен, олардың бұл мәселеге қатысы жоқ екендігін айта кеткеніміз орынды болар. Мысалы, электр тогы, ауа, ақылды көре алмағанымызбен бар екендігіне сенеміз. Бірақ мұндай дүниеге сену иманға жатпайды.

Мұсылман кісі ғайыпқа сенген кезде оның қандай, қалай болатындығын көп сұрай бермеуі тиіс. Өйткені, дәл ғайып әлеміне байланысты мәлімет Құран мен хадисте шектеулі түрде айтылған. Одан арысы мұсылманның иманына қатысты жайт. Мысалы, ақыретте амалдарымызды өлшейтін таразының болатындығы аятта

баян етіледі. Бірақ, ол таразының шын мәнінде қандай болатындығы беймәлім. Электронды таразы ма, киломен өлшейтін таразы ма, граммен өлшейтін таразы ма, ол бізді қызықтырмауы тиіс. Біздің міндетіміз сол таразының болатындығына сену ғана. Оның қандай болатындығы бір Аллаһқа аян.

Аллаһ Тағала тақуа құлдарын мадақтап, олардың ерекшеліктерін айтқан кезде олардың ғайыпқа сенгендігін білдіреді және Пайғамбарымызға былай дейді: **«Шын мәнінде сен, үгітке еріп, Рахманды көрмей-ақ қорыққан кісілерге ескерте аласың. Аллаһтың жарылқайтынын ең жақсы сауап (берілетінін) айтып, қуанышты хабар бер»** (36.Ясин-11).

4. Мәзхабтардың иман жайындағы көзқарастары

Ислам тарихындағы көптеген мәзхабтардың әрқайсысының ұстанатын жолы мен өзгелерден айыратын ерекшеліктері бар. Сол ерекшеліктердің бастысы иман мәселесінде түрлі пікірлер айтуында. Яғни, иман етуді әр мәзхаб әртүрлі түсінеді. Енді сол мәзхабтардың иман ету жолдарына жеке-жеке тоқталып, әһли сүннет тұрғысынан қарағанда қандай айырмашылықтары бар екендігін айтып өтеміз.

а) Иман - жүрекпен бекіту (тасдиқы) дегендердің пікірлері

Өшғари мен Матуриди каламшылары бойынша, иман, иман етілуі керек нәрселерді жүрекпен тасдиқ ету (бекіту) арқылы болады. Бұл пікірді қолдайтын ғалымдар қатарында Бақиллани (өл.403/1013), Жууайни (өл.478/1085), Ғаззали (өл.505/1111), Әбул Майн Нәсәфи

(өл.508/1115), Шахристани (өл.548/1153) және Амиди (өл.631/1233) сынды ғалымдар бар еді. Бұл ғалымдар иман – жүректің қуаттауы деген пікірді дәлелдеу үшін көптеген аят пен хадисті негіз ретінде келтірген.

Аяттан келтірген дәлелдері: **«Әй, Пайғамбар! Ауыздарымен: «Сендік» деп, жүректері сенбегендер мен Яхудилерден күпірде жарысқандар сені кейітпесін»** (5.Майда-41).

«Бәдәуилер «Иман келтірдік» деді. Мұхаммед оларға айт: «Сендер иман келтірмедіңдер. Алайда «Мұсылманболдық» деңдер. Өйткені иман жүректеріңе кірмеді» (49.Хужурат-14). Бұл екі аятта жүректерінде иманы жоқ кісілердің мумин бола алмайтындығы айтылады дейді. Сонымен қатар, бұл мәселеде мына аяттар да айқын дәлел болатындығын білдіреді: **«Кімде кім әуелі Аллаһқа сеніп, кейін оның көңілін күпірлік билеп кетсе (өз еркімен солай етсе) ол Құдайдың қаһарына ұшырайды, ауыр азап шегеді. Ал егер біреудің мәжбүр етуімен, еріксіз істегендер болса, жүректегі сенімі бекем болса, (ол күнәға саналмайды)»** (16.Нахыл-106).

«Міне солардың жүректеріне Аллаһ иман жазған әрі оларды Өз жағынан бір нұрмен қолдаған» (58.Мужадәлә-22).

Ал хадистен келтірген дәлелдері төмендегідей:

1. Жоғарыда айтып кеткен Усама ибн Зәйд (өл.54/674) оқиғасына байланысты айтылған хадис. Усама ибн Зәйд ибн Харис бір жорық кезінде мүшріктермен қақтығысады. Сонда Усама ибн Зәйд шайқас үстінде бір адамның басын алмақ болғанда әлгі адам: **«Лә иләһә иллаллаһ (Аллаһтан басқа құдай жоқ)»**, – дейді. Усама оның бұл айтқан сөзіне мән берместен басын шауып тастайды. Себебі, оны әлгі тұтқын өлімнен қорыққандықтан айтты деп пайымдайды. Усама жорықтан оралған соң болған оқиға жайлы

Пайғамбарымызға (с.а.у.) айтқанда, Аллаһ Елшісі ашулы кейіппен: «*Өлтірген адамның рас айтып, айтпағанын қайдан білесің? Әлде оның жүрегін жарып көрдің бе?-дейді*». (Муслим, Иман-41; Әбу Дәуіт, Жихад-95; Ибн Мажа, Фитән-1).

2. Әбу Хурайраның (өл.59/679) риуаяты бойынша сахабалардан бір топ кісі Пайғамбарымызға келіп былай дейді:

- Ішімізден сондай бір нәрселер сезінеміз. Мұны айтудың өзін үлкен күнә деп санаймыз. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

- Шынында да сондай бір нәрсе сезініп жатырсыздар ма? – деді. Олар:

- Иә, - деп жауап берген кезде, Расулуллаһ:

- Бұл иманның дәл өзі, - деп жауап қайтарды. (Муслим, Иман – 60).

Бұл хадис иманның жүрекке қатысты бір жайт екендігін білдіреді.

3. Пайғамбарымыз (с.а.у.) көптеген хадистерінде жүрегінде бидайдай яки титтей иманы болған кісілердің соңында жәннәтқа кіретіндігін айтып кеткен. Сондықтан иман жүректің ісі, жүрекпен қуатталса жеткілікті деп есептейді Матуриди мен Әшғари каламшылары.

Жоғарыда иман мәселесінде айтып өткеніміздей, Ханафи мәзхабы бойынша мұндай иман жеткіліксіз болып есептеледі. Себебі, адам сенген нәрсесін тілімен айтпайынша діни тұрғыдан оның кім екендігін біле алмайды. Олай болатын болса иман етудің бұл жолы Ханафилар үшін толық болып есептелмейді.

б) Иман – сенілуі қажет негіздерді жүрекпен білу (мағрифат) дегендердің көзқарастары

Жәхм ибн Сафуан (өл.128/745) жағынан құрылған

Жахмия мәзхабы бойынша, иман жүректің мағрифатынан тұрады. Яғни, жүрекпен тасдиқ етпестен (куаттамай-ақ) Аллаһты және Хазіреті Пайғамбардың айтқан хабарларын жүрекпен білсе, сезсе жеткілікті деп есептейді. Бұл дегеніміз, сіз иман негіздерін жай жүрегіңізбен сезініп, біліп жүрсеңіз болғаны деген ұғымды білдіреді.

Имам Матуриди бұл пікірге мүлдем қарсы: «Иман жүректің біліп қана қоюынан тұрмайды. Себебі, мағрифат сөзінің антонимі - надандық (жахилдік). Ал иман сөзінің антонимі - күпірлік. Егер иман мағрифаттан тұратын болса, надандық, сауатсыздық күпірлік болуы керек еді. Нәтижеде әрбір сауатсыз кісінің кәпір, әрбір ғалым кісінің мумин болуы тиіс. Бірақ, бұл мүмкін емес».

Захири Ибн Хазым (өл.456/1064) бұл мәселе жайында өте орынды жауап береді: «Иман жүректің мағрифаты (танып білуі) болғанда яхуди мен христиандардың Хазіреті Пайғамбарды, шайтанның Аллаһты білгендіктері үшін мумин болулары керек еді. Бірақ бұл Құран аяттарына қайшы келуде», - дейді. Шынында да яхуди және христиан оқымыстылары Хазіреті Пайғамбарды дүниеге келмес бұрын білді. Оның қандай ерекшеліктері мен қасиеттері болатындығын бес саусағындай білгені сол, тіпті өз балаларынан артық танитын еді. Мысалы, Пайғамбарымыздың 12 жасында көкесі Әбу Тәліппен Сирияға сауда мақсатымен сапарға барғанда Бахира есімді монахтың Пайғамбарымыздың болашақ соңғы пайғамбар екендігін Әбу Тәліпке айтып, оны яхудилерден таса ұстау қажеттігін ескертеді⁴⁶.

⁴⁶ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Али Хіммет Берки, Осман Кескіюғлу., Соңғы Пайғамбар Хазіреті Мұхаммедтің өмірбаяны, Анкара, 1997, 43-44-бет; Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, Адамзаттың асыл тәжі, Алматы, 2004, 2 басылым, 86-88-бет.

в) Иман иқрардан (тілмен айту) тұрады дегенді қостаушылардың сенімі

Муржия мен Каррамия мәзхабтары иман негіздеріне сенуде тілмен айту жеткілікті деп, яки иманды жүрекпен бекіту қажет емес дейді. Олар бұл тұжырымдарында Пайғамбарымыздың алғашқы мұсылмандар үшін айтқан мына хадисіне сүйенеді: *«Адамдар Аллаһтан басқа тәңірі жоқ, Мұхаммед оның елшісі деп айтқанға дейін олармен соғысуға әмір етілдім. Қашан бұл сөзді айтатын болса жаны мен малын менен құтқарған болады. Бірақ діни жазалар бұның сыртында. Ішкі дүниесінің есебі Аллаһқа қалады»* (Бухари, Жихад-102; Иман-17; Муслим, Иман-8).

Асылында, бұл хадистің негізгі мағынасы дүниеде кәлімә таухидті айтқан адамды (тіпті ол кісі мунафиқ болса да) өлтіруге болмайтындығы турасында. Себебі, тілімен кәліма келтірген жанды мұсылман деп есептеп, оның ішкі жан дүниесін, жүрегіндегі иманы мен сенімін, ниетін бір Аллаһқа тапсырамыз. Мұны бір деңіз.

Екіншіден, егер бір кісі сенімін жүрекпен қуаттамай, тек тілімен иман еткенін айтқан болса, ол мунафиқ болады. Өйткені Құранда мұндай иман еткен пенделердің мунафиқ екендігін білдіреді. Егер иман тілмен айту арқылы жүзеге асады десек, онда мунафиқтардың бәрін мүмин деп қабыл етуіміз керек. Әрине, мунафиқ пен мүмин үш қайнаса сорпасы қосылмас қарама-қайшы ұғымдар екені әмбеге аян.

Бұл мәселе жайында Құранда былай делінген: **«Адамдардың кейбіреулері, екіжүзді (мұнафиқтар): «Аллаһқа, ақырет күніне сендік», - дейді. Бірақ олар сенбейді»** (2.Бақара – 8).

«(Мұхаммед (с.а.у.)) Саған мұнафиқтар келген кезде: «Сені анық Пайғамбар деп айғақ боламыз» дейді. Сенің хақ пайғамбар екеніңді Аллаһ біледі. Сондай-ақ Аллаһ

расында мунафиқтардың мүлде суайт екендігіне куәлік етеді» (63.Мунафиқун-1). (қараңыз: 49.Хужурат-14).

г) Иман - сенімін жүрекпен қуаттап, тілімен айту дегенді қостаушылардың ұстанымдары

Әбу Ханифа (өл.150/767), Пәздәуи (өл.482/1089), Сарахси (өл.490/1097) сынды ғалымдар мен Ханафи фикһшылары бойынша иман ету дегеніміз сенілуі керек болған мәселелерді жүрекпен бекітіп, тілмен айту. Ханафи фикһшыларының «Қаули мәшхур» деп атаған пікірлері бойынша иман жүрекпен қуаттап бекіту (тасдик) және сенімін тілмен айтудан (икрар) тұрады. Бұл екеуінің бірі кем болса, иман еткен болып саналмайды. Себебі, жүректегі сырды адамдар біле алмағандықтан, оны тілімен де айтып жеткізуі тиіс. Сонда ғана ол адамға айтқан сөзіне қарап тоқтам жасалады деп, өз пайымдарын ортаға салуда. Дәлел ретінде мына хадисті келтіреді: *«Әнас (р.а.) риуаят етті: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Кімде кім шын жүрегімен «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтса және жүрегінде арпа дәнінің салмағындай жақсылық (иманы) бар болса, ол тозақтан құтылушы. Кімде-кім «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтса және жүрегінде бидай дәнінің салмағындай жақсылық (иманы) болса, ол - тозақ отынан құтылушы. Кімде-кім «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтса және жүрегінде тозаңның салмағындай жақсылық болса, ол - тозақ отынан құтылушы», - деді»,* (Бухари, Иман-33; Муслим, Иман-84; Тирмизи, Жәһәннам-9).

Ханафилер тілмен айту мәселесін иманның негізі деп емес, тек оның шарты ретінде қабылдайды.

Бір адам иман негіздерін жүрегімен қуаттап, тілімен сенімін айтатын болса, ондай кісіні мумин деп есептеп, мұсылманша қарым-қатынас жасап, артында тұрып намаз оқиды. Сойған малынан жеуге болады, зекеттен жауапты

етіледі, өлсе жаназасы шығарылады, мұсылмандардың қабіріне жерленеді. Керісінше иман негіздерін жүрегімен қуаттап, тілімен сенімін айтпаса, жоғарыда келтірген әрекеттер жасалынбайды.

д) Иман - жүрекпен қуаттап, тілімен айту және амал ету шарт дегендерді қостаушылар

Харижиттер, Муғтазила, Зәйдия мәзхабтарымен қатар Имам Малик (өл.179/795), Әузаи (өл.157/774), Шафи (өл.204/819), Ахмед ибн Ханбал (өл.241/855), Ибн Хазм (өл.456/1064), Ибн Тәймия (өл.728/1328) секілді ғалымдар мен хадисшілердің пікірі бойынша иман ету дегеніміз - сенілуі керек болған мәселелерді жүрекпен қуаттап, сенімін тілмен айту және амал ету. Бұлардың пікірі бойынша, осы үш негіздің біреуі кем болса, пенде иман еткен болып саналмайды. Мәселен, амалды жасамаған яки тәрк еткен кісі мумин деген атқа ие бола алмайды.

Харижиттер бойынша, бір адам иман етсе, бірақ амал етпесе, ол мумин емес, керісінше кәпір болады. Себебі, иман етудегі үш негіздің бірі болып саналған амал етуді тәрк еткендігі үшін иманы жарамсыз болып табылады.

Ал Муғтализа мен Зәйдия мәзхабтарының діни түсінігі бойынша, бір кісі иман негіздеріне жүрегімен сеніп, тілімен сенімін айтып, амал етпесе, ондай кісі иман мен күпір арасындағы фасық (күнәһар) деген дәрежеде болады. Ондай кісіні кәпір де емес, мумин де емес фасық деп атайды. Муғтазиланың бес қағидасының біреуі болған «әл-мәнзиләту бәйнәл мәнзиләтәйн» (екі мекен ортасындағы бір мекен) қағидасы бойынша амал етпеген кісінің жағдайы осылай болады. Егер де фасық деп аталған кісі істеген күнәсі үшін тәубе етпестен өлетін болса, о дүниеде мәңгілік тозақта қалады. Тәубе етсе, мумин болып дүниеден өтеді деген пәтуә береді Муғтазилиттер мен Зәйдиялықтар.

Жоғарыда аты аталған Имам Малик, Имам Шафи, Имам Ахмед ибн Ханбал секілді ғалымдар мен хадисшілер амалды иманның бір бөлігі деп есептегенімен иман негіздеріне жүрегімен сеніп, тілімен сенімін айтқан, құбылаға бет бұрған кісіні кәпір деп есептемеген. Амалды тәрк еткендігі үшін күнәһар болады, бірақ иман шеңберінен шықпайды. Істеген күнәсі үшін о дүниеде жазасын өтеген соң, түбінде жәннәтқа баратындығын қабыл етеді⁴⁷.

Ал Ханафи мәзхабы бойынша амал ету иманның бір бөлігі болып саналмайды. Сол себептен олар Харижит, Муғтазила, Зәйдия мәзхабтарының пікіріне қосылмайды. Сонымен қатар аты аталған ғалымдардың «амал иманның бір бөлігі» деген көзқарастарына да қосылмайды. Мұның себебіне төмендегі тақырыптарда тоқталып өтеміз.

5. Иман мен амал арасындағы айырмашылық

Ислам мәзхабтары арасында иман мен амалды бір ұғым ретінде, керісінше екеуінің екі басқа ұғым ретінде түсінілуі жайлы пікірталас бар. Муғтазила, Харижит, Зәйдия мәзхабтары мен кейбір ғалымдар амалды иманның ажырамас бөлігі ретінде қабылдап, жоғарыда айтып өткеніміздей амалды тәрк еткен кісіні мұсылман ретінде санамайтын да жағдайға барды. Ал Әһли сүннет ғалымдарының басым көпшілігінің көзқарастары амал иманның бір бөлігі емес дегенге саяды. Амал мен иман екеуі екі нәрсе болғандықтан, жүрегінде иманы бар және оны тілімен айтқан кісі мұсылман болады. Мұндай жағдайда, әлгі кісі амалды тәрк еткендігі үшін кәпір болмайды, тек күнәһар мумин болады. Қайталап айтамыз, соңғысы әһли сүннет ғалымдарының пәтуасы. Ақылға қонымдысы да осы.

Ендігі жерде амалды иманның бір бөлігі деп санаған мәзхабтардың дәлелдеріне тоқталалық.

⁴⁷ Сайм Клавуз, ж.к.е., 18-25 бет.

а) Амал иманның бір бөлігі дегендердің дәлелдері

Амал иманның бір бөлігі деген Харижит, Муғтазила, Зәйдия және Сәләф ғалымдары өздерінің дәлелдерін аят пен хадистен келтіреді.

1) Құран Кәрімнің көптеген жерінде иман мен амал бірге айтылған (иннәлләзина әмәну уә амилус салихат). Осылай бірге айтылуы ол екеуінің бір нәрсе екендігіне дәлел болады. Яғни, бұл екі ұғым ет пен сүйек секілді бір-бірінен ажырамайды.

2) Мұсылмандар алғашқыда құбыла ретінде Мәсжидул Ақсаға бет бұрып намаз оқитын. Кейіннен «Бақара» сүресінің 144-аяты түскеннен соң құбыла Қағбаға ауысады. Осы оқиғадан кейін кейбір мұсылмандар Пайғамбарымызға келіп: «Бастапқыда Мәсжидул Ақсаға қарап намаз оқып, құбыла өзгерместен дүниеден өтіп кеткен бауырларымыздың намаздары қалай болар екен?», - деп сұрайды. Бұған жауап ретінде аят түседі: **«Аллаһ имандарыңды жоймайды»** (2.Бақара-143). Осы аяттағы иман сөзі намаз орнында қолданылып тұр. Сондықтан намазды, яғни амалды иманмен тенегендіктен амал мен иман екеуі бір нәрсе болады. Кім амалды тәрк етсе, иманы жарамсыз болып қалады.

3) Пайғамбарымыз бір хадисінде: *«Мунафиқтар мен біздің арамыздағы уәде, парық - намаз. Кім оны тәрк ететін болса, кәпір болады»* (Тирмизи, Таж, 1) – деген. Амал иманнан бөлек нәрсе болғанда намазды тәрк еткен кісі тек қана күнәһар болуы тиіс еді. Бірақ, бұл жерде кәпір деп нақты айтылып тұрғандықтан, амал иманның бір бөлігі екендігіне дәлел болады.

4) Басқа бір хадис шәрифте: *«Зина еткен кісі мумин бола тұрып зина етпейді. Ұрлық істеген кісі де мумин бола тұра ұрламайды. Ішкілік ішкен кісі де мумин бола тұра ішпейді»* (Муслим, Иман – 100) делінеді. Бұл хадис

- иман мен амалдың бір екендігін білдіреді. Егер иман мен амал бөлек нәрсе болғанда адамның зина еткен, ұрлық жасаған және ішімдік ішкен кезінде мумин болуы керек еді. Бірақ бұл амалдарды жасаған кезінде адам мумин ретінде жасамайды деп түсіндіреді⁴⁸.

б) Амал мен иман екеуі екі бөлек ұғым дегендердің пікірі жайлы

Матуриди және Әшғари қаламшылары мен Ханафи ғұламалары бойынша, амал иманның бір бөлігі болып есептелмейді. Адам иман негіздерін жүрегімен қуаттап, сенгендерін тілімен айтса, бірақ амалдардың біреуін немесе бірнешеуін орындамаса, имансыз болмайды, тек күнәһар деген үкім беріледі. Ондай кісі о дүниеде Аллаһтың рахметіне бөленіп кешіріледі, не азапқа түседі. Дегенмен, жүрегінде иманы болып, тасдиқ еткендіктен соңында жәннәтқа кіретіндігін қабыл етеді. Мәселе, осылай болғандықтан, суннит қаламшылар иман мен амалды екі нәрсе деп есептеп, бұл пікірлерін нақтылау үшін аят пен хадистен дәлел келтіреді. Әһли сүннет ақидасы бойынша адам исламның қандай да бір әмірі немесе тыйымын қабыл етпеген жағдайда ғана кәпір болады. Әмір мен тыйымдарды қабыл етіп орындамаса немесе амал етпеген кезде кәпір емес күнәһар мумин болады. Себебі, амал иманның бір бөлігі емес, екеуі екі түрлі нәрсе. Мұның дәлелі төмендегідей болып келеді:

1) Құран Кәрімде: **«Иннәлләзина әмәну уә амилус-салихат – иман еткендер және ізгі іс істегендер...»** деп басталатын көптеген аят бар. Міне осы аяттарда иман еткендер мен ізгі іс істегендер деп бөлек-бөлек айтуда. Егер амал иманның бір бөлігі болғанда тек қана «иман еткен-

⁴⁸ А.Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 28-30-бет.

дер» деп айтылып, қосымша «салих амал істегендер» деп айтылмайтын еді⁴⁹. Мұны былай да түсіндіруге болады: «Ахмет келді» десек дұрыс бола ма? Әлде «Ахмет екі қол, екі аяғымен келді» деген дұрыс болады ма? Әрине «Ахмет келді» дегеніміз дұрыс болады. Себебі, Ахмет келген кезде оның мүшелері де өзімен бірге келгендіктен мүшелерін жеке-жеке айтудың керегі жоқ. Өйткені, оның мүшелері денесінің, яғни Ахметтің бір бөлшегі, одан ажырамас нәрсе болып табылады. Ал егер Ахмет сөмке ұстап келсе, онда біз «Ахмет сөмкемен келді» деп айтар едік. Неге десеңіз сөмке Ахметтің бір мүшесі емес, одан тыс, бөлек нәрсе болғандықтан оның атын атап айтамыз. Міне, сол сияқты амал да иманның бір бөлігі емес. Егер амал иманның бір бөлігі болғанда «Ахмет келді» деген секілді «Иман еткендер» деп айтылу керек еді де, салих амал соның ішіне кіріп кетуі тиіс болатын. Олай болса, амал иманнан бөлек. Себебі, Аллах Құранда «иман еткендер және салих амал жасағандар» деп ашып көрсетуде.

2) Кейбір аяттарда иман амалдың қабыл болуы үшін шарт ретінде көрсетілді. Мына аяттың мағынасынан әлгіндей ұғым шығады: **«Ал кім иман келтірген түрде түзу іс істесе, сонда ол жамандықтардың артуынан жақсылықтарының кемуінен қорықпайды»** (20. Таһа-112). Сонда бұл аят бойынша иман амалдың шарты болып тұр. Егер де амал мен иман бір нәрсе болғанда, немесе амал иманның бір бөлігі болғанда екеуін бөлек-бөлек айтпас еді.

3) Кей аяттарда үлкен күнә мен иман бірге айтылады. Егер амал иманның бір бөлігі болатын болса, үлкен күнә істеген мұсылман кісі кәпір болып, Құранда оған: «Әй, иман еткен», деп айтылмас еді. Мысалы аятта былай

⁴⁹ Нуреддин әс-Сабуни. Матуриди акайди, аударған Бекир Топалоглу, Истанбул, 180-бет.

дейді: «Егер муминдерден екі топ соғысса, дереу араларын жарастырыңдар» (49.Хужурат-9). Ислам діні бойынша, адам өлтіру - үлкен күнә. Міне сол үлкен күнәні иман еткен кісілер жасайтын болса да, оларға «муминдер» деп айтып отыр. Бұл да амалдың иманнан бөлек екендігін білдіреді.

4) Пайғамбарымыз бір хадис шәрифте былай дейді: *«Әрбір абзал және күнәһар муминнің артында тұрып (иқтида етіп деген сөз) намаз оқыңдар»* (Сунәни Байхақи, Фәйзул Қадир, 4-201). Егер күнәһар болу, әмір етілген нәрсені жасамай немесе тыйым салынған істерді жасау діннен шығаратын амалдар болса, Пайғамбарымыз (с.а.у.) күнәһар кісінің артында ұйып намаз оқуға рұқсат етпес еді. Өйткені, мумин емес кісінің артында оған ұйып намаз оқылмайды.

5) Адамзатқа жіберілген барлық пайғамбарлардың тәблиғ еткен иман негіздері үнемі бірдей болып жалғасып отырды. Алайда кейбір амалдармен байланысты бөлімдер өзгеріп тұрды. Егер амал иманның ажырамас бір бөлігі болғанда, амалдарда да ешқандай өзгеріс болмау керек еді. Иман негіздерінде өзгеріс болмай амалдарда өзгерістің болуы да екеуінің екі бөлек нәрсе екендігін көрсетеді.

6) Амалдардың көпшілігі уақытқа байланысты орындалады. Мәселен, намаз өзінің бекітілген уақытынан бұрын оқылмайды. Рамазан айының оразасы да басқа бір айда ұсталмайды. Сондай-ақ, қалаған уақытыңызда қажылыққа бара алмайсыз. Ал иман болса, ешқандай уақытқа тәуелді емес. Иман ету үшін арнайы бір уақыт жоқ, қалаған уақытыңызда иман келтіруіңізге болады.

7) Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезеңінен бастап, әйгілі дін ғалымдарымыз жүрегінде иманы болған және иманын тілімен айтқан, бірақ амалдарды орындамай, тыйымдарды аяқ асты еткен кісілерді мумин деп есеп-

теген⁵⁰. Ондай жандар өлгенде жаназалары шығарылып, дұға етіліп, оларға Аллаһтан жарылқау тілеген. Асылында, мұсылман емес кісілердің жаназасын шығаруға, артынан дұға етіп, Аллаһтан ол үшін жарылқау тілеуге болмайды. Себебі, Аллаһ мына аятпен бұған тыйым салған: **«Олардан біреу өлсе әсте жаназа оқыма да, қабірінің басында тұрма. Өйткені олар, Аллаһқа, Пайғамбарына қарсы келді. Сондай-ақ олар бұзық күйінде өлді»** (9.Тәубе-84).

«Пайғамбарға және муминдерге тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін егер жақындары болса да мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды» (9.Тәубе-113).

в) Амалдың қажеттілігі

Әһли сүннет ғалымдары амалды иманның бір бөлігі деп есептемегенімен екеуінің арасындағы ажырамас байланыстың бар екендігін жоққа шығармайды. Себебі, амалсыз иманның ақыретте пайда беруі екіталай. Иманның кәміл болуы, жетілуі, қуатты болуы амалға байланысты. Амал болған жағдайда иман қуатты болады. Ал иман қуатты, күшті болса, адамның ықыласы соншалықты артады. Иман жанып тұрған шам секілді, амал сол шамды қалқалап, жарығын күшейтетін шыны іспетті.

Иман ету Аллаһ Тағаланың әмірі болса, амал ету де сол әмір арқылы жүзеге асады. Бұйырылған әмірдің біреуін жасап, екіншісін орындамау адамды адасушылыққа, қала берсе күпірлікке алып барады.

Пенделердің жәннәтқа иманымен кіретіндігі, иманына, амалына қарап мәртебелерімен баратын жәннәт орындары болатындығы Құранда баян етілгендігі белгілі. Бұған, жәннәтта Райян деген есіктен тек қана ораза ұстағандар ғана кіретіні секілді жағдаяттар толықтай

⁵⁰ Сайм Клавуз, ж.к.е., 27-28-бет; А.Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 30-34-бет.

мысал бола алады.

Ислам дініне кіру тек иман етумен ғана шектелмейді. Мумин сипатын алған пенде Жаратқанның алдында өзінің шын мәнінде, әлсіз құл екендігін, Аллаһтың жаратуымен өмірге келгендігін терең ұғынып, соның шүкіршілігімен мойнындағы қарыздарын ең алдымен, амал ету арқылы өтейді.

Иман жүрекпен ғана шектеліп, амалдар орындалмаған жағдайда адам жеміссіз қуарған ағаштың кейпіне түседі. Немесе қол аяғы кем адам секілді болады. Адам кеудедегі шыбын жанының арқасында қол, аяқсыз өмір сүре береді. Ол адам болғанымен кемтар яки, шолақ адам атанады. Сол сияқты амалсыз иман да кемтар. Аллаһ Тағала Асыр сүресінде: **«Заманға серт. Негізінен адам баласы зиянда. Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер бір-біріне шындықты үгіттесіп, сабырды үгіттескендер, олар зиянға ұшырамайды»** (103. Асыр, 1-3) – деп, о дүниеде зиянға ұшырамайтындар қатарында иман етіп, ізгі (салих) амал жасағандар ғана болатындығын білдіреді.

Сондықтан біздер иман етсем болғаны, әйтеуір жәннәтқа барады екенмін деген түсініктен арылуымыз керек. Тек иман етумен ешқайда бара алмаймыз, ізгі амалсыз Аллаһтың разылығына бөлене алмаймыз. Біздің мәртебемізді көтеретін де ең алдымен сол салих амалдарымыз.

6. Иманның артып-кему мәселесі

Амалды иманның бір бөлігі деп есептеген Харижиттер, Муғтазила, Зәйдия мәзһабтарымен бірге кейбір ғалымдардың көзқарастары бойынша иман сан жағынан да, сапа жағынан да артады, кемиді. Иманның артуы жақсы амал істеумен жүзеге асса, кемуі жаман амал істеу-

мен болады деп сенеді. Бұл мәселеде олар төмендегі аяттарға сүйенеді:

«Егер бір сүре түсірілген кезде олардың арасында: «Бұл сендердің қайсыларының иманыңа иман қосты?», - дейтіндер бар. Ал муминдер туралы айтсақ, бұл сүре олардың имандарын нығайта түсті де, бұған олар қуанды» (9.Тәубе-124).

«Ол сондай Аллаһ муминдердің иманын арттыра түсу үшін олардың жүректеріне тоқтау салды» (48.Фатх -4).

«Сөзсіз муминдер Аллаһ еске алынса, жүректері қобалжиды да, оларға Аллаһтың аяттары оқылса, сенімдері артып, Раббыларына тәуекел етеді» (8.Әнфал-2).

Бұл айтылған аяттар жайында Матуриди ғалымдарының бірі Нуриддин әс-Сабуни өз еңбегі «әл Бидаяту фи усулид-дин»-де: «Имандарын арттырады мағынасындағы аяттарға келетін болсақ, бұл бапта айтылған аяттардың бірнеше мағынаны қамтуы мүмкін. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде иман мәселелерінің жан-жақтылығы тұрғысынан иманның арту ықтималы болуы мүмкін. Яғни, Пайғамбар дәуірінде жиі-жиі жаңа аяттар, жаңа үкімдер түсіп отырды. Ал сахабалар ижмали имандарына қосымша келіп жатқан осы тектегі аяттар мен үкімдерге жеке-жеке иман етуі керек еді. Сондықтан иман мәселесінде оларда ұдайы арту болатын. Демек иманның артуы оның кемелденуі, әрі әсерлі болу тұрғысына және нұрының жарқырауы мағынасына келуі де мүмкін»⁵¹ - дейді.

Ал әһли сүннет сенімі бойынша иманның артып кетуін екі тұрғыдан түсіндіруге болады:

1) Иман - сенілуі керек болған мәселелер тұрғысынан

⁵¹ Нуреддин Ахмед ибн Мәжмуд ибн Әби Бәкр әс-Сабуни. әл- Бидаяту фи усулид-дин, Димашк, 1979, 90-бет.

артпайды және кемімейді⁵². Өйткені әрбір мумин мен мұсылман кісі үшін иман негіздері алтау: «Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену». Бұлар артпайды да, кемімейді де. Ешкім басқаларға қарағанда өзгеше иман ете алмайды. Бұлай болғанда, жаңадан иман еткен кісі мен өмірі бойынша мумин болған адамның иманы бір болады.

Имам Ағзам Әбу Ханифа бұл жайында былай дейді: «Иман артпайды да, кемімейді де. Өйткені, иманның артуы тек күпірдің кемуімен, иманның кемуі де тек күпірдің артуымен жүзеге асады. Бір кісінің бір уақытта әрі мумин, әрі кәпір болуы мүмкін емес, бұл қате түсінік».

2) Ал енді сапа жағынан алатын болсақ, иман әрі артады, әрі кемиді. Кейбір кісілердің иманы берік, бірінікі кәміл, келесі бірінікі әлсіз болып келуі де сондықтан. Жоғарыда иманның артатындығын баян еткен аяттар да негізінен иманның сапа жағынан әрі артып, әрі кемитіндігін білдіреді⁵³. Мысалы Хазіреті Омардың, Әлидің өзге де сахабалардың иманы мен біздің иманымызды сапа тұрғысынан алғанда біздердікі төмен. Ол кісілердің иманымен өзіміздің иманымызды салыстыра алмаймыз. Хазіреті Әбу Бәкір мен қатардағы бір мұсылманның иманын бір деп айта алмайтынымыз түсінікті. Себебі, сахабалар иманы кәміл, әрі берік болатын.

7. Ислам мен иман сөздерінің ұғымы

«Ислам» сөзі - мойынсұну, бағыну, берілу, амандықта болу деген ұғымды білдіреді. Терминдік мағынасы: Ұлы Жаратушы Ие Аллаһқа мойынсұну және Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың дін ретінде әкелген,

⁵² Мәжмуатул мутун, Мәтнул акайди ли-Умари ән-Нәсәфи, Истанбул, 7-бет.

⁵³ Сайм Клавуз, ж.к.е., 34-35-бет; Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 18-19-бет.

үйреткен, жеткізген нәрселерін толықтай қабыл етіп, ұстану.

Құранда иман мен ислам сөздері кейде бір мағынада айтылса, кейде екеуі екі бөлек мағына екенін білдіретін аяттар бар. Осы аяттардың екі мағынада айтылуы мұсылман ғалымдарының екі түрлі пікір ұстануына бірден-бір себеп болған. Әрбірі, осы екі пікірдің бірін дәлелдеуге тырысады.

Ислам сөзі негізінен өте ауқымды, кең мағыналы термин. Ал иман осы ауқымды, кең мағыналы ұғымның бір бөлігі ғана. Ислам негізінен берілу, тәслім болуды білдіреді. Тәсілім болу, мойынсұну үш түрлі жолмен: жүрекпен сену арқылы, тілмен айту арқылы және дене мүшелерімен құлшылық ету арқылы жүзеге асады. Бұлардың ең жоғарғы мәртебесі жүрекпен сеніп берілу. Міне, мұны «иман» дейміз.

Өшғарилер мен Матуриди ғалымдарының көпшілігі ислам мен иманды бөлек ұғым ретінде түсіндіреді. Әрбір мумин мұсылман болады. Бірақ, әрбір мұсылман мумин бола алмайды. Өйткені, тілімен иман еткен мунафиқтар тек сырт көріністе мұсылман болуда, ақиқатында жүрегінде иманы болмағандықтан мумин емес. Олар бұған дәлел ретінде «Хужурат» сүресінің 14 аятын нұсқайды⁵⁴. **«Бәдәуилер: «Иман еттік» деседі. Сен оларға былай де: Иман еттік дегенше бойсұндық дендер. Иман сендердің жүректеріңе әлі де дендеп болған жоқ.....»** (49.Хужурат-14).

Әбу Хурайрадан риуаят етілген Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Жибрил» хадисі деген мәшхур хадисінде ислам, иман, ихсан сөздері мен ұғымдарын үш түрлі мағынада қолданғандығы мәлім: «Расулуллаһ бір күні сахабаларымен бірге отырған кезде бір адам келіп Пайғамбарымызға:

⁵⁴ Сайм Клавуз, ж.к.е., 37-бет.

- Иман деген не? - деп сұрайды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.):

- Иман дегеніміз, Аллаһқа, періштелеріне, Аллаһқа қауышуға, пайғамбарларына, өлгеннен кейін қайта тірілуге сену, - деп жауап берді.

Ол кісі қайта:

- Ислам деген не? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

- Ислам дегеніміз - Аллаһқа құлшылық ету, оған еш нәрсені серік қоспау, намаз оқу, парыз болған зекетті беру, рамазанда ораза ұстау және Қағбаны хаж етуің, - деп жауап берді. Әлгі кісі:

- Ихсан деген не? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

- Сені көріп тұрғандай Аллаһқа құлшылық етуің. Сен Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұрады, - деп жауап берді. Ол:

- Қиямет қашан болады?, - деп сұрағанда Пайғамбарымыз (с.а.у.):

- Мұны сұралушы сұрағаннан жақсы білмейді, - деді». (Бухари, Китабул иман – 47)⁵⁵.

Хадистен де көз жеткізіп отырғанымыздай иман мен ислам әсте бір ұғым емес екен. Түйіндей айтқанда: иман сену болса, ислам негізгі құлшылықтарды орындау болып табылады.

8. Иманның сахих (қабыл) болу шарттары

Екі дүниенің де бақыты – иманнан. Бірақ та осы иманымыздың Аллаһтың назарында қабыл болуы және болмауы біздің ниетімізге байланысты. Сонымен қатар иманның қабыл болуы үшін кейбір жайттарға баса назар

⁵⁵ Мухтасар Сахих Бухари, тәлиф: әл-Имам Зәйнуддин Ахмед ибн А - дуллатиф әз-Забиди, Бэйрут, 1992, 34-бет.

аударған жөн. Әйтпесе, ақыреттегі өмірде барар жеріміз тозақ болуы әбден мүмкін. Неге десеніз, иман еткенде оның шынайылығын, яғни дұрыс, толық болуы мен болмауына мән бермегендіктен, Аллаһ Тағаланың өлшемінде иман етпегендермен бір деңгейде боламыз. Сондықтан иманның сахих болуы үшін мынадай жайттарға баса назар аудару керек:

1) Иманда үмітсіздік болмауы керек. Иманға келмеген қандай да бір кісі соңғы демінде немесе жан алқымына келгенде иман етсе, иманы жарамсыз болады. Өйткені бұл шарасыздықтан, Аллаһтан және өлімнен қорыққандықтан иман етіп отыр. Ислам мұндай иманды қабыл етпейді. Исламның біздерден талап ететін иманы ғайыпқа сену және бұл иман үмітсіздік пен қысылтаяң сәтке ұшырамай тұрғанда болуы керек. Себебі, Аллаһқа сенбейтіндер жан алқымға келгенде Аллаһтың ұлылығы мен азаптың хақ екендігін көреді. Бұл жайында аятта: **«Ал енді азабымызды көргенде: «Жалғыз ғана Аллаһқа сендік. Сондай-ақ Оған ортақ қосқан нәрселерімізге қарсы келдік», - дейді. Бірақ азабымызды көргендегі сенімдері оларға пайда бермейді. Өйткені Аллаһтың құлдарына байланысты болып келе жатқан жолы осы. Бұл жерде кәпірлер зиян көреді»** (40.Ғафыр, 84–85) – дейді.

Мұнымен қатар, күн батыстан шыққан кездегі еткен иман да қабыл болмайды. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) ақырзаманның 10 белгісін айқындап, осылар болмайынша тіршілік тоқтамайды дейді. Сол 10 белгінің бірі күннің батқан жерінен шығуы. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«...Күн батыстан шыққан кезде адамдар бұны көріп жаппай иман етеді. Бірақ ол кезде олардың иманы оларға пайда бермейді. Өйткені олар бұрын иман етпеген немесе олар*

иманында хайыр таппаған еді» (Бухари, Фитән-2198)⁵⁶ – деп, түсіндірген.

2) Мумин кісі ислам дінінің әкелген нақты үкімдерімен бекітілген заңдылықтарының ешбірін жоққа шығармау керек. Мұсылман кісі иман еткен соң діннің парыздарын парыз деп, харамдарын харам деп біліп, иман негіздеріне толығымен сенуі қажет. Діннің парыз еткен қандайда бір амалына сенбеу адамды діннен шығарады, әрі имансыз етеді. Себебі, пенде иман еткен соң діннің ешбір нәрсесін жоққа шығармауы қажет. Айталық Құранның қандай да бір аятына емес, сөзіне сенбеудің өзі діннен шығу деген сөз. Яғни, діни әмір мен тыйымдардың біреуіне сеніп, біреуіне сенбеу де адамды иманнан шығарады. Мысалы бір адам: «Мен Құранға сенемін, бірақ ондағы зинаға немесе ішімдік мәселесіне қосылмаймын», - десе, ол кісі имансыз есебінде болады. Аятта бұл жөнінде: *«Сендер кітаптың кейіне сеніп, кейіне қарсы келесіңдер ме?»* (2.Бақара-85) – дейді.

Біздер иман еткен кезде пайғамбарлардың бәріне сенеміз деп иман етеміз. Алайда соңғы пайғамбар болған Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарға сенбейтіндер де бар. Міне, олар Құран тілімен айтқанда имансыз, кәпір болады: **«Шәксіз сондай Аллаһқа, пайғамбарларына қарсы келгендер, олар Аллаһ пен пайғамбарларының арасын айыруды қалайды. Олар пайғамбарлардың кейіне сенеміз, кейіне қарсы келеміз дейді. Сөйтіп олар екі ортадан жол табуды қалайды. Міне олар анық кәпірлер. Кәпірлер үшін қор болатын азап дайындалған»** (4.Ниса, 150-151).

3) Иман әртүрлі күмәннан арылуы тиіс. Пенде иман негіздерімен сенуі керек болған діни әмір мен тыйымдардың

⁵⁶ Мухтасар Сахих Бухари, 504-бет.

қандай да біреуі жайында күмәнданбау керек. Мысалы, шынымен-ақ ақыретте адамдар осы тәнімен тіріліп есеп береді ме, Аллаһ жалғыз ба екен деп күмәндану иманнан шығуға себеп болады. Сондай-ақ исламда уақытша иман ету деген нәрсе болмайды. Адам иман еткен соң соңғы деміне дейін сол иманын берік етіп ұстай білуі тиіс. Болмашы нәрсеге, мәселеге бола күмәнданбастан, алған бетінен қайтпау мұсылманның сипаты екендігін мына аят баян етеді: **«Шын мәнінде сондай Аллаһқа, Елшісіне иман келтірген муминдер сосын күдіктенбей, Аллаһ жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар шыншылдар»** (49.Хужурат-15).

Егер де мұсылман адам қандай да бір мәселе жайында күмәнданса, дереу діни ілімі бар кісіге барып анығын сұрап, шайтанның азғыруына жол бермеу керек.

4) Мумин Аллаһтың рақымынан үмітсіз, азабына бейқам болмауы керек. Яғни, мұсылман адам қорқыныш пен үміт арасында өзін ұстауы тиіс⁵⁷. Мумин кісі ешуақытта: «Менің иманым бар, өмір бойы құлшылық еттім, енді жәннәтқа барамын», - деп өзіне сенімді де, немесе, керісінше: «Мен өте көп күнә істедім, енді Құдай мені кешірмейді, барар жерім тозақ», - деп Аллаһтың рақымынан үмітін үзбеуі де қажет. Мұндай сезімге берілу мұсылман кісінің иманнан шығуына сеп болады.

Сондықтан мұсылман Аллаһ Тағаланың рақымына, кешірімділігіне сенгендей, азабының қатты болатындығына сеніп, үнемі қорқыныш пен үміттің аясында болғаны абзал. Мысалы, періштелерге пәленбай уақыт бойы дәріс берген, тақуалығымен періште дәрежесіне жеткен Ібіліс, Хазіреті Адамға (а.с.) сәжде етпей, өзінің дәрежесі мен амалына, біліміне сенген болатын. Өкінішке қарай, осы тәкәппарлық әрекеті үшін Аллаһтың құзырынан

⁵⁷ Сайм Клавуз, ж.к.е., 38-39 бет; Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 21-24 бет.

куылып, мәңгілік тозақта жанатын болды. Бұл да ойлы кісіге үлкен сабақ боларлық оқиға. Құранда бұл жайында төмендегідей тұжырымдар келтіріледі: «Егер Аллаһ адам баласын қылықтары себепті қолға алатын болса, жер бетінде ешбір жәндік қалдырмас еді. Бірақ оларды белгілі бір мерзімге дейін кешіктірді. Қашан олардың мезгілі жетсе, сонда Аллаһ шынында да пенделерін көріп тұрады» (35.Фатыр-45).

«Сондай-ақ Аллаһтың мейірімінен күдер үзбендер. Өйткені Аллаһтың рахметінен кәпірлер ғана үмітін үзеді» (12.Юнус-87).

«Әй, өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рахметінен күдер үзбендер. Аллаһ күнәлардың бәрін жарылқайды. Өйткені Ол тым жарылқаушы, өте мейірімді деп айт» (39.Зумәр-53).

9. Тыйым салынған үлкен күнә істеудің үкімі

Аят пен хадис арқылы қатаң түрде тыйым салынған амалдардың үкімі «**үлкен күнәлар**» (**кәбаир**) деп аталады. Сонымен қатар кейбір амалдарға тікелей қатаң түрде тыйым салынбағанмен, олардың да үлкен күнәға жататынын білдіретін аяттар мен хадистер кездеседі.

Ғалымдардың басым бөлігі күнәларды үлкен және кіші деп бөліп қарастырады. Дегенмен, кейбір ғалымдар күнәнің үлкені де, кішісі де болмайды дейді. Ал, әһли сүннеттің сенімі бойынша күнәлар үлкен және кіші болып бөлінеді. Күнәлардың ең үлкені - Аллаһқа серік қосу екендігі аятта ашық түрде баян етіледі (қараңыз: 4.Ниса – 48).

Хадистерде үлкен күнәлардың сандық мөлшері жайында түрлі деректер берілгендіктен ғалымдарымыз да бұл мәселеде әрқандай пікір айтады. Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бір хадисі шәрифінде: «*Ciz-*

дерге үлкен күнәлардың ең үлкенін айтайын ба? Олар: Аллаһқа серік қосу, ата-анаға қарсы келу және жалған куә жасау» (Бухари, Әдеб-6; Муслим, Иман-38). Бұл хадисте үлкен күнәны үшеу деп айтса, мына хадисте жетеу екендігін білдіреді: «Азапқа ұшырататын жеті күнәдан сақтаныңыздар!- дегенде сахабалар: Олар не? – деп сұрады. Олар: Аллаһқа серік қосу, сиқыр жасау, хақсыз (орынсыз) адам өлтіру, жетімнің малын жеу, өсім жеу, соғыстан қашу, намысты және иманды бір әйелге зина жаласын жабу деп жауап береді». (Бухари, Уасия-1200)⁵⁸ – дейді.

Ал басқа бір хадисте осы айтылған жеті күнәға қосымша: ата-анаға құрметсіздік пен мәсжидул Харамда күнә істеуді қосып, үлкен күнәні 9-ға шығарады (қараңыз: Әбу Дәуіт, Уасия-10). Осыны негізге алып кейбір ғалымдар аят пен хадисте айтылған күнәларды жинақтай отырып, санын өте көп қылып көрсетеді. Мысалы Хафиз Зәхәби (өл. 748/1347) есімді ғалым «Китабул Кәбаир» атты еңбегінде үлкен күнәлардың жалпы саны 70 деп есептейді⁵⁹. Ал, Әбул Хажар әл-Хайтами деген ғалымның пікірі бойынша үлкен күнәның жалпы саны 467-ге жеткен⁶⁰.

Үлкен күнәлардың саны әр түрлі айтылғанымен бұларды істеген кісінің үкімі не болады деген сұрақ алғашқы мұсылмандар мен ислам мәзхабтарының өзекті мәселесіне айналды. Мысалы, Харижиттер үлкен күнә істеп қойған мұсылманға «кәпір» десе, Муғтазилиттер ондай кісі иманнан шығады, бірақ кәпір болмайды, иман мен күпірдің арасындағы «фысқ» мәртебесінде болады деп пәтуа берді. Егер тәубе етпестен өлетін болса,

⁵⁸ Мухтасар Сахиhi Бухари, 274-бет.

⁵⁹ Сайм Клавуз, ж.к.е., 46 бет.

⁶⁰ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Ибн Хажер ел-Хейтеми, Исламда хелаллер ве харамлар, Истанбул, 1990. 1,2- томдар.

мәңгілік тозақта қалады, тәубе еткен болса, мумин болып дүниеден өтеді деп қабыл етеді.

Әли сүннет бойынша, үлкен күнә істеген кісі мумин болып, тек істеген күнәсі үшін күнәһар аталады. Ақыретте істеген сол күнәсі үшін жаза шегіп, соңында жәннәтқа барады. Сондай-ақ істеген күнәсі үшін бұл дүниеде тәубе етсе, Аллаһ кешіруі мүмкін, қаласа жазалауы мүмкін. Алайда, оқырмандарымыз бұл жерде мынадай заңды сауал қоюы да мүмкін: «Үлкен күнә істеген, өмірінде амал етпеген мұсылманды Аллаһ қалайша жәннәтқа кіргізеді? Бұл әділдікке жатпас». Бұған былай жауап беруге болады: «Біріншіден: біздің сеніміміз бойынша, амал иманның бір бөлігі емес. Екіншіден: Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: **«Аллаһ мумин ерлер мен мумин әйелдерге астарынан өзендер ағатын, олар онда мүлде қалатын бақшалар және Ғадын жәннәтында көркем орындар уәде етті. Ал Аллаһтың разылығы өте зор табыс»** (9.Тәубе-72). Яғни муминдерге жәннәтты уәде еткен Аллаһ қалайша мумин құлын мәңгілік жәһәннәмда қалдырсын? Себебі, мәңгілік жәһәннам күпірге барғандардың еншісінде. Үшіншіден: Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: *«Жүрегінде титтей иманы болып, Лә илғәһ иллалаһ (Аллаһтан басқа тәңірі жоқ) деген адам жәһәннамнан шығады»* (Бухари, Китабул иман-41)⁶¹. (қосымша қараңыз: Муслим, Иман-84; Тирмизи, Жәһәннам-9; Ибн Мажа, Зухд-37).

Мұсылмандар Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінен бастап қазіргі таңға дейін мұсылман болып, үлкен күнә істеп өлген бауырларының, туыстарының жаназасын шығарып, олар үшін Аллаһтан жарылқау тілеп, дұға етуде. Негізінде кәпір болып дүниеден өткен кісілер үшін Аллаһтан жарылқау сұрауға болмайтындығы «Тәубе» сүресінің 113 аятында айтылған. Егер үлкен күнә істеген-

⁶¹ Мухтасар Сахиhi Бухари, 33-бет.

дерді кәпір деп есептегенде жаназасын шығармай, дұға етпей, оларға Құран да оқылмай, истиғфар тілемейтін еді⁶².

«Әй, муминдер! Аллаһқа шынайы тәубе қылындар. Раббыларың жамандықтарыңды жойып, астарынан өзендер ағатын жұмақтарға кіргізуі үміт етіледі» (66. Тахрим-8). Бұл аят тәубе етуді бұйырады. Ал тәубе негізінен үлкен күнә үшін жасалатындығын ескерсек, аятта үлкен күнә істеген пенделерге «Әй, иман еткендер, муминдер» деп, олардың бұл күнәлары үшін кәпір болмайтындығын айтып тұр. «Хужурат» сүресінің 9-аятында да бір-бірімен соғысқан екі мұсылман топқа муминдер делінгенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл жерде де сол аятты қосымша дәлел ретінде ала отырып, үлкен күнә істеген мұсылман кісінің кәпір болмайтындығы жөнінде ой қорытуға болады.

⁶² Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Нуреддин әс-Сабуни, әл-Бидаяту фи усулид-дин, 80-82-бет.

IV БӨЛІМ

ПЕНДЕНІҢ СЕНІМ ТҰРҒЫСЫНАН БОЛАТЫН ДӘРЕЖЕЛЕРІ

Құранда Жаратушыға иман ету мен иман келтірмеу тұрғысынан адамдардың діни дәрежесі әр түрлі болатындығы анық түрде баян етілген. Сондықтан біз де бұл жерде сенім тұрғысынан адамдардың ислам діні бойынша, қалай аталатындығын аят пен хадис аясында қарастыра отырып, олардың діни дәрежелеріне қысқаша анықтама берейік.

1. Мүмин

Аллаһқа, Оның Елшісіне және ислам дінінің әкелген барлық діни үкімдеріне күмәнсіз, сенімді түрде иман етіп, ислам дінінен басқа дінді қабыл етпеген кісіге мумин, не мұсылман дейміз. Жүрегінде иманы болып дүниеден өткен момын пенделерге Аллаһ о дүниеде сый ретінде жәннәттан орын беретіндігін көптеген аятта айтып өтеді. Мумин пенделер көзге көрінбеген, көрмеген, адам қиялынан тыс болған нәрселерге сенетіндігімен айқындалады.

Мумин пенделердің барар жері жайында аятта былай дейді: **«Расында иман келтіріп, ізгі іс істегендер үшін Фирдаус жәннәты қонақ үй болады. Олар онда мәңгі қалады да өздері одан ауысуды қаламайды»** (18.Кәһф-107).

Муминдер Аллаһқа және дінге шынайы сенгендіктері үшін еш күмәнсыз ақыретте астынан өзендер аққан Аллаһтың суреттеуге тіл жетпес жәннәтына барады. Се-

бебі, бұл Аллаһтың муминдерге берген уәдесі екендігі мына аятта: **«Раббыларынан қорыққандар үшін астарынан өзендер ағатын қабат-қабат салынған сарайлары бар. Бұл Аллаһтың уәдесі. Аллах уәдесінен таймайды»** (39.Зумәр-20) – деп бекітіледі.

2. Кәпір және күпірліктің түрлері

Аллаһқа және пайғамбарларына сенбеген діннің әмір мен тыйымдарына қарсы келген, жаратылыс ақиқатын мойындамаған кісіге «қабыл етпеуші, қарсы келуші, жоққа шығарушы» деген ұғымдарға келетін «кафир» (кәпір) атауын береді. Күпірлік тек Аллаһқа, пайғамбарына сенбеу ғана емес, діни үкімдердің қандай да біреуіне қарсы келумен де орындалады. Адамзат тарихындағы Аллаһтың бар және бір екендігіне сенбеуші, пайғамбардың хақ екендігін қабыл етпеуші «материалист» немесе «атеист» жандар діни тұрғыдан алғанда кәпір болып есептеледі. Құран Кәрім кәпірлер жайында өте көп сөз қозғайды. Құранда Аллаһқа сенбеушілер, Оған қарсы келушілер туралы айтылмаған сүрелер кемде-кем десек артық айтқандай болмаспыз.

Аллаһ Тағала өзіне сенбеген яки қарсы келген пенделерге ақыреттегі азабын баян ете келіп, олардың жан түршігерлік азапқа душар болатындығын аяттарында нақты айтады. Кәпірлер жайында айтылған кейбір аяттарды келтірер болсақ:

«Расында сондай қарсы келгендер және қарсы болған күйде өлгендер, міне соларға Аллаһтың лағынеті әрі періштелердің және барша адамдардың лағынеті болады» (2.Бақара-161).

«Негізінен ондай аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел тозаққа саламыз да, олардың

терілері жанған сайын азапты татулары үшін оны басқа терілерге ауыстырамыз. Шәксіз Аллаһ тым үстем, хикмет иесі» (4.Ниса-56).

«Күдіксіз аяттарымызды жасынға айналдырып, одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды. Олар түйе иненің көзінен өткенге дейін жұмаққа кірмейді. Күнәһарларды осылай жазаландырамыз. Оларға оттан төсек және үстерінде жамылғылар бар. Залымдарға осылайша жаза береміз» (7.Ағраф, 40 – 41).

«Әй, пайғамбар! Кәпірлермен және мунафиқтармен күрес. Оларға қатаң бол. Олардың орны тозақ, қайтып барар орны қандай жаман» (9.Тәубе-73).

«Сөзсіз күнәһарлар тозақтың азабында мәңгі қалады. Олардың азабы жеңілдетілмейді де, олар онда күдер үзген түрде қалады» (43.Зухруф, 74-75).

Пайғамбарымыздың да өмір бойы Аллаһ Тағалаға сенбеушілермен күресіп келгендігі мәлім. Бірақ, Аллаһ дінсіздерге үгіт-насихат дарымайтындығын айтып, олар үшін қайғырмауды мына бір аятпен түсіндіріп өтеді: «(Мұхаммед (с.а.у.)) Расында қарсы болғандарды үгіттесең де, үгіттемесең де бәрібір. Олар иман келтірмейді. Аллаһ олардың жүректерін, құлақтарын бітеген, әрі көздерінде перде бар. Сондай-ақ олар үшін зор қинау бар» (2.Бақара, 6 – 7).

Оқырмандарымыз бұл жерде: «Аллаһқа иман етпегенімен мұсылмандардан да жақсы мәміле жасаған, қолынан келген жақсылығын аямаған басқа дінде де адамдар баршылық, бұлардың жасаған жақсылығы ақыретте есептеле ме, әлде олар да кәпірлер секілді азапқа ұшырай ма? Азап шегетін болса жазығы не?» деген сауал қоюлары мүмкін.

Бұл сұраққа төмендегіше жауап беруге болады:

Біріншіден: Аллаһқа және иман негіздеріне иман

етпегендігі үшін олардың жасаған жақсы амалдары ақыретте өздеріне ешқандай пайдасы болмайтындығы мына аяттан белгілі болып тұр: **«Негізінен қарсы келіп, кәпір күйінде өлгендер олардың әрбіреуі жер беті тола алтын төлесе де әсте қабыл етілмейді. Міне солар үшін күйзелтуші азап бар. Сондай-ақ оларға ешбір жәрдем жоқ»** (З.Али Имран-91).

Екіншіден: Әлгіндей кісілер Әбу Тәлібтің Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) жасаған жақсылығындай жақсылық жасамаған болар? Әбу Тәліб Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) пана болып, ислам дінінің қуат алуына едәуір көмек көрсеткенімен бұл дүниеден имансыз кетті. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) ол кісіге өлер алдында қаншама рет жалбарынды:

- Уа, көкешім! Өлместен бұрын кәлимә шахадат айтшы. Ертең ақыретте Аллаһ Тағаланың алдында сенің мұсылмандығыңа куәлік етейін,- деді.

Сонда Әбу Тәліб:

- Мен ата-бабаларымның ұстанған дінімен өлемін. Егер мен сенің дініңді қазір қабыл етсем, Құрайыштар мен өлген соң Әбу Тәліб өлімнен қорыққандықтан, Мұхаммедтің (с.а.у.) дінін қабылдады деп, сөз айтатындығын білемін, - деп иман етпеген еді⁶³.

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) иман етпестен дүниеден өткен көкесі үшін Аллаһтан истиғфар тілеп, дұға еткенде мына аят түседі: **«Мұхаммед (с.а.у.) расында жақсы көргенінді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Аллаһ кімді қаласа, оны тура жолға салады. Сондай-ақ Ол тура жол табатындарды жақсы біледі»** (28. Қасас-56). Артынан мына аят тағы түседі: **«Пайғамбарға және муминдерге тозақтық екендігі өздеріне білінген-**

⁶³ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, *Адамзаттың асыл тәжі*, 226-228-бет.

нен кейін егер жақындары болса да мүшрикер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды» (9.Тәубе-113). Бұл аят қаншама жақсылық жасаған, 8 жасынан бастап, 50 жасына дейін мүшрикерден қорғап өткен Әбу Тәлібтің тозақтық екендігін білдіреді. Олай болса иман етпеген соң, салих амалдың ешқандай пайдасы жоқ екендігін ұмытпайық.

Күпірлік ету де өз кезеңінде кейбір себептермен болып жатады. Соған байланысты күпірдің мынадай түрлері болады:

а) Куфри инкари (түбегейлі қабыл етпеу)

Қандай да бір кісінің Аллаһтың бар екендігін, Хазіреті Мұхаммедтің хақ пайғамбар екендігін және Аллаһтан әкелген діні мен діни үкімдерді түбегейлі қабыл етпеуі - «куфри инкари» болады. Ондай кісілер жайында Құран былай дейді: **«Расында қарсы болғандарды үгіттесең де, үгіттемесең де бәрібір. Олар иман етпейді»** (2.Бақара-6).

б) Куфри жухуд (біле тұра қабыл етпеу)

Жүрегімен Аллаһтың бар және бір екендігін қабыл етіп, тілімен, сенімін айтпай иман етуге ыңғай танытпаған адамның күпірлігін «куфри жухуд» дейміз. Мысалы, шайтаның күпірлігі мен Фирғауынның күпірлігі осыған жатады.

в) Куфри инади (қырсықтықтан туындаған күпірлік)

Аллаһтың тәңірі екендігін жүрегімен біліп, бірақ Аллаһты тәңірі ретінде мойындауға келгенде шен-шекпен, лауазым, қызметінен айырылып қалудан қорқып, исламды дін, Аллаһты тәңірі ретінде қабылдамайтындығын айтқанға «куфри инади» дейміз. Мысалы, Әбу Тәлібтің Құрайыштардың «Әбу Тәліб өлімнен қорыққандықтан Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) дінін қабылдады» деп айтатын сөзі үшін иман етпеуі күпірліктің осы түріне жатады.

г) Куфри нифақ (екі жүзділіктен туындаған күпірлік)

Адам иман негіздеріне жүрегімен сенбестен, өтірік, сырт көзге жағыну мақсатында тілімен сенгендігін айтқанды «куфри нифақ» дейміз. Мунафиктардың күпірлігі осыған жатады⁶⁴.

3. Мүшрік және серік қосудың түрлері

Аллаһ Тағаланың жалғыздығына, теңі мен ұқсасы жоқ екеніне қарамастан серік қосушы кісіні «мүшрік» деп атаймыз. Ширк пен күпір сөзі бір-біріне жақын ұғымдар болғанымен, мағыналары әр түрлі. Күпір дегеніміз - иман негіздеріне сенбеу, Аллаһты тәңірі деп, Хазіреті Мұхаммедті (с.а.у.) пайғамбар деп қабыл етпеу болса, ширк - Аллаһты екеу немесе бірнешеу деп қабылдау болып табылады. Алғашқысы Жаратушыны, Оның Елшісін қабылдамайды, соңғысы Аллаһқа серік қосады. Сондықтан, мүшрік те, кәпір де Аллаһтың азабына ұшырайтын қауым болып саналады.

Құранда кәпірлер және мүшріктер деп жеке-жеке тоқталып, екеуінің өздеріне тиесілі ақыреттік жазалары айтылады. Әсіресе, Аллаһтың өзіне серік қосуды ешқашан кешірмейтіндігі мына аятта баян етілген: **«Негізінен Аллаһ өзіне ортақ қосуды жарылқамайды. Одан басқа кімді қаласа жарылқайды. Ал кім Аллаһқа ортақ қосса, расында өте қатты адасты»** (4.Ниса-116).

Аллаһ Тағала біздерге серік қосудан аулақ тұруымызды, өзіне ғана құлшылық етуімізді, өзінен ғана жәрдем тілеуімізді бұйырады. Бұл жайында да көптеген аят бар. Мысалы:

«Аллаһпен бірге басқа тәңірді шақырма! Одан

⁶⁴ Сайм Клавуз, ж.к.е., 40-42-бет.

басқа ешбір тәңір жоқ. Оның өзінен басқа барлық нәрсе жоқ болады. Үкім Оған тән. Сондай-ақ Оған қайтарыласындар» (28.Қасас-88).

«Аллаһқа бойұсынған түрде Одан қорқа отырып, намазды орындандар. Әрі ортақ қосушылардан болмандар» (30.Рум-31). (қосымша ретінде мына аяттарға қараңыз: 39.Зумәр, 65-66; 40.Ғафыр – 66; 41.Фуссилат – 37).

Аллаһқа серік қосудың да бірнеше түрлері болады:

а) Ширки истиқлал (екі құдай қабыл етумен серік қосу)

Аллаһ Тағаланы жаратушы Ие деп қабыл еткенімен, екінші бір тәңірінің бар екендігін яғни әлемді екі құдай билейді деп, құдайды екеу етіп қабыл етушілерді - «ширки истиқлал» дейміз. Мысалы, Мәжусилер «Жаксылық құдайы», «Жамандық құдайы» деп екі құдайға сенеді. Себебі, әлемдегі зұлымдық атаулыны Аллаһ жасамайды, оны жасаушы екінші бір Зұлымдық құдайы бар деп ұғынады.

б) Ширки тәбғиз (Аллаһ құдайлардан тұрады деп серік қосу)

Аллаһ Тағаланың бір екендігіне сенгенімен, Аллаһты бірнеше құдайлардан тұрады дейтіндерді «ширки тәбғиз» дейміз. Мысалы, Христиандар Аллаһтың Жаратушы Ие екендігін қабыл еткенімен, үштік сенімге сенеді. Бұлай сенген адам Аллаһ құзырында кәпір болады: **«Расында Аллаһ үштің үшіншісі дегендер кәпір болды. Бір тәңірден басқа тәңір жоқ. Егер олар бұл айтқандарынан тыйылмаса, олардан сондай қарсы келгендерге күйзелтуші азап бар»** (5.Майда-73).

в) Ширки тақриб (дәнекер қою арқылы серік қосу)

Әлемнің жаратушысы болған Аллаһтың бір екендігін қабыл етумен қатар Аллаһқа жақындастырады деген сеніммен тастан, ағаштан немесе басқа да бір заттан жасалған

пұтқа, мүсінге сиынуды - «ширки тақриб» дейміз. Мысалы, Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуіріндегі Меккелік мүшрикертер пұтқа осындай сеніммен табынған. Олардың түсінігі бойынша, Аллаһ әрқайсысымызға бір мезетте назар аудара алмайды, сондықтан Аллаһ пен арамызды байланыстырушы пұт деп сенді. Бұл жайында Құран былай дейді: **«Аллаһқа иланбай, басқаға табынғандар: «Оларға шоқынғанда, біз тек солар бізді Аллаһқа жақындастырсын деп шоқынамыз»,- дейді»** (39.Зумәр-3).

г) Ширки тақлид (еліктеу арқылы серік қосу)

Арнайы түрде тәңір ретінде таңдап алмаған, тек ата-бабаларынан бері келе жатқан әр түрлі затқа сиынуды - «ширки тақлид» деп айтады. Ата-баба жолын, дінін ұстаймыз деп пұттарға табынушылық осыған жатады. Құранда бұл мәселені былай деп келтіреді: **«Осылайша сенен бұрын бір мемлекетке пайғамбар жіберген болсақ олардың беделділері: «Расында біз аталарымызды бір жол үстінде таптық. Біз де солардың ізінен жүреміз», - деді»** (43.Зухруф23).

д) Ширки әсбаб (табиғат заңдылықтарын негізге алумен серік қосу)

Әлемдегі әр түрлі заңдылықтардың Аллаһ тарапынан жаратылмағандығын керісінше, өздігінен кездейсоқтық нәтижесінде жаратылғандығына сенгендерді - «ширки әсбаб» дейміз. Мысалы, материалист философтардың түсінігін осы бабтағы ширкке жатқызамыз⁶⁵.

4. Мунафиқ (екі жүзділік)

Имансыз бола тұра, мұсылман секілді көріну үшін тілімен иман еткен кісіге «мунафиқ» дейді. Мунафиқ

⁶⁵ Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 55-57-бет; Сайм Клавуз, ж.к.е., 42-44-бет.

мұсылман ортасында мұсылман сияқты әрекет етіп, кәпірлердің ортасына барғанда күпірлігін жалғастыра береді. Олардың мақсаты сырт көзге мұсылман көрініп, мұсылмандарды іштей ыдырату, алауыздық тудыру, бүлік шығару. Мунафиқ есімі жер астында екі іні бар көртышқанға ұқсас. Көртышқан қауіп келгенде қалайша екінші інінен шығып кетсе, сол секілді мунафиқ та орны келгенде мұсылманмен бірге мұсылман болып, дінсіздерге қауышқанда исламға дұшпан болып шыға келеді⁶⁶.

Мунафиқ жүрегіне әлі иман толық ұяламаған, іштен шыққан жау іспеттес. Мұндай екіжүзді имансыз кісілер адамдарды алдағанымен, бүкіл әлемнің жаратушысы Ұлы Аллаһты алдай алмайды. Кәпір мен мунафиқты қалай айырамыз деп сұрайтын болсаңыз: мұсылмандар арасындағы кәпір мен мунафиқтар күріш ішіндегі тас іспеттес. Күріш ішіндегі қара тастарды оңайлықпен көре алсақ, мұсылмандар ішіндегі кәпір кісілерді де дәл солай ажырата аламыз. Ал күріш ішіндегі ақ тасты оңайлықпен көре алмаймыз да, тамақ ішкен кезде тісімізді сындырған уақытта барып, ақ тасты шайнап жібергенімізді аңғарамыз. Міне, мұсылмандар ішіндегі мунафиқты да бір қарағанда тани алмағанымызбен, басқа іс түскенде оларды тез айыруға болады⁶⁷.

Пайғамбарымыздың Меккедегі алғашқы жылдарында мунафиқтар болмағанымен, олар Мәдина дәуірінде бірден көрініп қалады. Себебі, Мәдина мұсылмандардың билігіне өткендіктен имансыздар ислам дініне, билігіне қарсы шығуға күштері жетпестен лажсыздан мұсылман іспетті көрінуге тырысып, мунафиқтар (екіжүзділер) деген атпен жаңа дінсіздер тобы пайда болды. Олар пайда болған уақыттан бастап үнемі ыңғайлы, оңтайлы, сәтті

⁶⁶ Мехмед Емре. Ланетленмиш кишилер ве ишлер, Истанбул, 1994, 41-бет

⁶⁷ С. Сейтбеков, С. Нысанбаев. Ислам әдебі, Шымкент, 2003 ж., 129-бет.

тұстарды андумен өтті. Мақсаттары - мұсылмандар арасында күмән тудыру, бүлік шығару еді. Бәну Мусталик жорығында Хазіреті Айша (р.анһ.) анамызға жала жауып, мұсылмандар арасында өсек таратқан мунафиқтар болатын. Бәдір мен Ұхуд соғысында мұсылмандарды тастап, шайқастан бас тартқанымен қоймай, мұсылмандардың жігерін, ықыласын тежеу үшін түрлі сөздер айтып, өздерінің қандай мақсатта өмір сүретіндігін айқын көрсетті.

Аллаһ Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) сол кезде кімдердің мунафиқ екендігін уахи арқылы білдіргенімен, Пайғамбарымыз (с.а.у.) пәленше мунафиқ деп олардың ешбірін әшкере етпеген. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларының ішінен сырласы Хазіреті Хузайфатул Яманға кімдердің мунафиқ екендігін көзі тірісінде айтып кетеді. Ал Хузайфа бұл сырды өлгенше ешкімге айтпады. Негізінен, Хазіреті Пайғамбар мунафиқтарды танығандықтан, олар өлсе, жаназасына бармайтын. Хузайфа да өмірінде солай істеді. Бұл сырды білген Хазіреті Омар бір жаназа шықса, алдымен Хазіреті Хузайфаға қарайтын. Егер Хузайфа жаназа намазын оқуға бармаса, Хазіреті Омар да өлген кісінің мунафиқ екендігін біліп, жаназасын оқымайтын.

Аллаһ Тағала мунафиқтардың қандай адам екендігін арнайы «Мунафиқун» сүресінде кеңінен баян етеді. Мунафиқ ақиқатында кәпір болғандықтан ақыретте тозақта мәңгілік қалады. Бұл ақиқат. Өйткені, мунафиқтар жайында Құранда: **«Негізінен мунафиқтар тозақтың ең төменгі қабатында болады. Әрі оларға ешбір көмекші таба алмайсың»** (4.Ниса-145) – делінеді.

«Шексіз Аллаһ мунафиқтар мен кәпірлерді бір тұтас тозаққа жинаушы» (4.Ниса-140).

«Мунафиқ ерлер мен әйелдер бір-біріне ұқсайды. Олар жамандыққа бұйырып, игіліктен тосады.

Сондай-ақ олар сараңдық етеді. Олар Аллаһты ұмытқандықтан Аллаһ та оларды ұмытты. Расында мунафиқтар фасық кісілер» (9.Тәубе-67).

«Мұхаммед (с.а.у.) мунафиқтарға өздеріне негізінен күйзелтуші азап бар екендігін сүйіншіле» (4.Ниса-138).

Хазіреті Пайғамбарымыз мына хадисімен мунафиқтардың бойынан табылатын басты ерекшеліктерін былайша атап көрсетеді: *«Мунафиқтың белгісі үшеу: сөйлеген кезде өтірік айтады, уәде берген кезде сөзінде тұрмайды және аманатқа қиянат жасайды»* (Бухари, Иман – 31)⁶⁸.

Абдуллаһ ибн Амр ибн Астың риуаят етуі бойынша, Хазіреті Пайғамбарымыз былай дейді: *«Мына төрт қылық кімде болса сол кісі мунафиқ болады: 1. Аманат етілгенде қиянат етеді; 2. Сөйлеген кезде, өтірік айтады; 3. Уәде берген кезде, уәдесінде тұрмайды; 4. Күзгер болғанда, жалтарады»* (Риязус Салихин. 3 том, 1572 хадис.). Олай болса, осы айтылған жаман қылықтардан бойымызды аулақ ұстағанымыз абзал.

5. Мургәд (ислам дінінен басқа дінге өтуші)

Мургәд - ислам дінін қабыл етіп, мұсылман болғанымен кейіннен кейбір себептерге байланысты басқа бір дінге өткен кісі. Мургәд кісі шынайы дін болған ислам дінінен шыққан соң діни тұрғыдан қарағанда иман етпеген кісімен бірдей болып, істеген амалының бәрі ақыретте еш болады. Ислам дінінен басқа бір дінді іздеумен сол дінге кіру Аллаһ құзырында қабыл болмай, ақыретте ондай пенденің тозақтық болатындығы жайында Құранда: **«Аллаһтың қасында шынайы дін Ислам»** (3.Әли Имран-19), **«Кім Исламнан басқа бір дін**

⁶⁸ Мухтасар Сахиhi Бухари, 31-бет.

іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де, ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады» (3.Әли Имран – 85) – деген аяттар бар.

Исламды дін ретінде қабыл ете отырып, басқа дінге өту – дініміз бойынша, ең ауыр күнә. Оның жазасы осы дүниеде, әрі ақыретте беріледі. Діннен шыққандар жайында Құранда былай дейді: «Сендерден кім діннен қайтып, ол кәпір күйінде өлсе, олардың амалдары дүние мен ақыретте де жойылып және олар тозақтық болып, олар онда мәңгі қалады» (2.Бақара-217).

«Қиямет күні кей беттер ағарып, кей беттер қараяды. Сонда қара беттерге: Иман келтіргеннен кейін қарсы келдіңдер ме? Ендеше қарсы келулерің себепті азапты татыңдар делінеді» (3.Әли Имран-106).

«Әй, муминдер! Сендерден кім діннен шықса, Аллаһ жедел бір қауым әкеледі. Аллаһ оларды жақсы көреді, олар да Аллаһты жақсы көреді» (5.Майда-54).

Муртәд кісі ислам заңдылығы мен тәртібі бойынша тәубе етіп, қайта дінге кіруге шақырылады. Бірнеше рет үгіт-насихат айтып, жасаған әрекетінің дұрыс еместігі үшін тәубеге келуге үгіттеледі. Егер тәубе етіп, қайта кәлимә шахадат келтірсе, әлбетте Аллаһ оның тәубесін қабыл қылып, өткен күнәсін кешіреді. Себебі, Аллаһ Құранда былай дейді: «Әй, өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рахметінен күдер үзбендер. Аллаһ күнәларыңды түгелдей жарылқайды. Өйткені Ол тым жарылқаушы, төтенше мейірімді, - деп айт» (39.Зумәр-53).

«Бірақ кімде-кім тәубе қылса, сондай-ақ кім иман келтіріп, ізгі іс істесе, міне Аллаһ олардың жамандықтарын жақсылықтарға ауыстырады. Аллаһ өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. Кімде-кім тәубе етіп, түзу іс істесе, рас ол Аллаһқа лайықты түрде қайтқан болады» (25.Фурқан, 70–71).

Діннен шыққан мұсылман кісі айтқан үгіт-насихатты тыңдамай, айтқанынан қайтпай, исламды шынайы дін деп есептемесе, әһли сүннет ғалымдары ондай кісіге исламның бұйырған «әс-сәләму алайкум уә рахматуллаһ» деген сәлемі берілмейді, сойған малының еті желінбейді, мұсылман әйелмен үйленуіне рұқсат етілмейді, мұсылман әке-шешесіне, туысына мирасқор бола алмайды, өлген кезде жаназасы шығарылмайды және мұсылман зиратына жерленбейді деп үкім берген⁶⁹.

6. Фасық (күнәһар, бұзақы)

Фасық - Аллаһтың әмірлеріне қарсы әрекет ететін, күнәһар, жаман мінезді, жамандық жасауды әдетке айналдырған мұсылман кісі. Фикһ іліміндегі фасық сөзінің терминдік мағынасы былай болып келеді: «Аллаһқа итағатты (мойынсұну) тәрк еткен және Оған қарсы келген, үлкен күнә істеуден тайынбаған, кіші күнә жасауды әдетке айналдырып, тура жолдан шыққан кісі фасық деп аталады».

Шариғат үкімі бойынша фасық әрекеттің үш дәрежесі бар:

1. Күнәнің жаман екендігін біле тұра, кейде күнә істеу.
2. Бір күнәні әдейілеп жасау.
3. Бір амалдың харам әрі күнә екендігін біле тұра күнә істеу.

Үшінші дәрежесі жасалған кезде адам кәпір болады. Фасық кісі мұндай дәрежеге келмейінше, әһли сүннет сенімі бойынша мұсылман деп аталады⁷⁰.

⁶⁹ Али ибн Мухаммед Мауарди, Әл-Ахкамус-султания уәл-уәләятуд-диния, Мысыр 1380/1960, 57-бет.

⁷⁰ Елмалы Хамди Иазыр. Хак дини Куран дили, Истанбул, 1993, 1-том, 282-бет.

Құранда фасыққа байланысты аяттарда фасықтықтың, яғни күнәһарлықтың қандай жағдайларда болатындығы айтылады: **«Хаж белгілі айлар. Кім ол айларда (ихрам байланып) міндеттенсе, хаж кезінде әйелге жақындасу, фасықтық (күнә) істеу және жанжал жоқ»** (2.Бақара-197).

«Аллаһтың аты айтылмай (бауыздалған мал) жемендер. Оны жеу күдіксіз фисқтық (арам) болады» (6.Әнғам-121).

«Фасық» атауы күнә жасаушы мұсылман пендеге берілген есім болғанымен, кейде күпірлікпен бірдей мағынаға да келеді. Аятта осы мәселенің астары анық беріледі: **«Расында саған ап-ашық аяттарды түсірдік. Оған фасықтар ғана қарсы шығады»** (2.Бақара-99). (қараңыз: 10.Юнус-23; 5.Майда-81).

7. Аси (дінге және билікке қарсы шығушы)

Аси - Аллаһтың бұйырған әмірлерін орындамаған, Аллаһтыңүкімдерінеқарсышыққанкүнәһармұсылманның атауы. Аси сөзі Құран Кәрімде де Аллаһтың және Оның Елшісінің әмірлеріне қарсы келуші, күнәһар адам мағынасында қолданылады: **«Ал кім Аллаһқа, Елшісіне қарсы келіп (асилік етсе) Оның шектерінен шықса, ол ішінде мүлде қалатын отқа кіргізіледі. Оған қорлаушы азап бар»** (4.Ниса – 14).

«Сондай-ақ кім Аллаһқа, Елшісіне қарсы келсе (асилік етсе), сонда рас ашық адасқан болады» (33. Ахзаб-36). (қосымша аяттар үшін қараңыз: 19.Мариям – 44; 49.Хужурат – 7; 72.Жын – 23).

Асидің істеген күнәсі үлкен болсын, кіші болсын егер күпірлік ететіндей деңгейге жетпеген жағдайда, әһли сүннет ғалымдары ондай кісіні күнәһар мұсылман деп

атайды⁷¹. Бірақ, бұл атау осы пәни дүниеге ғана қатысты, ал ақыретінің қандай болары бір Аллаға ғана аян. Жоғарыда келтірген «Ниса» сүресінің 14 - аяты асилердің шектен шығуынның кесірінен кәпірлер секілді мәңгілік тозақта қалдырылатынын баян етуде. Олай болса, фасық пен күнәһар мұсылманның ақыреті де бұлыңғыр, тұманды болмақ.

Ислам тарихында халифа билігіне қарсы шыққан, бас көтерген мұсылмандарды да «асилер» деп атаған.

⁷¹ Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 71-72-бет.

V БӨЛІМ АЛЛАҒҚА ИМАН

1. Аллаһтың бар және бір екендігіне сену

Адамзат тарихына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, ең алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, бүгінгі күнге дейін өмір сүрген барлық қауымдар бүкіл әлемді жаратқан Жаратушы Жаппар Иеге сеніп, өз танымының шама-шарқынша құлшылық еткен. Өйткені адам жер бетіндегі тіршілік ішіндегі сана-сезімі бар жалғыз жаратылыс иесі болып табылады. Міне, сондықтан адам баласы өмірге келген соң, тендесі жоқ бұл таңғажайып әлем жайында бір мезет ойланбауы мүмкін емес. Ешқандай ақауы жоқ бұл әлемді жаратқан Құдіретті күш иесінің бар екендігіне көз жеткізген адам баласы, сол құдіреті күшті Жаратушыға сиынған, табынған.

Аллаһ Тағала адамдардың бір Жаратушыға, яғни жалғыз өзіне табынуын қалағандықтан, бірнеше пайғамбарлар жіберіп, өзіне қалай сену мен қалай құлшылық ету қағидаларын білдірді. Және адамды өте көркем бейнеде жаратып, кәміл жаратылыс иесі ретінде оған түрлі қасиеттер мен қабілеттерді бойына сіңірді. Ғаламдағы бүкіл нығмет пен рызық атаулыны адамның игілігіне ұсынды, ақ пен қараны ажырату үшін ақыл беріп, мұның өтемі ретінде Жаратушыны танып, соған ғана құлшылық етуді әмір етті. Мысалы, сізге бір кісі еш ақы талап етпей күніне 24 алтын ақша беріп тұрса, және оның бірін ғана сол кісіге жұмсайтын болсаңыз, ондай

шартты әлбетте қуана-қуана қабылдар едіңіз. Міне, сол сияқты Аллаһ Тағала адамға бір күнде 24 сағатты тарту етсе, сол 24 сағаттың бір сағатын Аллаһқа құлшылық етумен өткізуге болады ғой? Аллаһ Тағаланың пенделерінен талап ететіні сол бір сағаттық құлшылық қана. Күнделікті бес уақыт намазыңызды жинақтап есептесеңіз 1 сағаттан аспайды. Қалған 23 сағаты әлбетте, сіздің басқа да тіршілік, hareketтеріңізге жетіп артылатыны шүбәсіз жайт.

Бүкіл әлемдердің Жаратушысы, барлық нәрсені жоқтан бар еткен, барлық нәрсені жаратуға күдіреті жететін бір Аллаһқа сену балағитқа жеткен әрбір ақыл есі дұрыс пендеге парыз. Ғалымдарымыздың пікірі бойынша, пайғамбар келмесе де адамдар Аллаһтың бар және бір екендігін ақылдарымен табуы - уәжіп. Себебі, адамның қабілеті мен ақылы бұған жететіндей деңгейде жаратылған⁷².

Бізді қоршаған әлем, аспан мен жердегі қаншама теңдесі жоқ жаратылыстың баршасы Ұлы Жаратушымыз Аллаһтың бар екендігіне толықтай айғақ бола алады. Бұл жөнінде Қасиетті Құран Кәрімде: **«Жер мен көктің жаратылуында және күн мен түннің алма-кезек өзара алмасуында ақыл иелері үшін (Аллаһтың бірлігін, барлығын білдіретін) айқын дәлелдер бар»** (3.Али Имран-190) – деп нақты баян етілген. Және бір аятта Аллаһ Тағала: **«Жер мен көктің жаратушысы Аллаһтың бар екендігіне күмәнданасындар ма?»** (14.Ибраһим-10) – деп бұлтартпас айғақпен ұғындырады.

Алайда, бір айта кетер жайт, аспан мен жердің арасындағы тіршілікті жоқтан бар еткен, бүкіл әлемдердің жаратушысы Аллаһ Тағаланы толық мән-мағынасында қамтып түсінуге адамның ақыл-санасы жетпейді. Себебі, адамның болмысы шектеулі. Мысалы, қос жанарыңыздың

⁷² Нуреддин әс-Сабуни. әл-Бидаят фи усулуд-дин, 85-бет;

барлық нәрсені көруге құдіреті жетпейді. Сол себепті микроскоп, дүрбі тәрізді аспаптарды көзімізге көмекші ретінде қолданамыз. Құлақпен тек жақын дыбысты ғана ести аламыз және осы секілді өзге де мүшелеріміздің қабілеттері шектеулі екені белгілі. Олай болса, шектеулі тіршілік иесі адамның шексіз құдірет Иесі Аллаһты толық көріп, біліп тани алмайтыны анық. Аллаһ Тағаланың өзін толық танып, білу былай тұрсын, Аллаһтың жаратқан тіршіліктегі заттар мен құбылыстардың да қыр-сырына үңілуде ақыл шарасыздық танытып жатады. Бізге Аллаһты толық білуді емес, ең бастысы, Оның барлығы мен құдіретіне сеніп, құлшылық ету бұйырылған. Әрине, мәселенің бұлай болуы да бекерден бекер болмаса керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадис шәрифте: *«Сендер Аллаһтың нығметтерін (жаратқандарын, құдіретін, ұлылығын) ойлаңыздар. Бірақ Аллаһтың заты жайында ойланбаңыздар»* (Китабул әрбайн, 1 т. 90 б.)⁷³ - дейді.

Негізінде адам баласы қандай да бір нәрсені ойлаған кезде, алдымен оны салыстырып, таразылап алады. Мәселен, адам өмірінде көрмеген нәрсені алғаш көргенде таңырқап, оның не екендігін білместен тек соған ұқсас, өзіне белгілі нәрсеге теңеумен ғана шектеледі. Қарды алғаш көрген бала қатты таңырқап әкесіне: «Әкешім! Аспаннан мақта жауып жатыр», - деген екен. Сол секілді адам Аллаһқа сенген соң әлбетте Оның болмысы жайлы ойланады. Аллаһ қандай? Ол қалай пайда болған? Оны кім жаратты? дегендей сан алуан сұрақтар әрбір пенденің ойын мазалап, оған өз деңгейлерінде жауап іздетеді. Мұндай сәтті шайтан әсте мүлт жібермейді. Басыңыздағы жүйесіз сұрақтар мен қиял, күмәндарды одан сайын үдете түседі. Мұндайда ең абзалы, сұрақ мазалап, ә дегеннен

⁷³ Осман Нұри Топбаш. Ислам, иман ғибадат, аударған: Хайреддин Өзтүрк, Алматы, 2003, 60-бет.

ойға шабуылдай бастағанда дереу сол жерден кері қайтқан жөн. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына Аллаһты түсіндіргенде Оның заты, жаратылысы, болмысы жайлы ойланбауды бұйырған. Сонымен қатар, Пайғамбарымыз шайтан адамға ананы кім жаратты, мынаны кім жаратты деген сұрақты сұрататындығын айта келіп, мұндай жағдайға түскен кісіге сол сәтте «Кәлімә-и шахадатты» айтуы керек екенін ескерткен.

Олай болса, Ұлы Жаратушыға сенім мәселесінде ешқандай күмән мен жаңсақ пікірге бой алдырмай, Аллаһ Тағаланы жалғыз әрі жаратылғандарға мүлдем ұқсамайтын нұқсан сипаттардан пәк деген нақты пайымды ұстанғанымыз жөн.

2. Аллаһтың барлығы мен бірлігін растайтын діни және қисындық (ақли) дәлелдер

Аллаһ Тағаланың бар және бір екендігінің ең басты дәлелі қасиетті Құран Кәрім болып саналады. Құранда Аллаһтың жалғыз екендігі, Өзінен басқа тәңірі жоқ екендігі мен құлшылық иесі екендігі, әуелі мен ақыры жоқ екендігі және бар болу үшін еш нәрсеге мұқтаж емес екендігі көптеген аяттарда кездеседі. «Таһа» сүресінің 14-аятында Аллаһ өзінің шынайы тәңірі екендігін былай деп келтіреді: **«Рас мен Аллаһпын, Менен басқа тәңірі жоқ. Сондықтан маған құлшылық қыл. Сондай-ақ Мені еске алу үшін намазды толық орында».**

«Ол сондай Аллаһ көктерді тірексіз көтерді, көріп тұрсындар. Содан соң ғаршыны меңгеріп күн мен айды іске қосты. Олардың әрқайсысы белгілі бір мерзім үшін жүреді. Бүкіл істерді Өзі жолға қойып, аяттарды ашық баян етеді. Әрине Раббыларыңа кездесетіндеріңе нанарсындар» (13.Рағызд-2).

«Ол сондай Аллаһ сендерге көктен жанбыр жаудырып, одан сусын және сол арқылы малдарыңды жатын орман шығарды» (16.Нахыл-10).

«Көктер мен жердің жаратылуы және ондағы жәндіктердің таралуы Оның белгілерінен. Ол оларды қашан қаласа да жинауға күші толық жетеді» (42.Шура – 29).

Міне, Құранда осыған ұқсас аяттар жеткілікті. Мұның бәрі Аллаһ Тағаланың бар екендігіне айқын дәлел болып табылады. Дегенмен, кейбір адамдар Аллаһтың жалғыз екендігіне күмәнданып, санасында бірнеше құдайға деген сенім қалыптастырады. Бірақ, сенімнің бұл түрі - күпірлік болып саналады. Құранда Аллаһтың серігі жоқ жалғыз екендігі «Ықылас» сүресінде анық баяндалады: «(Мұхаммед (с.а.у.)) Оларға айт: Ол Аллаһ біреу-ақ. Аллаһ еш нәрсеге мұқтаж емес. Ол тумады және туылмады. Әрі оған ешкім тең емес».

«Егер жер мен көкте Аллаһтан басқа да тәңірлер болғанда, әлбетте, жер мен көк екеуі де бұзылып кетер еді. Ғаршының Раббы Аллаһ олардың жасанды сипаттарынан пәк» (21.Әнбия – 22).

Ал мына аят христиандардың Аллаһты үшеу дейтін түсінігін жоққа шығарады: «Әрі Аллаһты үшеу демендер, одан тыйылындар. Сендер үшін жақсы. Шынайы түрде Аллаһ бір-ақ Тәңірі» (4.Ниса-171).

Кімде-кім христиандар секілді Аллаһ Тағаланы үшеу десе, ол кәпір болады деп, Аллаһ қатаң түрде ескертеді: «Расында Аллаһ үштің үшіншісі дегендер кәпір болады. Бір Тәңірден басқа тәңірі жоқ. Егер олар бұл айтқандарынан тыйылмаса, олардан сондай қарсы келгендерге күйзелтуші азап кездеседі» (4.Ниса – 73).

Құран Кәрімде Аллаһ Тағаланың бар және бір екендігін баян еткен аяттардың көпшілігі Оны сипаттау

арқылы түсіндіреді. Бұл аяттар әсіресе таухид мәселесіне көбірек тоқталып, Аллаһтың серігі мен ұқсасы жоқ екендігін тайға таңба басқандай етіп дәлелдеп береді.

Құран аяттарына назар салып қарайтын болсақ, аяттардың Аллаһты тану тұрғысындағы методологиясынан төмендегідей маңызды мәселелерді бөле-жара келтіріп кетуге болады:

- Ұлы құдірет пен хикметтің жемісі болып табылатын адамның жаратылысы арқылы, оны осылай кемшіліксіз етіп жаратқан Аллаһтың бар екендігіне сену.

- Айналамыздағы өмір сүріп жатқан өзге де тіршілік иелеріне көз жүгіртіп, олардың жаратылысындағы шексіз құдірет иесінің шеберлігін мойындап, Оған сену.

- Табиғаттағы таңғажайып үйлесімге, жалпы жер бетіндегі тіршілік атаулыға қарай отырып, оларды жаратқан құдіреті күшті Аллаһтың бар екендігін мойындау.

- Көктегі жұлдыздар әлеміне, ай мен күннің жаратылысы мен аспан әлеміндегі планеталардың айналымына, күн мен түннің адам игілігі үшін ауысуына қарап, ойлану арқылы Аллаһтың бар екендігіне сену⁷⁴.

Міне, бұл Аллаһтың бар екендігі жайындағы мол дәлелдердің аз ғана бір бөлігі болып табылады. Негізінде бұл тақырыпқа байланысты дәлелдерді тізбектей берсек таусылмайды.

Енді қисындық дәлелдерге жалпылама шолу жасап көрейік:

а) Адамның жаратылысы: Адам тән мен жаннан тұратындығы мәлім. Осы тән мен жан адамды ізденіс пен зерттеуге итермелеп, өзін жаратқан Жаратушыны табуға бағыт береді. Сонымен қатар адам бойында құдіреті күшті тылсым күшке сену сезімі бар. Сол сезім арқылы адам ба-

⁷⁴ Метин Юрдагүр. Аллаһын сыфатлары, Истанбул, 39-40-бет.

ласы қысылтаян кезде Құдайға сиынып, өзін жұбатуға тырысады. Бұл санамызға әбден сіңген сезім.

ә) Адам ақылымен айналадағы тіршілік атаулының алғашқы бастамасын ойлау арқылы Аллаһты табады. Мысалы, бір сағатты алатын болсақ, ол сағатты кім жасады, қалай жасады? Әлде сол күйінде бар болған зат пе еді, деп таразылаймыз. Асылында, сағатты өздігінен жаратылған деп ешкім айта алмайды. Әлбетте, оны жасаған бір шебердің бар екені анық. Сол секілді мына әлемді де жаратқан құдіреті күшті Шебердің бар екендігіне көз жеткізіп, Аллаһты еріксіз мойындаймыз.

б) Біздің өмір сүруіміз үшін өте тамаша, рет-ретімен, ешқандай кемшіліксіз жаратылған табиғатқа қарай отырып, оның ішіндегі түрлі заңдылықтардың бар екендігіне көз жеткіземіз. Міне сол заңдылықтардың өздігінен, кездейсоқтықтан пайда болуы мүмкін емес екендігі белгілі. Мысалы, физика ғылымындағы атом ең кішкентай ретінде заттарды құрайды. Ал заттар атомнан тұрса, сол атом қайдан пайда болды? Өздігінен бе, әлде біреу жаратты ма? Әлбетте, оның өздігінен болмайтындығын физиктер кәсіптік тұрғыдан дәлелдеп береді. Олай болса табиғаттағы заңдылықтарды ешқандай қатесіз, ретпен, өлшеммен, есеппен жаратқан Аллаһтың бар екендігіне де күмән жоқ.

в) Адамзатты ойландырып, ақылын сан-саққа жүгіртетін және бір мәселе ол - әлемдегі тіршілік атаулының өмір сүруі мен әрекет етуі. Айналамыздағы жанды заттарға тіршілікті кім берді, олар қалай өмір сүруде деген сұрақтың жауабы тізбектеле келіп, ең соңғы нүктесі Аллаһ Тағалаға барып тіреледі де, Оған сенуге мәжбүр етеді⁷⁵.

⁷⁵ Имам Газали. Иһиау улумид-дин, мутержим; Ахмет Сердароглу, Истанбул, 1-том, 269-270-бет; Сайм Клавуз, Акиф Көтен, Осман Четин, Хүсейин Алгүл, ж.к.е., 122-123-бет.

г) Аспан әлеміндегі сансыз планеталар жұлдыздар бір-бірімен қақтығыспай дәлме-дәл есеппен миллиардтаған жылдар бойы орасан жылдамдықпен үнемі қозғалыс үстінде. Сондай тамаша жүйенің өздігінен болуы мүмкін емес. Жер бетіндегі тіршілікті асқан шеберлікпен жаратқан Аллаһ аспан әлемін де солай шебер түрде жаратқанын ақыл еріксіз мойындайды. («Қаф» сүресінің 6-8 аяты бұл тұжырымды айғақтай түседі).

д) Дарвиннің айтқанындай, жануарлар мен жәндіктер шынында да эволюциялық даму немесе өзара күрестің нәтижесінде жаратылды ма? Адам маймылдан, маймыл бауырмен жорғалаушыдан, бауырмен жорғалаушы балықтан шықты деген қорытындыны ақылға салып көрейікші? Олар бір-біріне ұқсай ма? Әрине, олар бір-біріне мүлде ұқсамайды және әрбірі жеке бір әлем. Бұл жерде әрбір тіршілік иесі өз алдына Ұлы Жаратушының бар, бір екендігін, Оның Шебер Жаратушы екендігіне айқын дәлел болады. Әрине, мұнда байыппен ойланған жандар үшін үлкен ғибрат бар⁷⁶.

е) Бүгінде ғылым мен технология дамып, шарықтау шегіне жетті. Бірқатар ғылыми жаңалықтар ашылып, ғалымдар Аллаһ Тағаланың бар екендігін қабылдап, еріксіз мойындай бастады. Жаратылыста кездейсоқтыққа орын жоқ екені ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Мысалы, бүкіл тіршілік атаулының негізін құрайтын протейнді алайық. Бір протейнді алып зерттегенде оның 5 элементтен, яғни: көміртегі, сутегі, оттегі, азот және күкірттен тұратындығы анықталған. Сонымен қатар, бір протейнде 40 мың молекула болады. Осы бір протейннің өздігінен пайда болуы үшін жоғарыдағы 5 элементтің бір жерге жиналып, протейнді құрауының ықтималдығын ойла-

⁷⁶ кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Қайрат Жолдыбайұлы, Ұлы Жаратушыға иман, Алматы, 2003.

нып көрелік. Иә, математиктердің есебі бойынша, бір протейннің өздігінен жаратылуы үшін 5 элементтің бір жерге жиналу ықтималы 10^{160} дәрежесінде 1 ғана екен. Демек, бір протейннің өздігінен жаратылуы үшін қанша жыл керек екендігін ойласаңыз, таңданбасқа шараңыз қалмайды: ол - 10^{243} дәрежесіндей жылға тең. Бір протейн үшін осынша миллиондаған жыл керек болса, бүкіл тіршілік атаулы үшін қанша уақыт керек екендігін өзіңіз ойлана беріңіз. Әрине, мұндай қиялы жүйесіздіктен гөрі, бүкіл әлемді жаратқан Аллаһ Тағалаға сену саналық тұрғыдан әлдеқайда ақылға қонымды екені айқын.

3. Бір ғалымды Аллаһтың бар екендігіне сендірген жеті себеп

Нью-Йорк ғылым академиясы төрағасының бірі болып қызмет еткен А. Гресси Моррисон (A.Gressy Morrison) өзінің ғылыми зерттеуінің нәтижесінде Аллаһтың бар екендігін мойындап, өзге де әріптестеріне Аллаһтың бар екендігіне сендіретін жеті себеп атты мақаласын жариялады. Гресси Моррисон: «Ғылым мен технология құдіретті Жаратушының заңдылықтарын біртіндеп ашуда. Ғылыми жетістіктер көбейген сайын Аллаһтың бар екендігі дәлелденіп, Оған сенуге мәжбүр болудамыз. Мені мына жеті себеп Жаратушының бар екендігіне сендірді», - деді.

1. Математикалық, физикалық заңдылықтар тұрғысынан ғаламның жоспарын жасаған және сол жоспар бойынша тіршілікті жаратқан ұлы бір Сананың бар екеніндігін дәлелдей аламыз.

Қалтаңызда бірден онға дейін нөмірленген он дана тиын салыңыз да, оларды жақсылап араластырыңыз. Енді сол тиындарды біртіндеп рет-ретімен нөмірі бойынша бірден онға дейін кезегімен қалтаңыздан шығарыңыз. Бірақ,

алған тиынды қалтаңызға салыңыз да, қайтып араластырып шығыңыз. Яғни біріншіде 1 тиынды алып, кезегімен 2 санды тиынды шығаруыңыз керек. Осылай бірінен кейін бірін кезегімен шығаруға тырысыңыз. Алғашқы 1 тиынды қалтаңыздан шығару мүмкіндігіңіз онда бір болса, 1 мен 2 санды тиынды кезегімен шығару мүмкіндігіңіз жүзде бір болады. Ал 1, 2 және 3 санды тиынды кезегімен шығару мүмкіндігіңіз мыңда бір ықтималда жүзеге асса, 10 тиынды рет-ретімен шығару мүмкіндігіңіз миллионда бірге тең келуі мүмкін. Бұл ең алдымен, әлемдегі кездейсоқтық заңдылығын жоққа шығарады.

Жерөзжүйесіндесағатынамыңмилдікжылдамдықпен қозғалуда. Егер сағатына жүз милдік жылдамдықпен қозғалса, күндізгі уақыт пен түнгі мезгілдің мерзімі қазіргіден әлдеқайда ұзақ болар еді. Ал күннің ондай ұзақтығы өсімдіктер атаулының күлін көкке ұшырады. Ал түннің ұзақ болуынан қалған тіршілік атаулы суықтан қатып қалады.

Жер планетасы негізінен 23⁰ қисайып қиғаш тұрады. Мұның өзі жер бетіндегі жыл мезгілдердің ретімен келуіне мүмкіншілік жасайды. Егер жер планетасы 23 градустық өлшеммен қисаймай, түп-түзу тұрған болса мұхиттардан көтерілген булар солтүстік пен оңтүстікке ығысып, құрлықтарды мұз басар еді (Оқырмандарымызға жердің қисайып тұруы деген сөзіміз түсініксіз келуі мүмкін. Егер қолыңызға глобусты алып қарасаңыз бәрі де бірден түсінікті болады: глобус түзу тұр ма, әлде қисайып тұр ма?).

Ал ай жерге қазіргі қалыпты қашықтығынан 50 мың миль (1 мильде 1848 метр бар) ғана алысырақ болса, жер бетіндегі тіршілік астаң-кестені шығып, барлық құрлық атаулы күніне екі реттен су астында қалып, таулар көпке шыдамай үгітіліп кеткен болар еді.

Егер жердің сыртқы қабаты 10 қарыс қалың болғанда, оттегі жетпей өсімдік атаулыдан жұрдай боламыз. Ал енді керісінше ғаламшардың сыртын қоршап тұрған атмосфера қабаты қазіргісіне қарағанда жұқа болғанда күніне миллиондаған метеориттар жер планетасына қақтығысып, жер бетінің түкпір-түкпірінде өрт қаптар еді.

Міне, осы айтылған мысалдарды негізге ала отырып жердің кездейсоқтықтан, не өздігінен жаратылмаған деген қорытынды шығарамыз.

2) Жан деген не нәрсе? Қазірге дейін жанды ешкім толық түсіне алмады. Оның «салмағы», «бойы», «ені», қандай екендігі беймәлім. Бірақ, оның бар екендігіне ешкім күмәнданбайды. Мысалы, жанның құдіреттілігі соншалық, жартаc арасынан өмір дәнегі бұйырған өсімдік жартасты жарып шығып, өсуін жалғастыра береді. Бір құдіретті күштің ықпалымен айналадағы жансыз заттар мен денелерге сый ретінде берілген тіршілік - осылай түрлі-түсті бейнеде таңғажайып шеберлікпен көрініс табуа. Мәселен, көзге көрінбейтін бір плазманы алайық. Өзі мөп-мөлдір, жыбырлап қана әрекет етеді. Бір қызығы, бұл клетка осы әрекеті арқылы «өмір» деген ұғымды паш етуде. Осы титтей ғана тамшыдағы күш-қуат бүкіл өсімдік, жануарлар мен адамдардың күш-қуатынан да орасан. Себебі, бүкіл тіршілік содан шығады. Ал бұл тіршілікті жаратқан табиғат емес. Өйткені тау-тастың, теңіздің мұндай нәрсені жаратуға күші жетпейді. Мұны тек бүкіл әлемдерді жоқтан бар еткен Ұлы Жаратушы ғана жарата алады.

3) Жануарларда өзінің туып өскен жеріне қайта оралу сезімі бар. Аздап ойланып көрсеңіз, бұл адам таң қаларлық құбылыс. Оларға бұл сезім қайдан келді? Ойды ой қуып, қисынды қисын қуып, оларға бұл түйсік әлмисақтан берілген, яғни оны беруші де бар болғаны ғой деген тұжырымға келіп, Ұлы жаратушының бар екендігіне көз жеткізесіз.

Мысалы жыланбалықты алалық. Дүниенің төрт бұрышындағы теңіздер мен өзен-көлдерде тіршілік ететін жыланбалықтар ұрық шашатын шаққа келгенде қаншама шақырым қашықтықты шарлап, мұхиттардан өтіп, Бермуд аралдарына жақын маңдағы тұңғиыққа келіп ұрық шашады да, сонда өледі. Бұған қалайша таңданбайсың!? Сол тұңғиықтағы шашылған ұрықтардан шыққан шабақ жылан балықтар ата-аналарының келген мекеніне кері қайтады. Біреуі Қара теңізге, біреуі Жерорта теңізіне дегендей, келген отанына қайта оралып, ары қарай өмірлерін жалғастырады. Міне сол шабақтарға сондай сезімді берген кім? Әлбетте, мұндай сезімді табиғат бере алмасы анық. Қазірге дейінгі зерттеулер нәтижесінде Еуропа теңіздері мен Америка өзен-көлдерінде өмір сүретін жыланбалықтар кездеспеген.

Осындай таңқаларлық жағдаятты жабайы араның балаларына қорек дайындауынан да байқаймыз. Жердің астын қазып ұя салған жабайы аралар балалары үшін азық дайындардан бұрын шегірткені шағып шұжықтайды. Бір ғажабы, ара шегірткені шаққанда өлтірмей тек талдырып, шала жансар етіп тастайды екен. Уланған шегіртке жәйлап-жәйлап консервіленген ет халіне келеді де, жұмыртқадан шыққан араның балаларына азық болады. Негізінде ара баласы өлген жәндіктің етін жесе өліп қалады екен.

4. Адамның жануарлардан ерекшеленетін қасиеттің бірі - салыстыру, таразылау қабілеті. Адамнан басқа тіршіліктің бірде-бірі санай алмайды. Он санының ұғымын түсінбейді. Адам санасының ойлану мен салыстыру, таразылау қабілетіне ие болуының өзі оның кәміл жаратылғандығын көрсетеді.

5. Дарвиннің қателескен нәрсесі - өмір сүруге қажетті алғышарттың бірі тіршілік иесінің бойындағы ген. Мұның таңғажайып қасиетін айтып жеткізу мүмкін емес. Микро-

скоппен эзер көрінетін бұл мысқалдай гендер әрбір тіршілік иесінің өзіндік ерекшеліктеріне ие.

Генге мұндай қасиетті Ұлы Ғылым иесінен басқа ешкім бере алмайды. Мысалы, бір CD-ге том-том кітаптарды сыйдырып жіберген адамға мұндай қабілетті берген Аллаһ микроскоппен эзер көрінетін генге адамның бүкіл ерекшеліктерін оп-оңай сыйдырып жіберері сөзсіз. Бұған ешкімнің күмәні болмас.

6. Тіршіліктегі кейбір әрекеттер мен құбылыстар келешекте болар нәрсеге арналған дайындық ретінде жүзеге асып жатады.

Біраз жылдар бұрын Австралияда қоршау жасамақ болып кактус егеді. Алайда, кактус бірден көбейіп етек алып кетеді де, тез арада көптеген жерлерді жайлап, жергілікті тұрғындарды мазалап, тіпті мекендерін тастап көшуге мәжбүр болады. Кактус жайылған үстіне жайылып, Англияның аумағындай алып жерді алып, қаптап өседі. Кактус мәселесі Австралиялық ғалымдарды шұғыл шара қолдануға итермелейді. Ақырында ғалымдар тек кактуспен өмір сүретін, кактустан басқа өсімдікті қорек етпейтін қоңызды табады. Бұл қоңыздардың азығы тек кактустар болғандықтан, олар әлгі қаптаған кактустарды көп ұзатпай жеп азайтады. Бір қызығы, қоңыздар кактусты түгелімен жым-жылас етпей, аз ғана алаңқайды қалдырады...

Осы қоңыздарға қарап: «Тез арада жылдам көбейіп кететін қоңыздар неліктен үлкен болып кетпейді?» деген ойға келесіз. Өйткені, қоңыздарда жануарлар мен адамдардың өкпесі секілді өкпе болмайды және тыныс алу жолдары тар болады. Олардың өсу қарқынына тыныс алу жолдары кедергі болғандықтан дене бітімдері үнемі кішкентай болып қалады. Осылайша қоңыздардың өсіп, үлкейіп кетулеріне шектеу қойылған. Шынында да

қоныздар өздеріне тән даму қарқынымен өсетін болса, жер бетінде адам деген атау қалмас еді.

7. Адам баласының Ұлы Жаратушы туралы ойлай алуының өзі өз алдына бір дәлел⁷⁷.

4. Аллаһтың көркем есімдері

а) «Аллаһ» сөзі – қайталанбас ұғым

«Аллаһ» сөзі жеке бір есім болып, ешқандай тілге аударылмайды және ешбір тілде «Аллаһ» сөзінің орнына қолданылатын сөз жоқ. Себебі, «Аллаһ» сөзі тек Аллаһ үшін қолданылады, және бұл сөздің көпше түрі не мағыналық басқа да нақты баламасы болмайды. Құрандағы Аллаһ ұғымын білдіретін «Иләһ», «Мәулә», «Рабб» сөздерінің өзі Аллаһ сөзінің тікелей мағынасын бермейді. Сол секілді қазақ тіліндегі «Құдай», «Тәңірі», сөздері де Аллаһ атауының орнына дәлме-дәл келмейді. Ал бұл терминнің араб тіліндегі баламасы ретінде - «Иләһ», «Рабб», «Мәулә» сөздерін айтуға болады. Әрине, жоғарыда айтқанымыздай бұл сөздер де «Аллаһ» сөзінің орнын қай тұрғыдан да болсын (семантикалық не грамматикалық) алмастыра алмайды.

б) Аллаһтың ұлық есімдері (Исмул-Ағзам)

Аят пен хадистерде Аллаһ Тағаланың көптеген есімдері айтылған. Бұл есімдердің әрбірі Аллаһтың сипаттарымен тікелей байланысты, әрі мағыналары сол сипаттардан алынған. Ал, Пайғамбарымыз (с.а.у.) кейбір хадистерінде Аллаһтың ең ұлық есімдерін айтып, егер осы есімдер арқылы дұға жасалатын болса, ол дұға-тілектердің міндетті түрде қабыл болатындығын ескерткен. Ислам ғұламалары осы ұлы есімдер жайында нақты бір шешімге

⁷⁷ Рахми Балабан, Илим-Ахлак-Иман, Анкара, 186-191-бет.

келе алмаған. Өйткені, Аллаһтың барлық есімдері бірдей, бір есім өзге бір есімнен артық, жоғары бола алмайды және ең ұлы есім деп кейбір есімдерді бөле-жарып қарауға тағы болмайды дейді бір топ ғалымдарымыз.

Ал ғалымдардың және бір тобы Аллаһ Тағаланың ең ұлы есімдерінің саны үшеу дейді. Мұндай шешімге келудің себебін олар мына хадиспен түсіндіреді:

«Әсмә бинти Язид Хазіреті Пайғамбарымыздың былай дегенін риуаят етеді: Аллаһтың ең ұлы есімдері мына екі аятта айтылған: *«Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол аса қамқор (Рахман), ерекше мейірімді (Рахим)»* (2.Бақара – 163).

«Әлиф, Ләм, Мим. Аллаһ, Ол сондай Аллаһ. Одан басқа ешқандай тәңірі жоқ. Ол тірі (хай), толық меңгеруші (қойюм)» (3.Әли-Имран, 1-2). (Ахмед б. Ханбал, Әбу Дәуіт, Тирмизи).

Келесі бір хадисте былай делінеді: «Әнәстан (р.а.) риуаят етіледі. Расулуллаһпен (с.а.у.) бірге мешітке отырған болатынбыз. Бір мұсылман намаз оқып жатыр еді. Намаздан кейін ол былай деп дұға етті: «Аллаһым, мен мақтаудың саған тән екендігін және Сенен басқа тәңірі болмағандықтан Сенен тілеймін. Нығметті берген Сенсің, аспан мен жерді жаратқан Сенсің. Әй, Зул-жәләли уәл-икрам, әл-Хай және Қайюм болған Аллаһым...». Расулуллаһ (с.а.у.) бұдан кейін былай дейді: *«Ол адам Аллаһ Тағалаға ең ұлы есімдерімен дұға етті. Ол исми азғам, сол есіммен дұға етілген кезде қабыл болады. Ол есімдермен сұралған кезде Аллаһ сұрағанын береді»* (Әбу Дәуіт, Тирмизи, Таж, 5-97).

Міне осы айтылған хадис аясында ғұламалар Аллаһтың ұлы есімдерінен төмендегі үшеуін бөлекше атайды:

1) әл-Хайюл-Қайюм – таухидтің барлық негізі осы екі есімге байланысты.

2) Зул-Жәләли уәл-Икрам – яғни, Аллаһтың Жәләл есімі Оның бүкіл нұқсан сипаттардан пәк екендігін білдірсе, Икрам есімі бүкіл кәміл сипаттардың Жаратушыға тән екендігін білдіреді.

3) Аллаһ – бұл есім Аллаһ Тағаланың бүкіл есімдерін құрайды. Мысалы, Рахман, Рахим, Алим, Қадир сипаттарына иесі кім деп сұралса, әлбетте Аллаһ деп жауап беріледі⁷⁸.

в) Аллаһтың ең көркем есімдері (әсмәул - хусна)

Құран Кәрімде Аллаһ Тағаланы сипаттаушы есімдер айтылғандай және бұл есімдермен қоса өзге де есімдерге «әсмәул хусна» (ең көркем есімдер) деп атаймыз. Есімдердің ең әдемісі, ең көркемі әлбетте Аллаһтың есімдері болып табылады. Себебі, Аллаһтан басқа ешбір нәрсе кәміл, кемшіліксіз емес. Құран бұл жайында: **«Ол Аллаһ. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ең көркем аттар Оған тән»** (20.Таһа-8). Және бір сүреде: **«Ол Аллаһ, жаратушы, жоқтан бар етуші және бейнелеуші. Аттардың ең көркемі Оған тән. Көктер мен жердегі нәрселердің барлығы Оны дәріптейді. Ол өте үстем, Аса дана»** (59. Хашыр-24) – дейді.

Құран Кәрім мен сахих хадистерде Аллаһ Тағаланың көптеген есімдері айтылған. Біз осы есімдер арқылы Аллаһты танимыз. Ал сол есімдер арқылы дұға жасаудың абзал болатыны мына аятта айқын байқалады: **«Ең жақсы атаулар Аллаһқа тән. Оған сол аттарымен жалбарыныңдар»** (7.Али Имран-180). Осы мәселе тұрғысында келесі бір аятта былай делінеді: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) оларға айт: Мейлі Аллаһ деп, немесе Рахман деп дұға етсін. Қайсысымен дұға етсеңдер, атасандар да ең көркем аттар оған тән»** (17.Исра-110).

⁷⁸ А.Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 64-65 бет; Сайм Клавуз, ж.к.е., 70-бет.

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір күні Хазіреті Айша (р.а.) анамызға:

- Я, Айша! Аллах Тағала маған қабыл болу тұрғысынан қай есімімен дұға жасаудың абзал екенін үйреткенін білетін бе едің?, – деп сұрайды. Хазіреті Айша (р.а.):

- Әке-шешем саған пида болсын, уа, Аллаһтың Елшісі! Соны маған үйретіңіз, - деген кезде Пайғамбарымыз (с.а.у.):

- Әй, Айша! Ол есім саған үйретілмегені дұрыс, - деп жауап береді.

Бұдан кейін Хазіреті Айша (р.а.) анамыз ол жерден тұрып кетеді де, біраз уақыттан кейін қайтып келіп Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) басын сүйіп:

- Я, Расулуллаһ! Өтінем, маған сол дұғаны үйретіңізші, - дейді. Расулуллаһ тағы да:

- Әй, Айша! Ол есімді саған үйрете алмаймын. Өйткені сен ол есіммен дүниелік бір нәрсе сұрайтын болсаң, дұрыс болмайды, - деп жауап береді. Хазіреті Айша (р.а.) анамыз осы жауаптан кейін тұрып кетеді де, дәрет алып екі рекат намаз оқиды. Артынан Аллах Тағалаға былай деп дұға етеді:

- Уа, Раббым! Мен Сені «Аллаһ» деп шақырамын, дұға етемін. Әр-Рахман, әл-Бәрр және әр-Рахим деп шақырамын. Білетін білмейтін бүкіл ең әдемі есімдеріңмен Сені шақырамын. Мені кешіруің және маған мархамат етуің үшін саған дұға етіп жатырмын!

Хазіреті Айша (р.а.) анамыздың осылай дұға еткенін естіген Расулуллаһ (с.а.у.) күлімсіреп былай дейді:

- Шынында да әлгі есімдер сенің жасаған дұғаңның ішіндегі есімдер! (Ибн Мажа, Дуа – 9)⁷⁹.

Жоғарыда келтірілген аят пен хадистерден түйгеніміз

⁷⁹ Осман Нури Топбаш, Имандан ихсана тасаввүф, Истанбул, 2002, 407-408-бет.

– дұға жасау барысында ең бастысы Аллаһтың ең көркем есімдері арқылы барынша шынайы, терең ықыласпен жалбарыну болмақ.

Аллаһ Тағаланың есімдері өте көп, бірақ сол есімдердің ішіндегі 99-ы мәшһур есімдер болып танылады. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадис-шәріпте: *«Аллаһ Тағаланың 99 есімі бар. Кімде кім сол есімдерді санап айтатын болса, жәннәтқа кіреді»* (Бухари, Китабул шурут – 1193)⁸⁰ - дейді.

Міне, бұдан Аллаһтың 99 есімін санап айтудың өзі жәннәтқа апаратын бірден-бір амал екендігі мәлім болып тұр. Бұның өзі бір жағынан аз амалмен көп сауап алудың жолын көрсетеді.

1. Аллаһ
2. әр-Рахман – аса қамқор
3. әр-Рахим – аса мейірімді
4. әл-Мәлик – бүкіл әлемдердің егесі, әміршісі
5. әл-Қуддус – барша кемшіліктен пәк, қасиетті
6. әс-Сәлам – жаратқандарын амандықта ұстаушы
7. әл-Мумин – жүрекке иман беруші, азаптан қорғаушы
8. әл-Мухаймин – әр уақыт өз саясына алушы, үкімінің астына алушы
9. әл-Азиз – ұлы, жеңілуі мүмкін емес жеңімпаз
10. әл-Жаббар – өзінің үкімін барша әлемге жеткізуші, қалағанын күштеп жасатушы
11. әл-Мутәкәббир – барлық нәрседе ұлылығын көрсетуші
12. әл-Халиқ – барлық нәрсені жаратушы, жоқтан жаратушы
13. әл-Бари – кемшіліксіз жаратушы
14. әл-Мұсаууир - әрбір қалаған нәрсесіне бейне беруші
15. әл-Ғаффар – күнәларды кешіруші, жарылқаушы

⁸⁰ Мухтасар Сахиhi Бухари, ж.к.е., 272-бет.

16. әл-Қаһһар - қалаған нәрсесіне үстем болушы
17. әл-Уаһһаб – түрлі нығметтерді қайтарымсыз беруші
18. әр-Раззақ – жаратылғандардың рызык – несібесін беруші
19. әл-Фаттах – хайыр есіктерін ашушы
20. әл-Алим – барлық нәрсені өте жақсы білуші
21. әл-Қабид – рухтарды алып қалушы, жан алушы
22. әл-Басит – рызыкты молайтушы, өмірді ұзартушы
23. әл-Хафид – кәпірлердің беделін түсіруші
24. әр-Рафиғ – муминдерді көтеруші, жоғарылатушы
25. әл-Муиз – ұлықтаған, ізеттілік пен күш беруші
26. әл-Музил – қиыншылықпен сынаушы
27. әс-Сәмиғ – барлық нәрсені естуші
28. әл-Басир – барлық нәрсені көруші
29. әл-Хакәм – үкім беруші, жақсыны жаманнан айырушы
30. әл-Адил - әділетті
31. әл-Латиф – құлдарына Лұтуф етуші, түрлі пайдаларға кенелтуші
32. әл-Хабир – барлық нәрседен хабардар
33. әл-Халим - пенделерге жаза берерде жұмсақ болушы
34. әл-Азим – заты мен сипаттарында өте ұлық
35. әл-Ғафур – аса кешірімді, жарылқаушы
36. әш-Шәкур – аз амалға көп сауап беруші, шүкіршілік иесі
37. әл-Алиһи – өте жоғары
38. әл-Кәбир - өте үлкен
39. әл-Хафиз – сақтаушы, бәлекеттерден қорғаушы
40. әл-Муқит – әрбір жаратылғандардың азығын беруші
41. әл-Хасиб - әрбір пенденің ғұмырлық hareketінен есеп алушы
42. әл-Жәлил – ұлылық иесі
43. әл-Кәрим – өте жомарт
44. әр-Рақиб – барлық жаратылысты бақылаушы
45. әл-Мужиб – дұғаларды қабыл етуші

46. әл-Уасиф – ілімі мен мейірімі кең
47. әл-Хаким – хикмет иесі, бүкіл ісінің хикметі бар
48. әл-Уәдуд – ізгі құлдарын жақсы көруші
49. әл-Мәжиид – беделі, аты өте жоғары және есімдері әдемі
50. әл-Баъис – өлгеннен кейін тірілтуші, пайғамбар жіберуші
51. әш-Шахид – әрбір нәрсеге куә болушы
52. әл-Хақ – бар екендігінде ешқандай өзгермеген, ақиқат, шынайы
53. әл-Уәкил – құлдарының істерін орындаушы
54. әл-Қауи – өте күшті
55. әл-Мәтин – өте берік, күшті
56. әл-Уәли – муминдерге дос әрі көмекші
57. әл-Хамид – мақтау мен мадаққа лайық
58. әл-Мухси – әрбір нәрсенің санын білуші
59. әл-Мубди – тіршілікті жоқтан бар етуші
60. әл-Муид – жаратылғандарды өлтіріп, қайта тірілтуші
61. әл-Мухи – тірілтіп, өмір беруші
62. әл-Мумит – жанды бір мақлұқтың жанын алушы
63. әл-Хай – тірі
64. әл-Қайюм – барлық нәрсені ұстап тұрушы
65. әл-Уәжид – қалағанын қалаған уақытта табушы
66. әл-Маажид – барлық есімдерімен жоғары, ұлық пәк болған
67. әл-Уахид – затында, сипаттарында, есімдерінде жалғыз
68. әс-Самад – еш нәрсеге мұқтаж емес
69. әл-Қадир – қалаған нәрсені істеуге құдіреті жетеді
70. әл-Муктадир – барлық нәрсеге күші жетуші
71. әл-Муқаддим – қалаған нәрсесін қалауы бойынша бірінші кезекке қоюшы
72. әл-Муаххир – қалаған нәрсесін кейінге шегеруші
73. әл-Әууәл – бастауы болмаған
74. әл-Ахир – соңы болмаған

75. эз-Захир – бар болуы ашық болған
76. эл-Батин – заты мен болмысы жасырын болған
77. эл-Уали - әлемді жалғыз өзі басқарып иелік етуші
78. эл-Мутәали – нұқсандықтардан пәк
79. эл-Бәрр – құлдарына деген жақсылығы көп
80. эт-Таууаб – тәубелерді қабыл етуші
81. эл-Мунтақим – күнәні әділ түрде жазаландырушы
82. эл-Афуу – кешірімшіл
83. әр-Рауф – мейірімі көп
84. Маликул–мулк – мүліктің, дүниенің шынайы егесі
85. Зул-жәләли уәл-Икрам – ұлылық пен жомарттықтың иесі
86. эл-Муқсит – әрбір істі ретімен, уақытымен жасаушы
87. эл-Жамиғ – қалаған нәрсені қалаған уақытта бір жерге жинаушы
88. эл-Ғани – өте бай, ешкімге мұқтаж емес
89. эл-Муғни – қалаған пендесін бай етуші
90. эл-Мани – қалаған нәрсеге кедергі бола алушы
91. әд-Дзарр – қалағанын зиянға душар етуші
92. ән-Нафи – қалағанына көп пайда беруші
93. ән-Нур – нұрландырушы, нұр беруші
94. эл-Хади – дұрыс жолға салушы, хидаят беруші
95. эл-Бадиғ – ешқандай үлгісіз, мысалсыз жаратушы
96. эл-Бақи – мәңгілік, соңы болмайтын
97. эл-Уарис – мүліктің шынайы иесі
98. әр-Рашид – жол көрсетуші
99. әс-Сабур - асқан сабыр иесі⁸¹

⁸¹ Метин Юрдагүр. Аллаһын сыфатлары, 58-119-бет; Али Осман Татлысу. Есмаул-хусна, Истанбул, 1990, 19-264 –бет; Ислам және өркениет // №8, тамыз, 2002 жыл.

5. Аллаһ Тағаланың сипаттары

Мұсылман кісі Аллаһқа иман еткен кезде Оның затына тән кәміл сипаттарына сеніп және де нұқсан сипаттардан пәк екендігін де білуі тиіс. Аллаһ Тағаланың бүкіл сипаттарының басы мен соңы жоқ және өзге жандылардың ешбірінің сипатына ұқсамайды. Аллаһтың сипаттары айтылған кезде, бізге ол сипаттарға ұқсастық бар секілді көрінгенімен, ақиқатында ол сипаттарға ешбір ұқсастық жоқ. Себебі, Аллаһ өзін құлдарына танытқанда біздің түсіне алатын қабілетімізге сай түсіндіреді. Мысалы, Аллаһтың көру, есту, білу сипаттары туралы сөз болғанда, ол сипаттардың ұғымы біздің түсінігімізге аса қиындық тудырмайды. Адам санасында бұл сөздердің ұғымы әу бастан қалыптасқандықтан дереу Аллаһтың өзі секілді көре алатындығын, ести алатындығын түсінеді. Бірақ адам жарық дүниені екі көзімен көрсе, Аллаһты көру мына дүниеде біз үшін құпия. Асылында бұл жайында ойланудың өзі қажетсіз іс ескендігі белгілі. Өйткені біз Аллаһты заты тұрғысынан емес, тек есімдері мен сипаттары тұрғысынан ғана танимыз және солай иман етеміз. Біздің шектеулі ақылымыз шексіз құдіреті күшті Аллаһты толық меңгере алмай тек сипаттарымен ғана танығандықтан, иман етумен шектелеміз.

Аллаһ Тағаланың затына тән сипаттарды екіге бөліп қарастыруға болады: **зати сипаттар** және **субути сипаттар**. Енді осы сипаттарын ашып, талдап түсіндірейік:

а) Зати сипаттар (Аллаһқа тән сипаттар)

Зати сипаттар Аллаһтың затымен бірге болып, одан бөле-жарып қаралмайтын сипаттарға айтылады. Зати сипаттар – Аллаһтың ұлылығын, кәмілдігін, бүкіл нұқсан сипаттардан пәк екендігін білдіреді. Зати сипаттардың төмендегідей алты түрі бар:

1) Уужуд (бар болу)

Уужуд сөзі – бар болу деген мағынаны білдіреді. Яғни, Аллаһ Тағала бар және сол бар болуы да өздігінен, әрі Ол бар болуында ешбір нәрсеге мұқтаж емес. Бар болмау ұғымы Аллаһ Тағала үшін мүмкін емес түсінік. Уужуд (бар болу) Аллаһтың бүкіл сипаттарының негізі болып табылады. Жоғарыдағы Аллаһтың бар екендігіне қатысты дәлелдер мен мысалдарды осы уужуд сипатына жатқызуға әбден болады. Сөзімізді мына аятпен тұжырымдасак: **«Ол Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ол тірі, әр нәрсені толық басқарып тұр. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктер мен жерлердің барлығы Соныкі...»** (2.Бақара-255).

2) Қидәм (әуелі, бастауы жоқ)

Қидәм дегеніміз - бастауы жоқ дегенді білдіреді. Яғни, Жаратушы белгілі бір уақытта пайда болмаған, Ол әу бастан бар. Егер Ол әуелде болмай кейіннен пайда болған болса, онда хадис (кейіннен жаратылған) деген сипатқа ие болған болар еді. Кейіннен пайда болған әрбір нәрсенің бір жаратушысы болады. Ал Жаратушыға тән сипат Оның әуел бастан бар болуы⁸². Аятта бұл жайында былай дейді: **«Ол Аллаһ әуелгі әрі соңғы, Ол ашық (дәлелдермен білінеді), әрі ақыл жетпес құпия»** (57.Хаид-3).

3) Бәқа (мәңгілік)

Бәқа дегеніміз соңы жоқ, яғни мәңгілік деген ұғымды білдіреді. Аллаһ Тағала - мәңгілік иесі. Әуелгі бастауы болмағанның әлбетте соңы да болмауы заңды. Аллаһтың сипаты үшін ақырғы деген түсінік жоқ. Өзге бүкіл мақлұқаттардың бәрі пәни, қай-қайсысының болса

⁸² Сайд Рамазан әл-Бути. Яратжынын варлығы яратанын гөреви Ислам акаиди, Истанбул, 1986, 120-бет.

да ақыры мен соңы бар. Тек Аллаһ қана әрі әуелден бар және мәңгілік болады. Бұл жайында аяттарда былай деп келтіреді: «Ол Аллаһ әуелгі әрі соңғы» (57.Хади-3).

«Аллаһ пен бірге басқа тәңір шақырма! Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Оның өзінен басқа нәрселердің барлығы жоқ болады» (28.Қасас-88).

«Бүкіл жер бетіндегілер бітеді. Ұлы дәрежеге ие әрі жомарт Раббың өзі ғана қалады» (55.Рахман, 26-27).

4) Уахданият (жалғыз, бір болу)

Уахданият дегеніміз - Аллаһ Тағаланың затында, сипаттарында және істерінде жалғыз екендігін, серігі мен ұқсасы жоқ екендігін білдіреді. Қандай да бір нәрсені алып қарайтын болсақ, бірнеше элементтен тұрады, яки оны бөлуге, бөлшектеуге болады. Ал, Аллаһ Тағала ешқандай нәрседен тұрмайды, құралмайды және бөлінбейді. Себебі Ол – заты мен сипатында жалғыз. Жаратушының жалғыз екендігі жөнінде көптеген аяттар бар. Солардың бірерін мысал ретінде келтірсек: *«Аллаһ бұйырады: Екі тәңір жасап алмаңдар. Шын мәнінде Ол жалғыз бір-ақ Тәңір. Ендеше, Менен ғана қорқыңдар» (16.Нахыл-51). «(Мұхаммед (с.а.у.)) Оларға айт: Егер Аллаһ пен бірге олардың айтқандарындай тәңірлер болса еді. Онда бұл тәңірлер Аршының иесі Аллаһқа жету үшін шаралар іздейтін еді» (17.Исра-42).*

«Егер жер мен көкте Аллаһтан басқа тәңірлер болса, онда жер мен көк сөзсіз бұзылып кететін еді. Демек, Аршының Раббысы Аллаһ олар жарастырған сипаттардан пәк» (21.Әнбия-22).

«Аллаһ еш бала иемденбеді. Онымен бірге тәңір де жоқ. Ондай болғанда әрине, әр тәңір өз жаратқанын бағыттап басқарар еді және сөзсіз бір-біріне үстемдік құрар еді. Аллаһ олар жарастырған нәрселерден пәк» (23.Муминун-91).

Міне осы аяттармен қоса, басқа да көптеген аяттарда Аллаһтың жалғыз екендігі анық, әрі ашық түрде айтылған. Адам қанша дегенмен түрлі ойға шомады да, санасында Аллаһтан басқа өзге де табынуға лайықты күшті іздейді. Біреулер қасиетті етіп дәстүрден қалған әдетті ұстанады, кейбіреулер тауға, тасқа, әулие тал деп санасында орнықтырған ағашқа шүберек байлау, оны зиярат ету секілді исламға жат қателіктерге бой алдырып, ақырында Аллаһқа серік қосып қойғанын білмей қалады. Аллаһ өзіне серік қосқанды ешқашан кешірмейтіндігін бірнеше аятта айтып өтеді. Соның бір төмендегі аятта былай дейді: «... **Кімде кім Аллаһқа серік қосатын болса, Аллаһ оған жұмақты сөзсіз харам етеді де, оның барар жері тозақ оты болады. Зұлымдық жасағандардың жәрдемшілері де жоқ**» (5.Майда-72). (қараңыз: 4.Ниса-48; 39.Зумәр-65).

5) Мухаләфәтун лил-хауадис (кейіннен жаратылған нәрсеге ұқсамау)

Мухаләфәтун лил-хауадис дегеніміз - кейіннен пайда болған, жаратылған нәрсеге ұқсамау. Яғни, бұл ұғымды Аллаһ Тағаланың затына қатысты қолданғанда Аллаһ кейіннен болған, кейіннен шыққан ешбір мақлұқатқа ұқсамайды деген мағынаны білдіреді. Себебі, әуелде Аллаһтан басқа ешбір күш, құдірет болмаған, және бүкіл жаратылыс кейіннен жаратылды. Аллаһ мақлұқатты түрлі сипат пен ерекшеліктерге ие етіп жаратса, олар қайтіп Жаратушыға ұқсасын? Яғни, заттар мен мақлұқатар негізінен элементтерден тұрады, мүшелері бар, заман мен мекенде тіршілік етеді. Ал, Аллаһ Тағала мұндай ұғымдарға мұқтаж емес. Уақыт пен мекенді жаратқан Аллаһ Тағалаға заман мен мекеннің не қажеті бар? Мысалы, Аллаһ мәңгілік, ал тіршілік атауы мәңгілік емес. Өледі, жоқ болады. Сол үшін тіршілік өз кезегінде уақыт пен мекенге мұқтаж болып табылады.

Аллаһ Тағаланың ешбір жаратылысқа ұқсамайтындығы мына аятта анық айтылған: **«Еш нәрсе Ол сияқты емес»** (42.Шура-11). **«Әрі Оның ешқандай теңдесі жоқ»** (112.Ықылас-4). Демек, Аллаһ Тағала ешбір нәрсеге ұқсамайды және ешбір нәрсе Аллаһ Тағала секілді бола алмайды.

б) Қиям бинәфсихи (өздігінен бар болу, мұқтаж болмау)

Қиям бинәфсихи дегеніміз - бар болуы өздігінен, яғни бар болу үшін ешнәрсеге мұқтаж болмау (уақытқа, себепке, жаратушыға, мекенге т.б.).

Мұқтаждық жаратылысы кәміл емес тіршілік иелеріне тән қасиет. Сондықтан Аллаһтан басқа күллі тіршілік иесі көп нәрсеге мұқтаж⁸³. Мысалы, адам ішіп-жеуге, ұйықтауға, тыныс алуға мұқтаж. Алайда Аллаһ Тағала мұндай мұқтаждықтардан пәк: **«Айт: Аллаһ біреу, Ол Аллаһ самад – еш нәрсеге мұқтаж емес»** (112.Ықылас,1-2).

«Әй, адам баласы! Сендер Аллаһқа мұқтажсындар. Аллаһ еш нәрсеге мұқтаж емес, өте мақтаулы» (35.Фатыр-15), - деп келтіреді.

б) Субути сипаттар (Аллаһ Тағаланың ісіне қарасты сипаттар)

Субути сипаттар Аллаһтың зати болмысы болмағанымен, затымен, болмысымен бірге болатын сипаттар. Бірақ, ол сипаттар Жаратушының зати сипаттарынан бөлек қарастырылмайды. Матуридилер бойынша субути сипаттардың саны 8, Әшғарилер бойынша 7. 1. Хаят; 2. Ілім; 3. Сәмиғ; 4. Басар; 5. Ирада; 6. Қүдірет; 7. Калам; 8. Тәкуин. Әшғарилер 8-Тәкуин сипатын Қүдірет сипа-

⁸³ Сайд Рамазан әл-Бути, ж.к.е., 118-125-бет; Осман Нұри Топбаш, Ислам иман ғибадат, 63-83-бет; Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 80-85-бет.

тына жатқызып, субути сипаттарды жетеу деп есептейді. Енді осы сипаттарға тоқталып өтейік.

1) Хаят (тірі болу)

Аллаһ тірі әрі тіршілік иесі және Оның бұл сыпаты өз болмысымен тұрақты. Ол әуелден тірі, өмір иесі және мәңгілік тірі қалпында болады. Мақлұқаттар әлемінің тіршілігі тән мен жаннан тұрғандықтан дәм-тұзы таусылған соң, бұл пәниден кетеді. Сол себепті олардың өмірі мәңгілік бола алмайды.

Құранда бұл тақырып жөнінде дәлелдер жеткілікті:

«Сондай еш өлмейтін тірі Аллаһқа тәуекел ет» (25.Фурқан-58).

«Аллаһтан басқа ешбір Тәңірі жоқ. Ол тірі толық меңгеруші» (3.Али Имран-2).

«Ол тірі, Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ» (40.Ғафыр-65).

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Ей, тірі болған, Ей, Қайюм болған Раббым! Рахметің арқылы жәрдеміңді сұраймын»* (Тирмизи, Дауаат-91) – деп дұға еткен.

2) Ілім (білуші)

Ілім сипаты Аллаһ Тағаланың барша құбылыс пен табиғатты білетіндігін, бүкіл ғылымның Иесі екендігін білдіреді. Аллаһ өткен, кеткенді, болғанды, болатынды, жарияны, жасырынды, бүтінді, бөлшекті, мысқалдай сыбырды т.б. болатын һәм болуы мүмкін әрекеттер мен құбылыстарды біледі. Яғни, алып қара тастар мен жеті қабат жердің астындағы тіршілік иесінің не істеп жатқанын да айна қатесіз біледі. Себебі, барлық нәрсе Аллаһ Тағалаға әуел бастан белгілі.

Құранда Аллаһтың білімі жайлы былай деп баян етеді:

«Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол өзі ғана біледі. Құрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Аллаһ оны біледі» (6.Әнғам-59).

«Сөздеріңді жасырсандар немесе әшкерелесендер де шәксіз Аллаһ көкіректегіні, көңілдегіні толық біледі. Жаратқан білмей ме? Ол тым жұмсақ, әр нәрсені толық білуші» (67.Мулк, 13-14).

«Расында Аллаһ барлық нәрсені толық біледі» (8.Әнфал-75).

«Мұхаммед (с.а.у.) көрмедің бе? Шәксіз Аллаһ көктер мен жердегі нәрселерді біледі. Үш кісі сыбырласса, сөз жоқ төртіншісі, әлбетте бестің алтыншысы Аллаһ. Тағы бұлардан аз, я көп тіпті қайда болса да, әрине Ол, олармен бірге болады. Сонан кейін қиямет күні оларға не істегендерін білдіреді. Шүбәсіз Аллаһ әр нәрсені толық білуші» (58.Мужадәлә - 7).

«Ол ғайыпты, көрінгенді біледі. Аса ұлы өте жоғары. Сендерден кім сөзді жасырса да, жарияласа да және кім түнде жасырынып, күндіз шықса да Аллаһқа бәрі бірдей» (13.Рағыз, 9-10). (қосымша қараңыз: 3.Али Имран, 5-9; 6. Әнғам-3; 2.Бақара-255; 34.Сәбә - 3).

3) Сәмиғ (естуші)

Аллаһ Тағаланың субути сипаттарының бірі – саміғ, яғни есту сипаты. Аллаһ Тағала мейлі ашық, мейлі жасырын дыбыс болсын естиді. Және Оның бір нәрсені есту барысында екінші бір нәрсені естуіне ешбір кедергі жоқ болғандықтан, бүкіл дыбыс атаулыны бір мезетте естиді. Бұл есту сипатында да Жаратушы ешбір нәрсеге мұқтаж емес (жаратылыстағы тіршілік иелері секілді көмекші құралға, есту мүшелеріне т.б.).

Құранда Аллаһтың сәмиғ сипаты көбінесе «басир» және «алим» сипатымен бірге қолданылады. Төмендегі

мысалдар соның дәлелі: «**Сен тілекті тым естуші, толық білушісің**» (2.Бақара-127); «**Ол Аллаһ естуші, әр нәрсені білуші**» (2.Бақара-137, 181, 224, 227, 256), (3.Али-Имран, 34, 35, 38). «**Күдіксіз Аллаһ әр нәрсені естиді, көреді**» (22.Хаж-61).

4) Басир (көруші)

Аллаһ тіршілік атаулының бәрін, бүкіл ғаламшарды (планеталар мен жұлдыздар т.б. бізге беймәлім әлемдерді) түгелдей көреді. Аллаһтың бұл көру сипатынан ешбір нәрсе тыс қалмайды. «**Күдіксіз Аллаһ толық естуші тым қырағы**» (40.Ғафыр-20).

Бұл мәселеге байланысты Жүнейд Бағдадидің мысалын айта кеткен орынды болар. Жүнейд бала кезінде діни сауатын жетілдіру үшін медреседе оқиды. Оның алғырлығы, ақылдылығы ұстазының көңілінен шығып, ұстазы оны өзге шәкірттеріне қарағанда жақсы көретін болады. Әлбетте, шәкірттердің Жүнейдке деген қызғаныш пен көре алмаушылық пиғылдары артады. Бірде мұны ұстаздары сезіп, шәкірттерінің бәрін шақырып алып: «Әрқайсысың бір тауықты алып, ешкім көрмейтін жерге барып, сойып әкеліңдер», - дейді. Шәкірттер жан-жаққа кетіп, біраз уақыттан кейін келеді де, тауықты қалай сойғандығын айта бастайды. Біреуі сайда, біреуі қорада, біреуі үңгірде дегендей өздерінше ешкім көрмейтін жерде сойдық деп келеді. Ал, Жүнейд тауықты тірі күйінде ұстазының алдына алып келеді. Ұстазы оған: «Әй, Жүнейд, сен неге айтқанымды істемедің? Тауықты соятын жер таппадың ба?», - дейді. Сонда Жүнейд: «Сіз ешкім көрмейтін жерге барып сойып әкеліңдер дедіңіз. Бірақ мен ешкім көрмейтін жерді таппадым. Өйткені Аллаһ Тағала барлық жерде және бәрін көріп тұр. Сол себепті тауықты соя алмай қайтып келдім», - дейді. Сол кезде ұстазы өзге

шәкірттеріне қарап: «Міне, көрдіңдер ме? Жүнейдті сендерге қарағанда не үшін жақсы көретінімді енді түсінген шығарсыңдар?», - деп жөн айтады.

5) Ирада (қалаушы)

Аллаһ бір нәрсенің қашан, қайда, қай уақытта болатындығын Өз қалауы бойынша жасайды. Аллаһтың қалағаны болып, қаламағаны болмайды және ешбір күш те, құдірет те бұл істе шарасыз, яғни еш нәрсе Оның қалауындағы нәрсеге әсер ете алмайды. Бүкіл ғаламшардың және бізге беймәлім басқа да әлемдердің басқарылуы мен ішінде болып жатқан әрбір іс тек Аллаһ Тағаланың қалауымен жүзеге асады. *«Шынында Раббың қалағанын толық орындаушы»* (11.Худ-107) аяты бұған толық дәлел.

Аллаһ қалаған нәрсеге «бол» әмірін берген мезет, сол нәрсе болады. *«Шын мәнінде Ол бір істің болуын қаласа, Оның бұйрығы оған «бол» деу, сонда ол бола кетеді»* (36.Ясин-82) аяты Жаратушының бұл сипатының қаншалықты құдіретті екендігін паш етеді.

Жер бетіндегі тіршілік иелеріне Аллаһ қалауы бойынша рызық-несібе беретіндігін аятта былай деп келтіреді: *«Әй, мүлік несі Аллаһ! Кімге қаласаң мүлік бересің де, кімнен қаласаң дәулетті аласың. Сондай-ақ кімді қаласаң ардақтайсың да, кімді қаласаң қорлайсың. Шәксіз әр нәрсеге күшің жетеді, - деп айт. Түнді күндізге айналдырасың да, күндізді түнге айналдырасың. Сондай-ақ өліден тіріні шығарып, тіріден өліні шығарасың. Кімді қаласаң сансыз несібе бересің»* (3.Али Имран, 26-27).

6) Құдірет (құдіреті күшті Жаратушы)

Аллаһтың құдірет сипаты оның шексіз күш пен

күдірет иесі екендігін білдіреді. Аллаһ Тағаланың күш-күдіреті жетпейтін ештеңе жоқ – Ол кез-келген нәрсені күдіретімен іске асырады немесе жоқ етеді. Бүкіл әлем Аллаһтың күдіреті, ілімі мен қалауына бағынышты.

Бұл жөнінде Құран Кәрім былай дейді: **«Аллаһ әр жандыны судан жаратты. Сонда кейбіреуі бауырымен жүреді, кейбіреулері екі аяғымен жүреді және кейбіреулері төрт аяқтап жүреді. Аллаһ қалағанын жара­тады. Рас Аллаһтың әр нәрсеге толық күші жетуші»** (24.Нұр-15).

«Көктердегі және жердегі нәрселер Аллаһты осал­дата алмайды. Шексіз Ол толық білуші, аса күшті» (35.Фатыр-44).

Егер сәл ғана ой жүгіртіп қарасақ, жоғарыдағы қос аяттың мағынасы, бізді Аллаһтың шексіз күдіретіне ерік­сіз барша ықыласымызбен және бүкіл мейір-махаббаты­мызбен бас идіреді.

7) Кәләм (сөйлеуші)

Аллаһ Тағала сөз Иесі болғандықтан – «сөйлейді». Әрине, Ол дыбысқа, әріптерге және әріптерден құралған сөздер мен сөйлемдерді құрастыруға мұқтаж емес (және Жаратушының сөйлеуі әріптер мен дыбыстар­дан құралмайды да). Сондықтан Оның сөйлеуі біздің ұғымымыздағы сөйлеуге мүлде ұқсамайды.

Аллаһ Тағала Кәләм сипаты арқылы пайғамбарларына кітаптар түсіріп, әмір мен тыйымдарын жеткізді. Кәләм сипаты Аллаһтың затымен бірге әзәлі (әуелгі). Аллаһ Тағаланың кәләм сипаты арқылы кей пайғамбарымен ті­келей тілдескендігі жайында аятта былай дейді: **«Мұса белгілі уәдемінде келгенде, Раббы оған сөйледі»** (7.Ағраф-143), **«Аллаһ Мұсамен тікелей сөйлескен»** (4.Ниса-164).

Аллаһ жіберген дінін, әмірін, тыйымдарын уахи арқылы пайғамбарына жіберіп отырды. Уахи - Аллаһтың «сөйлеуі» деген мағынаны береді. Бұл тақырыпқа байланысты аятта: «Аллаһ адаммен тек қана уахи арқылы немесе перденің ар жағынан сөйлеседі немесе бір елші жіберіп рұқсатымен оған қалағанын уахи етеді. Ол ұлы хақим болған Аллаһ» (42.Шура-51) - дейді.

Біздің ұғымымыздағы және одан тыс бүкіл сөз атаулы - Аллаһтың кәләм сипатының бірден-бір көрінісі. Аллаһ кәләм сипатының шексіз құдіретін көрсету арқылы тіршілікке тілдесу қабілетін сыйлаған. Жаратушының кәләмы ешқашан таусылмайды, ол шексіз: «**(Әй, Пайғамбар! Оларға) айт: Раббымның сөздері үшін теңіз сия болса, тағы бір сондайды көмекке әкелсек те, әлбетте Раббымның сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылар еді**» (18.Кәһф-109).

«Егер жер бетіндегі ағаш атаулы қалам, теңіз де артынан тағы жеті теңіз қосылып сия болса, сонда да Аллаһтың сөздері таусылмайды. Күдіксіз Аллаһ өте үстем, хикмет иесі» (31 Лукман-27).

Айналамыздағы жанды-жансыз тіршілік әлемі Ұлы Жаратушының сыйлаған сөйлеу, тілдесу қабілеті арқылы өзін жаратқан Раббысын тасбих етіп жатқанын біле бермейміз. Олардың сөйлейтіндігін естігенде таңданамыз. Шындығында бүкіл тіршілік атаулы өзін жаратқан Аллаһ Тағаланы тасбих (мадақтау) етеді. Құран Кәрімде бұл мәселе былай деп баян етіледі: «Жеті көк және жер, сондай-ақ ондағы болғандар, Аллаһты пәктейді (тасбих айтады). Оны пәктеп, мақтамайтын еш нәрсе жоқ. Бірақ, сендер олардың тасбихтарын түсіне алмайсыңдар» (17.Исра – 44).

8) Тәкуин (жаратушы)

Тәкуин - жоқтан бар ету деген мағынаны білдіреді. Шексіз құдірет иесі Аллаһ Тағала тәкуин сипатымен қалаған нәрсесін жаратады, жоқтан бар етеді. Әлемде Аллаһтың жаратуынсыз пайда болған ешбір нәрсе жоқ.

Тәкуин сипаты - жарату, рызык беру, азап беру, тірілту, өлтіру, нығмет беру секілді т.б. сипаттарды қамтитын аса ауқымды ұғым болып табылады.

Тәкуин сипатының өзге сипаттардан айырмашылығы бар. Аллаһ Тағала ілім сипатымен барлық нәрсені толық білсе, құдірет сипатымен мақлұқтардың бар болуы мен жоқ болуын қалап реттейді. Ал, ирада сипаты арқылы кез келген нәрсені қалайды. Ал осы қалаған нәрсені жарату тәкуин сипатымен жүзеге асады⁸⁴. Тәкуин сипатының көрінісі аятта былайша беріледі:

«Ол сондай Аллаһ жер бетіндегі барлық нәрселерді сендер үшін жаратты» (2.Бақара-29).

«Ол Аллаһ әр нәрсенің жаратылысын көркемдестірді. Адам баласын жаратуды балшықтан бастайды» (32.Сәжде-7).

6. Аллаһтың о дүниеде мумин пенделеріне көрінуі

Әһли сүннет бойынша ақыретте муминдер Аллаһ Тағаланың көрінуін әрі ақли тұрғыдан, әрі нақли тұрғыдан уәжіп деп есептейді⁸⁵. Олай болса, ақыретте муминдер Аллаһты көретін болса, қалай, немен көреді деген сауал еріксіз ойға келері анық. Ғалымдарымыз бұл сұрауға былай деп жауап беруге тырысады: «Аллаһ бір мекенде, бір бағытта, бір жерде болмастан, бетпе-бет те болмастан, көзге шағылыспастан және көруші мен Аллаһ Тағала арасында белгілі бір қашықтық болмастан көрінеді». Сонымен қатар, Аллаһты көру үшін осы дүниедегі тіршілік әлемін көрудегі шарттар қажет емес дейді⁸⁶.

⁸⁴ Имам Газали, Ихияу улумид-дин, 1-том, 276-281-бет; Осман Нұри Топбаш, ж.к.е., 83-106-бет

⁸⁵ Нуреддин әс-Сабуни, әл-Бидаятул фи усулид-дин, 38-бет.

⁸⁶ Мәтуну акайди ли-Умари ән-Нәсәфи, 5-бет, Сайм Клавуз, ж.к.е., 231-бет.

Әһли сүннет ғалымдары Аллаһ Тағаланың мұмин пенделеріне көрінетіндігіне мынадай дәлелдерді келтіреді:

1. Құранда: **«Қиямет күні кейбір жүздер жарқылдап, Раббына қарайды»** (75.Қиямет, 22–23) мағынасында айтылған аят мұминдердің қиямет күні жәннәтта Аллаһты көре алатындығының дәлелі.

2. **«Сондай жақсы іс істегендерге жақсылық әрі артығы да бар»** (10.Юнус-26) аятында айтылған **артық** – сөзінің екінші бір мағынасы Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) айтқаны секілді Аллаһты көру. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: *«Жәннәттықтар жәннәтқа кірген кезде Аллаһ Тағала жәннәттықтарға: Тағы да беруімізді қалаған бір нәрсе бар ма? – дейді. Олар: Сен біздің жүзімізді ағартпадың ба? Бізді жәннәтқа кіргізіп, оттан құтқармадың ба? Тағы не сұраймыз? – дейді. Осыдан кейін Аллаһ пердені ашады. Бұдан кейін жәннәттықтарға Раббыларына қараудан да ұнамды болатын бір нәрсе берілгендей болмайды»,* деп айтып болған соң, жоғарыда айтылған аятты оқыған» (Муслим, Иман – 80; Тирмизи, Жәннәт – 16)⁸⁷.

3. Бұл тақырыпқа келесі бір дәлел - Хазіреті Мұсаның (а.с.) Аллаһ Тағаладан өзіне көрінуін өтінуі. «Ағраф» сүресінің 143-аятында Хазіреті Мұса (а.с.): «Раббым, маған өзінді көрсет. Сені көрейін» дейді. Шындығында Хазіреті Мұса (а.с.) Аллаһтың ең ұлы елшілерінің бірі болғандықтан Аллаһты жетік біліп, жаратылғандарға ұқсаудан пәк екендігін айдан анық білетін. Сонда да ол Аллаһтың көріну сипатына сеніп, өзіне көрінуін өтінеді. Егер Аллаһты көру мүмкін болмағанда, Хазіреті Мұса (а.с.) мұндай тілек білдірмес еді. Аллаһты көре алмайтындығын

⁸⁷ Ибраһим Жанан, Хадис ансиклопедиси, Кутубус ситте, Истанбул, 1998, 14-том, 286-бет.

біле тұра Хазіреті Мұсаның бұлай деуі, Аллаһты толық білмейді, білімі жетпейді қала берсе, Аллаһтың заты мен сипаттарын білмейді деген ұғымға келеді. Пайғамбарға мұндай кемшілік айтудан Аллаһ сақтасын. Асылында, пайғамбарлар ақылды, алғыр, білімді болады. Олай болса, уахи келген пайғамбар Аллаһтың сипаттарын білмейді деп айту дұрыс болмас.

4. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) Аллаһтың ақыретте көрінетіндігі жайлы басқа бір хадисте былай дейді: *«Жәрир ибн Абдуллаһтан (р.а.) риуаят бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір толған ай түнінде айға қарап былай дейді: «Әлбетте, сіздер мына айды көрген сияқты Раббыңызды да осылай көресіздер»⁸⁸. Оны көруде қиыншылыққа кездеспейсіздер. Күн шықпастан және бат-пастан бұрын сіздерге ауырлық келтірмейінше, күшіңіз жетсе, намаздарыңызды уақытында оқыңыздар, уақытын жіберіп алмаңыздар»*. Жәрир: *«Аллаһтың Елшісі осыдан кейін мына аятты оқыды», - дейді. «Күн шығудан бұрын да, батудан бұрын да Раббыңды мадақта»* (Таһа-130). (Бухари, Мәуақит-6, 26; Муслим, Мәсәжид-211)⁸⁹.

5. Сүннит каламшыларының көпшілігі бұл жайында «уужуд» дәлелі деген дәлелді алға тарта отырып, Аллаһтың ақыретте көрінетіндігін айтады. Бұл дәлел бойынша, бір нәрсенің көрінуінің басты себебі, оның бар болуында. Аллаһ Тағала бар болғандықтан Оның көрінуі хақ⁹⁰.

6. Сахабалар Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) Миғражда Аллаһты көріп-көрмегендігі жайында тарты-

⁸⁸ Айды көрген адам оның ай екеніне күмәнданбағанындай, Аллаһ тағаланы көргенде Оның жаратушы иеміз екеніне күмәнданбайды деген ұғымды білдіреді "Айды көрген адам оның ай екеніне күмәнданбағанындай, Аллаһ тағаланы көргенде Оның жаратушы иеміз екеніне күмәнданбайды деген ұғымды білдіреді "

⁸⁹ Ибраһим Жанан, Хадис анциклопедиси, Кутубус сите, 14-том, 285-бет.

⁹⁰ Сайм Клавуз, ж.к.е., 230-232-бет.

сады. Бұл дегеніміз Аллаһтың көрінетіндігіне дәлел бола алады. Себебі ақылды кісілер тек мүмкін болатын нәрсе жайында ғана тартысады⁹¹.

7. Бір күні Имам Шафииге қолдарында қағаз ұстаған бірнеше адам келеді де, имамнан мына аят жайлы сұрайды: *«Жоқ, олай емес. Негізінде олар ол күні Раббыларының дидарынан махрұм қалады»* (83.Мутаффифин-15). Имам Шафии олардың қолдарындағы қағазына былай деп жаздырады: «Олай болса кейбіреулер азапқа душар болғандықтан, Оны көруге күнәләрі кедергі болады. Ал Оның разылығын алғандар Оны көретіндігі осы мағынадан шығып тұр». Сонда әлгілер имамнан: «Тақсыр, сіз осыған сенесіз бе?» деп сұрайды. Имам Шафии: «Аллаһқа ант етемін. Мұхаммед ибн Идрис (Шафии) қиямет күні Раббысын көретіндігіне толық сенбегенде, дүниеде Оған ешқандай құлшылық пен ғибадат етпес еді», - деп жауап береді⁹².

Қорыта айтар болсақ, Аллаһ Тағаланы екі көзімізбен бе әлде жүрек көзімен бе көретіндігіміз беймәлім. Оған біздің ақылымыз жетпейді. Дегенмен сеніміміз мол.

Кейбір адасқан мәзхабтар әһли сүннеттің бұл сеніміне қарсы шығып, Аллаһ Тағала ақыретте көрінбейді дейді. Бұл пікірді айтушылар Муғтазила мен Жәхмия мәзхабының өкілдері. Олардың пікірі бойынша Аллаһтың көрінетіндігін қабыл ету, Аллаһты жаратылғандарға ұқсатумен тең. Негізінде Аллаһ жаратылғандарға мүлдем ұқсамайды. Олар өздерінің пікірлерін қуаттау үшін: *«Көздер Оған жете алмайды»* (6.Әнғам-103) аяты мен Хазіреті Мұсаның (а.с.) талабы мен сұранысына қарсылық ретінде Аллаһтың: *«Мені ешқашан көре алмайсың»* (7.Ағраф-143) деген аятты дәлел ретінде келтіреді. Яғни,

⁹¹ Нуреддин әс-Сабуни, әл-Бидаятул фи усулид-дин, 39-41-бет;

⁹² Сайд Рамазан, ел-Бути, ж.к.е., 181-бет.

Аллаһ Тағала Хазіреті Мұсаға (а.с.) аятта «Лән тәрани», «Мені ешқашан көре алмайсың» деуі бұл дүние мен о дүниені бірдей қамтиды. Сондықтан адамның екі дүниеде де Аллаһ Тағаланы көруі мүмкін емес деп, сенімдерін жариялайды.

Бұл мәзхабтардың келтірген дәлелдерін әһли сүннет ғалымдары былайша түсіндіреді: бірінші аяттың мағынасы көздің көрмейтіндігі емес, меңгере алмайтындығы туралы болса, екінші аятта Аллаһ Хазіреті Мұсаның (а.с.) бұл өмірдегі сұранысына жауап берген. Сол үшін мумин осы дүниеде Жаратушысын көре алмайды. Матуриди мектебінің ғалымдарынан Нуреддин әс-Сабуни былай дейді: «Аяттағы «Лән» сөзі мәңгілік деген ұғымға келмейді, тек тәкид (қуаттау) мағынасын береді. Бұған дәлел ретінде ол Мариям анамыздың аяттағы уәдесінде қолданған мына сөзін негіз ретінде келтіреді: *«Лән укәллимәл яумә инсия»* (19.Мариям-26), «Бүгін ешбір адаммен сөйлеспеймін». Аллаһ бұл аятта «лән» сөзін «әл-яум» сөзімен бірге қолданып, шектеулі уақыт үшін айтып отыр. Олай болса, «мәңгілік» пен «шектеулі» бір-біріне қарама-қарсы түсінік болып тұр. Сондықтан «лән» сөзі мәңгілік мағынасын білдіргенімен тек осы дүниеде деген ұғымға келеді⁹³.

Аллаһтың ең соңғы Елшісі Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар Миғражда Аллаһ Тағаланы көре алмай тек перде арқылы сөйлеседі. Пайғамбарымыз ең ұлы пайғамбар бола тұра мұндай мүмкіншілікке ие бола алмады. Ал Хазіреті Мұса (а.с.) Аллаһтың нұры тауға түсіп, тау балқып әрі тас-талқаны шыққанда, қос жанары оған қарауға шыдай алмай есінен танып құлаған еді.

Иә, Аллаһ Тағаланы бұл дүниеде ешкім көре алмайтындығы анық. Алайда кейбір мұсылман бауырларымыз Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Миғражда

⁹³ Нуреддин әс-Сабуни, әл-Бидаяту фи усулид-дин, 39-бет.

Раббысын көргендігіне сенеді. Әрине, бұл мәселе адамды сан сұраққа жетелейтіні рас. Дегенмен мына хадиске назар аударсақ:

«Бірде бірнеше кісімен бірге Мәсруқ деген кісі Хазіреті Айшадан (р.анһа): «Әй, анашым! Мұхаммед (с.а.у.) Раббысын көрді ме?» - деп сұрадық. Хазіреті Айша (р.анһа) анамыз: «Айтқан сөзіңнен денем тітіркеніп кетті. Сенің үш қателі сөзден хабарың жоқ па еді? Кім оларды айтса өтірік айтқан болады.

1. Кім саған: «Мұхаммед (с.а.у.) Раббысын көрді десе, өтірік айтқан болады, деп «Көздер Оған жете алмайды, Ол көздерді көреді» (6.Әнғам-103) аятын оқыды.

2. Кім саған: «Мұхаммед (с.а.у.) ертең болатын нәрсені біледі десе, өтірік айтқан болады, деп «Ешкім ертең не істейтінін білмейді» (31.Луқман-34) аятын оқыды.

3. Кім саған: «Мұхаммед (с.а.у.) уахиден бір нәрсе жасырып қалғанын айтса, ол өтірік айтқан болады. Себебі аятта: «Әй, Пайғамбар! Раббың тарапынан түсірілгенді жалғастыр. Егер оны істемесең, елшілік міндетті жалғастырмаған боласың» (5.Майда-67) деп жауап береді» (Муслим, Иман-287)⁹⁴ деді.

Олай болса, біз де Хазіреті Пайғамбарымыздың Миғражда Раббысын тікелей көре алмай, тек перде арқылы нұрын ғана көргендігі жайында айта аламыз. Бірақ, Пайғамбарымыздың Миғражда Аллаһтан Жәбірейл періштенің көмегіңсіз тікелей уахи алғандығы рас. Бір күні Әбу Зәр әл-Ғыффари (р.а.) Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.): «Сен Рабб Тағаланы миғражда көрдің бе?», - деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған: «Ол нұр ғой! Мен Оны қалай көремін», - деп жауап береді (Муслим, Иман-291)⁹⁵.

Иә, қалай болғанда да Аллаһ Тағаланың пенделері

⁹⁴ Хадис ансиклопедиси, Кутубус ситте, 14-том, 288-бет.

⁹⁵ Хадис ансиклопедиси, Кутубус ситте, 14-том, 288-бет.

үшін қайырлы болатын жағын нәсіп ететініне иманымыз кәміл.

Кейбір жандар: «Аллаһты бұл дүниеде адам баласы не үшін көре алмайды?», - деп сұрауы мүмкін. Бұған жауап ретінде ислам әлемінің әйгілі ойшылы әл-Фарабидің мына сөзін келтіруге болады: «Адам баласы Аллаһтың жаратқан күніне тіке қарап тұруға күші жетпейді және екі жанары оған қарауға дәрменсіз. Ал, Аллаһтың нұры күн нұрынан сансыз дәрежеде қуатты болғандықтан біздің сезім мүшелеріміздің Оны меңгеруге мүлде күші жетпейді»⁹⁶. Расында адам баласы Аллаһтың жаратқан күніне тіке қарауға күші жетпесе, бұл дүниеде Аллаһтың Өзін қалайша көрмек?

⁹⁶ Сүлейман Улудаг, Фуад Кавукчу. Келам дерслери, Истанбул, 1979, 170-бет.

VI БӨЛІМ ПЕРІШТЕЛЕРГЕ ИМАН

1. Періштелерге сенудің маңыздылығы

Періштелерге сену - иман шарттарының басты қағидаларының бірі. Себебі, періштеге иман алдымен уахиге, пайғамбардың хақ пайғамбар екендігіне, пайғамбардың әкелген кітабына, оның жеткізген діни үкімі мен тыйымдарына сену деген сөз. Ал періштеге сенбеу - осы айтылғандардың бәрін қабыл етпеумен тең. Бүкіл діни үкімдер періште арқылы пайғамбарларға жеткізілетіндіктен, періштелерге иман Аллах Тағалаға иманнан кейінгі кезекте өте маңызды рөлге ие. Құран періштелерге иман етудің парыз екендігін білдіреді және періштелердің бар екендігі мен олардың нендей мақлұқ екендігін де айтып өтеді. Періштелерге иман етудің парыздығы мына аяттарда білдірілген: **«Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілгенге иман келтірді. Мүминдер де барлығы Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді»** (2.Бақара – 285).

«Кім Аллаһқа, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе... міне солар шыншылдар, әрі солар тақуалар» (2.Бақара – 177).

Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде де бұл тақырып кеңінен қамтылып, иман негіздері анық түрде көрсетілген. Яғни Жәбірейл періште Пайғамбарымызға адам бейнесінде келіп: «Ислам не? Иман не? Ихсан не? Қиямет қашан болады?», - деп сұрайды. Сонда

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Иман дегеніміз - Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену»* екендігін айтады.

Періштелерге иман келтіру Аллаһ Тағала мен Оның елшісінің әмірі болғандықтан қандай да бір періштені қабыл етпеу не қарсы шығу шарифат үкімі бойынша күпірлік болып саналады. Құран Кәрімде бұл мәселеде айқын белгілер бар: *«Кім Аллаһқа, періштелеріне, елшілеріне сондай-ақ Жәбірейл, Микайлге дұшпан болса, албетте Аллаһ кәпірлерге дұшпан»* (2.Бақара – 98).

«Ал, кім Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ақырет күніне қарсы шықса, сонда тым қатты адасты» (4.Ниса-136).

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мадинаға хижрет етіп барған соң, ондағы тұрғындарды хақ дін исламға шақырады. Ол кезде қала тұрғындарының басым бөлігі яһудилер болатын. Олар Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хақ пайғамбар екендігіне күмәнданып, Оны сынаудың небір қитұрқы жолдарына көшеді. Әйтеуір болмашы бір сылтау тауып, сенбеудің жолын қарастырады. Сол сылтаудың бірі періштелер мәселесіне қатысты болды. Бір күні Фәдәк тұрғындарынан бір топ яһуди Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп, түрлі сұрақтар қояды. Олар көбіне сұрақты ғибрат алу тұрғысында қоймайтын, сондықтан өздеріне жауабы белгілі сұрақтарды да жөн-жосықсыз қоя беретін. Солай бола тұра, Пайғамбарымыз (с.а.у.) яһудилердің барлық сұрақтарына асқан сабырлықпен дұрыс жауаптарын береді. Ең соңында олар: *«Саған қай періште уахи әкелуде?»*, - деп сұрайды. Пайғамбарымыздың (с.а.у.): *«Маған Жәбірейл уахи әкеледі»*, - деген жауабына яһудилер: *«Жәбірейл – біздің дұшпанымыз. Егер саған Микайл уахи әкелгенде сенің пайғамбарлығыңа сенер*

едік. Жәбірейл әкелгендігі үшін саған сене алмаймыз», - деп, қарсы уәж айтып шығып кетеді⁹⁷.

Негізінде, біз періштелерді сезім мүшелерімізбен ажырата алмаймыз. Себебі, олар көзге көрінбейтін нұрдан жаратылған рухани жан иелері. Періштелер жайындағы мәліметтердің қайнар көзі де Құран аяттары мен пайғамбар хадистері ғана. Біз де өз кезегімізде аят пен хадисте айтылған мағлұматтардан ары кете алмаймыз. Және оларды көрінбейді һәм сезім мүшелеріміз арқылы сезілмейді екен деп оларды жоққа шығара алмаймыз.

Бүгінге дейін ғылым періштелердің жоқ екендігін дәлелдей алмады. Себебі, табиғаттан тыс құпиясы ашылмаған көптеген мәселелердің бар екендігіне сене отырып, ал періштелердің болатындығын жоққа шығару – белгілі бір деңгейдегі қайшылықты білдіреді. Айталық, ақылдың бар екендігін қабыл етеміз, бірақ оны көрсете алмаймыз. Болмаса электр тоғы да көзге көрінбейді. Оларды сол көзге көрінбейтіндігі үшін жоққа шығарамыз ба? Радио, теледидардың кеңістіктегі әуе толқындары жайлы да осыны айтуға болады.

Асылында, періштелердің көрінбеуі – оларды көруге біздің қабілетіміздің жетпейтіндігін білдіреді. Сондықтан да мұсылманның міндеті періштеге, оның бар екендігіне (аят пен хадисте айтылған ерекшеліктеріне) сенумен шектеліп, олардың қандай екендігі, заты, болмысы аса қызықтырмағаны абзал.

Аллаһ Тағаланың періштелерді жаратып, әрбіріне нақты уәзипалар беруі, Аллаһтың оларға деген мұқтаждығынан туындаған мәселе емес. Аллаһ Тағала қаласа барлық нәрсені өзі жүзеге асырады. Мысалы, Аллаһ Жәбірейлсіз пайғамбарларына уахи жіберіп, Өзірейлсіз адамдардың жанын алуға күш-қүдіреті жетеді,

⁹⁷ Елмалы Хамди Языр, Хак дини Куран дили, 429-бет.

адамдардың амалдарын жазушы ардақты періштелерсіз-ақ бүкіл адамның не істеп, не қойғанын шексіз білімі арқылы біледі⁹⁸. Алайда, Аллаһтың әрбір ісі белгілі бір себеп пен хикметке құрылғандықтан, біз үшін кейбір мәселелер құпия болып қала беретіндігін естен шығармаған жөн.

Көзге көрінбейтін періштелердің неден жаратылғандығы жайында Құран Кәрімде ешқандай мәлімет жоқ. Періштелердің нұрдан жаратылғандығын Пайғамбарымыз (с.а.у.) мына бір хадисінде айтып өтеді. Хазіреті Айша анамыздан (р.а.) жеткен бір хадисте Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Періштелер нұрдан, жындар жалындаған оттан, Адам болса топырақтан жаратылған»* (Муслим, Зухд – 10; Ахмед б. Ханбал, Муснад, VI, 168).

Құранның баяндауына қарағанда періштелер адамнан бұрын жаратылған. Себебі, қасиетті кітабымызда Аллаһ Тағала періштелерге Адам атаны жарататындығын және оны жер бетінде халифа етіп дүниеге әкелетінін айтады. Бұл да адамзат жаратылмастан бұрын періштелердің бар екендігін білдіреді. Аятта бұл мәселе жайында былай дейді: *«Сол уақытта Раббың періштелерге: Әрине, мен жерде бір орынбасар жаратамын!- деген еді. Періштелер: Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктеудеміз деді. Аллаһ: Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін деді»* (2.Бақара – 30).

2. Періштелердің ерекшеліктері

Періштелер нұрдан жаратылғандықтан, сол жаратылысына тән өзіндік ерекшеліктерге ие. Олардың бұл ерекшеліктерін төмендегідей реттілікпен жүйелеп көрсетуге болады:

⁹⁸ Сайд Рамазан ел-Бути, ж.к.е., 275-276 бет.

1. Періштелер нұрдан жаратылған көзге көрінбейтін тіршілік иесі. Олар ішу, жеу, жынысқа бөліну, үйлену, ұйықтау, шаршау, жалығу, жас, кәрі болып бөліну секілді адамзатқа тән сипаттан ада. Олар Аллаһқа құлшылық ету ісінде ешқандай шаршау дегенді білмейді. 24 сағаттың ішінде толассыз құлшылық ете береді. Құранда бұл жайында: **«Көктер мен жердегілер Аллаһтыкі. Оның қасындағылар Оған құлшылық қылудан дандайсымайды да шаршамайды. Олар күндіз-түні Аллаһты дәріптеуден (тасбих айтудан) жалықпайды»** (21.Әнбия, 19-20) - дейді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей періштелерде жынысқа бөліну, яғни әйел, еркек деген ұғым жоқ. Егер біз періштелер әйел, еркек болып бөлінеді деп айтатын болсақ, күнәһар әрі өтірікші боламыз: **«Олар Аллаһтың құлдары періштелерді өздерінше әйелдерге балайды. Олар періштелердің жаратылуын көріп пе еді? Олардың бұл куәліктері жазылып, сұралады»** (43.Зухруф-19). **«Енді олардан сұра: «Қыздар Раббыларыныкі де, ұлдар олардыкі ме? Немесе періштелерді ұрғашы жаратқанымызға олар куә ме? Сақ болыңдар! Олар өтіріктерін сапыра береді»** (37.Сафат, 149-151).

«Сөз жоқ, періштелерді әйел жынысы дейтіндер – ақыретке сенбейтіндер. Бұл сөздерінде ешқандай негіз жоқ, тек құрғақ қиялға сүйенеді, ал құр болжам ештеңеге тұрмайды» (53.Нәжм, 27-28).

2. Періштелер Аллаһқа ешқашан қарсы келмейді. Тек Аллаһтың әмірлерін бұлжытпай орындайды да, қандай мақсат үшін жаратылған болса, соны ғана істейді. Үнемі Аллаһты дәріптеумен, мадақтаумен, тасбих айтумен болады. Періштелердің бұл кейпін Құран аяттары анық түрде біздерге білдіреді. Аяттарда былай дейді:

«Өздерінен үстем болған Раббыларынан қорқады. Әрі берілген бұйрықтарды орындайды» (16.Нахыл-50).

«Сонда олар: «Аллаһтың баласы бар» деді. Аллаһ одан пәк. Олай емес, періштелер ардақты құлдары. Олар одан оза сөз сөйлемейді. Сондай-ақ олар Оның әмірін ғана орындайды» (21.Әнбия, 26-27).

«(Мұхаммед (с.а.у.)) періштелерді ғаршының айналасында Раббыларын дәріптеген түрде көресің» (39.Зумәр – 75).

«Періштелер Аллаһтың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйырылса, соны орындайды» (66.Тахрим – 6).

3. Періштелер қанатты болғандықтан өте жылдам әрекет етеді. Күш-қуаттарының молдығы сондай, олардың күші жетпейтін нәрсе жоқ. Жылдамдықтары біздің қиялымызға келмейтіндей дәрежеде өте жылдам, аспан мен жерді бір сәт ішінде аралап шығатындай қабілетке ие. Бірақ, олардың аталмыш ерекшеліктері әркез Аллаһ Тағаланың рұқсатымен ғана жүзеге асады. Осы айтылған ерекшеліктер төмендегі аяттан да белгілі болып отыр: **«Көктерді және жасаған сондай-ақ екі, үш және төрт қанатты періштелерді елші қылған Аллаһқа барлық мақтау лайық. Ол жаратуда қалағанын арттырады. Күдіксіз Аллаһтың әр нәрсеге толық күші жетуші»** (35.Фатыр – 1).

Аятта періштелердің қанаты болатындығы айтылады. Сондықтан да мұсылман кісі үшін періштелердің қанаты болатындығына сенуі парыз. Ал періштелердің қанатының қандай екендігін оларды жаратқан Аллаһ Тағала мен періштені өз бейнесінде көрген пайғамбарлар ғана біледі. Періштелердің қанаттарының әртүрлі болуы олардың Аллаһтың әмірлерін орындау барысындағы жылдамдығы мен Аллаһ құзырындағы дәрежелеріне байланысты ⁹⁹.

⁹⁹ Сайид Сабик, Әл-Ақайдул-Исламия, Бәйрут, 115 бет.

«Көкті төңіректен періштелер ұшып жүреді. Раббының аришысын сегіз періште (тәбелеріне) көтеріп тұрады» (69.Хаққа-17). Аллаһтың жаратқандарының ішіндегі ең үлкені – Арш. Міне осыншама үлкен нәрсені қияметке дейін 8 періште көтеріп жүретін болса, олардың қаншалықты алып екенін және де орасан зор күшке ие екенін көзге елестету де, ойлау да мүмкін емес.

Періштелер әп-сәтте өте ұзақ қашықтықтағы бір мекенге барып-келу қабілетіне ие. Шамамен айтсақ, періштелердің жылдамдығын жарық сәулесіне теңеуге болады. Мәселен, жарық сәулесінің жылдамдығы 1 секундта 300 000 шақырым делік. Сол секілді періштелер де 1 секундта 300 000 шақырым, бәлкім одан да жылдам қозғалар. Ал жер шарының диаметрі 40 000 шақырым екенін ескерсек, періште көзді ашып-жұмғанша жер шарын 7 рет айналып шығу қабілетіне ие болып шығады. Дегенмен періштенің көкке шығуы, түсуі адамдардың әрекетіне ұқсамайды. Олар осыншама жылдам бола тұрып, кейбір мекенге жету үшін бір күндік уақыт жұмсайды: *«Ол жоғары орынға періштелер және Жәбірейл бір күнде шығады. Оның қашықтығы (жер өлшемімен) 50 000 жылдық» (70.Мағариж – 4).*

4. Періштелер Аллаһтың әмірі мен рұқсаты бойынша түрлі бейнеге өте алады. Мәселен, Жәбірейл Пайғамбарымызға (с.а.у.) уахи әкелгенде кейде Дихя есіміндегі сахабаның бейнесінде келген. Сонымен қоса, ешкім танымайтын өзге де кейіпте келетін кездері де болған. Құранның мазмұндық желісіне сүйенсек, періштелер Аллаһтың әмірі бойынша адам бейнесінде Хазіреті Мариям анаға, Ибраһим (а.с.) және Лұтқа (а.с.) келген.

Мариям анаға Аллаһ Иса пайғамбарды әкесіз туылатындығын білдіру үшін Жәбірейлді адам бейнесінде жібереді: *«(Мұхаммед (с.а.у.)) Құрандағы Мариям-*

ды айтып бер. Сол уақытта ол тұрған үйінің шығыс жағындағы бір орынға некеленіп барды. Сонда олардың бер жағынан шымылдық ұстап қойған еді. Сондай-ақ оған рухымызды (Жәбірейлді) жібердік те, ол оған толық адам бейнесінде көрінді. (Мариям): «Егер сен тақуа болсаң да, сенен Аллаһқа сиынамын», деді. (Рух): «Мен саған бір таза бала беруге жіберілген Раббыңның елшісімін» деді» (19.Мариям, 16-19).

Ал, Ибраһим (а.с.) пайғамбарға келген періште оған ұлды болатындығын білдіріп сүйіншілейді. Хазіреті Ибраһим пайғамбар әдепкіде оларды құдайы қонаққа балап, ас дайындайды. Аятта бұл мәселе былайша баян етіледі: **«Расында елшілеріміз (періштелер) Ибраһимге хош хабармен сәлем берді. Ибраһим олардың сәлемін алып, сонда дереу пісірілген бұзау әкелді. Ибраһим олардың қолдарын оған тигізбегенін көріп, оларды жатырқады да олардың бұл әрекетін жақтырмады. Олар: Қорықпа! Расында біз Лұт қауымына жіберілдік, деді».** (11.Худ, 69-70).

5. Періштелердің ең басты ерекшелігі – олардың көзге көрінбейтіндігі. Періштелердің көзге көрінбеуі олардың нұрдан жаратылу ерекшелігі мен біздің оларды көруге қабілетіміздің жетпейтіндігін білдіреді. Егер Аллаһ бізге толықтай кәміл көру қабілетін беретін болса, онда біз періштені де, қала берді шайтанды да көрер едік. Бірақ, бұл Аллаһтың заңдылығына үйлеспейді. Асылында, періштелерді тек пайғамбарлар ғана өз бейнесінде көре алады.

6. Періштелер ғайыпты яғни келешекті білмейді. Себебі, ғайып, тек Аллаһ Тағалаға ғана аян. Ал, періштелердің тек Аллаһтың үйреткен нәрселерін ғана біле алатындығы аятта анық айтылған: **«Аллаһ Адамға (а.с.) атауларды тегіс үйретті де сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: «Айтқандарың рас болса, Маған**

осы нәрселердің аттарын айтып беріндер» деді. **Періштелер: Сен пәксің! Біз Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине Сен толық білуші, өте данасың деді»** (2.Бақара, 31-32).

Ал мына аят ғайыпты, яғни келешекті Аллаһтан басқа ешкімнің білмейтіндігін паш етеді: **«Ғайыптың кілттері Оның жанында. Оны Ол өзі ғана біледі»** (6.Әнғам – 59). **«Көктер мен жердегі көместі (ғайыпты) Аллаһтан басқа ешкім білмейді»** (27.Нәмл – 65)¹⁰⁰.

3. Періштелердің қызметтері

Әрине, періште мәселесі айтылған жерде еріксіз: «Періштелердің саны бар ма екен?» – деген сауалдың туындауы заңды. Асылында періштелердің саны жайлы аят пен хадисте ешқандай мәлімет жоқ. Бірақ, олардың саны өте көп екендігі басы ашық мәселе. Ғалымдарымыздың айтуы бойынша періштелердің көптігі соншалық, әрбір жер бетіне түскен жаңбыр мен қар түйіршіктерінің жеке-жеке өз періштелері болады. Енді осыдан-ақ олардың сансыз көптігі тұрғысында қорытынды шығаруға әбден болар. Асылында, біз үшін періштенің санынан гөрі, олардың барлығына деген сенімнің мол болғаны абзал.

Аллаһ Тағала періштелерді жаратқаннан соң оларға түрлі қызметтер жүктеген. Ол қызметтерді жердегі, көктегі және арштағы деп үш топқа бөліп қарастыруға болады. Осы жіктемеге сай періштелердің өзін де төмендегідей реттілікпен сыпаттап шығамыз:

1. Жәбірейіл: Пайғамбарларға уахи мен қасиетті кітаптарды әкелуші ең үлкен періштелердің бірі. Жәбірейіл сөзінің мағынасы негізінен «Аллаһтың құлы, Аллаһтың

¹⁰⁰ Шерафеддин Гөлжүк. Ислам акайди, Истанбул, 1997, 105-106-бет; Сайд Рамазан ел-Бути, ж.к.е., 276-277-бет.

күші» деген ұғым саяды. Олай болса, Жәбірейілді ең ұлы мақамның төріндегі періште ретінде танимыз. Келтірілген аят та осыны растайды: **«Негізінен Құран әрине, бір ардақты Елшінің сөзі. Ол күшті Елші, ғаршының пәнінің қасында беделді»** (81.Тәкуир, 19-20).

Құран Кәрімнен Жәбірейіл періштенің бірнеше атының бар екендігін көреміз. Мысалы: «Рухул қудс» (2.Бақара-87; 16.Нахыл-102), «Рух» (19.Мариям-17; 97.Қадыр-4), «Расули Карим» (81.Тәкуир-19), «Жибрил» (2.Бақара-97; 66.Тахрим-4) және «Рухул Әмин» (26.Шуғара-193).

Жәбірейіл періште періштелердің ең ұлығы, ең үлкені және Аллаһ Тағалаға ең жақыны болғандықтан ол «Сәйидул-Мәләикә» (періштелердің құрметтісі) деген абыройлы есіммен аталады.

2. Микайл: Төрт үлкен періштенің бірі Микайлдың (а.с.) қызметі жер бетіндегі мақлұқаттар мен тіршілік атаулының ырыс-несібесі мен ауру, шипа, рахмет, берекет секілді жайттарды адамдарға жеткізу.

3. Исрафил: Исрафилдың (а.с.) қызметі сурды (сырнай) үрлеу. Ақырзаман болғанда Исрафил сурды бірінші үрлегенде аспан мен жердегі бүкіл тіршілік атаулы қиямет қайымның басталуымен тіршілігін тоқтатады, яғни өледі. Ал екінші рет үрлегенде қайта тіріліп, қабірлерінен шығады да махшар алаңына жиналады.

4. Әзірейл: Үлкен періштелердің төртіншісі Әзірейлдің қызметі тіршілік атаулының жанын алу. Сондықтан оны «Мәләкул-мәут - өлім періштесі» деп атайды.

5. Кирамән катибин: әрбір адамның бұл дүниеде істеген ісін айна қатесіз жазып отыратын екі періштеге берілген есім. Бірі – пенденің (оң жағында) жақсылығын жазса, екіншісі (сол жағындағысы) жамандығын жазады. Адамның жасаған титтей жақсылығы мен жамандықтары түгелімен осы екі ардақты періште арқылы жазылып,

ақыретте әрбір жанның амал дәптерінде сол қалпында алдымыздан шықпақ: *«Оның оңынан да, солынан да екі байқаушы отырады. Аузынан бір сөз шықса болды, алдында аңдушы дайын»* (50.Қаф, 17-18). *«Негізінен сендерге әлбетте бақылаушылар бар. Ардақты жазушылар олар не істегендеріңді біледі»* (82.Бнфитар, 10-12). *«Тегі олар өздерінің ішкі сырларын, сыбырларын Біз естімейді деп ойлайтын шығар. Тіпті де солай емес, Біздің елшілеріміз (періштелеріміз) олардың іс-әрекеттерінің бәрін жазып тұрады»* (43.Зухруф – 80).

Адамдар ақыретте махшар алаңына барғанда, бұл дүниеде істеген амалдарының есебін берместен бұрын амал дәптері таратылады. Бұл дәптердегі бүкіл мәліметті жазған әлгі екі періште болады. Сонда адам бұл дүниеде істеген ісінің бәрін түгелімен жіпке тізгендей жазылғанын көргенде, өміріне селқос қарағандар мен түрлі деңгейдегі күнәһар пенделер қатты сасады: *«Амал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәһарлардың қорыққанын көрсең. Олар: Опырм-ай! Бізге нендей өкініш! Мына кітапта ештеңені де, тастамай тегіс түгендепті дейді»* (18. Кәһф – 49).

6. Мункәр мен Накир: бұл екі періште дүниеде дәмтұзы бітіп, қабірге барған адамнан сұрақ алу қызметін атқарады. Өлген адам қабірге қойылған соң, оған жан беріліп, қайта тірілген соң осы екі періште оған сұрақтар қояды. Сұралатын сауалдар негізінен: Раббың кім? Пайғамбарың кім? Дінің не? және т.б. осы тақырыптың төңірегінде болып келеді. Дұрыс жауап бергенге - қабір сыйы, бұрыс жауап бергенге - қабір азабы беріледі¹⁰¹.

7. Хәмәләй арш: Аллаһтың жаратқан нәрселерінің ең үлкені Аршты тасушы 8 періштеге берілген есім. Бұлар жайында аятта былай дейді: **«Періште көктің айнала-**

¹⁰¹ Түсінікті болу үшін «Қабір өмірі» атты тақырыпқа қараңыз

сында болады. Сондай-ақ Раббыңның аршысын сегіз періште үстеріне көтереді» (69.Хакка-17). Бұл сегіз періштеден басқа көптеген періштелер арштың айналасында болатындығы мына аятта айтылған: «Сондай ғаршыны көтерген және оның маңындағы періштелер, Раббыларың мақтаумен дәріптейді. Оған сенеді» (40.Ғафыр-7). Арштың айналасындағы періштелердің нақты санын Аллаһ қана біледі.

8. Хафаза періштелері: Әрбір адамның өзін қорғаушы періштелері болады. Міне, сол періштелерді хафаза (қорғаушы) періштелері деп атайды. Аятта: «**Әркімнің алдынан, артынан Аллаһтың әмірі бойынша, өкшелеп, қорғаушы (періштелер) бар**» (13.Рағыз-11) - дейді. Кейбір деректер бойынша әрбір адамды бақылап жүретін 384¹⁰² немесе 360 періште болады. Бұның мәнісі адам баласының бүкіл жаратылыс ішіндегі ең кәміл, әрі тамаша етіп жаратылған тіршілік иесі екендігімен байланысты¹⁰³.

Хадистерде айтылғандай, 360 періште әрбір муминді, әсіресе қарттар мен сәбилерді қорғап жүреді екен. Әлбетте, осы айтылған 360 періштенің әрбірінің өзіндік міндеттері бар. Адамға тура жолды нұсқап, мумин пенде үшін дұға әрі истиғфар ететін, кәпірлердің жүрегіне үрей салатын, ғибадат, зікір және ілім мәжілістеріне қатысатын, таң және екінті намаздарында жамағатпен бірге сап құратын, Құран аяттары мен жұма күндері айтылған салауаттарды тыңдайтын, намаз оқитын, әт-тахиятта шахадат сөзін бірге ілесіп оқитын, мұсылмандармен сәлемдесетін т.б. осындай түрлі қызметтерді атқаратын періштелер бар.

Демек, 360 періште бір қарағанда көп болып

¹⁰² Мухтасар илмихал, Истанбул, Фазилет баспасы, 9-бет.

¹⁰³ М. Абдулфеттах Шахин, Инанжын гөлгесинде, Измир, 1992, 1-том, 124,141-бет.

көрінгенімен, олардың әрқайсысының күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде әлгіндей түрлі міндеттері бар¹⁰⁴.

9. Жәннәт пен жәһәннамды бақылаушы періштелер: Жәннәт пен жәһәннамда арнайы бақылаушы періштелер болады. Жәннәт періштелерінің саны да өте көп. Олар жәннәтқа кірген муминдерге қызмет етеді және олармен бірге болады. Жәннәт нәсіп болған мұминдерге аятта: *«Сабыр еткендерің үшін Аллаһтың есендігі сендерге болсын! Соңғы жұрт нендей жақсы»* (13.Рағыз-24) – дейді. *«Зумәр»* сүресінде де: *«Оларға оның сақшылары: Сендерге сәлем, қош келдіңдер, жәннәтқа мәңгі қалатын түрде кіріңдер дейді»* (39.Зумәр-73) деген айқын, сүйіншіге бергісіз мағлұматтар бар. Жәннәттағы періштелердің басшысын - «Ридуан» деп атайды.

Ал, жәһәннамдағы зәбани періштелер кәпірлерді азаптау қызметімен айналысады. Олардың арасындағы басшыларын «Малик» деп атайды. Құранда жәһәннам періштелерінің қызметтері жайлы аяттар жеткілікті: **«Әй, муминдер! Өздерінді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар ментастардан болған оттан қорғандар. Оның басындағы періштелер ірі денелі, қатал. Олар Аллаһтың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйырса, соны орындайды»** (66.Тахрим – 6). **«Ол тозақтың не екенін сен білесің бе? Кейін қалдырмайды да шала тастамайды. Ол адам терісін өртеп кетеді. Оған он тоғыз (періште) қарайды. Тозақтың күзетшілерін періштелерден ғана тағайындадық. Кәпірлерді сынау мақсатымен олардың санын дәл белгіледік»** (74.Муддәсир, 27-31).

Жәһәннам періштелері тозаққа кірген кәпірді сұрақтың астына алатыны Құран Кәрімде былайша баян етіледі: **«Қарсы келгендер топ-топ тозаққа айдалады. Сондай-ақ оған барғандарында, оның есіктері ашы-**

¹⁰⁴ М. Абдулфеттах Шахин, ж.к.е., 1-том, 141-бет.

лады. Оларға оның күзетшілері: Сендерге іштеріңнен өздеріңе Раббыларыңның аяттарын оқитын және бұл күнге жолығатындарыңды ескертетін елшілер келмеді ме? - дейді. Олар: Әрине, келді. Бірақ азап үкімі қарсы болушыларға шындыққа айналды дейді» (39.Зумәр – 71).

10. Мукарабун - Аллаһ Тағалаға ең жақын, әрі ең ұлық періштелердің есімі. Олар жайында аят былай дейді: **«Иса да, Аллаһқа жақын періштелер де Аллаһқа құл болудан әсте арланбайды»** (4.Ниса – 172).

11. Адамның жүрегіне ақиқат пен шындықты толтырып, кейін өзіне аян беретін періштелердің бар екендігін Хазіреті Пайғамбарымыз бір хадисінде айтып өтеді: *«Адам баласына әрі шайтанның азғыруы, әрі періштенің аяны бар. Шайтанның азғыруы жамандықпен қорқытып, шындықты өтірік ету. Періштенің аяны жақсылықты өсиет ету мен шындықты растау. Ішкі дүниесінде осындай бір нәрсе сезген кісі, оның Аллаһтан екендігін білсін. Егер керісінше болса, шайтаннан сақтану үшін Аллаһқа сиынсын»* (Тирмизи, Тәфсир – 3, 2988 х.).

12. Муминдер үшін дұға ететін періштелер бар. Аятта: **«Сондай-ақ иман келтіргендер үшін (періштелер): «Раббымыз! Мәрхаметің, білімің әр нәрсені сидырып, ішіне алған. Сондықтан тәубе етіп жолыңа түскендерді жарылқа! Әрі оларды тозақтан сақтай көр!»**, - деп тілейді» (40.Ғафыр-7).

13. Намаз оқыған кезде «Фатиха» сүресін тәмәмдаған соң «әмин» деп айтатын арнайы періштелер бар. Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.): *«Имам әмин деген кезде, сіз де әмин деңіз. Өйткені кімнің әмин деуі періштелердің әмин деуіне сәйкес келетін болса, оның өткен күнәлары кешіріледі»* (Бухари, Азан-111; Муслим, Салат-72; Тирмизи, Салат-71) дегені де бұған бірден-бір дәлел бола алады.

14. Кейбір періштелер таң намазы мен екінді намазын муминдермен бірге оқиды.

15. Мумин ғалымдар үшін арнайы дұға ететін періштелер бар. Әбу Умамә әл-Баһилиден жеткен риуаят бойынша, Пайғамбарымыз қарапайым пенде мен ғалым кісінің паркы жайында: *«Ғалым адамның өзге құлдан артықшылығы – Менің сендерден ең төмен болғандарыңнан артықтығым сияқты»*. (Тирмизи; Илим бөлімі – 19, 2685 хадис) деген.

4. Адамдар мен періштелерді дәреже тұрғысынан салыстыру жайында

Адамдар періштелер секілді нұрдан жаратылмаған, канаттары да жоқ, әрі олар секілді алапат күш пен жылдамдық иесі де емес. Мәселе солай бола тұра, адамдар дәреже тұрғысынан салыстырғанда, періштелерден әлдеқайда жоғары.

1. Адамдар арасынан шыққан пайғамбарлардың дәрежесі періштелердің пайғамбарларынан жоғары. Аллаһ Тағала адамдар арасынан пайғамбар шығарғаны секілді, періштелер арасынан да пайғамбарлар сайлаған: *«Аллаһ періштелерден де, адамдардан да елшілер белгіледі. Шәксіз Аллаһ әр нәрсені аса естуші, тым көруші»* (22.Хаж-75). Ислами тақырыптағы еңбектердегі деректерге жүгінсек, ғұламаларымыз төрт үлкен періштені өзге періштелердің пайғамбарлары деп бөліп қарастырады. Мұнымен қатар, Аллаһ Тағала адамдарға «Халифа» ұғымын қолданып, (қараңыз: 2.Бақара-30) періштелерден жоғары екендігін айқын білдіреді.

2. Аллаһ Тағала Адам атаны жаратқан соң бүкіл періште атаулыға оған сәжде етулерін бұйырды және күллі періште Адамға сәжде етті (2.Бақара-34). Әлбетте, бұл

да адам баласының періштелерге қарағанда дәрежесінің әлдеқайда жоғары екендігін тайға таңба басқандай дәлелдеп тұр. Егер періште адамнан жоғары болғанда адамға әсте сәжде етпеген болар еді. Ал дәрежесі төменнің дәрежесі үлкенге тағзым ететіндігі бесенеден белгілі жайт.

3. Адам ата Аллах Тағаланың өзіне берген қабілет-қарымы мен зеректігінің арқасында періштелерге қарағанда көп нәрсенің ақиқатына мольнан қанық болатын. Себебі, Аллах Тағала заттардың атауын періштелерден сұрағанда олар атай алмай, Адам атаның айтып беретіні белгілі (қараңыз: 2.Бақара-31-33). Бұл да білген мен білмегеннің бір деңгейде емес екендігін аңғартады.

4. Періштелердің ең ұлығы Жәбірейл (а.с.) Аллах Тағала мен Оның пайғамбарлары арасында елшілік қызметті атқарған. Елшілікке барған кісінің өзі баратын кісіден дәрежесі жоғары болмасы белгілі. Олай болса, мұнда да пайғамбарлар, дәреже тұрғысынан алғанда, періштелерден әлдеқайда жоғары болып тұр деген сөз.

5. Періштелердің ең ұлығы Жәбірейл (а.с.) Миғраж түні Хазіреті Пайғамбарымызды көкке алып шығады да, Сидрәтул-мунтаха деген жерге келгенде Пайғамбарымызға: «Мен мына жерден ары өте алмаймын. Егер бір қадам аттасам, күл болып кетемін. Ары қарай өзің барасың», - дейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) болса одан ары өзі көтеріліп, Аллах Тағаламен перде арқылы дидалрасады. Адамның көтерілген жеріне періштенің жете алмауы да, соңғысының дәрежесінің төмен екендігінің бірден-бір айғағы.

6. Ұлық періштелердің пайғамбар емес қарапайым қатардағы пенделерден дәрежесі жоғары болмақ.

7. Тақуалар мен шейіттер, ізгі амал істеуші пенделер жай қатардағы періштелерден дәреже тұрғысынан жоғары тұрады.

8. Ал сол қатардағы жай періштелердің дәрежесі – адамдар арасындағы күнәһар, кәпір, мунафиқ, фасық секілді пенделердің дәрежесінен әлдеқайда жоғары болары сөзсіз.

9. Періште Жаратушыны көріп иман еткен болса, адам Аллаһ Тағаланы көрмей иман етті. Иманның ең жоғарғысы - ғайыпқа, яғни көзге көрінбейтін нәрсеге сену. Олай болса, адам имани дәреже тұрғысынан да періштеден жоғары екендігі шүбесіз¹⁰⁵.

5. Жындар әлемі

Жын сөзі - араб тіліндегі «жапты», «жасырды», «қалқалады» деген мағынаға келетін «жәннә» сөзінен шыққан. Жындар сезім мүшемізбен сезілмейтін, көзге көрінбейтін тіршілік иелері.

«Жын» сөзі негізінен «инсан» (адам) сөзіне антоним ретінде қолданылып, сезім мүшелерімізбен байқауға келмейтін рухани әлем иелеріне берілген есім. Сондықтан да бұл ұғым періште, шайтан мен жындардың жалпы атауы ретінде қолданылады. Бірақ, әрбір періште көзге көрінбейтін жалпы (жинни) жын атауының мағыналық ұғымына кіргенімен әрбір жын періште емес. Аталмыш үш әлемнің (періште, жын, шайтан) әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, әрдайым Аллаһ Тағаланың әмірімен қайырлы, оң істердің басында періштелер тұратын болса, шайтан – пендені тек алдап-арбаумен, жамандыққа итермелеумен айналысады. Ал, жындарда осы екі рухани әлемнің де қасиеттері бар. Олардың мұсылмандары да, кәпірлері де болады. Асылында, біздің ұғымымыздағы дию, пері деген атаулар парсы тіліндегі

¹⁰⁵ Мәтнул ақайди ли-Умарин- Нәсәфи, ж.к.е., 13-бет; А.Лүтфи Каза - жы, ж.к.е., 101-105-бет.

«жын» сөзінің баламасы. Сондықтан жын, дию, пері деген сөздер көбіне бір мағынада қолданыла беретіндегін айта кеткен орынды.

Жындар біздің сезім мүшелерімізге беймәлім болғандықтан, олардың болмысын – қисындық яки ғылыми тұрғыдан тәптіштеп түсіндіруге келмейді. Десек те, негізгі салмақты дәлелдер мен нақты мәліметтерді Құран аяттары мен сахих хадистерден аламыз. Ал, аят пен хадис олардың нақты бар екендігін растайды. Қала берді Құран Кәрімде өз алдына «Жын» сүресінің бар екендігі баршамызға мәлім.

Бірінші бөлімде айтып өткеніміздей адам Аллаһ Тағалаға құлшылық ету үшін жаратылғаны сияқты, періштелер де Аллаһқа қызмет ету әрі Жаратушыны мадақтап, дәріптеу үшін жаратылған. Ал енді жындардың жаратылыстағы мақсаты қандай болмақ? Бұған жауапты «Зәрият» сүресінің 56-аятынан табамыз: *«Мен жындар мен адамдарды тек қана маған құлшылық ету үшін ғана жараттым»*. Олай болса жындар да адамдар секілді жәннәт пен жәһәннамға баратындығы анық. Бұған дәлел ретінде мына аятты келтіруге болады: **«Сендерден бұрынғы өткен тозақтағы жын және адамдар тобының ішіне кіріңдер дейді»** (7.Ағраф-38).

«Рас тозақ үшін де көптеген жын мен адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда олар онымен түсінбейді. Көздері бар онымен көрмейді. Олардың құлақтары бар, онымен естімейді. Олар хайуан сияқты тіпті одан өткен адасушы. Міне солар нағыз құр қалғандар» (7.Ағраф-179).

Адам мен жындардың жаратылу мақсатына сай Аллаһ Тағала оларға құлшылық заңдылықтарын жеткізетін пайғамбар жібереді. Адамзатқа 124 мың пайғамбар келгендігі бәрімізге аян. Ал «жындарға пайғамбар келген

бе» дейтін болсақ, оларға да пайғамбар жіберілгеніне көз жеткіземіз¹⁰⁶. Мұның айғағы төмендегі аят:

«Әй, жын мен адамдар тобы! Сендерге іштеріңнен аяттарымызды баян етіп, бұл күнге кездесулеріңді ескертетін елшілер келмеді ме? - делінеді. Олар: Раббымыз! Өзімізге куәміз, дейді. Оларды дүние тіршілігі алдаған. Олар өздерінің анық қарсы болғандықтарына айғақ болады» (6.Әнғам-130).

Мәселе осылай бола тұра, бірқатар ғалымдар жындар әлеміне пайғамбар келмеген деген тұжырымды ұстанады¹⁰⁷. Бұл мәселеге арнайы жауап беруге тура келеді. Біріншіден, жындар арасынан пайғамбар келмеген болса, олар Жаратушыға қалай құлшылық етпек? Екіншіден, Аллаһ Тағала жындарды да тек Өзіне ғана құлшылық ету үшін жаратпап па еді? Үшіншіден, «Исра» сүресінің 15-аятында: «Пайғамбар жіберместен біз ешкімді жазаламаймыз» делінген. Сонда жындарға тура жолды көрсетуші өз араларынан елші келмесе, Пайғамбарымызға дейін келіп кеткен жындар ақыретте жазаға ұшырамайды деген ұғым шығады. Бұлай дейін десек, **«Рас тозақ үшін көптеген жындар мен адамдар жараттық»** (7.Ағраф-179) аяты жындардың да тозаққа баратындығынан хабар беріп тұр. Осы аяттарды негіз етіп ала отырып, жындардың да арасынан елші келгендігі жөнінде айта аламыз.

Ал енді жындардың өзіндік болмысы мен кейбір табиғи ерекшеліктеріне тоқталып өтсек:

1) *«Мен жындар мен адамдарды өзіме құлшылық ету үшін ғана жараттым»* (51.Зарият-56). *«Рас тозақ үшін көптеген жындар мен адамдар жараттық»* (7.Ағраф-179). Осы екі аяттың мағынасынан (ең бастысы бастауыш

¹⁰⁶ Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 92 бет.

¹⁰⁷ Малик Ибрахим, Параллельный мир или многое, но не всё о джи - нах, Казань, 2004, 98-бет.

сөздердің орналасу реттілігінен) жындардың адам жаратылмастан бұрын жаратылғандығы тұрғысында тұжырым шығаруға болады. Егер мәселе керісінше болғанда, жоғарыдағы екі аятта да «жындар мен адамдар» тіркесінің реттілігі «адамдар мен жындар» болып орналасқан болар еді. Демек, бұдан шығатын қорытынды – жындар адам баласынан бұрын жаратылған. Тіпті, жындар Адам ата жаратылмастан екі мың жыл бұрын жаратылған деген нақтылы пікірлер де жоқ емес¹⁰⁸.

2) Адам топырақтан, періште нұрдан жаратылса, жындар оттан жаратылған: *«Жындарды оттың жалынынан жаратты»* (55.Рахман-15). *«Расында адамды бейнелеген қара балшықтың сыңғырлап құрғағанынан жараттық. Жындарды да (адамнан бұрын) түтінсіз оттан жаратқан едік»* (15.Хижр, 26-27). Ал енді бұл жерден: «Жындар оттан жаратылған болса, тозақ оты оларды қалай жағады?» деген қисынды сауал туындайды. Асылында, Аллаһ Тағала оларды әу баста оттан жаратқанымен, олар от халіндегі мақлұқтар емес. Мысалы, адам баласы топырақтан жаратылғанымен тәні топырақ емес қой. Сол секілді жындардың да тозақтың отына жануының өз ерекшеліктері бар. Аллаһ Тағала барлық нәрсенің жүйесін әу бастан реттеп, тағдырға жазып қойғандықтан бұл мәселеде ешқандай екіұшты яки түсініксіз жайтқа орын жоқ.

3) Жындар да адамдар секілді ішіп-жейді, үйленеді, көбейеді, ер-әйел болып бөлінеді және өледі. Олардың өмір сүру ұзақтығы өз уақыттары бойынша, 60-70 жылдай болады. Бірақ, олардың жылдық өлшемдерін біздің уақыт өлшемімізге шаққанда шамамен мың жылға жақын, яғни бір жынның өмір сүру мерзімі осынша уақытқа тең деп түсінеміз¹⁰⁹.

¹⁰⁸ Шерефеддин Гөлжүк, ж.к.е., 111-бет.

¹⁰⁹ Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 93-бет.

4) Жындар да адамдар секілді мұсылман, кәпір, жақсы, жаман болып бөлінеді. Аятта бұл жайында былай дейді: **«Расында жақсыларымыз да, одан төмендеріміз де бар, түрлі жолдарда едік. Шынында жер жүзінде Аллаһты еш жеңе алмайтындығымызды, қашып құтыла алмайтындығымызды аңғардық.... Біздің арамызда мұсылмандар да, туралықтан адасқандар да бар. Сонда кім мұсылман болса, ал міне солар туралықты іздейді»** (72.Жын, 11, 12, 14).

Жындардың муминдері адамдардың муминдерімен бірге жәннәтқа, кәпірлері кәпірлермен бірге тозаққа кіреді.

5) Жындар да адамдар секілді есту, ойлау және сөйлеу қабілетіне ие: **«Мұхаммед оларға: «Жындардан бір тобының Құран тыңдағаны маған уахи етілді, - деп айт. Сонда жындар: «Шынында бір ғажайып Құран тыңдадық, - деді. Құран бізді тура жолға салады. Енді соған иман келтірдік. Раббымызға ешкімді ортақ қоспаймыз»** (72.Жын, 1-2). Сонымен қатар Сүлейменнің (а.с.) Йемендегі Бәлқис ханшаның тағын жындарға әкелдірмек болып, олармен сөйлескендігін де жындардың сөйлей алатындығына қатысты мысал ретінде айтуға болады (қараңыз: 27.Нәмл – 39).

6) Жындардың түрлі бейнелер мен пішіндерде көріне алатын қасиеті бар. Сонымен қоса олар аса ауыр істерді де істеуге қабілетті. Аллаһ Тағала жындарды Сүлеймен пайғамбардың құзырына бергенде¹¹⁰, Сүлеймен пайғамбар оларды түрлі ауыр жұмыстарға жеккен болатын. Құран Кәрімде бұл мәселе жөнінде: **«Олар Сүлейменнің қалауынша құрылыстар, мүсіндер, көлдей ыдыстар және орнатылған қазандар жасайтын еді»** (34.Сәбә-13) деген жолдар бар.

¹¹⁰ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Малик Ибрахим, Паралелльный мир или многое, но не всё о джиннах, Казань, 2004, 180-202-бет.

Бірде, Сүлеймен (а.с.) пайғамбар Йемендегі Сәбә патшасының ханшасы Бәлқистың тағын Йерусалимге әкелуге ниеттенеді. Себебі, Бәлқис ханша Сүлеймен пайғамбардың хақ пайғамбар екендігін мойындап, оның еліне келмек болады. Міне, осыған орай Сүлейменге (а.с.) ханшаны таңдандыру қажеттілігі туып, жындарға: «Тақты кім әкеледі?», - деп сұрағанда, жындардың бірі Ифрит: «Оны орныңнан тұрмастан бұрын келтіремін», - деді. Кітап ғылымына ие келесі бірі: «Оны кірпік қаққанша әкелемін», - деді. Сүлеймен сол сәтте жанына әкеліп қойылған ханшаның тағын көріп: «Бұл Раббымның кеңшілігі», - деді» (27.Нәмл–40). Иә, Йемен мен Құдыстың арасы екі не үш мың шақырымдай қашықтық екенін ескерсек, жындардың қаншалықты дәрежеде күш иесі әрі жылдам екендігін пайымдау аса қиын болмас.

7) Жындардың ғайыппен байланысты ілімі жоқ. Олар тек Аллаһтың өздеріне берген рұқсат мөлшерінде ғана адамдарға беймәлім кейбір мәселелерді біліп, көре алады. Періштеге иман мәселесінде олардың ғайыпты біле алмайтындығын айтқан болатынбыз. Сол секілді жындар да ғайыпты біле алмайды. Пікірімізді бекіте түсу үшін айта кетейік, егер жындар ғайыпты, көзге көрінбейтін нәрселерді білетін болса, Сүлейменнің (а.с.) аса таяғына сүйеніп тұрып қайтыс болғанын білер еді. Ал олар болса, керісінше, аса таяқты құрт жеп, әбден шіріп, сынып, Сүлеймен пайғамбар құлағанша жындар оның өлгенін бейхабар болып, Құдыс мешіттің құрылысын тоқтатпады ¹¹¹. Бұл оқиғаны аят былай баян етеді: *«Біз оның (Сүлейменнің (а.с.)) өліміне үкім берген заманда жындарға оның өлімін, оның таяғын жеген бір жердің құрты ғана көрсетті. Сонда ол жығылған сәтте*

¹¹¹ Сайм Клавуз, ж.к.е., 186-190-бет; Шерафеддин Гөлжүк, ж.к.е., 112-114-бет; А. Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 106-108-бет.

жындарға аян болды. Егер жындар көместі білген болса еді, ауыр машақатта қалмас еді» (34.Сәбә-14).

8) Кәпір жындар өздеріне дос ретінде кейбір адамдарды әдейілеп таңдап алады. Сөйтіп оларды алдап-арбау арқылы, түрлі айлакерлік әдістермен өз ырқына көндіреді. Көбіне біз мұндай жандарды балгер, баксы, тәуіп деп те айтып жүрміз. Негізінен жындар ғайыппен байланысты мағлұматтардан бейхабар екені анық, олар тек адамдарға белгісіз кейбір мәліметтерді ғана жеткізе алады. Көбіне олар көктегі періштелердің әңгімесіне тыңшылық жасайды. Осы тыңшылықтан алған мәліметтерін жердегі достарына өтірік қосып жеткізеді. Ал жындардың көктегі періштелердің әңгімесіне тыңшылық жасауы жайында Құранда: **«Әрине, көкке қарманғанымызда оны қатал күзетші және атылған жалындарға толтырылған түрде таптық. Әлбетте, тыңдау үшін аспанның кей орындарында отыратын едік. Енді біреу тындамақшы болса, оны көздеген жұлдызды көреді»** (72.Жын 8-9) деген жолдар бар.

Жындардың көріпкел, балшыларға жеткізген кейбір хабарлары кей жағдайларда дұрыс шығуы да мүмкін. Бірақ, мәселе солай болды екен деп, оларға пал аштырып, келешекті білуге әрекеттену ислам діні бойынша үлкен күнә болып есептеледі. Жалпы палшылық пен көріпкелдікке деген сенім – Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) әкелген хабарларына қарсы шығумен тең. Қарсы шығу - кәпір болу деген сөз. Осы мәселеге байланысты мынадай ғибратты хадис бар: «Хазіреті Айша анамыз (р.а.) былай дейді: «Кейбір адамдар Расулуллаһқа келіп, көріпкел палшылардың ғайыпты қалай білетіндігін сұрады. Расулуллаһ оларға:

- Негізінен олардың ғайыпқа қатысты айтқан сөздері бос, мағынасыз сөздер, - деді. Сахабалар:

- Я, Расулуллаһ! Кейде олардың ғайыптан айтқан сөздері дұрыс болып шығады. Бұл қалай? – десті. Расулуллаһ:

- Бұл дұрыс сөз. Жындар періштелердің бір-бірімен әңгімелескенін тыңшылық жасап, естиді де, оны тауықтың шақырғаны сияқты палшы достарының құлақтарына дауыстап жеткізеді. Бірақ, олар сол уахиден ұрлап алған бір дұрыс сөздің ішіне жүздеген өтірік сөз қосады, - деді»¹¹².

9) Ғалымдардың көпшілігінің айтуы бойынша – Пайғамбарымыздың пайғамбарлығы адамдарға да, жындарға да ортақ. Сол себептен Пайғамбарымызға «Расулус-сақалайн» деген ат берілген. Хазіреті Пайғамбарымыз исламды жындарға да түсіндірген және исламды қабыл еткен жындармен қатар, қарсы шығушы кәпір жындар да болды. Бұл жайында аятта Аллаһ Тағала былай дейді: **«Сол уақытта саған жындардан Құран тыңдайтын бір топты келтірген едік. Олар жетіп келген сәтте «Үндемендер» десті. Сонда оқылуы біткен кезде өздеріне ескертуші болып қайтты. Олар: «Әй, еліміз! Шын мәнінде біз Мұсадан кейін түсірілген алдыңғы растаушы, сондай-ақ шындыққа және тура жолға салатын бір кітап тыңдадық, - деді. Әй, халқымыз! Аллаһтың шақырушысын қабылдандар және Аллаһқа иман келтіріңдер. Күнәларыңды жарылқап, күйзелтуші азаптан қорғайды»** (46.Ахқаф, 29-31).

6. Шайтан және оның кейбір өзіндік ерекшеліктері хақында

Шайтан негізінен жындардың арасынан шыққан. Ол да оттан жаратылған. Және құлшылық тұрғысынан

¹¹² Сахиhi Бухари ве тержемеси, Мехмед Софыоглу, Истанбул, 1989, 13-том, Китабул әдәб, 236 хадис.

да жоғары тақуалық сатысына жетіп, періштелердің деңгейімен бірдей дәрежеге қол жеткізген. Ал енді осы періште мен жынның екі арасын мына аят айырып береді: **«Сол уақытта періштелерге: Адамға сәжде қылыңдар деген едік. Ібілістен басқа бүкіл періштелер сәжде етті. Жыннан болған Ібіліс Раббыңның әмірінен бас тартты»** (18.Кәһф – 50).

Шайтанның оттан жаратылғандығы жөнінде де аятта анық белгілер бар: *(Аллаһ Ібіліске) Саған, Мен әмір еткенде сені сәжде етуден не тыйды? - деді. Ол: мен одан артықпын. Мені оттан жаратып, оны балшықтан жараттың, - деді»* (7.Ағраф-12). Шайтан біріншіден періште деңгейіне жетіп әрі оттан жаратылғандығын алға тарта отырып, Адамға (а.с.) сәжде етуден бас тартып, Аллаһ Тағаланың құзырынан қуылды және қияметке дейін лағынетке ұшырады. Осыған байланысты Құранда бірқатар аяттар бар. Олардың бәріне жеке-жеке тоқталып жатпастан, тек мына төмендегі аятқа назар салсақ: **«(Аллаһ Ібіліске) Саған, Мен әмір еткенде сені сәжде етуден не тыйды? - деді. Ол: Мен одан артықпын. Мені оттан жаратып, оны балшықтан жараттың, - деді. Сонда Аллаһ Ібіліске: «Сен бұл жерден (жұмақтан) шық! Бұл жерде сен өзінді астам ұстауыңа болмайды. Дереву шық, қор болушылардансың»,- деді»** (7.Ағраф, 12-13).

Негізінде, шайтан Адамның (а.с.) өзінен екі саты (Біріншіден, Аллаһтың адам жер бетіндегі халифасы болса, екіншіден, адам Аллаһ тарапынан берілген рух иесі) жоғары екендігін місе тұтпай, тәкаппарлыққа бой алдырды. Осыдан келіп, ол Адам атаны (а.с.) тануда өрескел қателік жасап, нәпсісіне ерді. Шайтанның бұл қателігі оның тағдырының түбегейлі өзгеруіне әкеп соқтырғаны белгілі. Қайтар жолдың жоқ екендігін түсінген шайтанның, өзінің қуылуына себеп болған адам баласына деген өкпесі

кара қазандай еді. Оған төмендегі аят жолдары ап-айқын дәлел бола алады: **«Қайта тірілетін күнге дейін мұрсат бер деді. (Аллаһ): Шынында мұрсат берілгендерденсің деді. (Ібіліс): Ендеше мені қаңғыртқаның үшін, әлбетте, мен де оларға қарсы Сенің тура жолыңа көлденең тұрамын деді. Сонан соң оларға алды-артынан, оң-солынан келемін де олардың көбін, шүкір ететіндерден емес екенін көзіңмен көресің деді»** (7.Ағраф, 14-17).

Ә дегеннен-ақ шайтан Аллаһтың құзырында берген уәдесін орындауға кірісті. Және бәрімізге белгілі ол сол арам пиғылын Адам ата мен Хауа ананы жәннәттан шығару амалымен бастады. Бұл мәселе аятта былай келтіріледі: **«(Аллаһ): Әй, Адам! Сен және жұбайың жәннәтқа орналас. Екеуің қалағандарыңша жеңдер. Алайда осы ағашқа жоламаңдар. Сонда шайтан, ол екеуінің ұятты жерлерінің ашылуы үшін азғырды да: Раббыларың сендерді осы ағаштан екеуің періште болып кетеді немесе мәңгі қалып қояды деп қана тыйған деді. Шынында да мен екеуіңді үгіттеушілерденмін деп ант ішті. Сөйтіп екеуін алдап түсірді. Сонда екеуі ағаштан татқан сәтте, ұятты жерлері ашылып кетеді. Екеуі жәннәт жапырақтарынан үстеріне жабыстыра бастады. Раббылары екеуіне: Екеулеріңді осы ағаштан тыймап па едім? Расында шайтан сендерге ашық дұшпан демеп пе едім? – деп үн қатады»** (7.Ағраф, 20-22).

Шайтан жаратылыс пайда болғаннан бері адамдарға түрлі жамандықтарды, күпірлікке бастар һәрекеттер мен түрлі деңгейдегі күнәларды барынша сүйкімді етіп көрсетті. Соларды жүзеге асыру қамымен адамды алдап-арбап, дұрыс жолдан тайдыруды көздеді және дегеніне үнемі жетіп отырды. Аятта бұл мәселені: **«Аллаһқа серт! (Мұхаммед (с.а.у.)) Расында сенен бұрын да үмметтерге елшілер жіберген едік. Сонда да шайтан оларға өз**

қылықтарын әдемі етіп көрсетті. Сондықтан бүгін де ол олардың досы. Оларға күйзелтуші азап бар» (16. Нахыл-63) деп келтіріледі.

Адамдар арасында өшпенділік пен дұшпандық отын жағу, бауыр мен бауырды, ері мен зайыбын, қоғам мен тұлғаның арасына іріткі салу – мұның бәрі шайтанның ұлық мақсаттарына кіретін істер. Шайтан қаншалық жамандықты молынан жасаса, соншалық аталары Ібілістің құзырында мәртебелері арта түседі. Хазіреті Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді: *«Ібіліс тағын судың бетіне құрады. Содан кейін әскерін топ-топ етіп жолдайды. Әскерлерінің дәреже мен шеніне қарап, ең жақынын қасына алады. Әскерлері бір-бірлеп келіп: «Былай, былай жасадым», - дейді. Ол: «Сен еш нәрсе істемедің», - деп жауап береді. Содан кейін өзгесі келеді және ол: «Адамды зайыбынан ажыратқанша кетпедім», - дейді. Бұны естіген Ібіліс әскерін өзіне жақындатып, «Сен қандай жақсысың» деп мақтайды» (Муслим, Мунафиқун – 16).*

Пенденің Аллаһтың хақ жолынан тайқып, тыйым салынған әрекеттерге бой алдыруы оның шайтанның қармағына іліккенінің бірден-бір дәлелі. Шайтан ондай пенденің қимас досына айналып, досын кәпірлердің тобырына үкілеп қосады. Бұл жайында Құранда да кеңінен баян етілген: **«Аллаһты еске алудан (яғни Құраннан) кімде кім бас тартса, Біз оның соңына шайтанды салып қоямыз, шайтан оны (азғырып), мәңгі бірге жүреді. Шайтанның оны тура жолдан адастыратыны анық. Бірақ олар өздерін тура жолдамыз деп ойлайды. Кәпір болған адам Біздің алдымызға келген шақта (қияметте): Әттең сені мен менің арамда шығыс пен батыстай алшақтық неге болмады екен? Сен қандай ғана жаман жолдас едің! (Менің бақытсыздығыма себеп болған сенсің ғой)», - дейді» (43.Зухруф, 36-38).**

Құранда мүминдерді шайтанның азғыруынан арнайы сақтандыратын аяттар бар. Бүкіл адамзаттың ата-анасын жәннәттан шығарған шайтанның қулығына құрық бойламайтыны жайлы Аллаһ Тағала Құранда бірнеше жерде ескертіп өтеді. Иә, асылында жалған, дүниелік һәрекеттерге бой алдырмасақ, шайтанның да азғыруынан аулақ боларымыз хақ. Енді осы мағынада айтылған аяттардың бір-нешеуін келтіре кетсек:

«Еш күмәнсіз сендерге шайтан дұшпан. Сондықтан сендер де оны дұшпан тұтыңдар. Шын мәнінде шайтан өз тобын тозақтықтардан болуға шақырады» (35.Фатыр – 6).

«Әй, адам баласы! Жер бетіндегі халал, таза нәрседен жеңдер! Және шайтанның ізіне ермеңдер. Өйткені ол сендерге ашық дұшпан. Шайтан сендерді жамандық жасауға, сұмдық қылмысқа, зейіндерің жетпейтін нәрселерді Аллаһқа қарсы айтқызуға бұйырады» (2.Бақара, 168-169).

«Шайтан оларға уәде беріп, оларды босқа үміттендіреді. Шайтанның оларға уәдесі алдау ғана» (4.Ниса-120).

«Әй, адам баласы! Шайтан ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, жәннәттан шығарғандай сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені, ол және оның сыбайластары, олар сендерді көрмеген жерден көреді. Шайтандарды иман келтірмейтіндерге дос қылдық» (7.Ағраф-27).

Шайтан адамды дұрыс жолдан тайдыруымен қоймай, ақыреттегі есеп-қисап кезінде пенделердің істеген өз амалдарымен өздерін кінәлі етіп және осы үшін өзін айыптамауды бұйырады екен. Аятта осы тұс айқын бейнеленген: **«Іс біткен заман шайтан: «Расында Аллаһ сендерге шындықты уәде етті. Сондай-ақ мен де сендерге уәде**

етіп, опасыздық еттім. Негізінде сендерді шақырғаннан басқа өктемшілігім жоқ еді. Сонда да шақыруымды қабыл алдыңдар. Ендеше мені сөкпендер де, өздерінді сөгіндер. Мен сендерді құтқара алмаймын. Расында бұрыннан да мені Аллаһқа ортақ қосуларыңа қарсы едім», деді. Сөз жоқ залымдарға жан түршігерлік азап бар» (14.Ибраһим – 22).

Әрбір адамды алдап-арбап, азғырып, хақиқи жолдан шығару үшін бір-бір шайтаннан болады. «Періштеге иман мәселесінде» әрбір адамды қорғап жүретін 384 немесе 360 періште бар екенін еске салған болатынбыз. Ал енді ойланып көрейікші, бізді 384 немесе 360 періште қорғап, біз үшін Аллаһтан кешірім тілеп жүрсе де, жалғыз ғана шайтанның азғыруына нәліктен жеңілеміз? Демек, шайтан жалғыз болғанымен өзінің іс-әрекеттерін бізге сүйдіре біліп, нәпсімізге толықтай билік жүргізе білген.

Бір күні түнде Расулуллаһ (с.а.у.) Хазіреті Айша анамыздың қасынан кетіп қалады. Хазіреті Айша анамыз Пайғамбардың шығып кеткенін әрқалай жорып, аздап қызғана бастайды. Пайғамбарымыз сәлден соң анамыздың жанына қайта келіп:

- Не болды, Айша, көңіліңе қызғаныш ұялады ма? - деп сұрайды. Хазіреті Айша анамыз:

- Маған не болар дейсіз? Мен секілді бір жан, сіз секілді асыл жанды қалайша қызғанбасын? – дейді. Пайғамбарымыз:

- Саған шайтан келді ме? - дегенде, ол:

- Аллаһтың Елшісі, менің қасымда бір шайтан бар ма? - деп сұрады.

Пайғамбарымыз:

- Ия, - деп жауап қатады. Хазіреті Айша және:

- Әрбір адамның қасында бір шайтаннан бар ма? – деп сұрады.

- Ия, бар,- деп жауап береді Пайғамбар. Сонда Хазіреті Айша анамыз:

- Уа, Аллаһтың Елшісі! Сізбен бірге де бір шайтан жүре ме? - деп сұрайды. Пайғамбарымыз:

- Ия. Бірақ Раббым оған қарсы маған көмек берді, ол да маған тәсілім болды, (яғни мұсылман болды),- дейді, (Муслим, Мунафиқун – 11).

Шайтан адам баласын азғыру үшін түрлі айла, тәсіл жасайтындығы бәрімізге мәлім бола тұра, оның азғыруына қалай түсіп қалатынымызды сезбей де қаламыз. Шайтан адамды азғырғанда әуелі оның жағдайына қарап, өзінің айла-тәсілдерін де соған сай қолданады. Ең алдымен, бізге ол алып бара жатқан пайдасы да, артықшылығы да жоқ, яки сауабы өте аз амалдарды істеуге шақырады. Ешкім де періште емес қой демекші, адам бірте-бірте парыз, уәжіп, сүннет амалдарына қарағанда сауабы жоқ амалдарды көбірек орындай бастайды. Енді, екінші кезекте шайтан сізге сауабы да, күнәсі де жоқ мубах амалдарды істетуге көшеді. Яғни, мұның нәтижесінде сіз киім-кешек, маңғаздық, ішіп-жеу, ұйықтау секілді әрекеттерге көбірек мән бере бастайсыз. Үшінші кезекте жайлап-жайлап кіші күнәларды істеуді үйретеді. «Бұлар аса үлкен күнә емес қой, иманыма пәлендей зиян келе қоймас» деген сұмпайы түсінікті санаңызға құяды да, кіші күнәларды істеуді тұрақты әдетке айналдырады. Мұның нәтижесінде, ұятты нәрселерге қарау, темекі шегу, дөрекі сөйлеу, балағаттау, біреудің затын рұқсатсыз алу секілді іс-әрекетті тартынбастан орындайтын боласыз. Адам осыларды істеп, еті үйренген соң, төртінші дәреженің кезегі келеді де, шайтан енді сізді үлкен күнәләрға жетектей жөнеледі. Соңында адам үлкен күнәләрға да әбден етін үйретіп, тіпті олардың күнә екендігін де ұмытады. Оларға күнә ретінде емес, күнделікті тірліктегі болуға тиісті қалыпты нәрселер ретінде қарайды.

Мысалы еш шімірікпестен өтірік айта салу, әңгіме барысында біреуді жамандау (ғайбаттау), біреудің сөзін екінші біреуге жеткізу (өсек), әке-шешесін тыңдамау, ұрлап кету, тәкәппарлық мінез көрсету секілді күнәларға бой алдырып, күнделікті тірлікте ол күнәларға елеусіз жол беріп жататынымыз бар. Егер бір сәт ойланып қарасак, Құранда аталмыш күнәларға қатаң тыйым салынған. Солай бола тұра, адам күнәні әдетке айналдырып, шайтанның жетегінде кеткенін мойындай бермейді. Себебі, нәпсі тек өз дегенім болса екен дейді. Бесінші, кезекте шайтан бидғат амалдарды істетуге ауысады. Алтыншысы, Аллах Тағалаға қарсы келу, күпірлік, ширк секілді шектен шыққан әрекеттерге бір-ақ жеткізеді. Сонымен шайтанның асыл мақсаты толықтай орындалады¹¹³. Адам Аллахқа серік қосқан соң, шайтан ол адамды өз еркіне қоя береді де, дін жолындағы екінші бір мұсылманды әлгіндей күнә сатыларынан жетелеп өткізуге күшін сала бастайды¹¹⁴.

Дегенмен, айта кету керек, шайтанның азғыруы шын мәніндегі тақуа, ықыласты жандарға аса қауіпті емес. Себебі, Аллах Тағала шайтанға қияметке дейін мұрсат берген кезде: «Менің шынайы құлдарыма ықпалың жүрмейді», - деген еді. Бұл Құранда былайша беріледі: **«Қашан Құран оқысаң, қуылған шайтаннан Аллахқа сиын. Шын мәнінде иман келтіріп, Раббыларына тәуекел еткендерге шайтанның үстемдігі болмайды. Шынында оның үстемдігі оны дос тұтып, Аллахқа серік қосушыларға ғана жүреді»** (16.Нахыл, 98-100).

Расында, Аллахтың жаратқан әрбір ісінде бір хикмет бар. Олай болса, шайтанның азғырушылық міндетінің де

¹¹³ Шерафеддин Гөлжүк, ж.к.е., 116 бет; Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 94-бет.

¹¹⁴ Шайтанның қулықтары жайында кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: «Шайтанның адамды алдау-арбау амалдары», Мұхиддин Араби, аударған: Бауыржан Аманкелдіұлы Сайпов, Шымкент, 2000 жыл.

бір хикметі болары сөзсіз. Аллаһ Тағала бүкіл мақлұқат пен заттарды біз ажырата алатындай оң-теріс, ақ-қара етіп жаратқан. Мысалы, періштелер мақлұқат атаулының ең ұлықтары, ең пәктері болса, шайтан жамандық атаулының падишасы ретінде жаратылған. Олай болса, адам жақсы мен жаманды салыстыру арқылы заттың сапасын бағамдайды. Тіршіліктегі кез-келген әрекеттер мен құбылыстардың қайсысы пайдалы, қайсысы зиян екенін анықтайды. Періште мен шайтан ұғымы да адамға бірінің қадірін бірі танытады. Ластық болмаса, тазалықтың мәнін жете ұқпаған болар едік. Сол секілді, сәт сайын азғыруын қоймайтын шайтан болмаса, құлшылықтың да айтарлықтай маңызы қалмас еді. Баршамыз періште секілді тақуа болып, біреудің ала жібін аттамас едік. Демек, біздің өмірімізге шайтанның қызметі де қажет. Көбіне сол арқылы да пенденің құлшылық деңгейін таразылауға болады. Ақыретте адамның тақуалық мәртебесін айқындауда да мұның маңызы арта түспек.

7. Рух және оның бір тәннен екінші тәнге өту мәселесі

Кейбір жандар адам баласы дүниеден өткеннен кейін оның рухы басқа бір денеге өтіп, сонан соң ол өмірге қайта келіп тіршілік жасайды деп сенеді. Бұл пікір әлемдегі көптеген діндердің сенімінде бар. Батыс әдебиетінде бұл мағынада «metempsychosis» және «transmigration» терминдері қолданылады. Ал ислами әдебиеттерде «танасух» яғни, ренкорнация термині қолданылады.

«Transmigration» түріндегі сенімдер солтүстік пен Оңтүстік Америкада кеңінен таралған. Олардың сенімдері бойынша адам рухы хайуанға өтеді. Оңтүстік Африканың Барту тайпаларының сенімі бойынша өлген адамдардың

рухтары тайпаны аралап, айналып жүреді және қайтадан дүниеге келе береді.

Рух көші пікіріне байланысты ең ескі мағлұматтар Индуизмнен келген. Индуизм діні б.э. д. шамамен 1500-2000 жылдары құрылған. Бұл дін жергілікті халықтың сенімі, әдет-ғұрпымен шығыс Еуропадан көшіп келген Ари тайпасының діни сенімі мен әдет-ғұрпының араласуы нәтижесінде пайда болған. Олардың сенімі бойынша, адам табиғатқа тәуелді емес. Онда рухтың екінші бір тәнге өтуі сенімінің пайда болуына Индиядағы касталық жүйенің әсері болған. Бұл жүйе бойынша адамдар төртке бөлінеді: 1. Брахмандар – дін адамдары. 2. Каштрия – хан ұрпағы. 3. Вайсия – саудагерлер, қолөнерші. 4. Шудра – шаруалар. Бұл – түбегейлі қалыптасқан өз сүрлеуі мен өз бастауы бар жүйе. Мұның тарихына сәл шегініс жасайық. Сол кезеңде Индиядағы шаруа халықты брахмандар мен каштриялар аяусыз қанап, айтарлықтай күйзеліске ұшыратқан болатын. Әлбетте, бұған көпшіліктің наразылығы өрши түседі де, қанаушылар ызғары сезілген қауіпті қарсылықтың алдын алудың жолдарын қарастырады. Халықты күшпен тоқтата алмайтындығына көзі жеткен брахмандар оларды діни жолмен тоқтатуды ұйғарады. Сөйтіп олар касталық жүйе сенімін, яғни адамның өмірге қайта келетіндігі жайындағы сенімді іске қосады. Бұл сенім бойынша адамның бұл дүниедегі жағдайы, оның одан бұрынғы өмірінде істеген ісінің нәтижесі. Адамның дүниеге дін адамы, хан, ғалым не шаруа болып келуі өз қолында. Егер де қиыншылық көріп жүрсең, ол сенің рухыңның кінәсі. Өйткені сен бұған дейінгі өмірінде жаманшылықты көп жасағансың. Өмірде жаманшылықты көбірек жасасаң, мұның жазасы ретінде екінші рет дүниеге келгенде хайуан денесіне өтесің. Жаза мерзімі біткен соң, рух қайтадан адам денесіне өтеді. Сондықтан хайуанаттар-

ды жәбірлеуде де абай болуыңыз керек, бәлкім ол сенің жақын туысың шығар..? Осы сенімді сәтті пайдаланған брахмандар халықтың бас көтеруін тоқтатып, шаруаларға өз дегендерін істейді. Содан уақыт өте келе бұл сенім әбден орнығып, Индуизм дінінің негізгі танымдық тірегіне айналған.

Индиядан бастау алған бұл сенім бертін келе сол аймақтағы елдерге кеңінен тарай бастады. Сол Индияда пайда болған Буддизм дінінде алғашында мұндай сенім болмаған. Кейінірек Индуизмнің ықпалы арқылы бұл сенім Буддизмге де орныққан. Дәстүрлі Будда дініндегі Будданың 24 рет Будда болып дүние қайта келуі жөніндегі сенімнің бір ұшы осында жатыр.

Яхуди мистицизмінде рух көшіне қатысты «gilgal» термині қолданылады. Бұл сенім яхудилердің сопылық ағымдарына XVII ғасырдан кейін тарай бастады. Олар адам рухының басқа тәнге өтуімен бірге, Тәңірдің де адам ішіне енетіндігіне сенім артты. Нәтижесінде, Тәңірі алғашқыда Адам Атаға, содан кейін Шит пен Мұса (а.с.) пайғамбардың денесіне рух ретінде кірген деген сенім қалыптасты.

Гректер де рухтың өлімсіз екеніне және бір тәннен екінші тәнге өтетіндігіне сенеді. Асылында бұл доктринаның негізін қалаушы б.э.д. VII ғасырда өмір сүрген әйгілі философ Пифагордың шәкірті Фересайдес болатын.

Соңғы зерттеу нәтижелеріне қарап отырсақ, әлем діндерінің сенім жүйесінде рухтың бір тәннен келесі бір тәнге өту түсінігіне деген сенімнің жеткілікті екенін аңғаруға болады. Ең соңғы хақ дін Исламда да мұндай сенімдегі ағымдар мен жекелеген тұлғалық пікірлер кездеспейді емес.

а) Рух және рухты шақыру

«Рух» сөзінің мағынасы «жан», «күш» деген ұғым, түсініктерге келеді. Көпше түрі «әруак». Әрбір мұсылманның рухтың бар екендігіне сенуі шарт. Өйткені Құран аяттары рухтың бар екендігі мен оның Аллаһ Тағаланың әмірінде болатынын, өлгеннен соң басқа бір әлемге баратынынан хабар береді. Ислами жүйе бойынша таратып айтсақ, «рух» сөзі көбіне үш мағынада қолданылады:

1) Жәбірейіл періштенің аты ретінде (Бақара-87; Мәриям-7; Шуара-193; Қадыр-4).

2) Уахи мағынасында (Нахл – 2; Мүмин – 15; Шура – 52)

3) Жандыларда тіршілік көзі болып табылатын күш мағынасында (Исра-85; Әнбия-91)

Рух жайындағы тартыстар мен түрлі пікір қайшылықтары ғасырдан ғасырға жылжып жалғасып келеді. Солардың бірі исламның бастапқы кезеңіндегі ғалымдардың айтуынша, рух Тәңірі жағынан бір құпия және адам оны жетік меңгере алмайды. Өйткені, «Исра» сүресінің 85-аятында: *«Әй, Мұхаммед! Сенен рухтың не екенін сұрайды. Айт: Рух Раббымыздың әмірінде. (Бұл жайында) сіздерге өте аз мағлұмат берілген»,* - делінген.

Пайғамбарымыздың(с.а.у.) айтуынша, өлген адамның артынан оқылған Құранның, жасалған жақсылықтың сауабы сол адамға тиеді. Бірақ, рухтардың адамдармен қарым-қатынаста болатындығы жайында ешқандай аят не хадис жок. Адамның ғайып әлемімен байланысы тікелей Аллаһ Тағаланың жіберген періштесі немесе жын-шайтандар арқылы болады. Олардың рух деп айтып жүргендері жын мен шайтандар. Жын мен шайтандар адамдар арасында өздеріне жақын кісілерге хабар беріп отыратындығы аят пен хадисте айтылған. Құранда

тыңшылық істеп (Хижр–18), періштелердің сөздерін таситын жын-шайтандардың болғанын (Саффат–10) және бұлар естігендерін көріпкел, балшыларға жеткізетіні туралы мәлімет бер. Осы хабардың көбіне өтірік араласқандығы (Шуара–223) мен олардың мәлімет ұрлауларына кедергі болу үшін от ұшқындары жіберілгені айтылады. Хазіреті Айшадан жеткен риуаят бойынша: «Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Періштелер бұлттардың ішіне түседі және көкте болғандарды әңгімелеседі. Шайтандар да осы кезде құлақ салып тындап, естіген хабарларын көріпкелге жеткізеді. Өздері де көптеген өтіріктер қосады», - деген». Жындар мен шайтандар адамдарды әсерлеп, кейде сиқыршы мен көріпкелді және рух шақырушы кісілерді таңдайды. Дініміз бойынша мұндай іспен айналысатындардан хабар алу ширк болып есептеледі. Өйткені, келешекті Аллаһтан өзге ешкім білмейді. Құранда «Ғайыпты тек қана Аллаһ біледі», - деген. (Әнбия – 59). Демек, мұндай іспен айналысудың «харамның ауылына» ат ізін салғанмен айырмасы жоқ.

б) Рухтың бір тәннен екінші тәнге өтуін қабыл еткен кейбір мұсылман тұлғалар мен ағымдар

Ең алдымен Исламда рухтың көшуі туралы сенім бар ма, жоқ па соның басын ашып алайық. Исламда мұндай сенім жоқ және сенуге де болмайды. Егер де Исламда мұндай сенім болмаса, онда ол оған қайдан келді?

Дініміздің шеңбері арабтармен ғана шектеліп қоймағаны белгілі. Ислам кеңінен жайылып, түрлі ұлттар мен ұлыстар мұсылмандықты қабылдады. Әлбетте, олардың әрбінің өздерінің сенімі мен мәдениеті болды. Әрі олар мұсылмандықты қабылдағаннан кейін де ескі сенім-жоралғыларын, әдет-ғұрыптарын толығымен тастаған жоқ, керісінше, олардың сол түрлі мәдени

өзгешеліктері Ислам мәдениетімен араласты. Мұсылман болғандардың ішінде көпшілігі кәміл мұсылман дәрежесіне жетпегендіктен түрлі ағымдар етек алып, кейбіреулері ескі әдет-ғұрыптарын қайта жаңғыртуға көшті. Демек, әлгіндей ұшқары сенімдер дінімізге сырттан келген. Мұндай сенімді алғаш қабыл еткен ағымдардың басында Шииттер тұр. Нусайрия, Дүрзия және Ибадия сияқты мәхзабтар рухтың басқа денеге өтетінін қабыл етеді. Осымен бірге Ахмед ибн Хатым, Ахмед ибн Әйюб Әбу Муслим әл-Хорасани және Әбу Бәкір Мухаммед ибн Зәкәрия әр-Рази сияқты ғалымдар да осы сенімдерін бекіту үшін Құраннан кейбір аяттарды дәлел ретінде келтіреді. Мәселен, «Бақара» сүресінің 28-аятында: **«Сіздер өлі болған кездеріңізде тірілткен Аллаһты қалай мойындамайсыздар? Содан кейін сіздерді өлтіреді және қайта тірілтеді. Соңында оған барасындар»** аяты мен «Мүмин» сүресінің 11-аяты: **«Мойындамағандар болса былай дейді: «Раббымыз! Бізді екі рет өлтіріп, екі рет тірілттің. Біз де күнәларымызды мойындамадық. Осы оттан шығу үшін бір жол бар ма?»** делінген. Аятта екі рет «өлу» мен екі рет «тірілу» мәселесі айтылғандығы рас. Аталмыш ғалымдар осы аятты басты негіз ретінде ала отырып, өлгеннен кейін қайта тірілудің болатындығын дәлелдеуге тырысады.

Асылында, осы екі аяттың мағынасына бойласақ, оның өмірге қайта келумен ешқандай байланысы жоқ. Бірінші аяттың мағынасы адамның алғаш рет балшықтан жаратылғандағы өлі сыпатына Аллаһ Тағаланың жан бергендігімен байланысты. Сонсоң дүниеге келген адам түз-дәмі бітіп қайтыс болып, ақыретте Аллаһтың әмірімен қайта тіріледі. Ал екінші аяттың мағынасы болса, кәпірлердің тозақ отына шыдай алмай жанып кететіндігімен байланысты. Өлген кәпірлер азаптан құтыла

алмайды. Істеген күнәларының жазасын тарту үшін қайта тірілтіледі. Бұл жайында басқа да аяттарда айтылады. Мәселен мына аятта: *«Кәпірлердің баратын жері мәңгілік тозақ»*, - делінсе, кәпірлердің азапталу жайын «Ниса» сүресінің 56-аяты: *«Оларды отқа тастаймыз және терілері жанып жоқ болғанда азапты тарту үшін терілерін жаңартамыз»* деп сипаттайды.

Хадистерде де оларға «жәһәннамиюн» деген атау берілген. Мұндай кісілердің жәһәннамда жанып көмір болатындығын және азапталуы үшін қайта тірілетіндерін білдіреді.

в) Ислам діні бойынша тәнәсухқа (ренкорнацияға) сенудің үкімі

Ислам діні бойынша рух екінші бір денеге өтпейді. Рухтың басқа бір тәнге өту сенімі Исламның сенімімен үйлеспейді. Өйткені, Исафил періште сырнайын бірінші рет үрлегеннен кейін қиямет қайым басталады және әлемдегі тіршілік тоқтайды. Исафил екінші рет сырнайына жан бітіргенде дүниеде өмір сүрген барлық адамдар тіршіліктегі амалдарының есебін беру үшін махшар алаңына жиналады. «Есеп бергенде ешкім-ешкімнің күнәсін көтермейді. Әркім өз іс-әрекетіне жауап береді», - дейді «Исра» сүресінің 15-аятында. Рух көші сенімінде рух бір адамнан екінші бір адамға көшіп жүре береді. Сонда адам ақыретте қай денесімен жауапқа тартылады? Бір рух бірнеше денеге кіріп шықса, жазалауға лайық денесі қайсы? Ал рухсыз дененің ешқандай да маңызы жоқ. Әрине, бұлай болу мүмкін емес дүние. Өйткені, бұл ең бастысы, Аллаһтың әділеттік сипатына қайшы келеді. Рух көші сенімін қабыл ету ақыретті қабыл етпеумен тең. Ал, ақыретке сену–иманның бір шарты. Иманның бір шартын қабыл етпеу–күпірліктің белгісі. Бұл мәселеге қатысты аят пен хадистерде жеткілікті дәлелдер бар.

г) Рух көші сенімінің негізсіздігі жайында

Құранда, дәлірегі «Мүминун» сүресінің 99-100 аяттарында өлген адамның о дүниеде азапты көргеннен кейін, Аллаһтан бұ дүниеге шынайы құлшылық ету үшін қайта жіберуін сұрап, жалбарынатындығы жайында айтылады.

Аятта мұның жауабы да айқын. Пенденің тілегі әлбетте орындалмайды, себебі, Аллаһтың қалауымен өлген жанның рухы дүние мен ақырет әлемі арасындағы бәрзах (көмескі) әлеміне жіберіліп, ақыретке дейін сонда болады.

Осы мәселеге байланысты оқиғаларды баспасөз беттерінен кездестіруге болады. Бірақ, осы мақалалардың көпшілігі өліп-тірілу, о дүниеге барып келу, онда әруақтардың бар екендігі сияқты тар тақырыптарда жазылған. Ұйқыда адамдардың өліп-тірілу және о дүниеге барып келулері бек мүмкін. Өйткені, ұйқы кіші – өлім болып есептеледі. Ұйқы кезіндегі адам рухы басқа рухтармен көрісіп, көзге көрінбейтін әлемді шарлап келе алады. Құранда да ұйқыда жатқан адамдардың рухтарын жиып алып, өмірі біткендердің рухын кері қайтармай, қалған рухтардың кері қайтарылатындығы жайында мәліметтер бар.

Жалпы рухтың денеден денеге көшуі туралы сенімнің ешбір негізі жоқ деуге болады. Егер адам өмірге қайта келуді қабыл етсе, қайта тірілген адам бұрынғы өмір сүрген кезін міндетті түрде есіне алуы керек емес пе? «Өкінішке қарай», ешкімде де санасында сайрап тұрған өткен өмірі жайлы мұндай ұғым жоқ. Сонымен бірге, бұл сенімді қабыл еткендер адамдар әке-шешеден балаларына өткен рухани және физиологиялық ерекшеліктер мен ұқсастықтарды және әлемдегі халық санының артуы жайында ешқандай жауап бере алмайды. Өйткені, олардың сеніміне жүгінсек, өмірге келетін адам саны беп-белгілі, адам бір орнында

айналған доңғалақ секілді қайтадан өмірге келе берсе, халық саны әсте көбеймеу керек емес пе? Ал қазір керісінше, адам саны күннен-күнге артып келеді. Ал сосын әрбір рухтың өзіне тән мінез-құлқы болғандықтан ол өлгеннен кейін өзіне тән денені қайтіп таңдайды? Ренкорнация сенімі бұл сұраққа да жауап бере алмайды. Қысқасы, Исламдық һәм қисындық тұрғыдан алғанда да рухтың бір тәннен екінші тәнге өтуі негізсіз мәселе¹¹⁵.

¹¹⁵ С.Сейтбеков. Рухтың бір тәннен екінші тәнге өту мәселесі // Халықаралық Қазақ-Араб университеті, Түркістанның 1500 жылдығына арналған профессор-оқытушылардың ғылыми-теориялық және оқу-әдістемелік конференциясының материалдары, Шымкент, 1999.

VII БӨЛІМ

ҚАСИЕТТІ КІТАПТАРҒА ИМАН

1. Аллаһ Тағала тарапынан түскен қасиетті кітаптарға иман

Аллаһ Тағала жаратылыстардың ішіндегі ең ұлығы адамдарға тура жолды үйрету мен ақиқатқа жету, халал мен харамды айыра білу үшін пайғамбарларына парақтар мен кітаптарын түсірген. Міне, осы түсірілген кітаптарға деген сенім бүкіл адамзатқа парыз әрі бұл иман негіздері болып есептелінеді. Құранда бұл мәселеге байланысты: **«Адам баласы бір-ақ үммет еді. Сонда Аллаһ қуандырушы, қорқытушы пайғамбарлар жіберді. Адамдардың араларындағы талас нәрселерге үкім ету үшін олармен бірге хақ Кітап жіберді»** (2.Бақара – 213) - дейді. Және бір жерінде: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) олар саған түсірілгенге әрі сенен бұрынғы түсірілгенге сенеді және ақыретке анық нанады»** (2.Бақара- 4) деп келеді.

Аллаһ Тағаладан жеткен Қасиетті Құран мен өзге үш кітапқа сенбеген жан иман еткен болып саналмайды: **«Әй, муминдер! Аллаһқа, пайғамбарына және оған түсірілген Құранға сондай-ақ одан бұрынғы түсірген кітапқа иман келтіріңдер. Ал, кім Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ақырет күніне иман етпесе, қарсы шықса, сонда тым ұзақ адасты»** (4.Ниса-136). Егер де қайсыбір адам адамзаттың соңғы пайғамбары Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) және Аллаһтың кітабы қасиетті Құран Кәрімге сенбесе, онда ол алдыңғы

пайғамбарлар мен түсірілген өзге де қасиетті кітаптарға да сенбеген болып табылады. Құран бұл жайында былай дейді: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) Егер олар сені мойындамаса, сенен алдыңғы ашық дәлелдер, нұсқалар және түрлі кітап келтірген пайғамбарларды да мойындамаған болады»** (З.Али Иман-184).

Адамзат баласына Аллаһ тарапынан қасиетті кітаптар мен қатар, жекелеген парақшалар түскендігі жайлы аят пен хадистерден білеміз. Алайда, Құраннан бұрын түскен қасиетті кітаптар заман өте келе түрлі өзгертулермен бұрмалауға ұшырап, түпкі нұсқасынан біршама алшақтап кеткені белгілі. Ал, парақшалар жайында нақты деректер жоқ. Сол себепті де, біз иман ету мәселесінде түпкі нұсқасы өзгеріске түскен қазіргі Таурат, Забур мен Інжілді басшылыққа ала алмаймыз. Тек қана, бізге жеткен қасиетті кітаптардың ішінен ілкі мазмұны өзгермеген асыл нұсқасына ғана иман етеміз.

2. Аллаһ тарапынан түскен парақтар (сухуфтар)

Аллаһ Тағала адамзатқа хақ жолды нұсқап, әркез халал мен харамды айыра білу үшін соған қатысты үкімдерін кітап арқылы жеткізіп отырды дедік. Міне, сол үкімдер жинағын қамтитын кітаптармен қатар парақтар да түсірілгені аян. Бұл парақшалар белгілі бір қауымға, жамағатқа, тайпаларға түскен. Олардың мазмұны мен құрылымы сол кездегі қауымдардың қажеттіліктері мен мәселелеріне жауап беретіндей дәрежеде шағын, қысқаша үкімдерден құралған еді. Бірақ, бұл парақтарда не айтылғаны, қандай мәселе қамтылғаны, қай пайғамбарға қанша парақ түсірілгені жайында нақты дәлел жоқ. Себебі, сол кезеңдегі үмметтер бұл парақтарға сай қырағылық пен

сақтап қалу жолында жанқиярлылық танытпағандықтан пайғамбарлары дүниеден өткеннен кейін уақыт өте келе жоғалып кеткен. Біздің міндетіміз - сол парақтардың Аллаһ Тағала тарапынан түсірілгендігіне сену ғана. Себебі, аталмыш парақтардың мазмұны бізге белгісіз болғандықтан оның ішкі мәтіні тұрғысынан жауапқа тартылмаймыз.

Елмалы Хамди Язир есімді ғалымның «Хақ дини Куран дили» атты тәпсірі мен Әбул Ләйс әс-Самарқандидің «Тәнбихул ғафилин» атты еңбегінде бұл парақтардың жалпы саны 100 екендігін білдіреді. Соңғысы негіз ретінде Әбу Зәрр әл-Ғыффариден риуаят етілген әлсіз (зайыф) хадисті алады. Бұл хадис бойынша Аллаһ Тағаладан түскен 100 парақтың 50 парағы - Шитке (а.с.), 30 парағы - Идриске (а.с.), 10 парағы - Ибраһимге (а.с.), 10 парағы - (Таураттан алдын) Мұсаға (а.с.) түсірілген екен. Басқа бір хадисте Мұсаға (а.с.) емес, Адам (а.с.) атаға түсірілгендігі жөнінде айтылады¹¹⁶.

Құран Кәрімде бұл парақтардың қай пайғамбарларға түсірілгендігі жайында кеңірек мағлұмат жоқ болғанымен, Хазіреті Ибраһим (а.с.) мен Хазіреті Мұсаға (а.с.) парақтардың жіберілгені жайлы деректер бар.

Аятта бұл мәселе былай деп келтіріледі: **«Оған Мұсаның (а.с.) нұсқаларындағы нәрселер білдірілмеді ме? Сондай-ақ әмірді орындаушы Ибраһимнің (а.с.) де?»** (53.Нәжім, 36-37).

«Әлдекім тазарса, ол құтылды. Ол Раббының атын еске алып, намаз оқыды. Бірақ сендер дүние тіршілігін артық көресіндер. Ақирет хайырлы да тұрақты. Негізінен бұл үкімдер бұрынғы нұсқаларда бар. Ибраһим мен Мұсалардың нұсқаларында» (87.Ағла, 14-19).

¹¹⁶ Елмалы Хамди Языр. Хақ дини Куран дили, 5768-5769-бет; Ебул Лейс Семерканди. Тәнбихул ғафилин, аударған: Салих Учан, «Челик» баспасы, Истанбул, 2001, 580-бет.

3. Таурат кітабы

Ұлы Жаратушының пенделеріне түсірілген қасиетті кітаптардың ең алғашқысы – Таурат. «Таурат» сөзі ибритше «заң», «шариғат», «әмір», «дәріс» деген ұғымдарды білдіреді¹¹⁷. Аллаһ Тағала яһудилерге хақ жолды көрсету үшін Тауратты түсірді. Бұл кітапты христиандар «Ескі өсиет» деп атайды. Таурат Хазіреті Мұса пайғамбарға түскен қасиетті кітап болғандықтан әрбір мұсылманның оған сенуі парыз болып табылады. Аллаһ Тағала Құранда Тауратты түсіргендігін ашық түрде баян етеді: **«Күдіксіз Тауратты түсірдік, онда тура жол және нұр бар. Аллаһқа бой ұсынған пайғамбарлар Яһудилерге онымен үкім етер еді. Және Аллаһтың Кітабын қорғауға міндеттендірілген раббанилер мен ғалымдар да онымен үкім етер еді. Олар оған куәгер еді..»** (5.Майда-44).

«Аллаһты лайықты түрде бағаламағандар сол уақытта: Аллаһ адам баласына ешбір нәрсе түсірмеді, деді. Мұсаның адам баласына бір нұр және туралық түрінде әкелген кітабын кім түсірді? Сендер оны бөлшек-бөлшек қағаздар етіп, кейбірін көрсетіп, көбін жасырасындар. Негізінде аталарыңның әрі сендердің білмегендерің үйретілген болатын. Оны Аллаһ түсірді де» (6.Әнғам – 91). Құран аяттарына зер салсақ «Таурат» сөзі 18 рет кездесетініне көз жеткіземіз.

Алайда, бұл қасиетті кітап Хазіреті Мұса (а.с.) дүниеден өткен соң көп уақыт өтпестен-ақ әуелгі түпнұсқасынан ауытқи бастады. Уақыт өте келе Израйыл ұлдары көптеген қуғын-сүргінге ұшырап, Таурат кітабы сақталған сандықтарын жоғалтады. Осы секілді жайттар Таурат мазмұнының өзгеріске ұшырауына әкеліп соқтырады. Әлемде «Ескі өсиет» атымен танылған Таурат

¹¹⁷ Гүнай Түмер, Абдурахман Күчүк, ж.к.е., 221-бет.

кітабының бізге белгілі үш нұсқасы бар: 1. Яһудилер мен Протестанттар сеніміндегі - ибрит тіліндегі нұсқасы; 2. Рим және шығыс христиан шіркеулері қабыл еткен - грек тіліндегі нұсқасы. 3. Самирлердің қабыл еткен -«Самирише» нұсқасы.

Яһудилердің ұстанатын Таураттың әлгі үш нұсқасын салыстырып қарастыратын болсаңыз, олардың арасында бірқатар айырмашылықтардың бар екендігін байқауға болады. Яһудилердің тарихында қырғынға ұшырау, қуғындалу, жер аударылу секілді оқиғалар жеткілікті болды. Мұның өзі Таурат түпнұсқасының жоғалуына бірден-бір себеп болатын. Нәтижесінде Таураттың ілкі нұсқасының орнына дін адамдары жағынан қолмен жазылған Таурат пайда болды. Өйткені, Хазіреті Мұса (а.с.) пайғамбар шамамен б.э.д. XIII ғасырда өмір сүргені белгілі. Ал қазіргі кездегі ибрит тілінде жазылған Таурат кітабының ең көне нұсқасы б.э.д. VII немесе X ғасырда жазылғандығы анықталып отыр¹¹⁸. Демек, хронологиялық тұрғыдан алғанда, Хазіреті Мұса пайғамбар тұсындағы қасиетті Таураттың жоқ екендігіне көз жеткіземіз. Ал, мұндай жағдайдағы біздің міндетіміз – Аллаһ Тағаладан түскен Таураттың бастапқы нұсқасына ғана иман ету.

Қазіргі кездегі Таурат кітабының қамтитын мәселелері мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Беремин - Жаратылыстың басталуы: бұл бөлімде әлемнің қалай жаратылғандығы, Адам атаның жаратылуы мен үрім бұтағы, Хазіреті Нұх пайғамбардың өмірі мен топан су, Хазіреті Ибраһим, Хазіреті Лұт, Хазіреті Исхақ, Хазіреті Яқуб, Хазіреті Юсуф пайғамбардың өмір тарихы және Мысыр еліне көшулері баян етіледі. Бұл тарихи оқиғалар жүйесі 50 тараудан тұрады.

¹¹⁸ Гүнай Түмер, Абдурахман Күчүк, ж.к.е., 222 бет; Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 96-бет.

2. Шемот - Мысырдан көшіп шығу: Исраил ұлдарының Мысыр еліндегі тұрмыс-тіршілігі, Ферғауыннан көрген қорлықтары, Мұса (а.с.) пайғамбардың Аллаһтың елшісі ретінде Ферғауынмен күресі, Мысыр халқына Аллаһтың жіберген апаты, 10 әмірдің берілуі, Мысыр елінен Кенан (Палестина) еліне көшуі секілді жағдаяттар баян етіледі. Бұл бөлім 40 тараудан тұрады.

3. Вайсра - Діни үкімдер: Бұл бөлімде күнәлар, халал мен харам тағамдар, тыйым салынған некелер, діни мерекелер, тазалану жолдары секілді діни үкімдер баян етілген. Үкімдердің жалпы жиынтығы 27 тарауды құрайды.

4. Бамидбар – Сандар: Бұл бөлімде Исраил ұлдарының Хазіреті Мұсадан (а.с.) кейінгі жағдайлары, Тур тауынан көшіп Кенан (Палестина) өлкесіне баруы, кейбір сандар, діни үкімдер, ажал мәселесін баян етеді. Бұл бөлім 36 тараудан тұрады.

5. Дварим – Екілік: Хазіреті Мұсаның (а.с.) айтқан өсиеттері, қайтыс болуы, жерленуі, Хазіреті Мұса пайғамбар кезінде болмаған кейбір дәстүрлер және діни үкімдер баяндалады. Бұл бөлім 34 тараудан тұрады¹¹⁹.

а) Таураттың өзге бөлімдері

Яһудилер өздерінің қасиетті кітаптарын «Тора» деп атайды да оны жазбаша, ауызша деп екіге бөледі. Яһудилердің түсінігі бойынша, жазбаша Тора Аллаһтың Тури Сина тауында Хазіреті Мұсаға уахи етілген кітабы. Ал, ауызша Тора болса, жазбаша Тораның тәпсірі іспетті болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген «Тал-

¹¹⁹ Гүнай Түмер, Абдурахман Күчүк, ж.к.е., 223бет; А.Лүтфи Каза - жы, ж.к.е., 117-118-бет; Киелі кітап, Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбаларының таңдамасы жиынтығы және Інжіл шариф, «Жаңа өмір» баспасы Станбул,2000, 9-208-бет.

муд» атты кітап болып саналады. Яһудилер ауызша Тораны жете ұғынбай, жазбаша Тораны түсіну мүмкін емес дейді. Жазбаша Тораға Хазіреті Мұсадан (а.с.) кейінгі пайғамбарлардың айтқан нақыл сөздері қосылып кеткен. Христиандар бұл кітапты «Ескі Өсиет» десе, Яһудилер «Танах» дейді. Бізге ол кітап Таурат ретінде белгілі.

Танахтың өзі үш кітаптан тұрады: Тора (заң), Небиим (пайғамбарлар) және Кетубим (жазбалар).

Тора 5 негізгі бөлімнен тұрады.

Ал, Небиим пайғамбарлар деген ұғымды білдіргендіктен бұл бап пайғамбарлар жайлы оқиғаларға арналған. Кітапта пайғамбарларды «Алғашқы пайғамбарлар», «Соңғы пайғамбарлар» деп екіге бөліп қарастырады.

1. «Алғашқы пайғамбарлар» бөлімінде Хазіреті Мұса (а.с.) қайтыс болғаннан кейінгі яһудилер Құдайдың өздеріне уәде еткен мекенге, өлкеге орналасуы, патшалықтың құрылуы мен басқарылуы, яһудилердің пұтқа табынушылармен күресі және қасиетті ғибадатхананың салынуы мен қирауы туралы баяндалады. Бұл бөлім: Яшу, Хакімдер, 1. және 2. Самуел; 1. және 2. Патшалықтар туралы жазбалар секілді тақырыптардан тұрады.

2. «Соңғы пайғамбарлар» бөлімінде кейінгі пайғамбарлардың пұтқа табынушылармен болған күресі, жалғыз Құдай түсінігін өзгелерге жаю үшін жасаған еңбектері мен өсиеттері айтылады. Бұл бөлімде негізінен: Ишая, Иремя, Хазекиел, Хошеа, Ёел, Амос, Обада, Жүніс, Мика, Нахум, Хабаккуч, Тсефаня, Хазай, Зекерия және Малаки тәрізді пайғамбарлардың жазбалары баян етіледі¹²⁰.

Танах кітабының «Кетубим» атты бабы 13 бөлімнен тұрады. Олардың қысқаша мазмұны төмендегідей:

1. Жырлар (техилим): Яһудилердің түсінігі бойынша,

¹²⁰ Гүнай Түмер, Абдуррахман Күчүк, ж.к.е., 223-224-бет.

Танахта келтірілген жырлар тарауы Дәуіт (а.с.) пайғамбар тарапынан жазылған. Тауратта бұл бап «Забур жырлары» деп келтіріледі және ол 150 тақырыптан тұрады. Бұл 150 жырдың 73-ін Дәуіт пайғамбар, қалғанын өзге де ұлы тұлғалар шығарған деген пікірлер бар. Жырлардың жалпы мазмұны Құдай Тағаланың сүйіспеншілігі мен қамқорлығына таңырқап, шексіз ұлылығын, рақымын, жарылқауын айта келіп, Ұлы жаратушыға шүкіршілігі мен дәріптеуін жеткізеді. Сонымен қатар, өздерінің мұқтаждықтары, қайғы-қасіреттері, жауларының зорлық-зомбылығына деген наразылықтары да сөз болады.

2. Сүлейменнің нақылдары: Дәуітұлы Сүлеймен пайғамбардың келер ұрпаққа арналған өмір сүру жайындағы ғибрат сөздерін келтіреді. Бөлім 31 тараудан тұрады¹²¹.

3. Таңдаулы әндер: Сүлеймен патшаның жазған өлеңі ретінде танылады. Мұнда Аллаһ пен Яхудилер арасындағы сүйіспеншілікті екі жастың арасындағы сүйіспеншілікпен салыстыра отырып, сүйіспеншілікті жан-жақты суреттеп, дәріптейді. Бұл бөлім 8 тараудан тұрады.

4. Әйюб (Иёв): Бұл бөлімде Хазіреті Әйюб пайғамбардың өмір тарихымен қатар ғибратқа толы хикаялар және Аллаһтың әмірі мен күдіретіне мойынсұнуы баян етіледі. Бөлімнің құрылымы 42 тарауды құрайды.

5. Уағыздаушы: бөлімі Сүлеймен патшаның еңбегі ретінде қабылданады. Сүлеймен пайғамбар бұл уағыздаушы жырында өмір сүрудің терең мағынасын талқылай келе, өмірдің өткінші әрі мәнсіз екендігін сипаттайды. Шынайы өмір дегеніміз Аллаһтан қорқу және Оның әмірлеріне мойынсұнудан тұрады деп келтіреді. Жыр 12 тақырып төңірегінде айтылады.

¹²¹ кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Киелі Кітап, Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбаларының таңдамалы жиынтығы және Инжіл тариф. 375-420; 421-424 беттер.

6. Рут: Мұнда Дәуіт пайғамбардың дүниеге келуі, Рут есімді тегі еврей болмағанымен, яһуди дінін қабылдап, ақырында үйленіп, отбасылы болғандығы айтылады. Бөлім бас-аяғы небәрі 4 тараудан тұрады¹²².

7. Естер: Естер есімді тегі еврей бір әйелдің өз қандастарын (яһудилерді) иран патшасы Ахашвероштың қырғынынан аман алып қалуы жайында сыр шертеді. Иран патшасы Ахашвероштың уәзірі Хаман еліндегі яһудилердің көзін жою үшін патшадан рұқсат алады. Бірақ, патшаның ханшайымы Естер әйелге тән қасиетін қолдана отырып, яһудилерді қырғыннан аман алып қалады және Хаманды адамдарымен бірге өлтіреді. Бұл бөлім 10 тараудан тұрады.

8. Иремия жырлары: Құдыс қаласының қирауы, Яһуди патшалығының күйреуі кезінде Иремия пайғамбардың шеккен қайғы-қасіретінен туындаған жырлар жиынтығы. Жырлардың мазмұны 5 тақырыптың төңірегінде өрбиді.

9. Даниял: Даниял пайғамбар Қасиетті ғибадатхананың қирауы (70 жылдары қираған) және яһудилердің Вавилонға жер аударуы кезеңінде өмір сүрген. Сол кездегі көрген білгендерін 12 тарау етіп осы бөлімде жинақтаған. Бұл бөлім шамамен б.э.д. 164 жылы жазылған. Бөлімнің мазмұны негізінен яһудилердің қандай да бір қиыншылыққа ұшырамасын өз діндерінен, сенімдерінен айнымауы керектігі тілге тиек етіледі. Сонымен қатар өлімнен кейінгі өмір мен есеп беру сәті де сөз болады.

10-11. Узайр (Езра) және Нехемя: Яһудилердің Вавилондағы құлдық дәуірі, құлдықтан азат етілуі мен Құдысқа қайта оралу, Қасиетті ғибадатхананың жөнделуі жөнінде айтылады. Узайр бөлімі 10 тараудан, Нехемия бөлімі 13 тараудан тұрады.

12-13. Бірінші және екінші шежірелер туралы жазба

¹²² кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Киелі кітап, ж.к.е., 210-218-бет.

лар: Шежірелер туралы бірінші жазба Адам атадан басталатын адамзаттың ата-тегінің шежіресін қамтиды. Яғни, бұл бөлім Нух, Ибраһим, Исхак, Якуб, Дәуіт пайғамбарлар мен олардың үрім-бұтақтары туралы баяндалатын 29 тараудан тұрады.

Шежірелер туралы екінші жазбада киелі үйдің құрылысы жайлы баяндалады. Сүлеймен салғызған киелі үйдегі шымылдық және соған қолданған түрлі-түсті жіптер туралы айтылады. Бұл бөлім 36 тарауды құрайды¹²³.

б) Құрандағы Тауратқа қатысты мағлұматтар

Құран Кәрімдегі өзіне дейінгі кітаптар жайындағы мағлұматтардың дені, ол кітаптардың мазмұндық сипатына қатысты. Құранда Таурат жайында да мол мәлімет берілген. Мәселенің басын ашып алу үшін Құранның Таураттың сипатына қатысты тұстарын атап өтелік:

- Таурат яһуди қауымына халал мен харамды бекітіп, нені жеуге болады, нені жеуге болмайтындығын үйреткен. (қараңыз: 3.Али Имран – 93).

- Таурат Аллаһ жолында өлгендердің жәннатқа баратындығы мен ғибадатына адал ықыласты құлдардың жүзінде сәжденің ізі болатындығын білдірген (қараңыз: 9.Тәубе-111, 48.Фатх – 29).

- Таурат Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың келетіндігін және хақ жолға шақыратындығын, Оған ергендердің азаптан құтылатындығын яһудилерге ескерткен (қараңыз: 7.Ағраф-157).

- Құранда Таурат үкімдері мен әмірлеріне сенген, бірақ оларды орындамаған яһудилерді кітап арқалаған есекке теңейді (қараңыз:62.Жұма-5).

- Аллаһ Тағала Тауратты адамдарға хақ жол көрсетуші ретінде түсірген (қараңыз: 3.Али Имран, 3-4; 5.Майда, 43-46).

¹²³ Гүнай Түмер, Абдурахман Күчүк, ж.к.е., 224-226-бет; Киелі кітап, ж.к.е., 319-374-бет.

- Таурат жолбасшы әрі игілік түрінде Мұсаға түскен және жақсылық істегенге Аллаһтың оған нығметті толықтыратындығын, әр нәрсені ажырататын, туралықты нұсқайтын, мәрхамет үшін түскен кітап (қараңыз: 6.Әнғам, 154-157; 48.Ахқаф-12).

- Израйл ұрпақтары Тауратқа мұрагер етілген (қараңыз: 40.Ғафыр, 53-54).

4. Забур кітабы

Забур – Хазіреті Дәуіт (а.с.) пайғамбарға Аллаһ тарапынан түсірілген қасиетті 4 кітаптың біреуі, әрі ең шағыны. Аятта бұл жайында былай дейді: *«Сондай-ақ Дауытқа Забурды бердік»* (17.Исра-55; 4.Ниса-163). Забур сөзі - араб тілінде «кітап», ибрит тілінде «хат» деген ұғымды білдіреді¹²⁴. Ал киелі кітапта Забур сөзінің түпкі мағынасы - «мадақтау жырлары» деген ұғымды білдіретіндігі жайлы жазылған¹²⁵.

Құранда 3 жерде кездесетін Забур кітабы жаңа бір шарифат әкелмеген. Ол Таураттан соң түскен және көбіне сол Таураттың заңдылықтарын жалғастырады. Забурда ахлақи насихаттар, жырлар, адамдарды туралыққа, жақсылыққа, Жаратушыға шынайы құл бола білуге шақырады. Қасиетті кітап Забурдың Таураттан кейін түскендігін мына аяттан білеміз: *«Расында Таураттан кейінгі Забурда: «Жерге игі құлдарым мұрагер болады» деп жаздық»* (21.Әнбия – 105).

Құранда Таурат пен Інжіл жайында көбірек мағлұмат берілгенімен Забур жайлы мәлімет өте аз. Яғни, Дәуіт (а.с.) пайғамбарға Забур атты қасиетті кітаптың берілгендігі ғана айтылады. Алайда, Хазіреті Дәуіт (а.с.) пайғамбардың

¹²⁴ Гүнай Түмер, Абдурахман Күчүк, ж.к.е., 226-бет.

¹²⁵ Киелі кітап, ж.к.е., 375-бет.

есімі Құранда 16 жерде аталған. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде өзінің сүйікті елшісі Дәуіт (а.с.) пайғамбарды түрлі қабілетімен ұлықтап келтіреді. Сонымен бірге Хазіреті Пайғамбарымыздың да (с.а.у.) Хазіреті Дәуітті (а.с.) үмметіне үлгі етіп көрсететіні белгілі. Хадистерде Дәуіт пайғамбардың қалай ораза ұстағандығы, нәпақасын қалай тапқандығы секілді ғибрат аларлық қасиеттері айтылады. Жалпы Құранда Дәуіт (а.с.) пайғамбардың шешендік қабілетінің жоғарылығы, патша болғандығы, даусының әдемілігі, темірден сауыт жасайтындығы, темірді икемге келтіре білетіндігі, даналық берілгендігі, Жаратушыны көбірек тасбих ететіндігі жөнінде оқиғалар жеткілікті (мына аяттарға қараңыз: 2.Бақара, 249-251; 38.Сад, 17-30; 27.Нәміл-15; 21.Әнбия, 78-80; 34.Сәбә, 10-13).

Бүгінде Забур кітабы деп аталатын жеке бір кітап жоқ. Ол бізге тек «Забур жырлары» деп аталатын Таураттың бір бөлімі ретінде ғана белгілі. Таураттағы «Забур жырларын» христиандар шіркеудегі діни әндерге қосып айтады. Таурат пен Інжіл секілді Забурдың да түпнұсқасы өзгеріске ұшыраған.

5. Інжіл кітабы

Аллаһ тарапынан адамзатқа түсірілген қасиетті кітаптың бірі - Інжіл. «Інжіл» сөзі - «сүйінші», «ізгі хабар» деген ұғымды білдіреді¹²⁶. Құранда Інжілдің Хазіреті Иса пайғамбарға түсірілгендігі жайында былай делінген: *«Және пайғамбарлардың ізінше өзінің алдындағы Тауратты растаушы етіп, Мариямұлы Исаны жалғастырдық. Әрі оған ішінде туралық, нұр болған алдындағы Тауратты растаушы етіп, сондай-ақ сақтанушылар үшін тура жол, үгіт түрінде Інжілді бердік»* (5.Майда-46).

¹²⁶ Гүнай Түмер, Абдуррахман Күчүк, ж.к.е., 285-бет.

Христиандықтың алғашқы кезеңдерінде бір-біріне ұқсамайтын көптеген Інжіл кітаптары болды. Осыдан келіп, әрбір қауым тек өзінің Інжілін ғана дұрыс деп, өзгенікін мүлдем теріс деп санады. Мұның соны әр қандай ұрыс-керіске жетеледі. Сенім қақтығыстарындағы «отқа май құйғандай» әсер ететін мұндай қарама-қайшылықтардың пайда болуының бірден-бір себебі: «Хазіреті Иса құдайдың елшісі ме, әлде Құдай мен адамдар арасындағы делдал ма?», «Құдайдың елшісі ме, әлде әкесіз туылғандықтан Құдайдың ұлы ма?» деген секілді сұрақтар.

Император Константин Рим империясын нығайту үшін барлық халықтарды өз билігінің астында топтағысы келді. Сондықтан христиан дініне теңдік пен бостандық беріп, сол дінді қабылдатуды ұйғарады. Сол мақсатпен христиандық сенімнің негіздерімен жақынырақ таныса келе, ондағы көптеген қарама-қайшылықтарды көріп, 325 жылы қазіргі Түркия еліндегі көне Изник шахарында «Никей саборы» өткізді. Бұл саборға бас аяғы 2048 епископтар мен патриархтар келді. Әлбетте, олардың Хазіреті Исаға деген көзқарастары да әр түрлі еді.

Император түрлі ағым өкілдерінің ойын тындап, олардың әр түрлі, тіпті кейбір мәселелерде бір-біріне мүлде кереғар келіп жататын түсінік-пайымдарына қайран қалады. Соңынан ол Полстың (Павел) ағымын қолдап (Исаны құдайландыруды қолдайтындар), арнайы мәжіліс ұйымдастырып, 318 епископтың ұйғарымымен 4 Інжілден өзгелерін құрту туралы шешім қабылдайды. Осы шешімге сай патшаның көмегімен өзге ағымдар қудаланып, кітаптары жағылып қуғын-сүргінге ұшырады. 325 жылдан 1869 жылға дейін христиан әлемі осы мәселе төңірегінде 20 рет әлемдік деңгейде бас қосу (сабор) өткізген екен ¹²⁷.

¹²⁷ Оразкүл қажы Көбеева, Шындыққа жол, Алматы ҚазАқпарат, 1999, 43-46-бет.

Міне, осы Никей бас қосуынан соң христиан әлеміне Инжілдің төрт нұсқасы белгілі болды. Олар «Жаңа Өсиет» деп аталады. «Жаңа Өсиетте» әлемге танымал 4 Инжіл кітабы мен әр түрлі тақырыпта жазылған 21 хат пен «Аян» тақырыбы қамтылған¹²⁸. Христиандардың түсінігі бойынша, «Жаңа Өсиетке» топталған бұл кітаптар мен хаттарды хауарилер жеткізген және олардың сенімділігінде ешбір күмән жоқ. Алайда, оларды Инжілдің Хазіреті Исаға түскен түпнұсқасы емес, кейінірек тіршілік қажеттіліктеріне орай жазылған деуші пікірдегі христиандар да бар.

а) Әлемге танымал Инжілдер

1а) Матфейдің Инжілі: Матфей – Иса пайғамбардың 12 шәкіртінің бірі. Ол Иса пайғамбармен кездескенге дейін Палестинаның Галилей ауданында тұрып, салық жинаушы қызметін атқарады. Ал, Иса пайғамбардың өлімінен кейін христиандықты жаю үшін Эфиопияға кетеді. Жан-жақта Иса пайғамбардың жүрген жолымен жүрушілерді қуғындау, азаптау, өлтіру әрекеттері аяусыз жүріп жатқан сәтте Матфей де Эфиопия патшасының жендеттерінің қолынан 70 жылдары азаппен өлтіріледі.

Матфей өзінің Инжілін иврит тілінде жазған. Ал кейбір тарихшылар болса, оның көне Сирия тілінде жазылған деген тұжырым жасайды. Дегенмен, негізгі нұсқа уақыт өте келе жоғалып кетеді де, Грек тіліне аударылып жазылған Инжіл пайда болады. Матфей Инжілінің нақты қай жылы жазылғандығы жайлы дерек жоқ, тек жорамал ғана бар. Сол жорамал бойынша оны 37, 38, 43, 48 немесе 64 жылдары жазылған дейді. Бас-аяғы 28 тараудан тұратын Матфей Инжілінде, Хазіреті Исаның мәсіхтігі мен оның шежіресі сөз болады.

2а) Марктің Инжілі: Тарихшылардың айтуынша,

¹²⁸ қараңыз: Киелі кітап, ж.к.е., 517-1198 бет.

оның аты Иоанн, лауазымы Марк және ол хауарилердің¹²⁹ көсемі Петрдің шәкірті. Ал тегі еврей, Иса пайғамбар кезінде Ирусалимде тұрған. Оның отбасы Иса әкелген жаңа дінді алғашқы қабылдағандардың бірі болып саналады. Марк Інжілінің қай уақытта, кім жазғандығы нақты белгілі емес. Кейбір деректер бұл Інжілді хауарилердің көсемі Петр жазған дейді. Алайда, Марк жазған деген де дерек кездеседі. Марк Інжілі 16 тараудан тұрады, онда Хазіреті Исаның өмірбаяны қарапайым, ұғынықты тілмен жазылған. Сонымен қатар, мұнда яһудилердің салт-дәстүрлеріне қатысты да мәселелер айтылады. Бұл Інжіл шамамен 56, 63 немесе 65 жылдарға дейін жазылған.

3а) Луканың Інжілі: Бұл Інжілдің авторы хауарилердің санатынан емес. Тіпті, Інжілде Лука жайында көптеген күмәндар, жорамалдар айтылған. Яғни Луканың кім болғандығы, қашан жазғандығы, кімге арнағандығы жайында әр қандай пікірлер кездеседі. Інжіл Шарифтегі деректерге сүйенсек, Лука Хазіреті Исаның алғашқы шәкірттерінің қатарында болмағанымен Масихтің тура жолымен жүруші, әрі Павел және оның қызметкерлерімен сапарлас болған жан. Негізгі мамандығы дәрігер болған Лука, бұл Інжілді 60-85 жылдары жаза бастайды. Бұл Інжілдің құрылымы 24 тараудан тұрса, мазмұны Хазіреті Иса пайғамбардың өмір тарихы мен ғибратты кеңестеріне құрылған.

4а) Иоанның Інжілі: Иоан Інжілі жайында көптеген тұманды деректер бар. Себебі, Хазіреті Исаның шәкірті Апостол Иоанның жазған еңбегінің орнына, екінші ғасырда басқа Иоанның жазған нұсқасы Інжіл кітабына еніп кеткендігі туралы айтылады. Мәселе осылай болғандықтан, Иоан Інжілі сөз болып отырған нұсқасы алғашқы үш Інжілге қарсы пікірде жазылған болып шығады. Деректерге

¹²⁹ Хазіреті Иса пайғамбарға алғаш иман еткен 12 шәкіртті «хауари» деп атайды

сүйенсек, Азия шіркеуінің басқармасы сол кезеңдегі танымал философ Иоанға Исаны Құдай етіп, Інжіл жазуын тапсырады. Бұл тапсырма 96-жылы берілген болса, араға төрт жыл салып, шамамен 100-жылы Иоан оны тәмәмдайды. Сөйтіп кейінірек шіркеулер бұл кітапты «Апостол Иоанның Інжілі» деп атауға шешім қабылдайды.

Апостол Иоанның Поликарп деген шәкірті болған. Ал Поликарптың Аринус есімді шәкірті Иса пайғамбардың дінін уағыздаушылардың бірі еді. Міне, сол Аринусқа Иоанның Інжілін көрсеткен кезде ол кітапты қабыл етпейді. Өйткені оның ішінде Исаны (а.с.) құдайландырумен байланысты жайттар жазылғандықтан бұл деректердің Апостол Иоанның Інжіліне ешқандай қатысы жоқ болатын.

Иоан Інжілі (Жохан Інжілі) 21 тараудан тұрады, мазмұны негізінен Иса пайғамбардың Құдайдың ұлы екендігі туралы болып келеді¹³⁰.

5а) Варнава Інжілі: Христиан монахтары жоғарыда айтылған 4 Інжілден өзге Інжілдерді отқа жағып, сол Інжілдерді қолдаушыларды үнемі қуғынға ұшыратып отырды. Онымен қоймастан кейбір Інжілдердің оқылуына қатаң түрде тыйым салынды. Міне, сол тыйым салынған Інжілдің бірі Апостол Варнаваның Інжілі болатын. Хауарилердің санатындағы Варнава Хазіреті Исаның шәкірті әрі Марктің ағасының баласы еді.

Христиандықтың негізін қалаушы тегі яһуди Павел бастапқыда Хазіреті Исаның дініне мойынсұнбай, тек 40-жылдары ғана иман келтіреді. Сөйтіп, Хазіреті Исаның шәкірттерімен қарым-қатынас құруға ниеттенеді. Бірақ, хауарилер оның иманының кәмілдігіне сене қоймайды. Алайда ақкөңіл, қайырымды Варнава Павелді өзіне

¹³⁰ Оразкүл қажы Көбеева, ж.к.е., 30-34-бет; Гүнай Түмер, Абдурра - ман Күчүк, ж.к.е., 287-288-бет; А. Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 118-119-бет; Киелі кітап, ж.к.е., 518-519, 606-607, 662, 756 беттер.

тартып, өзге Апостолдарға жолықтырып, Хазіреті Иса пайғамбардың айтқандарын үйрете береді. Павелді өзі қайда барып үгіт-насихат жасаса, сонда бірге алып барып жүреді. Бірде, Кипр аралына жаңа дінді уағыздау үшін Варнава өзінің достарымен бірге барғанда, Павел де солардың арасында болады. Олар көп құдайлық сенімнің өкілдері болып табылатын Кипрліктерге уағыз-насихат жасау барысында бірқатар тосын жайттар не кереметтер көрсетеді. Мұндайды көрмеген жергілікті жұртшылық оларды тәңірі деп таңдай қағады. Апостолдар болса, оларға өздерінің ешқандай да Құдай емес, керісінше Құдайдың жаратқан құлдары екендіктерін айтып әбігерге түседі.

Осы сапардан кейін Ирусалимге оралған Варнава Павелдің халықты жаңа бір сенімге шақырып жүргенін сезе бастайды. Бірте-бірте екеуінің арасындағы пікір қайшылықтары ұлғайып, қатты ұрысуға дейін барады. Себебі, Павел Исаны (а.с.) Құдайдың баласы, адамдарды күнәдан құтқару үшін жер бетіне келген, яғни адамзаттың күнәсі үшін өзін құрбандыққа шалды деп уағыз-насихат жүргізген еді. Ол тіпті мұнысымен шектелмей көпшілікке: «Христиандықта сүннеттеу жоқ және шошқа етін жеуге де рұқсат», - деп пәтуа береді. Мұншалықты озбырлыққа шыдамаған Варнава Павелмен мүлде келісе алмай ат құйрығын біржола кесіседі де өзге христиандарды да одан аулақ болуға шақырды.

Павел өзінің идеяларын уағыздау үшін кітаптар жазып, жан-жаққа жолдамалар жіберді. Өз тұжырымдарын жинақтап 15 кітап жазып таратып, бір жағынан шәкірт тәрбиелеу арқылы тамыр жая бастайды. Сонымен уақыт өте келе Павел өз дегеніне жетіп, оның Хазіреті Исаны Аллаһтың баласы деген идеясы 325 жылғы Никей басқосуына қабыл болып, ресми түрде әлемге жария етіледі.

492 жылы I-Папалық күзіретке Гласиос келген соң, ол өзіне ұнамаған Інжілдерді өртеуге бұйрық береді. Олардың арасында Варнава Інжілі де болды. Тіпті, оны өртеткендері аздай, оқуға да қатаң тыйым салды. Олардың мұншама қатты қорқуларының себебі де жоқ емес, өйткені Варнава Інжілінде Хазіреті Иса Аллаһтың ұлы емес, тек Аллаһтың елшілерінің бірі ғана екендігі мен халал, харам тағамдардың пайда-зияндығы тұрғысындағы діни үкімдер тайға танба басқандай анық жазылған еді. Ең бастысы, мұнда Павелдің іс-әрекеті қатаң сынға ұшырайды. Кейбір деректер Варнава Інжілінің жалғыз ғана нұсқасы папаның кітап қоймасында құпия түрде сақталып қалған деген болжам айтады.

Аталмыш болжамды негізсіз деуге де келмейді. Себебі, 1585 жылы Папа Сиктис (Секстус) V-тің жақын қызметшісі болған монах Фрамерио бұл кітапты құпия түрде кітапханадан алып шығатыны бар. Монах Фрамерио бірде папамен бірге сол кітапханаға кіргенде екеуі едәуір уақыт сонда кідірістеп, папа кітап оқып отырып, ұйықтап кетеді. Фрамерио жақындап келіп бұл не кітап болды екен деп қараса, папа Варнава Інжілін оқып отырған болып шығады. Сөйтіп көптен бері қолға түсіре алмай жүрген Варнава Інжілін монах киіміне жасырып алып шығады. Кітап итальян тілінде жазылған екен. Кейінірек ағылшын, неміс, араб және түрік тілдеріне аударылады. Қазір ол Інжіл кітабы Австрия мемлекетінің астанасы Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы¹³¹. Бұл кітапты кейінірек 1907 жылы Оксфордта Бай мен Байан Раг атты ері-зайыптылар ағылшын тіліне аударады. Кітаптың аталмыш аударма нұсқасы бірнеше рет жасырын түрде жоғалып кетеді. Алайда, соңғы зерттеушілердің мәліметтеріне сүйенсек, кітаптың бір данасы Бритиш (Ұлыбритания) мұражайында, бір данасы Вашингтонда Америка Конг-

¹³¹ Оразкүл қажы Көбеева, ж.к.е., 72-78-бет; Сайым Клавуз, Акиф Көтен, Осман Четин, Хүсейн Алгүл, ж.к.е., 151-бет;

ресі кітапханасында сақтаулы. Ал 1973 жылы Пакистан мемлекетінің Құранды зерттеу орталығы ағылшын тіліндегі бұл кітапты қайта бастырып шығарыпты¹³².

ә) Інжілдегі өзге де хаттар

Инжілкітабындажұртшылыққа белгілі 4 Інжілмен бірге 23 хат жазылған. Міне, сол 23 хаттың тақырыптарының жүйесі төмендегідей болып келеді:

1. Елшілердің істері – 28 тарау
2. Жақыптың хаты – 5 тарау
3. Петрдің 1- хаты – 4 тарау
4. Петрдің 2- хаты – 3 тарау
5. Жоханның 1-хаты – 5 тарау
6. Жоханның 2-хаты
7. Жоханның 3-хаты
8. Яһуданың хаты
9. Римдіктерге арналған 1-хат – 16 тарау
10. Қорынттықтарға арналған 1-хат – 16 тарау
11. Қорынттықтарға арналған 2-хат – 13 тарау
12. Ғалаттықтарға арналған хат – 6 тарау
13. Ефестіктерге арналған хат – 6 тарау
14. Філіпіліктерге арналған хат – 4 тарау
15. Қолостықтарға арналған хат – 4 тарау
16. Салоникалықтарға арналған 1-хат – 5 тарау
17. Салоникалықтарға арналған 2-хат – 3 тарау
18. Тімотеге арналған хат 1-хат – 6 тарау
19. Тімотеге арналған 2-хат – 4 тарау
20. Титке арналған хат – 3 тарау
21. Філимонға арналған хат
22. Еврейлерге арналған хат – 13 тарау
23. Аян – 22 тарау¹³³

¹³² Латиф Баты, Құран, Інжіл, Забур, Таурат; Шымкент, 1998, 32-33-бет.

¹³³ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Киелі кітап, Інжіл Шариф бөлімі 822-1198-бет.

6. Құран Кәрім

Аллаһ Тағаланың шексіз рақымдылығының асыл айғағындай болған, Жаратқанның ең соңғы қасиетті кітабы – Құран Кәрім. Бүкіл мұсылман жұртының жансарайының шуағы мен тіршіліктегі темірқазығына айналған Қасиетті Құран Кәрім 610 жылы Жәбірейіл періште арқылы бүкіл адамзатқа жіберілген соңғы пайғамбар Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) түсіріле бастады. Құранның алғашқы аяттары Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) 610 жылы Рамазан айында Хира үңгірінде Ұлы Жаратушыға мінәжат үшін барғанында нәзіл болғаны баршамызға белгілі. Алғашқы түскен аят «Алақ» сүресінің бастапқы 5 аяты еді. Содан бастап 23 жыл ішінде Құранның барлық аяттары рет-ретімен түсіп бітті.

Құран аяттарының түсуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) кейбір аяттар бірде ұзақ болып түссе, бірде қысқа, кейде сүренің толығы түсетін. Құран Кәрімге «Құран» деп Аллаһтың өзі ат берген: *«Шын Мәнінде ол ардақты Құран»* (56.Уақиға-77). «Құран» атауымен қатар, Китаб, Фурқан, Кәләмуллаһ, Хақ секілді атаулар да қолданыста кездеседі. Бұл атаулардың өзін және де өзге Құранға қатысты атауларды Құранның ішінде көптеп кездестіруге болады.

Құран Кәрім соңғы иләһи кітап, әрі алдыңғы иләһи кітаптардың барлығының бір Жаратушы тарапынан түсірілгендігін растайды: **«Аллаһтан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеруші (Мұхаммед (с.а.у.)) Аллаһтан саған алдындағыны растаушы Құранды шындық бойынша түсірді. Бұның алдында Таурат пен Інжілді түсірді»** (3.Али Имран, 2-3).

Құран аяттары негізінен белгілі бір оқиғаға яки сұралған сұрақ пен тілек-дұғаларға немесе шешімі қиын

кезеңдерде тура жол нұсқап, мәселенің ақиқатын білдіру мақсатында Аллаһ Тағала тарапынан уахи арқылы түсірілген. Сондықтан Құранның тәпсірі жазылатын аяттарға түсініктеме берген кезде міндетті түрде оның түсу себебін (сәбәбі нузул) негізге алып, сол аят тұрғысында жан-жақты терең мағлұматқа ие болу шарт. Онсыз аяттағы айтылған үкім мен мақсат түсініксіз болып, басқа ұғымға қолданылып кетуі әдбен мүмкін. Ал оның нәтижесі күрделі пікір қайшылықтарының тууына алып келеді.

Ислам тарихын парақтасақ, Аллаһ Тағаланың пайғамбарларды үнемі елдің азғындаған, күшірлік етек алған тұста жібергендігін байқаймыз. Ал пайғамбарлар болса, ел арасында жайлаған жаңсақ пікірлерді, таралған түрлі қисынсыз әдеттер мен әдепсіздіктерді реттеуде соларға қарсы мұғжизалар көрсетіп, Аллаһтың шексіз құдірет иесі әрі өзінің шынайы пайғамбар екендігін дәлелдеген. Пайғамбарымыз бір хадисінде: *«Әрбір пайғамбарға өз заманындағы адамдарды сендіру үшін бір мұғжиза берілген. Маған мұғжиза ретінде берілген нәрсе, тек Аллаһтың маған уахи еткені ғана»* (Бухари, Иғтисам – 1) - дейді

Мысалы Хазіреті Мұса (а.с.) Ферғауын және оның еліне пайғамбар болып жіберілген кезде, Мысырлықтар арасында сиқыршылық етек жайған еді. Мысырлық сиқыршылар қандай да бір жіп, арқан секілді нәрседен жылан жасайтын. Міне сондай сиқыршылық жайлаған елге Хазіреті Мұса елші болып келісімен үлкен мұғжиза көрсетеді. Ферғауынның сиқыршыларымен үлкен бір алаңда кездесіп, күш сынаспақ болады. Хазіреті Мұса Аллаһтың құдіретімен қолындағы аса таяғын жерге тастаған кезде үлкен айдаһарға айналып, сиқыршылардың жіптен, арқаннан жасаған жыландарын бір-ақ жұтып,

жиылған елді таң-тамаша қалдырады. Бұрын-соңды мұндай жайтпен кездеспеген сиқыршылар Аллаһтың құдіретіне бас иіп, Хазіреті Мұса пайғамбарға иман етеді. Яғни шарықтау шегіне жеткен сиқыршылықтың өзі Аллаһтың құдіреттілігінің аясында түкке тұрғысыз құбылыс екендігін Хазіреті Мұса пайғамбар осылайша дәлелдейді. Ал Хазіреті Иса пайғамбардың тұсы емшіліктің көптеп тарауына дөп келетіні белгілі. Ол кезеңде ел арасында түрлі ауруларға қарсы ем-дом шаралары молынан жүріп жатады. Хазіреті Иса пайғамбар өзінің пайғамбарлығын, Аллаһтың хақ екендігін дәлелдеу үшін түрлі мұғжизалар көрсетеді. Сол мұғжизалардың ең үлкені өлген адамды қайта тірілту, көзі көрмейтін соқырлардың жанарын ашу, сол кездегі аса қауіпті алапес ауруына ұшырағандарды емдеуін бөле-жара айтуға болады. Сөйтіп, адамдарға Аллаһ Тағаланың шексіз құдірет иесі екендігін дәлелдейді. Осыған ұқсас мұғжизалардан мақсат, ел арасындағы емшіліктің қаншалықты күшті болғанымен өлген адамды тірілуге яки соқыр адамды жарық дүниемен қайта қауыштыруға дәрменсіз екендігін мойындату еді. Солай болды да. Халық Хазіреті Исаның хақ пайғамбар екендігін лек-легімен мойындауға көшкенде, яһудилердің қастандығының салдарынан пайғамбарлық мерзімі небәрі 3-ақ жылға созылды.

Ал Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) болса, сол кездегі араб еліне Құранды тәблиғ етумен теңдессіз үлкен мұғжиза жасады. Жоғарыда хадисте келтірілгендей, Хазіреті Пайғамбарымыздың мұғжизасы Құран еді. Жаһилиет дәуірінің арабтары мәнерлеп сөйлеу мен әдеби көркем сөйлеуде, шешендік пен өлең айтуда алдарына жан салмайтын. Суырып салма ақындар, сарай шайырлары, сатирик ақындар, мадақ ақындар секілді ақындар қатары өте көп тұғын. Қала берсе, ақындықтарымен екі тайпа жарысып,

жеңілген тайпа ызасынан соғысып кететін немесе қандай да бір дауды ақындар бір ауыз шумақпен шешіп беретін. Өз руынан шыққан ақынның сайыста жеңілуі бүкіл ру үшін өліммен тең еді. Жыл сайын араб өлкесіндегі ақындардың ірі-ірі жыр сайыстары болып тұрды. Мұндай аламан өлең жарыстар халық көп жиналатын жәрмеңкелерде, әсіресе «Уқаз» жәрмеңкесінде өтетін. Сондай жарыстардан жүлде алған әйгілі ақындардың өлендері қымбат матамен тысталып, сыртына алтын жалатылып іліп қою үрдісі қалыптасты. Араб әдебиетінде мұндай ақындарды «Муаллақа ақындары» деп атады¹³⁴. Мұндай атақ-даңққа ие болған жеті ақынның есімі белгілі. Бұлардың соңғысы Ләбид есімді ақын Құран Кәрімдегі «Бақара» және «Али Имран» сүрелерін естіген кезде: «Бұдан кейін маған өлең жазу ұят болады», - деп, Құранның алдында еріксіз бас иген екен.

Аллаһтың кереметі, ақынымен мақтанатын араб халқына Құран түсіріп, ауыздарына құм құйылғандай жұмған ауыздарын аштырмай тастайды. Өйткені, Құран әрі айтылуы жағынан, әрі мағына жағынан таңғажайып кереметке бергісіз құбылыс болатын. Құран аяттары өлеңге мүлде ұқсамайтын, аңызға, ертегіге, қара сөзге де мүлдем келмейтін мағынаға ие болды. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) Құран аяттарын алғаш үйреткенде жерлестері Құранды келеке етті. Қала берді, Құран аяттарын Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) өзі ойдан құрастырып айтады, және ондайды біздің ақындарымыз да шығара алады деген сандырақтарға жол берді. Иә, Құранға жасалған мұндай әдепсіздікке қарсы Аллаһ Тағала былай деп аят түсірді:

«(Мұхаммед) «Егер адамдар мен жындар осы Құранның ұқсасын келтіруге жиналса, тіпті олар бір-біріне көмекші болса да келтіре алмайды - деп айт»

¹³⁴ Ә. Дербісәлиев. Араб әдебиеті, Алматы. 1982, 18-бет.

(17.Исра – 88).

«Я болмаса олар: Құранды өзі жасап алды дей ме? Жоқ, олар иман келтірмейді. Ендеше,егер шыншыл болса (сөздерінде тұрса) Құран сияқты бір сөз келтірсін» (52.Тур, 33-34).

Әрине, Аллаһтың айтқан бұл сөзіне арабтар түгіл, күллі әлем жұмылса да Құран аяттарына тең келер ешбір туынды жасай алмасы айдан анық еді. Арабтар бұл мәселеде шарасыздық танытқан соң, Аллаһ Тағала оларға ең болмаса Құранға ұқсас 10 сүре, оған күштері жетпесе, тіпті болмағанда 1 сүре құрастырындар, күдіреттерінді көрейін деп талап қояды:

«Немесе олар: Құранды өзі жасады дей ме? (Мұхаммед (с.а.у.)) оларға: Егер айтқандарың шын болса, Аллаһтан өзге көмекке шақыра алатындарыңды шақырындар да, ол сияқты жасама он сүре келтіріндер деп айт» (11.Һуд-13).

«Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де соған ұқсас бір сүре келтіріңдер, Аллаһтан өзге көмекшілеріңді де шақырындар, егер сөздерің рас болса. Егер оны істемесеңдер (әзір келтірмесеңдер, келешекте) сірә істей алмайсыңдар. Ендеше отыны адамдар, тастардан болып кәпірлер үшін әзірленген оттан қорқындар!» (2.Бақара, 23-24).

Құран адамзат тарихында өзінің мұғжизалығымен тыңдаушыны баурап алатын бірден бір баға жетпес кітап. Сөзі мен мағынасының байлығы оның тек қана Жаратушыдан екендігін толықтай айғақтайды. Мысалы, Мекке мүшріктері Хазіреті Мұхаммедті (с.а.у.) өлтірмек болып шешім қабылдағанда Хазіреті Омар: «Мұхаммедті (с.а.у.) мен-ақ өлтіремін. Елдің бірлігі үшін ешқандай ақы да алмаймын», - дейді. Бірақ, жаны жайсаң Омар «Таһа» сүресін оқығанда оның адам сөзі болуы мүмкін емес екендігін еріксіз мойындап, бірден иман келтіреді. Мүшріктердің көсемі Әбу Суфиян, Әбу Жәһил және

Ахнес Құранның шексіз кереметіне өздерін қалайша алдырып қойғанын білместен түн жарымда бір-бірінен жасырынып келіп Пайғамбарымыздың Құран оқыған әуенін үш күн қатарынан тыңдаған еді. Олар Пайғамбарымызға қарсы шығушылардың көсемдері болатын. Сөйте тұра, олар неліктен Құран тыңдаған сәтте өздерін ұстай алмады? Тағы бірде мүшріктердің беделді кісілерінің бірі Утба ибн Рабиға Хазіреті Пайғамбарымызға келіп: «Не қаласаң берейік. Бай болғың келсе дүние берейік, әмірші болғың келсе Меккеге әкім етейік, қаласаң Меккенің ең сұлу деген қызын некелейік, тілегіңді түгел орындайық. Тек райыңнан қайтсаң болғаны», - дейді. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз жауап ретінде «Фуссилат» сүресін оқып береді. Утба Құранның соншалықты керемет мағыналы сөздерінен кейін үн-түнсіз, басы салбырап өзін күтіп отырған достарына барып:

«Не айтарымды білмеймін. Өмірімде естімеген, теңдесі жоқ сөз естідім. Өлең де емес, сиқыр да емес, палшылық та емес, мен білетін ешбір нәрсеге ұқсамайды. Ей, Құрайш тайпасы, мені тыңдаңдар! Оны еркіне жіберіңдер. Естігендерім адам сөзіне ұқсамайды. Ол өз дегенінде табысқа жете алмаса, арабтар Оны жөнге салар, біз де құтыламыз. Ал егер Ол табысқа жетіп жатса, ол жеңіс сіздің де жеңісіңіз болмақ!» - дейді ¹³⁵.

Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар оқу-жазу білмейтін елші бола тұра Аллаһтан келген уахиді адамдарға үйретумен, Құранның хақтығын әлемге паш етті. Жай паш етіп қана қойған жоқ, жұртшылықты Оның тұңғыық сырына нұсқады. Асылында, Құран Кәрім көптеген ғылыми мәселелерді бұдан 14 ғасыр бұрын айтып кетті. Ғылым

¹³⁵ Кенірек мағлұмат үшін қараңыз: Осман Кескіоғлұ. Али Химмет Берки, Соңғы пайғамбар Хазіреті Мұхаммедтің өмірбаяны, 91-95; 100-101; 98-99-беттер; Дамира Өмірзаққызы, Адамзаттың асыл тәжі, 190-192-бет.

мен техника дамыған бүгінгі күнде ашылып жатқан жаңалықтардың Құран Кәрімге тікелей қатысты екенін әлем ғалымдары бірінен соң бірі мойындауда. Сондықтан ғылым дамыған сайын Құран да жасара түсуде. Бұл да болса, Қасиетті Құран Кәріміміздің Аллаһ Тағала тарапынан түскендігінің басты айғағы¹³⁶.

а) Құранның жазылуы

Бүкіл адамзатқа Аллаһ Тағаланың Ұлық аманаты һәм баға жетпес сыйы болып табылатын Құран Кәрім - Ислам дінінің бірінші және бірегей кітабы. Аспан әлемдері мен жер бетіндегі адамзаттың арасындағы дәнекері.

Жоғарыда Құран 23 жыл ішінде түрлі оқиғалар, сұрақтар мен қажеттіліктерге сәйкес түсіп отырды дедік. Хазіреті Пайғамбарымыз дүниеден қайтқанға дейін Құран аяттары түсіп отырғандықтан оның бір кітап болып жинақталу мүмкіндігі болмады. Себебі, сүренің аяқталғанын немесе аяқталмағандығын Пайғамбарымыздың өзі де білмеді. Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) Аллаһ Тағаладан келген уахиді өзінің уахи жазушыларына айтып, бірден қаламға алдыратын. Түскен аяттардың қай сүреге тиесілі екендігін де айтып беретін (Дегенмен Құранның Хазіреті Пайғамбарымыздың кезінде кітапқа жинақталмауының өзіндік себебі бар). Хазіреті Пайғамбарымыздың уахи хатшыларының қатарынан: Хазіреті Зәйд ибн Сабит, Муаз ибн Жәбәл, Убей ибн Қағб, Әбу Зәйд, Әду Дарда, Абдуллаһ ибн Мәсғуд, Али ибн Әбу Тәліб және Хазіреті Осман секілді сахабаларды ерекше атап өтуге болады.

Хазіреті Пайғамбарымызға әр жылы рамазан айында Жәбірейл келіп, сол уақытқа дейін Құраннан түсіргендерін

¹³⁶ Құранның ғылыми жаңалықтарға қатыстылығы жөнінде қараңыз: Қайрат Жолдыбайұлы, Ақиқат шуағы. Алматы. 2004, 118-132-бет.

бастан аяқ қайталап хатым еттіретін¹³⁷. Ал сахабалар болса жаңа түскен аяттарды яки толықтай сүрелерді тез жазып, әрі сол ізін суытпай жаттап алатын.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) дүниеден өткен соң кейбір сахабалар Құранды кітап ретінде топтастыру қажеттігін сезініп, өз беттерінше аяттарды жинақтауға көшеді. Мысалы, бұл тұрғыда Хазіреті Абдуллаһ ибн Мәсғуд, Убей ибн Қағб, Хазіреті Әлидің жинақтаған нұсқаларын айтуға болады. Алайда бұл нұсқалар қазіргі Құран тәртібінің реттілігімен құрылмаған болатын.

Хазіреті Әбу Бәкір 632 жылы халифа болған кезінде кейбір араб тайпалары халифаға бағынбау әрекеттеріне көшеді. Мұнымен қоса, дәл сол кезде төрт бірдей жалған пайғамбарлар шығып, олармен кішігірім соғыстар жүрді. Осы соғыстардың ішіндегі ең ауыр шайқас жалған пайғамбар Мусәйлиматул Каззабпен болған Ямама шайқасы еді. Міне, осы шайқаста 70 қари шәхит болғандықтан шайқастан кейін Хазіреті Омарды Құран мәселесі қатты мазалайды. Өйткені бір шайқаста 70 қари шәхит болса, мұнан соң да қаншама қақтығыстар болуы әбден мүмкін еді. Ал солардың әрбірінде қарилар осылай шәхит бола берсе, Құранның келешек халі қандай болмақ? Бұл жерде ашығын айту керек, Құранның да алдыңғы үмметтердің кітаптары секілді бұзылу мен ұмытылуға жетелер белгілі бір дәрежеде қаупі болды. Хазіреті Омар бұл мәселені Хазіреті Әбу Бәкірге жеткізеді. Бірақ, Хазіреті Әбу Бәкір Хазіреті Пайғамбардың өзінің мұндай іске бармағандығын айтып, Құранды жинақтау ісіне бірден келісе қоймайды. Хазіреті Омар болса, бұл істің жақсылықтан басқа әкелер пайдасының болмайтындығына ант ішіп, түсіндіреді де, Әбу Бәкірді

¹³⁷ Мұхитдин Исаұлы. Құран кімнің сөзі?, «Алтын қалам» баспасы, Алматы, 2004, 221-бет.

бұл іске көндіреді. Осы келіссөздердің нәтижесінде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) уахи хатшысы, ақылды, алғыр қари Зәйд ибн Сабитке Құранды жинақтау жұмысы тапсырылады. Зәйд ибн Сабит бастаған алқа мүшелері Құранды жинақтауға көшеді. Сол кезде Құран аяттары негізінен құрма жапырақтарына, тастарға, маталарға, сүйектерге жазылған еді.

Хазіреті Зәйд ибн Сабит Құран аяттарын жинақтауда сахабаларға мынадай шарт қойды: 1. Құран аяттары тек жаттап алған, яғни ауызша үлгіде ғана емес, сонымен бірге жазбаша парақшаларын да қоса алып келу және салыстыру. 2. Уахиден жазып алынған парақшаларды дәл Хазіреті Пайғамбардың құзырында жазып алғанын көрген екі куәгер болуы тиіс. Басқалай жағдайда аяттардың ол түрлері қабылданбайды. Осындай қатаң талаптармен жиналған Құран аяттары бір кітап күйіне келтіріліп, халифа Хазіреті Әбу Бәкірдің өзіне тапсырылады. Бұл жинақтау жұмысы Хазіреті Пайғамбарымыз дүниеден озғаннан кейін, араға алты ай салып барып іске асқан болатын. Хазіреті Әбу Бәкір қайтыс болмай тұрып, қолындағы алғашқы Құранды Хазіреті Омарға тапсырады. Хазіреті Омар көзі тірісінде өзінен кейінгі халифаны көре алмағандықтан өз қызы әрі Пайғамбарымыздың жұбайы Хазіреті Хафса анамызға тапсырып кетеді.

Хазіреті Омардан кейін халифа болып Хазіреті Осман тағайындалғаны мәлім. Хазіреті Османның халифалық кезінде ислам діні кеңінен қанат жайып, көптеген елді мекендер мен тұтастай бір аймақтар Ислам дінін қабылдап жатты. Асылында, Құран жеті қырағатпен (диалект – ләхжә) түскендіктен қари сахабалар жаңадан мұсылман болғандарға Құранды түрлі қырағатпен үйретіп жатты. Нәтижесінде сахабалардың әр аймақта қоныстанғандығының себебінен, жер-жерде үйретіліп,

оқылып жатқан Құран аяттарының қырағаттары да әр түрлі болды. Тіпті, әр мұсылман тек өзінің үйренген әдісін ғана дұрыс деп, өзге әдісті қате деп санауға көшті¹³⁸.

Хазіреті Осман тұсында Азербайжан мен Арменияны алу мақсатындағы жорықта осындай түсініспеушілік туды. Ирактан келген сарбаздар мен Сириядан келген сарбаздар арасында Құранды дұрыс оқу мәселесіне байланысты үлкен ши шықты. Бұл жасақтың қолбасшысы Хазіреті Хузайфа ибн әл-Яман мәселені одан әрі өршітіп алмауды көздеп халифаға: «Әй, муминдердің әміршісі! Бұл үммет яһудилер мен христиандардың өз кітаптарына қатысты талас шығарғаны іспетті, бұлар да аят қырағаттары үшін қырқысып кетпей тұрғанда мәселені біржақты етіңіз», - дейді. Бұл Хазіреті Османның халифалығының екінші, хижраның 25 жылы болатын. Хазіреті Осман Хазіреті Хафса анамызға хабар жолдап, қолындағы Құранды сұратады. Анамызға Құранды бірнеше нұсқа етіп көбейткен соң, түпнұсқасын қайтарып беретіндігін де айтып білдіреді. Онан соң Хазіреті Осман Құранды көбейту ісі мен оны бір ғана қырағатпен (диалектпен)¹³⁹ яғни Құрайыш диалектісімен ғана жазуды төрт сахабаға тапсырады, олар: Зәйд ибн Сабит, Абдуллаһ ибн Зубайр, Сайд ибн Ас және Абдуррахман ибн Харис ибн Хишам атты сахабалар еді. Алқа төрағасы етіп Зәйд ибн Сәбитті сайлайды. Оларға Құран Құрайыш диалектісімен түскендіктен Құрайыш тілімен ғана жазылып, көбейтілу керек екені шегелеп тапсырылады. Хазіреті Осман үш құрайыштық сахабаға: «Егер де сіздер Құранмен байланыс-

¹³⁸ Жеті қырағат мәселесі үшін қараңыз: Мұхитдин Исаұлы, Құран кімнің сөзі?, 223-228-бет.

¹³⁹ Құран Пайғамбарымызға 7 қырағатпен нәзіл болған. Яғни Құранды 7 тайпаның диалектісімен оқуға рұқсат еткен. Олар: Құрайш, Һузайл, Сақиф, Һаузан, Кинана, Тамим және Яман, (Жолдасов А., Әділетті төрт халифа тарихы, Шымкент, 121-бет).

ты бір мәселеде Зәйдпен келісе алмай қалсаңыздар, оны Құрайш тілімен жазыңыздар. Өйткені Құран Құрайыш тілімен түскен», - деді¹⁴⁰. Құрылған алқа мүшелері қажетті нұсқаларды жазып біткен соң, Хазіреті Осман өзге Құран аяттары жазылған нұсқаларды, парақшаларды біржола жағып жіберу қажет деп әмір етеді. Әрине, бұл шешім – кейінірек тууы әбден ықтимал негізсіз мәселелердің алдын алу мақсұтындағы сақтық әрекет еді. Көбейтілген Құран нұсқалары Куфа, Басра, Шам, Мекке, Мадина қалаларына жіберіледі¹⁴¹. Келесі бір риуаятта Йемен мен Бахрейн қалаларына да бір-бір нұсқадан жіберілген деседі. Түпнұсқаның өзі әдепкі уәде бойынша Хазіреті Хафса анамызға қайтарылып беріледі. Хазіреті Хафса қайтыс болғаннан кейін, сол кездегі Мадина әкімі Маруан ибн Хәкәм бұл түпнұсқа Құранды Хафсаның інісі Абдуллаһ ибн Омардан сұратады. Ол кісі (Абдуллаһ ибн Омар) сұраушының сөзін екі етпестен, Құранды дереу Маруанға бергізеді. Ал Маруан болса, ол Құранды жақтырып жібереді¹⁴².

Міне, Құранның жазылу ерекшелігіне қатысты біз білетін қысқаша тарихы осылай болып келеді. Бүгінде әлемнің түкпір-түкпірінде оқылып, қолданылып жүрген Құран – Хазіреті Османның жинақтап, жаздырған Құраны. Сондай-ақ сүрелердің орналасуы да сол кездегі тәртіппен жазылған.

¹⁴⁰ Зекиюддин Шабан, Ислам хукук илминин есаслары (Усулул фыхх), ТДВ баспасы, Анкара, 1996, 58-59-бет.

¹⁴¹ Бұл түпнұсқа Құрандар жайлы қараңыз: М. Исаұлы, Құран кімнің сөзі?, 241-244-бет.

¹⁴² Исмайыл Жеррахолу, Тефсир усулу, Анкара, 1997, 68-78-бет; Жо - дасов А., Әділетті төрт халифа тарихы, Шымкент, 23-24- бет.

ә) Аяттардағы харекет пен грамматикалық белгілер

Ежелден қолданылып келе жатқан араб әріптері әуелде харекетсіз, нүктесіз, тәнуинсіз, шәддәсіз еді. Жаһилия дәуіріндегі араб әліпбиі мен кейінгі араб әліпбиінің арасындағы айырмашылықты мұсылмандар заманның талабына сай өзгертуге мәжбүр болды. Жаһилия дәуірінде болсын, Пайғамбар дәуірінде болсын, төрт халифа тұсында болсын арабша оқып жазу мұсылмандар үшін аса қиын шаруа емес болатын. Себебі, арабтар жазылған әріптерге қарап жеңіл түрде ажыратып оқи беруші еді. Сондықтан алғашқы Құран аяттары жазылған парақтар мен кітаптар да осы іспетті үйреншікті әріптерден тұратын. Мұндай жазу әлбетте, сауаты бар, көзі ашық араб үшін ешбір қиындық тудырмайтын. Ал уақыт өте келе, Ислам дінінің шеңбері кеңейіп, арабтардан да өзге ұлт өкілдері мұсылмандықты қабылдағаннан кейін араб тілінің грамматикалық ерекшеліктері бұзыла бастайды. Сөйтіп, әсіресе, тегі араб емес мұсылмандар күн өткен сайын Құран аяттарын оқу мәселесінде едәуір қиындықтарға тап болады. Қиындықтар былай тұрсын, бірте-бірте аяттар жекелеген сөздер қате оқылып жатты. Осыдан келіп, Құран тілін шұбарлауға жол бермей сақтап қалудың жолдары қарастырыла бастады.

Араб тілінің синтаксисін алғаш бірізге келтіріп, реттеуші Хазіреті Әли болып саналады. Хазіреті Әлиден Әбул Әсуәд әд-Дуали есімді (өл.69/688) кісі грамматикалық заңдылықтарды үйреніп, біліктілігімен көпке танылды. Кейінірек ол кісіден де көптеген шәкірттер дәріс алып, Құранның қырағаты мен әдеби жағын зерттеуде ілкі қадамдар жасалды. Әбул Әсуәд өз заманындағы танымал лингвист маман болғандықтан оған тіл саласын ретке келтіретін жаңа бір әдістеме енгізу жөніндегі ұсыныстар

түсе бастайды. Осындай ұсыныстың алғашқысын Басра әкімі Зияд ибн Сумәйя¹⁴³ (өл.53/673) жасайды. Ғалым бұл ұсынысты орындаудан алғашқыда бас тартады. Ал Зияд ибн Сумәйя болса, уақыт өткен сайын араб тіліне байланысты түсініспеушіліктің арта түсетінін алдын ала пайымдап, бірде бір кісіге Әбул Әсуәд әд-Дуәлидің өтетін жолына отырып бір аятты әдейі қате оқуды бұйырады. Сөйтіп, уағда бойынша әлгі кісі Әбул Әсуәдтің өтіп бара жатқанын көріп, «Тәубе» сүресінің үшінші аятындағы («**Әннәллаһә бәриюн минәл-мүшрикина уә расулуһу**») «**расулуһу**» сөзін, әдейі бұрмалап «**расулиһи**» деп оқиды. Ал бұлай оқылғанда аяттың мағынасы мүлдем өзгеріп шыға келеді. Яғни, аяттың негізгі мағынасы «*Расында Аллаһ және Елшісі мүшріктерден безеді*», деген болса, «Расулиһи» деп оқығанда: «*Аллаһ мүшріктерден және елшісінен безеді*», деген ұғымды білдіреді. Мұны құлағы шалған, қырағы Әбул Әсуәд: «Адамдардың жағдайы мұншалықты болады деп ойламадым», - деп, Әкім Зиядқа өзі барып, оның ұсынысын орындайтындығын білдіріп, өзіне көмек беретін хатшы (катиб) сұрайды. Зияд ғалымға арнайы көмек беретін хатшы ретінде 30 кісі жіберді.

Әбул Әсуәд 30 хатшының ішінен зерек бірін тандайды да, бір қолына Құранды, бір қолына қаламсапты беріп: «Мен оқығанда аузымнан шыққан бір сөз фәтха (ә) болып оқылса, әріптің үстіне бір нүкте қой, егер кәсра (и) болып оқылса әріптің астына бір нүкте қой. Ал егер дамма (у) етіп оқысам, әріптің алдына бір нүкте қой, тәнуин оқысам екі нүкте қой», - деп үйретеді. Әбул Әсуәд Құранды жай-

¹⁴³ Ислам тарихында Зияд ибн Әбиһ атымен танымал болған халифа Муауия Куфа мен Басра қалаларының әкімі болған. Зиядтың әкесі белгісіз болғандықтан анасы Сумәйяның атымен аталады. Бірақ, тарихта «Әкесінің ұлы Зияд» мағынасында «Зияд ибн Әбиһ» деп көбірек аталады. (Сейтбеков С., Нысанбаев Н., Ислам тарихы, Шымкент, 2002, 9-бет).

лап, асықпай, ежелеп оқиды. Хатшы айтылған белгілерді қойып, бет біткен сайын Әбул Әсуадқа беріп отырады. Ол да харекеттерін тексеріп барып, ары қарай жалғастырып, Құранға бастан аяқ нүкте қойып шығады¹⁴⁴.

Құран біраз уақытқа дейін осы әдіс бойынша оқылды. Дегенмен, арабша білмейтін мұсылмандар үшін бұл да ауыр болды. Кейінірек араб филологиясында танымал Халил ибн Ахмед (өл.175/791) Құранды оқуда жаңаша әдіс қолданады. Оған дейін Құран әріптерінде тек харекелерді білдіретін нүктелер ғана болып, әріптерді бір-бірінен ажырататын қазіргідей астында, үстінде нүктелер болмады. Яғни, бә, тә, сә, нун, секілді әріптердегі нүкте кейіннен қойылды. Осындай ұқсас әріптердегі қиыншылықты шешу үшін Халил ибн Ахмед әріптерді ажырату мақсатында нүктелер қойып шықты. Алдыңғы Әбул Әсуадтың үлгісімен қойылған нүктелермен араластырмау үшін ол нүктелерді бөлек түсті сиямен белгіледі. Сонымен харакеттегі нүктенің орнына фатха (ә), кәсра (и), дамма (у), тәшдид, тәнуиндер өз орнын тапты. Құранның осы оқу жүйесін Ислам әлемінің бәрі дерлік толықтай қабыл етіп, мұнан былай аяттарды осы әдіспен осылай оқуға көшті.

Алайда, әрбір жаңа іске азды-көпті сын болмай тұрмайтыны да белгілі. Құран әріптеріне грамматикалық өзгешеліктер енгізуге қарсы болғандар да аз болмады. Мысал ретінде айтар болсақ, олардың санатында Абдуллаһ ибн Омар, Абдуллаһ ибн Мәсғуд сынды белгілі сахабалар да болды. Аталмыш кісілер Құранға ешқандай өзгеріс енгізуге болмайды деген пікірді басшылыққа алып, бұл іске аса оң баға бере қоймады. Бірақ, қалай дегенде де Құран әріптеріне қатысты грамматикалық өзгерістер енгізу шын

¹⁴⁴ Зекиюддин Шабан, ж.к.е., 62-бет.

мәніндегі қажеттіліктен туындағаны белгілі жайт¹⁴⁵.

б) Құран Кәрімнің өзге иләһи кітаптардан айырмашылығы

Жер бетіне жіберілген пайғамбарлардың соңғысы, екі дүниенің шамшырағына айналған Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) Аллаһ Тағала соңғы иләһи кітап Құранды түсірді. Сол себепті де, Құранның алдыңғы иләһи кітаптарға қарағанда бірқатар ерекшеліктері бар:

1. Құран – Хазіреті Пайғамбарымызға алдыңғы иләһи кітап секілді бірден толық бір кітап ретінде түспеген. Керісінше 23 жыл ішінде түрлі оқиғалар мен сұрақтарға жауап ретінде және қажеттіліктерге байланысты аят-аят болып, яки сүре ретінде түсті. Бұл оның дер кезінде жатталуына себеп болды. Ал өзге кітаптар бірден кітап ретінде түскен болатын.

2. Құран ең соңғы иләһи кітап. Құраннан кейін қияметке дейін басқа кітап түспейді. Алдыңғы кітаптар тек өз заманы мен сол ғасырдың қажеттілігіне жауап берсе, Құранның үкімдері қияметке дейін күшін жоймайды.

3. Құран бізге дейін ешбір өзгеріске түспей жеткен қасиетті кітап және қияметке дейін өзгеріске ұшырамайды. Себебі, Аллаһ өзге иләһи кітаптарға бермеген кепілдікті Құранға берген: **«Әлбетте, Құранды біз түсірдік, қорғаушысы да әрине бізбіз!»** (15.Хижр – 9).

4. Құран Хазіреті Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) ең үлкен әрі мәңгілік мұғжизасы (кереметі). Сөздері мен мағынасы да өз алдына теңдессіз мұғжиза (Бұл мәселе жоғарыдағы арнайы тақырыпта қозғалған болатын).

5. Құранның және бір басты ерекшелігі, ол әрбір заманның талабына жауап бере отырып, сонымен бірге

¹⁴⁵ Исмайл Жеррахолу, ж.к.е., 88-93-бет.

ғылым дамыған сайын жасара түсетіні. 14 ғасыр бұрынғы Құран ақиқаттарын адам баласы ешуақытта жоққа шығара алмайды және бұл шындық күні бүгінге дейін дәлелденіп келеді.

Сондай-ақ Құран бізге ғылымның көптеген салаларынан хабар беруде¹⁴⁶. Ал Құраннан бұрынғы иләһи кітаптарды ашып қарасаңыз ешбір жерінде медицинамен, астрономиямен т.б. ғылым саласымен байланысты айтқан жаңалықтарды яки кеңестерді табу мүмкін емес. Жаратушының соңғы хақ кітабы Құрандағы ақиқаттар болса, рет-ретімен адамзат игілігі үшін толассыз ашыла бермек: **«Құранның шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімді жедел көрсетеміз. Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»** (41.Фуссилат – 53).

7. Алдыңғы қасиетті кітаптардың бұзылу себептері

Алдыңғы қасиетті кітаптардың бұзылуына көптеген себептер негіз болды. Сол себептерді төмендегідей ретпен жүйелеп баян етуге болады.

1. Алдыңғы қасиетті кітаптар Құран секілді 23 жыл ішінде аят-аят, сүре күйінде түспеді. Керісінше бірден кітап халінде түсті. Сондықтан ол кітапты бастан аяқ жаттап алғандар саны аз болған. Жатқа білмеген кітап уақыт өте келе өзгеріске ұшырауға мәжбүр болды. Ал Құраннан аят немесе сүре түскенде сахабалар оны дереу жаттап алатын және түрлі заттардың бетіне жазып алатын. Құран толық түскен кезде оны жатқа білетін қаншама сахаба болды. Кейінгі ғасырларда болса жүз мыңдаған адам жат-

¹⁴⁶ Сейфеддин Языжы. Негізгі діни мағлұматтар, Алматы, 2004, 74-бет; Сайм Клавуз, Акиф Көтен, Осман Четин, Хусейн Алгүл, ж.к.е., 153-154-бет;

тап алып, бұрмалануына жол бермеді.

2. Кітап иелері арасында оқу, жазу білетіндер саны өте аз болғандықтан кітаптардың нұсқасын көбейту мәселесі қараусыз қалды. Ол аздай кітапты оқу мен зерттеуге жұртшылық та ынта көрсетпеді. Нәтижесінде бұрмалаулар, түпнұсқасының жоғалуына жол берілді. Ал, Құран аяттары түскен-түскеніндей жазылды және кейінгі халифалар тұсында жинақталып көбейтілді. Екіншіден, Хазіреті Пайғамбарымыз былай деп өсиет айтып кетті: *«Сіздердің ең жақсыларыңыз – Құранды үйренген және оны үйреткендеріңіз»* (Тирмизи). Осы хадис аясында сахабалар Құранды үйрену мен үйрету мәселесіне өздерінің негізгі мақсаттарындай бөлекше мән берді.

3. Кітап иелерінің басынан өткен тарихи оқиғалар да кітаптардың бұзылуына бірден-бір себеп болды. Өйткені Исраыл ұрпақтарының бастарынан өткізген құлдық кезеңдері, көш-қон машақаттары мен сан қилы соғыстары қасиетті кітаптарды сақтап қалуда кесірін тигізді. Мысалы Исраыл патшалығын б.э.д. 721 жылы Асириялықтар, Яһуди патшалығын б.э.д. 586 жылы Вавилондықтар қиратып, яһудилер Вавилонға құлдыққа әкетілді. Кейінірек Құдысты Александр Македонский талқандап, 63 жылдан кейін басталған Рим шабуылы 70 жылы яһудилердің мемлекеттерінен түбегейлі айрылуымен аяқталды. Осыдан бастап олар әлемнің түкпір-түкпіріне тарап кетті.

Христиан әлемі де Хазіреті Исадан кейін Римдіктердің қуғынына ұшырады. Әсіресе 64 жылы Римнің өртенуіне христиандар кінәлі деген айыппен оларды қатты азаптау басталды. Бұл азаптау мен жаппай өлтіру ісі 313 жылы билікке христиан сеніміндегі император Константиннің келуіне дейін жалғасты¹⁴⁷.

4. Яһуди және христиан дін басылары кітапта өздеріне ұнамаған сөздерді алып тастады немесе өз пайдаларына

¹⁴⁷ Гунай Тумер, Абдурахман Күчүк, ж.к.е., 211-212, 268-269 бет.

сәйкестіре отырып өзгертулер енгізді. Яғни өз қолдарымен бұрмалаудың нәтижесінде қасиетті кітаптарының бұзылуы іске асып жатты ¹⁴⁸. Құранда бұл мәселені былай деп келтіреді: «(Мұсылмандар!) Олардың сендерге сенетіндіктерін үміт қыласындар ма? Әрине олардың Аллаһтың сөзі (Тауратты) тыңдайтын бір тобы бар еді. Олар оған түсініп болғаннан кейін біле тұра өзгертті» (2.Бақара-75), «Сондай Яһудилердің кейі сөзді орындарынан өзгертті» (4.Ниса-46).

8. Таурат кітабының бұзылғандығының айғағы

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Таурат кітабының түпкі нұсқасы жоқ және қолдағы Таураттың өзінде көптеген иләһи кітаптың мазмұнына қайшы келетін сөздер бар. Сөзіміз дәлелді болуы үшін осындай дәлелдердің бір-нешеуін атап көрсетейік.

1. Қазіргі кезде әлемдегі яһудилердің арасында танымал болған 3 Таурат кітабы бар: Ибритше, Грекше және Самирише. Ақылға салып қарайықшы, Хазіреті Мұсаға түскен Таурат біреу емес пе еді? Үш Таураттың қайсысы дұрыс екенін қалай білуге болады? Бұл аздай үшеуін салыстырғанда бір-біріне қайшы жерлері бар. Оны қалай түсінеміз?

2. Таурат бабын түсіндіргенде Таураттың 5 бөлімнен тұратындығын айттық. Сол бес бөлімнің 4-мен 5-бөлімі Хазіреті Мұсаның өлімі және одан кейінгі яһудилердің тарихы туралы жазылады. Хазіреті Мұса өзінің қалай өлетіндігін, қалай жерленетіндігін және өзінен кейін не болатындығын көзі тірісінде Тауратқа жазуы сенімсіз-

¹⁴⁸ А. Сайм Клавуз, ж.к.е., 168-169 бет; А. Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 122-124 бет.

дікті және күдіктілікті тудырады. Бұл дегеніміз Хазіреті Мұса қайтыс болғаннан кейін біреулер тарапынан кітапқа енгізілгендігінің айғағы.

3. Тауратта пайғамбарларға мүлдем жараспайтын жала жабылған. Аллаһтың ешбір елшісі сорақы іске бармайды және Аллаһ ондай іске жол бермейді де. Мысалы Нұх (а.с.) жайында былай дейді. *«Нұх жер өңдеп, жер бетінде бірінші жүзім екті. Бірде ол шарап ішіп, мас болып, шатырдың ішінде жалаңаш жатты»* (Жаратылыстың басталуы, 9/20-24)¹⁴⁹.

Хазіреті Лұт жайында былай дейді: *«Лұт Сигорға қоныстанудан қорқып, екі қызымен одан көшіп кетіп, тауды паналайды. Сонда бір ұңгірде екі қызымен тұрып жатты. Бір күні үлкен қызы кішісіне: «Біздің әкеміз кәрі, ал бұл маңайда бүкіл әлемдегі әдет бойынша бізбен жақындасатын еркек жоқ. Жүр әкемізге шарап ішкізіп, ұрпағын жалғастыру үшін онымен бірге жатып шығайық», - деді. ...Сөйтіп Лұттың екі қызы да әкесінен жүкті болды»* (Жаратылыстың басталуы, 19/30-38)¹⁵⁰. Пайғамбар былай тұрсын жәй әкенің өзі де мұндай сорақылыққа баруы мүмкін емес.

Хазіреті Якуб пайғамбар мұнда өтірікші етіп көрсетілген. Яғни, әкесі Исахакты алдап, батасын алғандығы айтылады. (Жаратылыстың басталуы, 27/1-31)¹⁵¹. Ал Харунды (а.с.) алтын бұзау жасап, соған табынғандығын және солай табынуды қауымына да бұйырғанын айтды (Мысырдан көшіп шығу, 32/1-6)¹⁵². Аллаһ сақтасын, пайғамбардың пұтқа табынуын қалай түсінуге болады?

4. Тауратта Аллаһты адам секілді баяндайды. Яғни,

¹⁴⁹ Киелі кітап, ж.к.е., 23-бет.

¹⁵⁰ Киелі кітап, ж.к.е., 41-42 бет.

¹⁵¹ Киелі кітап, ж.к.е., 57-58 бет.

¹⁵² Киелі кітап, ж.к.е., 185-бет.

шаршады, көктен жерге түсті, жәнната қыдырып жүр, деген секілді Аллаһтың болмысына қайшы әңгімелер жазылған. Аллаһ Құранда айтқандай: «Еш нәрсе ол сияқты емес (Оған ұқсамайды)» (42.Шура-11). Осы айтылған сөздерді келтірейік: «Құдай жарату жұмысын жетінші күні аяқтап, сол күні жұмыс жасамай демалды. Жетінші күнге оң батасын беріп, оны қасиетті деп белгіледі. Себебі, Ол бұл күні Өзінің жарату жұмысының бәрін бітірген соң тынықты» (Жаратылыстың басталуы, 2/1-3)¹⁵³.

«Күн батып, жел соққан кезде олар Құдай Иенің бақ ішінде жүрген дыбысын естіді» (Жаратылыстың басталуы, 3/8)¹⁵⁴.

«Сонда оған бір кісі жолығып, онымен таң атқанша күресті. Ол Жақыпты жеңе алмайтынына көзі жеткенде, оны жамбасымен ұрып, жамбас сүйегі шығып кетті. Әлгі кісі:

- Мені қоя бер, таң атып қалды, - деді. Ал Жақып:

- Маған батаңды бермейінше, Сені жібермеймін, - деп жауап берді.

Сонда ана кісі Жақыптан:

- Есімің кім? – деп сұрады. Ол:

- Жақып, - деді. Әлгі:

- Енді сен Жақып емес, Исраил деп аталатын боласың! Себебі Құдаймен күресіп келдің, енді адамдарға үстем боласың, - деді» (Жаратылыстың басталуы, 32/22-28)¹⁵⁵.

Таураттан келтірілген бұл үзінділер Хазіреті Мұсаға түскен Таурат сөзі болуы әсте мүмкін емес. Аллаһ Тауратта өз пайғамбарлары жайлы бұлай айтты деу Аллаһқа қарсы жала жабу деген сөз. Аллаһтың сүйікті елшілерінің бірі Мұсаның (а.с.) да Тауратқа мұндай сөзді қосуы ақылға

¹⁵³ Киелі кітап, ж.к.е., 10-бет.

¹⁵⁴ Киелі кітап, ж.к.е., 13-бет.

¹⁵⁵ Киелі кітап, ж.к.е., 73-бет.

симайтын жайт. Олай болса мұндай деректердің Тауратта болуы, оның кейіннен жазылғандығын айғақтайды.

9. Інжіл кітабының бұзылғандығының айғағы

Хазіреті Иса (а.с.) пайғамбар 30 жасында Аллаһтың Израйль ұрпақтарына жіберген елшісі болды. Аллаһ Тағала Таурат кітабы бұрмаланып, өзгеріске ұшырағаннан кейін жаңа шариғатпен, жаңа кітаппен Хазіреті Исаны жіберді. Иә, Иса (а.с.) да 33 жаста бұл дүниеден көк қабатына көтерілген соң, артында қалған шәкірттері қатты қиыншылықтарға ұшырады. Інжіл кітабы Хазіреті Иса пайғамбардың көк қабатына көтерілуінен шамамен 30 жылдан кейін барып бірнеше шәкірттері тарапынан жазылды. Уақыт өте келе Інжілдің саны жүзден асты. Мысалы 325 жылы Никей соборында 50 Інжілді жою шешімі қабылданды¹⁵⁶. Ақырында христиан әлемі қабылдаған әлемге танымал 4 Інжілді бекітті. Енді осы 4 Інжілдің өзінде бір-біріне қайшы келетін, бір-біріне ұқсамайтын жерлері көптеп кездеседі. Осы мәселеге байланысты қысқаша тоқталып өтер болсақ:

1. Хазіреті Иса пайғамбарға әу баста түскен Інжіл біреу еді. Қазір ше? Әлемге танымал 4 Інжілдің өзі Інжілдің өзгергеніне, адамдар жағынан кейіннен жазылғандығына басты дәлел болып отыр.

2. Інжіл кітабында Хазіреті Иса пайғамбарды Аллаһтың ұлы, қала берсе құдай деп атайды. Бұл мәселені Інжілде былай деп келтіреді: *«Бала келе жатқанда жын оны жерге жығып, қалшылдадты. Иса жынға қатаң тыйым салып, баланы сауықтырып, әкесіне тапсырады. Бәрі де Құдайдың ұлы құдіретіне қайран қалды»* (Лұқа жазған Ізгі хабар, 9/42-43)¹⁵⁷.

¹⁵⁶ Латиф Баты, Құран, Інжіл, Забур, Таурат, Шымкент, 1998, 33-бет.

¹⁵⁷ Киелі кітап, ж.к.е., 699-бет.

«Қалың жұрт шомылдыру рәсімінен өтіп жатқан кезде, Иса да сол рәсімнен өтті. Ол мінәжат еткенде көк ашылып, көгершін бейнесіндегі Киелі Рух оның үстіне қонды. Көктен: «Сен Менің сүйікті рухани Ұлымсың. Саған толықтай ризамын!», - деген дауыс шықты» (Лұқа жазған Ізгі хабар, 3/21-22)¹⁵⁸.

«Кім мені сүйсе, айтқандарымды берік ұстанады және Әкем оны сүйеді. Біз сондай кісілерге келіп, өмірлерінен орын аламыз. Мені сүймегендер сөздерімді берік ұстанбайды. Сендердің естіп жүргендерің Өзімнің емес, Мені жіберген Әкемнің сөздері» (Жохан жазған Ізгі хабар, 15/23-24)¹⁵⁹.

Міне осыған ұқсас көптеген мысалдарды келтіруге болады. Ал Құран бұл мәселеге үзілді-кесілді қарсы шығады және Хазіреті Исаны құдай, үштің үшіншісі дегендерді кәпір болды деп есептейді. Мысалы, «Ықылас» сүресінде Аллаһтың жалғыз және тумайтындығын білдірсе, «Маида» сүресінің жекелеген аяттарында: «Расында Мариямұлы Масихті Аллаһ дегендер кәпір болды», «Расында Аллаһ үштің үшіншісі дегендер кәпір болды» (5.Майда-73); «Марияұлы Масих бір пайғамбар ғана» (5.Майда-75) - дейді.

3. Бізге мәлім 4 Інжіл шындығында да, Аллаһтан түскен шынайы кітап болатын болса, неліктен олардың тараулары, аяттары бір-біріне сәйкес келмейді? Әлде біреуіне көбірек уахи етіп, екіншісіне азырақ уахи етілген бе? Аллаһтың кәләмында мұндай өзгеріс болмаса керек. Енді осы 4 Інжілді салыстырып көрейікші:

1. Матфей Інжілі – 28 тарау = 1070 аят
2. Марк Інжілі – 16 тарау = 678 аят
3. Лука Інжілі – 24 тарау = 1151 аят
4. Иоан Інжілі – 21 тарау = 879 аят

¹⁵⁸ Киелі кітап, ж.к.е., 674-бет.

¹⁵⁹ Киелі кітап, ж.к.е., 802-803 бет.

Инжілдердің бұрмаланғандығы мұнан да анық байқалады. Алайда христиандар бұл ақиқатты бәрібір де мойындағысы келмейді. Бірақ, біз көрсеткен мысалдар жай қисындық дәлелдер ғана екендігін де айта кеткен абзал. Егер де Инжілдердің өзге де нұсқаларын егжей-тегжейлі зерттеген жан көптеген қайшылықтарға көз жеткізеді¹⁶⁰.

10. Қасиетті кітаптар алдындығы мұмин кісінің міндеті

Қазіргі кезде елімізге түрлі дін өкілдері келіп өз діндерін уағыздап, кітаптарын тегін таратып жатыр. Әсіресе «Киелі кітап», «Инжіл шариф» сынды кітаптар көптеп таратылуда. Осындай жағдайда мұсылман кісі не істеуі қажет деген сауал туады. Себебі, Инжіл, Таурат, Забур - Аллаһтан түскен иләһи кітаптар. Бұл кітаптарды түбегейлі дұрыс емес деп айта алмаймыз. Ендеше дұрыс жолды ұстануға әрекет, амал жасап, ол кітаптардың мазмұнына талдау жүргізіп, ой елегінен өткізейік:

1. Құран мен хадисте ашық түрде айтылған қандай да бір мәселе ол кітаптарда айтылса дұрыс деп есептейміз. Мысалы, Аллаһтың бірлігі, жәннат-тозақтың болатындығы, Хазіреті Адамның топырақтан жаратылуы, Хазіреті Иса, Хазіреті Мұсаның пайғамбар екендігі секілді мәселелерді растаймыз. **Бірақ біз ол кітаптарда айтылған жолмен емес, Құранның, Хазіреті Пайғамбардың нұсқаған жолымен жүреміз.**

2. Құран мен хадисте ашық түрде тыйым салынған мәселелерге қайшы келетін мәліметтерін жоққа шығарып,

¹⁶⁰ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Оразкүл қажы Көбеева, Шындыққа жол, 26-102 беттер; Латиф Баты, Құран, Инжіл, Забур, Таурат, 31-64 беттер.

әсте қабыл етпейміз. Мысалы, үштік сенім, Хазіреті Иса, Хазіреті Узейр Аллаһтың ұлы, періштелер Аллаһтың қыздары, Лұт өзінің қыздарымен зина жасады деген секілді жағдаяттар ислами сенім тұрғысынан алғанда тіпті күпірлік болып табылады.

3. Егер аят пен хадистерде айтылмағанмен ислами сенім, ғибадат және ахлақтық негіздеріне қайшы келмесе, ондай жағдайда бірден төрелігін айтуға тырыспай, абзалын бір Аллаһ Тағала біледі деген дұрыс. Мәселен, Хазіреті Адам жәннатта қандай жеміс жегендігі, пайғамбарлардың қанша жыл өмір сүргендігі, жәннат яки тозақ жайында айтылған сипаттамалар осыларға жатады. Егер мұндай мәліметті растасақ, шындығында ондай мәліметтер түпнұсқада болмаған болса, жалғаншы боламыз. Жоққа шығарсақ, егер ол мәлімет түпнұсқада бар болған болса, бар нәрсені жоқ деумен күнәһар боламыз¹⁶¹. Сол үшін мына хадисте ескертілгендей бұл мәселелерде орта жолды ұстанған абзал: *«Әли кітап сіздерге қандай да бір нәрсе жеткізетін болса, оларды растамаңыздар да, жалғанға шығармаңыздар да»* (Бурахи, Шахадат 29).

¹⁶¹ Сайм Клавуз, ж.к.е., 170-171 бет; А.Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 125-127 бет.

VIII БӨЛІМ ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ИМАН

1. Пайғамбарлық және пайғамбарларға иман

Иман негіздерінің төртіншісі – Аллаһ Тағала тарапынан жер бетіне жіберілген пайғамбарларға иман ету. Пайғамбар - парсы тілінде «хабаршы» деген ұғымды білдіреді. Құран тілімен айтқанда, пайғамбарларды - «Расул» (елші), «нәби» (хабаршы) деп атайды. Демек, пайғамбар Ұлы Жаратушы Аллаһ Тағала мен пендесінің арасындағы хабаршы, елші. Аллаһ Тағала адамдар арасынан таңдап алған сүйікті пенделерін елшілікке дайындап, оларды тайпа, қауымға және бүкіл адамзатқа жіберіп отырды. Осылайша Аллаһ өзінің әмірі мен тыйымдарын, халал мен харамды бүкіл халыққа пайғамбарлар арқылы білдірді. Аллаһ қаласа періштеден де пайғамбар жіберер еді. Бірақ адам баласы періштенің істегенін ешқашан істей алмайды және оны үлгі тұта алмас та еді. Себебі, періште дегеніміз шаршамайды, ұйықтамайды, ішпейді, жемейді, күндіз-түні ғибадат етуден жалықпайды. Ал адам баласы тамақсыз, демалыссыз өмір сүре алмайды. Сол себепті пенденің бұған шамасы жетпесі айдан-анық. Қала берді пенде: «Бұл періште ғой?! Біз оған құлшылық пен тіршілікте ілесе алмаймыз», - деп ақыретте Жаратушысына сылтау айтар еді. Сондықтан Құранда: «Сендердің

араларыңнан елші жібердім», - деп, елшінің өз арамыздан жіберілгені нақты айтылған. Яғни, арамыздан шыққан пайғамбар да біз секілді адам. Аятта бұл жөнінде: **«Шынында мен де сендер сияқты адаммын»** (18.Кәһф-110) - дейді. Оның жасағанын, құлшылығын, дүниелік ісін жасауға шамамыз жетеді. О дүниеге барғанда адамдар Аллаһқа: «Сенің елшілерің біз жасай алмайтын нәрселерді бұйырды. Оны істеуге дәрменсіз едік», - деп айтпаулары үшін Аллаһ пайғамбар етіп адамды жіберіп, Өзі жіберген елшілерін барлық жағдайда үлгі етуімізді бұйырды: **«Рабында сендер үшін, Аллаһты да, ахирет күнін де үміт еткендер және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар»** (33.Ахзаб-21).

Пайғамбарлық – Аллаһтың сүйікті құлына берген мәртебесі. Адам қанша әрекеттеніп, талпынғанымен Жаратушының әмірінсіз ешқашан пайғамбар бола алмайды. Бәлкім ғалым, әулие, яки Аллаһтың сүйікті пендесі болу мәртебесіне қол жеткізуі мүмкін¹⁶². Сол себепті Аллаһ пайғамбарлық миссияға лайық болатын кісіні өзі таңдап, елшілік қызметті жүктейді. Бұл жайында аятта былай дейді: **«Бұл пайғамбарлық – Аллаһтың кеңшілігі. Оны қалаған құлына береді. Аллаһ – кеңшілік иесі»** (62. Жұма – 4).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала пайғамбар болатын пендесін о бастан қорғап, оның нәсілін пәк етіп сақтайды. Яғни, пайғамбар болатын кісінің ата-бабалары текті, жаман әдеттерден аулақ, адал некемен отбасы құрған әулеттен шыққан және пайғамбарлыққа дейін Аллаһ Тағаланың бақылауында болады. Өйткені күндердің күнінде пайғамбарлық міндет жүктелгенде өз отандастары, қандастары оның бойынан ешбір айып таба алмауы тиіс.

¹⁶² А. Сайм Клавуз, ж.к.е., 134-135 бет.

Оның жастайынан адами қасиеттерге жат қылықтарды істемегендігіне куә болғандықтан жаратылысына негізсіз кінәрат таға алмайды. Міне Аллаһ өз елшісін осылай тәрбиелейді. Мысалы, аятта Хазіреті Мұса пайғамбар жайында: **«Әй, Мұса! Өзімнің назарымда тәрбиеленуің үшін саған мен өз сүйіспеншілігімді арнадым»** (20. Таһа – 39) - дейді. Сол секілді Хазіреті Мұхаммедті (с.а.у.) пайғамбар болғанға дейін Меккеліктер оның бірде-бір оғаш қылығын көре алмағандықтан, «Сенімді Мұхаммед» деп атады. Мүшріктер Оның Аллаһ елшісі екендігіне сенгенімен қызғаныштан ақиқатты мойындағысы келмеді. Меккелік мүшріктердің сол кездегі түсінігі бойынша пайғамбар болатын кісі бай, дәулетті болу керек еді. Сондықтан Мекке шонжарлары Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) бірінші болып қарсы шықты¹⁶³.

Адамзатқа жіберілген күллі пайғамбардың міндеті адамдарды Аллаһтың барлығына, бірлігіне Оған ешбір нәрсені серік қоспастан құлшылық етуге, ақырет күніне, қайта тірілу мен есеп күніне, Жаратушының пайғамбарларына, жәннат пен жәһәннамның хақ екендігіне сенуге шақырды. Аятта бұл жайында былай дейді: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) Сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек оған: «Күдіксіз Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Онда Маған ғана құлшылық етіндер» деп қана уахи етіп жібердік»** (21. Әнбия – 25).

Ықылым заманнан бері жербетіне Аллаһтың бұйырған тура жолын уағыздаушы жүз мыңдаған пайғамбар келді. Пайғамбар жіберілмеген ешбір қауым жоқ екендігін аят былай деп баян етеді: **«Аллаһқа серт! (Мұхаммед (с.а.у.)) Расында сенен бұрын да үмметтерге елшілер жіберген едік. Сонда да шайтан оларға өз қылықтарын әдемі көрсетті. Сондықтан бүгін де ол, олардың досы.**

¹⁶³ Али Хіммет Берки, Осман Кескіюғлұ, ж.к.е., 78-бет.

Оларға күйзелтуші азап бар» (16.Нахыл-63).

«Негізінде ескертуші болмаған үммет жоқ» (35.Фатыр-24).

«Әр үмметтің бір пайғамбары бар» (10.Юнус-47).

Бірақ, пайғамбар жіберілмеген қауымды Аллаһ жазаламайды. Себебі, Аллаһ Тағала пендесін жазықсыз жазалаудан пәк. Аллаһ әуелі өзін таныту үшін түрлі жол көрсетеді, пайғамбар жібереді, мұғжиза көрсетеді. Бұған да сенбесе салмақтырақ бұйыру мағынасындағы уахилер түсіреді, ол да әсер етпесе тозаққа тастайтындығын білдіреді. Иә, мұның бәрі сайып келгенде, Жаратушының Пайғамбар жіберілместен ешкімді жазаламайтын шексіз әділдігінің белгісі: *«Біз бір пайғамбар жібермейінше азап қылмаймыз» (17.Исра-15).*

Пайғамбарлар да біз секілді ішіп-жейді, үйленіп балалы-шағалы болады да Аллаһтың ақ өлімі келгенде бакилық болады. Бұл ақиқатты Аллаһ Құранда біздерге былайша баян етеді:

«Сенен бұрын да тамақ жейтін, базарларда жүретін пайғамбарларды жіберген едік» (25.Фурқан-20).

«Расында саған дейін де пайғамбарлар жібергенбіз. Оларға жұбайлар, ұрпақтар бергенбіз» (13.Рағыд-38).

«Ол пайғамбарларды тамақ жемейтін бір дене қылмадық» (21.Әнбия-8).

Аллаһ Тағала одүниеде пенделерінен өмірінде жасаған жақсы-жаман амалдары тұрғысында есеп алатыны тәрізді, ардақты пайғамбарларынан да олардың елшілігі мен тәблиғи жайында есеп алатындығын білдіреді: **«Әлбетте, өздеріне пайғамбар жіберілген адамдарды сұраққа тартатынымыздай, жіберілген пайғамбарларға да сөзсіз сұрақ қоямыз» (7.Ағраф-6).**

Бүкіл адамзатқа нұр боп келген, екі дүниенің шамшырағына айналған Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.)

коштасу құтпасында жүз мыңдаған сахабаларына төмендегідей сауал тастайды:

- Уа, жамағат! Ертең (ақиретте) мен туралы сендерден сұралады, сонда не деп айтасындар? Сахабалар:

- Аллаһтың елшілігін орындадың, міндетіңді атқардың, біздерге өсиет айтып үгіттедің! – деп, куәлік береміз, - дейді.

Сахабалар осылай куәлік бергеннен кейін екі дүниенің нұры Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Аллаһтан алған әмірлер мен тыйымдарды уағыздағандығына байланысты:

- Сахабаларым! Тәблиғ¹⁶⁴ еттім бе?

- Тәблиғ еттім бе?

- Тәблиғ еттім бе? – деп, үш рет сұрағанда сахабалары:

- Иә, тәблиғ еттіңіз, - деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз қолын көкке қарай жайып Аллаһ Тағаланың куәлігін сұрады:

- Куә бол, я, Раббым!

- Куә бол, я, Раббым!

- Куә бол, я, Раббым! (Бухари, Ілім 37)¹⁶⁵.

Олай болса, жер бетіндегі Аллаһ ақ жолына шақырушы пайғамбарларға сену парыз. Аят та осыны ескертеді: **«Әй, иман келтіргендер! Аллаһқа, оның пайғамбарына және оған Аллаһ жіберген кітапқа, одан бұрынғыларға жіберген кітаптарға да иман келтіріндер. Кімде кім Аллаһты, оның періштелерін, кітаптарын, пайғамбарларын және қиямет күнін жоққа шығарса, ол мүлде азған адам»** (4.Ниса-136).

Біз Хақ тарапынан жіберілген барлық пайғамбарларға ешбірін бөліп жармастан иман етуге міндеттіміз. Шынайы

¹⁶⁴ Тәблиғ – Пайғамбар Аллаһтан уаһи арқылы келген әмір мен тыйы - дарды, үкім мен заңдылықтарды адамдарға жеткізуі. Сол себепті Пайғамбарлықтың бір сипаты – Тәблиғ (жеткізуші).

¹⁶⁵ Осман Нури Топбаш, Ислам Иман Ғибадат, 114-115 бет.

мүминдер осылай иман ететіндігін Құран да растап өтеді: **«Раббылары тарапынан өзге пайғамбарларға берілген нәрселерге иман келтіріп әрі олардың араларын айырмаймыз. Бәріне бірдей сенеміз»** (2.Бақара-136).

«Елшілердің араларын айырмаймыз, естідік те бой ұсындық» (2.Бақара-285; қосымша қараңыз: 4.Ниса-152).

Егер де бір мұсылман пайғамбарлардың біріне сеніп, біріне сенбесе, онда кәпір болады. Иман етудің бірден-бір шарты да осы күллі пайғамбарларға сенуден тұрады. Сол секілді Жаратушымыз жіберген барлық өткен пайғамбарларға сеніп, Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) пайғамбарлығына сенбесе, бұл жағдайда да кәпір болып саналады. Себебі, Жаратқан Иеміздің пайғамбарларына бөле-жара иман етудің күпірлік екендігі төмендегі аятта да ашық түрде білдірілген: **«Шәксіз сондай Аллаһқа, пайғамбарларына қарсы келгендер, олар Аллаһ пен пайғамбарларының арасын айыруды қалайды. Олар: пайғамбарлардың кейіне сенеміз де, кейіне қарсы келеміз, дейді. Сөйтіп олар екі ортадан жол табуды қалайды. Міне олар анық кәпірлер. Кәпірлер үшін қорлаушы қинау дайындадық»** (4.Ниса, 150-151).

2. Адамзаттың пайғамбарға мұқтаждығы

Адамдар екі дүниенің бақыты мен қуанышына қол жеткізулері үшін әрдайым бір жол көрсетушіге мұқтаж. Себебі, адамдар өз ақылдарымен Аллаһтың барлығына, бірлігіне сенгенімен, қалай құлшылық ету керектігін білмейді. Жаратушы деп жаһилия арабтарының пұтқа, парсылардың отқа табынғаны іспетті түкке тұрғысыз бос нәрселерге табынуы мүмкін. Егер Пайғамбар болмаса, ақыретке байланысты және өлімнен кейінгі құбылыстарды да білу тіпті мүмкін болмас еді. Қай амал жақсы, қай амал жаман екендігін тек діни үкім ғана ажыратып беретін-

діктен, Аллаһ адамзатқа елшілерін жіберді. Бәлкім адам жақсы жаман мінез-құлықты айырып, ненің жақсы, ненің жаман екендігін білуде айтарлықтай қиналмауы мүмкін. Ал, харам мен халалды ақылмен айыру өте қиын. Сол үшін адам ақ пен қараны, харам мен халалды, жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты айыру үшін жол көрсетуші яғни бір пайғамбарға мұқтаж.

Егер де адамдарға пайғамбар келмесе, ақыретте Аллаһтың алдында есеп берер сәтте: «Я, Аллаһ! Бізге уақытында өзіңнің үкімдерінді, тыйымдарыңды білдіргенінде, оларды үйрететін, көрсететін, шариғатқа сай амал жасауды, білмегенімізді үйрететін, тура жолға шақыратын елші жібергенінде, тозақ отына түспес едік», - деп уәж айтар еді. Жалындаған тозақ отына кімнің түскісі келеді? Міне осындай айтылатын сылтаулар мен өтініштер және уәждерді болдырмау үшін Аллаһ адамға Өзінің заңдылықтарын, тура жолын үйретуші елшілер жіберіп отырған. Бұл мәселені аят былай деп баян етеді: **«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін Пайғамбарларды қуандырушы, қорқытушы етіп жібердік. Аллаһ аса үстем, хикмет иесі»** (4.Ниса – 165).

Адамның ақыл-парасаты өзінің дүниеге не үшін келгендігін, келудегі мақсаты не екендігіне жауап таба алмайды. Оның жауабын Ұлы Жаратушы Ие пайғамбар жіберу арқылы үйретеді. Адам баласы бұл дүниемен о дүниенің амалын жасау немесе екі дүниенің тепе-теңдігін құра білу үшін пайғамбарға мұқтаж.

3. Пайғамбарлардың сипаттары

Жер бетіне жіберілген пайғамбарлардың өзге адамдардан айырықшаланатын кейбір ерекшеліктері бар. Олар да адам болғанымен елшілік қызметіне орай мынадай

сипаттарға ие екендігін ғалымдарымыз Құран аяттарына сүйене отырып, бірауыздан қабыл еткен¹⁶⁶.

1. Сидқ – шыншылдық, туралық. Әрбір пайғамбар – шыншылдық пен туралықтан айнымайтын ұлы тұлғалар. Олар өмірлерінде ешқандай да өтірік айтпайды. Яғни, пайғамбарлығынан бұрын да, пайғамбар болғаннан кейін де тек туралықты, адалдықты, шыншылдықты ту етіп ұстанған. Пайғамбарлардың өткен-кеткен оқиғаларды баяндауы болсын, келешекпен байланысты оқиғаларды айтқан сөзінде болсын ешбір жалғандық болмайды. Пайғамбарлардың сөзінде өтірік бар деп айту әбестік болады. Құранда Аллаһ Тағала пайғамбарлардың бұл қасиетін былай деп келтіреді: **«Кітаптағы Ибраһимді есіңе ал. Негізінде ол турашыл (сидқ) пайғамбар еді», «Кітаптағы Идрисі есіңе ал. Өйткені ол шыншыл бір пайғамбар еді»** (19.Мариям, 41, 56 аят).

Адамзаттың асыл тәжі болған Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) өмір тарихына бір сәт көз жүгіртіп қарар болсақ, әуелі «Мухаммадул Әмин» деген атпен Меккелік мүшріктер арасында танымал болған Пайғамбарымыздың кіршіксіз келбетін көреміз. Мүшріктер Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) 40 жасқа дейінгі өмірінде ешбір жалған сөйлемегеніне куә болады. Ол кезеңде өтірік айтпау, алдап-арбамау мүмкін емес-тін. Міне, сондай азғындық белең алған уақытта Пайғамбарымыздың бір ауыз жалған сөйлемуінің өзі, Оның болашақ пайғамбар екендігінің айқын белгісіндей әсер етті. Пайғамбарымыз хақ дінді алғаш рет Меккеліктерге ашық түрде жариялау үшін Сафа тауына шығып:

- Ей, Құрайыш жұрты! Сіздерге мына төбенің артында дұшпан әскерінің келе жатқанын айтсам, сенетін бе едіңіздер?-деген сөзіне жиналған қауым бірауыздан:

¹⁶⁶ Сайд Рамазан ел-Бути, ж.к.е., 210-211-бет.

- Әрине, сенеміз. Өйткені сенің жалған сөйлегеніңді естіген емеспіз, - деген болатын¹⁶⁷.

2. Аманат. Аманат – сенімді деген ұғымды білдіреді. Демек пайғамбарлардың екінші бір сипаты, ерекшелігі өте сенімді тұлға болуы. Пайғамбарлар өздеріне пайғамбарлық міндет келгенге дейін және пайғамбар болғаннан кейін де ешқандай қиянатшылдық жасамаған, жасағандықтары жайлы деректер де жоқ және ондай деректерді кездестіру де мүмкін емес. Себебі, Құранда пайғамбарлардың бұл ерекшеліктерін: **«Бір пайғамбар үшін олжаға (аманатқа) қиянат ету мүмкін емес»** (З.Али Имран-161) – деп келтіреді.

Ия, пайғамбарлар Аллаһтан келген уахиге қиянат етуі былай тұрсын, елдің титімдей затына да қиянат етуден аулақ болатын. Мәселе солай бола тұра, кейбір шығыстанушылар не яһудилер Хазіреті Мұхаммедті (с.а.у.) Құранды өз ойынан шығарған, яки кейбір жерлерін өзі қосқан деседі. Бірақ, мұндай көпе-көрнеу жаланың да ешбір негізі жоқ. Себебі, аятта: **«Егер елші Бізге қарсы Құранға кейбір сөздер қосқан болса, біз оны оң жағынан күштеп ұстайтын едік те, сосын оның күре тамырын кесер едік»** (69.Хаққа, 44-46) – дейді.

Құранда пайғамбарлар өз қауымына Аллаһтың әмірі мен тыйымдарын уағыздау мәселесінде өздерінің шынайы сенім иелері екендіктерін білдіреді. Мысалы, «Шуғара» сүресінде Нұх (а.с.) пайғамбар, Һуд пайғамбар, Салих пайғамбар, Лұт пайғамбар қауымдарына: **«Рас, мен сендер үшін сенімді бір Елшімін»** (26.Шуғара, 107, 125, 143, 178 аяттар) - дейді.

Екі дүниенің нұры болған Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар Мекке халқы үшін аманаттың нышаны, айнымас бірегей тұлғасы еді. Меккелік мүшріктер Хазіреті

¹⁶⁷ Али Хіммет Берки, Осман Кескіюғлұ, ж.к.е., 67-68-бет.

Пайғамбарымызға дұшпан бола тұра, аманат мәселесіне келгенде заттарын Пайғамбарымыздың үйіне тапсыратын. Ойлап қарасаңыз, мұның өзі адамды таң қалдыратын жайт? Пайғамбарымызға өлердей дұшпан бола тұрып, бірақ бір затын аманат етіп тастап кету мәселесінде одан абзал жан таппайды? Аллаһтың көшу әмірі келгенде Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзіне аманатқа тапсырылған бүкіл затты Хазіреті Әлиге тапсырып, Өзі көшкеннен кейін заттарды егелеріне тапсыруды бұйырды. Яғни, өзіне қарсы шыққан дұшпанның затына титтей де болсын арамдық ойламай, өз затындай сақтау тек пайғамбарға ғана тән іс.

3. Исмәт (күнәсіз). Исмәт – күнә істемеу әрі күнә атаулыдан пәк деген ұғымды білдіреді. Олай болса пайғамбарлар әсіресе пайғамбар болғаннан кейін ешқандай күнә істемеген. Жоғарыдағы айтып өткеніміздей, пайғамбарлар Аллаһтың бақылауында болғандықтан, олар үлкенді-кішілі күнәлардан және жалпы күнә жасау ұғымынан пәк. Ал ол жандардың пайғамбарлығынан бұрын кейбір шалыс басқан істері болуы мүмкін. Мұндай іс-әрекеттерді дінімізде «зәллә» деп атайды.

Егер де қайсы бір пайғамбар елшілігі барысында мысқалдай болсын қателікке бой алдырса, Аллаһ Тағаладан дереу ескерту берілген. Мысалы, Хазіреті Пайғамбарымыздың да бірнеше мәселе жөнінде ескерту алғандығы мәлім¹⁶⁸. Әуелгісі Хазіреті Пайғамбарымыз көкесі Әбу Тәлібке қатысты ескертуі. Пайғамбарымыз көкесіне: «Лә иләһә иллаллаһ де, акиретте шапағат етейін», - деп өтінеді. Бірақ Әбу Тәліб тілін кәлимеға келтірмеген күйі өмірден озады. Сонда Аллаһ Тағаладан мынадай ескерту бабындағы аят түседі: «(Мұхаммед) Ра-сында сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Аллаһ кімді қаласа, оны тура жолға салады...» (28.

¹⁶⁸ Абдулфеттах Шахин, ж.к.е., 2-том, 114-бет.

Қасас-56). Пайғамбарымыз әлі де болса бір мүмкіндік болар деген ниетпен Әбу Тәліб үшін және кешірім тілегенде: **«Пайғамбарға және мүминдерге тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін егер жақындары болса да, мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды»** - деген «Тәубе» сүресінің 113-аяты түседі.

Бірде Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) Құрайыш көсемдерін бір жерде жиналып тұрған сәтін кездестіріп қалады да, дереу сол сәтті пайдаланып, бәріне бірдей Ислам дінін түсіндіре бастайды. Сол кезде көзі соқыр, бірақ жүрегі иманға сусындаған Абдуллаһ ибн Умму Мәктум Пайғамбарымыздан Аллаһ және Ислам діні жайында өзіне уағыз айтуын сұранады. Пайғамбарымыздың кімдермен сөйлесіп тұрғанын бейхабар Умму Мәктум өтінішін және екі-үш рет қайталайды. Пайғамбарымыз Құрайыш көсемдерін екінші рет бұлай топтасқан күйде кездестіру мүмкіншілігі бола бермейтіндігін ойлап, Абдуллаһтың өтінішіне іштей наразы болып, жақтырмаған сынай танытады да, қабағын шытады. Пайғамбарымыздың дәл осы әрекетіне қатысты «Абаса» сүресі нәзіл етіледі: **«Қасыңа соқыр келіп еді, тыжырынып қабағы түсіп кетті. Мұның қалай? Бәлкім, ол (күнәдан) арылар. Немесе сенен алған ақыл-кеңес оның пайдасына асар. Ал, енді Құрайыш көсемдері келсе оған көңіл бөлесің, тіпті олардың күнәдан тазару, тазармауы өзіңе міндет болмаса да. Ал, енді өзіңнен үміт күтіп, Аллаһтан қорқып, ықыласпен келген адамға теріс қарайсың...»**.

4. Фәтәнат (зерек, алғыр, ақылды). Фәтәнат – пайғамбарларға тән ерекше ақылдық һәм зеректік қабілет. Ал бұл ұғымға қарама-қарсы мағынадағы (ілімсіз, парасатсыз, ұмытшақ т.б.) бүкіл қасиеттер пайғамбарлар үшін мүлдем жат нәрсе. Пайғамбарлардың мұндай ерекше парасат-пайымға ие болулары – олардың Жаратушыдан

жеткізген діни заңдылықтарды үмметтеріне таратып, түсіндірудегі аса қажет қабілет екендігімен тікелей байланысты.

5. Тәблиғ (жеткізу). Әрбір пайғамбардың Аллаһтан алған діни үкім мен тыйымдарын өз қауымына кемшіліксіз жеткізу ісін «тәблиғ» деп атаймыз. Тәблиғ - пайғамбарлардың дінді жаю жолындағы ең басты әрекеті болып есептеледі. Егер олар Жаратушыдан жеткен бүкіл әмір мен тыйымдарды адамдарға айна – қатесіз жеткізбесе, өз ісіне қиянат жасаған болып табылады: **«Әй, Пайғамбар! Раббың тарапынан түсірілгенді жеткіз (тәблиғ ет). Егер оны істемесең елшілік міндетін жалғастырмаған боласың...»** (5.Майда-67).

Пайғамбарлық ұлық мақсат тәблиғ арқылы жасалады. Олар барынша шыншыл, аманатшыл болғандықтан, Аллаһтан қандай мағынада болсын уахи түссе, оны сол күйінде жұртшылыққа жеткізу пайғамбарлардың ең басты асыл парыздарының бірі һәм бірегейі. Мәселен, Хазіреті Пайғамбарымыз асырап алған ұлы Зәйд ибн Харисаны туысы Зейнеп бинти Жахш есімді қызға қосады. Зәйд пен Зейнептің жұбайлық өмірлері ұзаққа бармай, соңы ажырасумен аяқталды. Сол сәтте, Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға туысы әрі келіні болып саналатын Зейнепті алуды бұйырды. Әрине, сол кезеңдегі араб әдеті бойынша келінімен үйлену өліммен тең арсыздық еді. Бірақ, аяттың мазмұны анық: **«(Мұхаммед (с.а.у.)) Сол уақытта өзіне Аллаһ та бақ берген, сен де бақ берген Зәйдке: Жұбайыңды ажыратпа, Аллаһтан қорық! – деуде едің. Аллаһтың жариялайтын нәрсесін көңіліңде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде қорқуға Аллаһ ең лайық. Сонда одан Зәйдтің жұмысы біткен кезде оны саған некелендірдік. Мүминдерге асырандыларынан босаған әйелдерді алуда бір күнә болма-**

уы үшін Аллаһтың әмірі орындалады» (33.Ахзаб – 37).

Міне, осы аят түскен кезде Хазіреті Пайғамбарымыз сахабаларына, қандастарына мәселені бірден айтуға тілі бармай, біршама мазасызданады. Бірақ, көп ұзамай, Аллаһтан келген аталмыш әмірді жұртшылыққа жеткізеді. Сөйтіп, Пайғамбарымыз Зейнеп бинти Жахшпен отау құрады. Ал осы мәселенің Пайғамбарымызға қаншалықты ауыр болғанын Хазіреті Айша анамыздың мына сөздерінен-ақаңғаруға болар: *«Егер Пайғамбарымыз Құраннан қандай да бір сөзді жеткізбестен жасырып қалатын болса, осы аятты жасырып қалар еді»¹⁶⁹.*

Демек, тәблиғ мәселесінде пайғамбарлар аяттарды мүлтіксіз жеткізген және оған біздің мысқалдай да күмәніміз жоқ. Ал Құранда бұл тақырып жөнінде және бір аят бар, онда: **«Ешбір пайғамбар Аллаһтың рұқсатынсыз бір аят келтіре алмайды. Әр нәрсенің мезгілі жазулы»** (13.Рағыз-38) деп тайға таңба басқандай кесіп айтылған.

4. Пайғамбарлардың ер кісілерден болуы жайында

Ислам тарихында пайғамбарлық ұлы міндет тек ер кісіге ғана тән бе, әлде әйел кісіден де пайғамбар келе бере ме? - деген пікір қозғалған. Өйткені, Аллаһтың пенделері арасынан таңдаған құлына елшілік қызметті беретіндігі жайлы Құранда айтылған. Сол себепті бұл абыройлы міндетті кейде әйел кісілерге жүктеуі де мүмкін дейді кейбір дін ғалымдары. Мәселен, Әшғари мен Захири мәзһабтары осы пікірді қолдайды. Олар әйел затынан да пайғамбар келгендігін алға тартады. Құранда Хазіреті Мұсаның

¹⁶⁹ Абдулфеттах Шахин, ж.к.е., 2-том, 88-бет; Сайд Рамазан ел-Бути, ж.к.е., 217-218-бет.

анасына уахи келгендігі жөнінде аят бар: **«Мұсаның анасына: Оны еміз де бір нәрсе болады деп қорықсаң, оны дарияға салып жібер. Қорықпа да күйінбе! Расында оны саған қайтарамыз да, оны пайғамбарлардан қыламыз деп, көкейіне салдық»** (28.Қасас-7). Сонымен қатар, әлгі мәзхаб өкілдері Аллаһ Тағала Хазіреті Мәриям ананы да пайғамбар етіп жіберді деп, мына аяттарды негіз ретінде алға тартады: **«Әй, Мәриям! Шәксіз Аллаһ сені таңдады, тазартты және әлемдегі әйелдерден ардақты қылды деді»** (3. Али Имран-42; қараңыз: 19. Мәриям-17).

Ханафи мәзхабы бойынша пайғамбарлар тек ер кісіден ғана келген және олардың тек ер кісі болуы шарт. Өйткені пайғамбар болған кісі хақ дінді жаю жолында адамдар арасына кіріп, араласып-құраласып кетеді, реті келгенде майдан алаңына шығады. Ал әйел заты бұлай ете алмайды. Себебі, хайыз, нифас кезі миссияның орындалу барысында кедергі болады және өзінің жаратылыс әлсіздігі ерік-жігерін толық қолдануына келе бермейді. Екіншіден, аятта пайғамбардың тек ер кісіден ғана келгендігі нақты айтылады: **«Сенен бұрын да өздеріне уахи етіп еркектерді ғана жіберген едік. Егер білмесендер кітап иелерінен сұраңдар»** (21.Әнбия-7).

Ал жоғарыдағы Әшғари мен Захирилер келтірген дәлелдерге былайша жауап беруге болады. Жоғарыда айтылған «Қасас» сүресінің 7-аяты мен «Али Имран» сүресінің 42-аятында «уахи еттік» деген сөздің мәні діни, пайғамбарлық уахиға әсте келмейді, яғни ол жердегі уахи аян ұғымындағы уахи болып табылады. Мәселен, «Нахыл» сүресінің 68-аятында: *«Раббың араға «Таулардан, ағаштардан және лапастардан ұялар жасап ал!» - деп уахи етті»*, - деген жолдар бар. Ал енді осы мәтінге қарап, «аралардан да пайғамбар келді» дей алмаймыз ғой. Дәл сол секілді Хазіреті Мұсаның анасы мен Мәриям

анаға байланысты уахилар да олардың пайғамбарлығына ешқандай да дәлел орнына жүре алмайды¹⁷⁰.

5. Пайғамбарлардың саны және Құранда аты аталған пайғамбарлар

Аллаһ Тағала адамдарға тура жолды көрсету үшін көптеген пайғамбар жіберді. Олардың алғашқысы Хазіреті Адам (а.с.) болса, соңғысы Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) екені әмбеге аян. Асылында әрбір үмметке бірер пайғамбар жіберілгендігі Құранда ашық түрде баян етіледі (қараңыз: 35.Фатыр-24, 10.Юнус-47). Бірақ жер бетіне хақ дінді тәблиғ ету үшін жіберілген пайғамбарлардың нақты саны белгісіз. Құранда пайғамбарлардың саны жайында мәлімет жоқ, тек хадисте - 124 мың, екінші бір риуаятта - 224 мың пайғамбардың адамзатқа келіп кеткендігі айтылады. Әрине, бұл тақырыптың тікелей иманға тигізер пайдасы да, зияны да жоқ. Сондықтан мәселені имани тұрғыдан таразылағанда, ең бастысы – «жер бетіне хақ дінді үйрету үшін жіберілген күллі пайғамбарларға иман еттім» деген пікірді ұстану болмақ. Немесе, сол мазмұндағы «Хазіреті Адамнан (а.с.), Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарға дейін келіп - кеткен барлық пайғамбарларға иман еттім» деген пайым – сенім тұрғысынан ең абзал ұстаным.

Құранда тек 25 пайғамбардың есімі ғана аталады. Өзге пайғамбарлар жайында Құранда Хазіреті Пайғамбарымызға: *«Расында сенен бұрын да елшілер жібердік. Олардың кейбірін саған баян еттік те, кейбірін баян етпедік»* (40.Ғафыр-78) делінген. Осы 25 пайғамбардың 18-інің есімі «Әнғам» сүресінің 83-86 аяттарында кездесе, өзгелері басқа аяттарда аталады. Ендігі кезекте сол аяттарға назар салып көрелік:

¹⁷⁰ А. Сайм Клавуз, ж.к.е., 140-141-бет.

«Ибраһимнің еліне байланысты берген дәлеліміз осы. Қалағанымыздың дәрежесін көтереміз. Күдіксіз Раббың хикмет иесі, толық білуші. Және оған Исхақ, Яғқубты беріп, барлығын тура жолға салдық. Бұрын Нұхты да тура жолға салып және оның ұрпақтарынан Дәуіт, Сүлеймен, Әйюб, Юсуф, Мұса және Һарунға да тура жол көрсеттік. Игілік істеушілерге осындай сыйлық береміз. Және Зәкәрия, Яхя, Иса және Иляс барлығы жақсылардан. Исмайл, Әляса, Юнус әрі Лұтты барлығын әлемге ардақты қылдық» (6.Әнғам, 83-86).

«Негізінен Аллаһ Адам мен Нұхты және Ибраһим мен Имранның жұрағатын әлемдерге ардақты қылды» (3.Али Имран-33).

«Ад еліне туыстары Һудты жібердік» (7.Ағраф-65).

«Самуд еліне туыстары Салихті жібердік» (11.Һуд-61).

«Мәдиянға туыстары Шуғайбты жібердік» (11.Һуд-84).

«Исмайыл, Идрис, Зулкифлдерге де мәрхамет еткен едік. Солардың барлығы да сабырлы еді» (21.Әнбия-85).

«Мұхаммед (с.а.у.) сендерден ешкімнің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені толық білуші» (33.Ахзаб-40).

Енді Құранда аты аталған 25 пайғамбарға жеке-жеке қысқаша тоқтала кетейік:

1. Хазіреті Адам (а.с.): Адамзаттың алғашқы атасы әрі алғашқы пайғамбар. Аллаһ Тағала оны жоқтан бар етіп, топырақтан жаратқан. Кейінірек оған серік әрі жұбай ретінде сол қабырғасынан Хазіреті Хауа ананы жаратты. Аллаһтың әмірімен періштелер оған сәжде етті, тек Ібіліс қана сәжде етуден бас тартты. Аллаһ Адам ата мен Хауа ананы алғашқыда жәннатқа орналастырды. Бірақ олар шайтанның арбауына түсіп, тыйым салынған ағаштың

жемісін жеп, жәннаттан шығарылып, жер бетіне түсірілді. Кітап ретінде Хазіреті Адамға (а.с.) 10 парақ түскен. Риуаят бойынша ол араб түбегінде 930 жыл өмір сүрген екен.

2. Хазіреті Идрис (а.с.): Хазіреті Адамнан (а.с.) кейін Құранда аты аталатын пайғамбар. Хазіреті Идриске (а.с.) байланысты Құранда төрт аят бар. Оған 30 парақтан тұратын кітап түскен. Адамзат тарихында ол алғашқы садақ атуды, тігін тігіп, жазу жазуды бастаған адам ретінде мәлім. 360 жыл өмір сүргендігі жайында риуаяттар бар.

3. Хазіреті Нұх (а.с.): Хазіреті Адам (а.с.) дүниеден өткен соң, адамдар уақыт өте келе хақ діннен шығып, жасанды пұттарға табынуға көшті. Оларды таухид сеніміне, хақ дінге шақыру үшін Аллаһ Хазіреті Нұхты елші етіп жібереді. Хазіреті Нұхтың айтқанына құлақ аспаған қауымына Аллаһ Тағала жаза ретінде топан суды тоғытып, жаңа нәсіл шығарады. Хазіреті Нұхтың өмір сүру мерзімі 950 жылға созылған.

4. Хазіреті Нуд (а.с.): Йеменнің Хадрамут аймағындағы Ахкаф деп аталатын жерде өмір сүрген. Ад қауымына пайғамбар етіп жіберілген. Ад қауымы топан судан кейін жолдан тайғандардың бірі болатын. Хазіреті Нуд (а.с.) қауымын хақ дінге шақыру барысында көптеген мұғжиза көрсеткенімен одан ешқандай нәтиже шықпайды. Қауымы иман етуден бас тартқандықтан Аллаһтың азабына ұшырап, қатарынан жеті-сегіз күндей алапат дауыл соғып, қауымы бақилық болады. Нуд (а.с.) 150 жыл өмір сүрген.

5. Хазіреті Салих (а.с.): Шам мен Хижаз өлкесі арасында ғұмыр кешкен Самуд қауымына жіберілді. Хазіреті Салих қауымына насихат айтып, тура жолға бет бұруға шақырды. Самудтықтардың кейбірі иман еткенімен басым көпшілігі дінге мойын бұрмады. Тіпті сенбегенімен қоймай Хазіреті Салихтің жартас арасынан мұғжиза ретінде шығарған түйесін өлтіріп, Аллаһ Тағаланың

ғаділетті қаһарына ұшырады. Осындай азғындықтарының ақыры оларды жер қойнауына кетіп, жойылуларына себеп болды.

6. Хазіреті Ибраһим (а.с.): Ең ұлық пайғамбарлардың бірі. Кішкентай сәбилік шағында-ақ Аллаһтың бар екенін сезіп, Оны айға, күнге, жұлдыздарға қарап іздеген. Хазіреті Ибраһим Вавилон патшалығының гүлденген дәуірінде елшілік қызметпен жіберілген. Ол Вавилон патшасы Намрутты иманға шақырады. Ал Намруд болса, оған зәредей де құлақ аспай, оны тау болып лаулап жанған отқа лақтыртады. Сонда Құдайдың құдіретімен жалындаған аптап от сап-салқын болады да, Ибраһимге ешқандай да әсер етпейді. Хазіреті Ибраһим «Халилуллаһ» деген лақап атымен де танымал. Ол ұлы Исмайыл екеуі Қағбаны салады.

7. Хазіреті Лұт (а.с.): Хазіреті Ибраһимнің жиені, жас кезінде көкесі Хазіреті Ибраһимге иман еткен. Лұт пайғамбар жаңа бір шариғат әкелген жоқ. Ол негізінен Хазіреті Ибраһимнің шариғатымен амал етті. Лұт пайғамбардың қауымы аса жиіркенішті жыныстық құмарлықтармен атағы шығып, осы азғындықтарының кесірінен Аллаһ Тағаланың қаһарына ұшырап, өмірлерімен қош айтысқан.

8. Хазіреті Исмайыл (а.с.): Хазіреті Ибраһимнің (а.с.) Хажар есімді әйелінен дүниеге келген тұңғыш перзенті. Хазіреті Ибраһим бәйбішесі Сараның қызғанышынан, Аллаһтан келген әмір бойынша, ұлы Исмайыл мен анасы Хажарды Меккеге әкеледі. Бала Исмайылдың құрғақшылық кезде жерді теуіп Зәмзәм суы шығарған кереметі баршаға мәлім. Исмайыл өсе келе әкесінің Хаққа берген уәдесіне байланысты құрбандыққа шалынбақ болады. Осылайша Хазіреті Ибраһим Аллаһтың сынағынан елшіге тән қасиетпен сәтті өтеді. Хазіреті Ибраһимге

Аллаһтың әмірімен ұлының орнына жәннаттан көк қошқар түсіріліп, құрбандыққа шалынады.

9. Хазіреті Исхақ (а.с.): Хазіреті Ибраһимнің бәйбішесі Сара анамыз көрген ұлы. Хазіреті Исхақ Аллаһтың Хазіреті Ибраһимге қартайғанда сыйлаған перзенті еді. Хазіреті Исхақ әкесі Ибраһимнің көзі тірісінде Ұлы жаратушымыздың қалауымен Шам халқына пайғамбар етіп жіберіледі.

10. Хазіреті Яқуб (а.с.): Хазіреті Исхақ пайғамбардың ұлы, Юсуф пайғамбардың әкесі. Сүйікті ұлы Юсуфты жоғалтып алған соң жылаудан екі жанарынан бірдей айрылып, зағиптік халге жетеді. Юсуфтың бауырлары Мысыр елінде Юсуфты кездестіріп, оның көйлегін әкелеріне әкеліп бергенде, әкелері ұлының көйлегімен көзін сүрткенде жанарына нұр бітіп, жарық дүниені қайта көреді. Ол Палестинаның солтүстік аймағына пайғамбар болып жіберілген болатын. Хазіреті Яқуб пайғамбардың екінші есімі Исраил еді. Сол себепті Ибраһимдерді Исраил ұлдары деп те атайды.

11. Хазіреті Юсуф (а.с.): Яқуб пайғамбардың (а.с.) аса сүйікті ұлы. Бауырлары оны әкелерінен қызғанып, өлтірмек болып құдыққа тастайды. Алайда, құдықтан су алмақ болған керуеншілер оны шығарып алып, Мысыр еліне апарды да сатып жібереді. Кейінірек Мысырдың қазына басы, одан соң патшасы болып, бауырларын Мысырға әкелдірген.

12. Хазіреті Шұғайб (а.с.): Пұтқа табынушы Мәдян қауымына пайғамбар етіп жіберілген. Мәдян халқы оның айтқан үгіт-насихатына құлақ аспай өз білгендерін жаусаудан тайынбағандықтан, Аллаһ оларды зілзала апатымен жойып жіберді. Ал Шұғайб және оған иман келтірушілер бұл апаттан аман қалды. Хазіреті Мұса Шұғайб пайғамбарға 10 жылдай қызмет ету шартымен оның

қызына үйленеді.

13. Хазіреті Мұса (а.с.): Ферғауын түс көріп, Исраил ұлдарының келешекте басына бәле болып жабысатындығынан шошынып, дүниеге келген ер баланың бәрін көзін жоюға әмір береді. Хазіреті Мұсаны осындай сәтте дүниеге келген. Анасы оның ферғауын жендеттерінің қолына түсуінен қорқып, Аллаһтың аянымен сандыққа жөргектеп салып, Ніл өзеніне ағызып жібереді. Өзендегі ағып бара жатқан сандықты Ферғаунның әйелі алдырып, ішіндегі сәби Мұсаны өзіне бала етіп асырап алады. Аллаһтың құдіретімен Хазіреті Мұса Ферғауынның сарайында ер жетіп, Мысыр еліне пайғамбар ретінде жіберіледі. Ақырында ол Исраил ұрпақтарын б.э.д. 1250 жылдары шамасында Мысыр елінен алып шығады.

14. Хазіреті Харун (а.с.): Хазіреті Мұсаның туған ағасы. Ол өте шешен болған әрі сол қасиеті әжетке жарап Хазіреті Мұсаның елшілік қызметіне жәрдем еткен.

15. Хазіреті Дәуіт (а.с.): Б.э.д. X. ғасырда өмір сүрген Дәуіт пайғамбар балалық шағын шопандықпен өткізген. Оған қасиетті кітаптардың бірі Забур кітабы түскен. Ол Забурді ерекше сұлу мақамға салып, қайталанбас әуен үйлесімділігімен оқитын болады. Дәуіт (а.с.) б.э.д. 1013-973 жылдар аралығында 40 жыл бойы әрі пайғамбар, әрі патша болып дүниеден өткен.

16. Хазіреті Сүлеймен (а.с.): Хазіреті Дәуіт пайғамбардың ұлы және әкесі секілді патшалық құрып, кейінірек пайғамбар болған. Сүлеймен пайғамбар жастайынан өте алғыр болып өседі. Бүкіл жан-жануарлардың тілін білді. Тіпті, Аллаһтың әмірімен жындар оның әміріне бағынды.

17. Хазіреті Әйюб (а.с.): Хазіреті Әйюб пайғамбар Шам маңында өмір сүрген адамдарға елші болған. Аллаһ

Хазіреті Әйюбтың әуелі мал-мүлкін, сосын бала-шағасын алып, сынақтан өткізеді. Ол осыншалықты қиыншылыққа сабыр етіп, бір Аллаһқа ғана сиынып өткендіктен, дінімізде асқан сабырлылығымен танымал болған пайғамбар. Аллаһ Тағала сүйікті құлы Әйюбтің денесін құрттатып дертке ұшыратады. Мұндай жағдайда да ол сабырлықтың шыңын бағындыру арқылы дертінен айығады.

18. Хазіреті Зулкифл (а.с.): Хазіреті Әлиасаның немере ағасының ұлы және сол кісіден кейін Исраил ұлдарына жіберілген пайғамбар. Хазіреті Мұсаның шарифатымен амал еткен, адамдарға Тауратты уағыздап, Шам өлкесінде дүниеден өткен.

19. Хазіреті Юнус (а.с.): Ассирия патшалығының орталығы болған Нинова халқын хақ дінге шақырушы. Нинова халқы 33 жыл бойы оның үгіт-насихатына құлақ аспаған соң, Аллаһтың әмірінсіз Нинова қаласын тәрк етіп, соңынан осы қателігі үшін Аллаһқа шынайы түрде тәубе етеді. Аллаһ Тағала тәубесін қабыл еткен. Нинова халқы Хазіреті Юнусты тыңдамай ақырында Аллаһтың азабы таянғанда жаппай тәубе етуді бастайды. Аллаһ олардың да тәубесін қабыл етеді. Хазіреті Юнус елін тастап кеткен соң, жолда ол теңізге тасталып, онда оны алып кит жұтып қойып, ақырында Аллаһтың құдіретімен дін-аман жерге қайта шығады.

20. Хазіреті Илияс (а.с.): Исраил ұрпақтарына жіберілген елші. Яһудилер әдеттегідей оған да иман етпей айтқан үгіт-насихаттарын тыңдамай, керісінше оны ел-жұртынан қуып шығады. Осы әрекеттері үшін Аллаһ яһудилерді ашаршылыққа ұшыратады.

21. Хазіреті Әлиаса (а.с.): Яһудилер бейне бір пайғамбарлардың үгіт-насихатын тыңдау өздеріне харам етілгендей ешбір елшіге құлақ аспады. Тіпті Хазіреті Мұсаның шарифатын да тәрк етті. Ескерусіз қалған пайғамбарлардың бірі Хазіреті Әлиаса еді. Ол ғұмырының

соңына дейін яһудилерді хақ дінге шақырумен өтті.

22. Хазіреті Зәкәрия (а.с.): Хазіреті Яхя пайғамбардың әкесі. Хазіреті Мәриям ананың жездесі. Хазіреті Зәкәрия да яһудилерге жіберілген елші еді. Хазіреті Мәриям ана Аллаһтың әмірімен Хазіреті Исаға жүкті болып, дүниеге әкесіз бала әкеледі. Бірақ яһудилер Аллаһтың бұл мұғжизасына сенбей Хазіреті Зәкәрияны Хазіреті Мәрияммен көңілдес болды деген айып тағып, ақырында 100 жастағы Зәкәрияны (а.с.) арамен кескілеп, шәһит етеді.

23. Хазіреті Яхя (а.с.): Хазіреті Зәкәрия пайғамбардың қартайған шағында көрген перзенті. «Өліден тірі шықты» деген мағынаға келетін оның есімін Аллаһ Тағала қояды. Себебі, қартайғанда перзентті болу екі талай жағдай болатын. Алайда, Аллаһтың әмірімен дүниеге Хазіреті Яхя келеді. Жастайынан пайғамбар болып, алғашында Хазіреті Мұсаның шарифатымен амал етті. Сол кезеңде Хазіреті Иса пайғамбар жаңа шарифатпен келген соң, кейіннен соның жолымен жүрді. Яһудилер Хазіреті Яхяны да әкесі секілді жастай шәһит етті.

24. Хазіреті Иса (а.с.): Аллаһтың бір мұғжизасы ретінде әкесіз дүниеге келеді. 30 жасында пайғамбар болып, яһудилерді жалғыз Жаратушыға ғибадат етуге шақырады. Інжіл кітабымен жаңа шарифат әкеледі. Пайғамбарлығының мұғжизасы ретінде өлі жанды тірілткен, балшықтан құс жасап оған жан берген, зағип жандардың көзіне нұр сыйлап, көктен дастархан түсірген. 33 жасында Хазіреті Исаны (а.с.) Аллаһ Тағала көкке алдырады.

25. Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.): Адамзатқа жіберілген соңғы пайғамбар. Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) қасиетті Құран Кәрім түсірілген және ол ең соңғы иләһи заңдылықтардың жиынтығы болып табылады. Хазіреті

Мұхаммедке (с.а.у.) 610 - жылы 40 жасында пайғамбарлық ұлық міндет жүктеліп, 632 - жылы 63 жасында Аллаһ Тағаланың әмірімен бұл дүниеден озады.

6. Пайғамбарлар дәрежесі

Иә, «басқа-басқа, бірақ пайғамбарлардың да өз арасында дәреже айырмашылықтары бола ма екен!?» деп, таңырқауыңыз әбден мүмкін. Расында мұндай сауалдың өзі негізсіз емес. Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, пайғамбарлардың барлығына бірдей, ешқайсысын бөліп-жармай иман ету – біздің басты міндетіміз. Басқалай жағдайдағы кез-келген әрекет күпірліктің белгісі болып табылады. Себебі, пайғамбарларға иман еткенде: *«Пайғамбарлардың араларын айырмаймыз»* (2.Бақара-285) деген тұжырымды ұстанамыз. Дегенмен, пайғамбарлардың түрлі дәрежедегі қызметтеріне қарай белгіленетін дәрежелерінің де болатындығын білгеніміз артық болмас:

«Сол пайғамбарлардың біреулерін кейбіреулерінен артық қылдық. Аллаһ олардың кейбірімен сөйлескен, кейінің дәрежесін көтерген» (2.Бақара – 253). Олай болса пайғамбарлардың қызметтеріне қарай жүйеленген төмендегідей атаулары бар:

а) Нәби

«Нәби» сөзі - «хабаршы» деген ұғымды білдіреді. Демек, «нәби» - Аллаһтан келген әмір мен тыйымдардан халықты хабардар етуші, жеткізуші деген сөз. Нәби сөзінің көпше түрі «әнбия» (хабаршылар). «Нәби» сөзі ұғымдық һәм терминдік жағынан «Расул» сөзімен мазмұндас. Бірақ, Нәби пайғамбарлар жаңа шариғат не жаңа кітап әкелмейді, олар өзіне дейінгі иләһи заңдылықтарды жағастырушы.

Ал Расул деп біз өзіне кітап түскен пайғамбарларды атаймыз. Екі сөздің («нәби» мен «расул») мағына жағынан айырыласатын тұсы да осы жер. Мәселен, алғашқыда Хазіреті Мұсаның шарифатын ұстанып, қауымына соны уағыздаған Хазіреті Яхяға (а.с.), Аллаһ Хазіреті Иса (а.с.) жаңа шарифатпен келген тұста сол шарифатты ұстануын әмір етеді. Яғни, бұл жерде Хазіреті Яхя (а.с.) – «нәби» болады да, Хазіреті Исаны (а.с.) – «расул» деп білеміз.

б) Расул

«Расул» - сөзі «елші» деген ұғымды білдіреді. Яғни, «расул» сөзі - Аллаһтың әмірімен адамдарға жаңа шарифатпен жіберілген пайғамбарлаға тән. Расул мәртебесіндегі пайғамбарөзіне дейінгі діни заңдылықтарды жаңаша үкімдермен жеткізеді. Расул пайғамбарларға Аллаһ Тағала көбіне кітап немесе парақтар түсірген. Сол себептен де әрбір расул нәби, әрбір нәби расул бола алмайды. Осы тақырыпқа байланысты аятта: *«Құрандағы Исмайылды есіңе ал. Шынында ол уәдесінде берік расул әрі нәби кісі еді»* (19.Мәриям – 54) дейді.

в) Улул-азм пайғамбарлар

«Улул-азм» - сан түрлі ауыртпашылықтар мен тіл жетпес азаптарға төтеп беріп, Аллаһтың ақ жолын үгіттеуден бір сәт те айнымаған пайғамбарларға берілген есім. Қиыншылықтың пайғамбарлардың қай-қайсысын болса да айналып өтпегені мәлім. Әрине, оған дау жоқ. Десек те, жекелеген аяттарда кейбір пайғамбарлардың (Хазіреті Нұх, Хазіреті Ибраһим, Хазіреті Мұса, Хазіреті Иса және Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.)) өзге пайғамбарлардан бөлек арнайы айтылуы олардың дәрежесінің де бір саты жоғары екендігін білдірсе керек. Бұған негіз ретінде төмендегі аяттарды келтіруге болады:

«(Мұхаммед с.а.у.) Сол уақытта пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Ибраһим, Мұса және Мәриям ұлы Исалардан, солардан берік уәде алған едік» (33.Ахзаб – 7).

«(Мұхаммед с.а.у.) Аллаһ Нұхқа нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді сондай-ақ Ибраһим, Мұса және Исаға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды» (42.Шура-13).

7. Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) – Жаратушының соңғы елшісі

Пайғамбар жіберу Аллаһтың әмірінде болса, оған иман ету – пенденің міндеті. Аллаһ Тағала адамзатқа жүз мыңдаған пайғамбар жіберіп, Өз заңдылықтарын үйретті. Сол жүз мыңдаған пайғамбардың соңғысы Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) 610 жылы бүкіл адамзат пен жын атаулыға жіберілді. Ал 632 жылы Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) дүниеден озған соң, пайғамбарлық міндет ұғымы (яғни пайғамбар келу мәселесі) біржола тоқтады. Ақырғы елші Хазіреті Мұхаммедтен (с.а.у.) соң қияметке дейін пайғамбар келмейді. Егер де кімде-кім: «Мен пайғамбармын, маған Жәбірейл уахи әкелді», десе ол жан сөзсіз кәпір болады.

Пайғамбарлардың барлығы да Аллаһтың сүйікті құлдары бола тұра олардың кейбірінің мәртебесі өзгелерден жоғары болатындығын жоғарыда тілге тиек еткен болатынбыз. Сол секілді соңғы ақырзаман пайғамбары Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) де өзіне тән артықшылығы бар. Пайғамбарымыздың өзге пайғамбарлардан артықшылығын төмендегідей ретпен атап кетуге болады:

- а) Алғашқы пайғамбарлар (Һуд - Ад қауымына,

Салих - Самуд қауымына, Мұса пайғамбардың Исраил ұлдарына жіберілгені секілді) тек қана белгілі бір тайпаға не қауымға жіберілген. Ал, Хазіреті Пайғамбарымыз болса, күллі адамзатқа және ақырзаманға дейін келіп-кететін адамзат пен жын атаулына барлығына бірдей жіберілді. Яғни, Ол жер бетіндегі барлық халықтың, барлық ұлттың пайғамбары. Мұны Құран аяттары да тайға танға басқандай айғақтайды:

«(Мұхаммед (с.а.у.) Біз сені бүкіл әлемге рахым етіп қана жібердік» (21.Әнбия-107).

«Сені жалпы адам баласына қуандырушы, қорқытушы етіп қана жібердік. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді» (34.Сәбә – 28).

«(Мұхаммед (с.а.у.)) айт: Әй, адам баласы! Мен барлығыңа жіберілген Аллаһтың елшісімін» (7.Ағраф-158).

ә) Пайғамбарымыздың пайғамбарлығы қияметке дейін жалғасқандықтан әкелген Құраны да қияметке дейін өз күшінде болады. Алдыңғы пайғамбарларға парақтар және қасиетті кітаптар түсірілгенімен, бәрі дерлік Хазіреті Пайғамбарымызға дейін түпнұсқа күйінде жетпеді. Жоғалатыны жоғалып, өзгеретіні өзгеріп, бұрмаланатыны түрлі бұрмалаушылыққа ұшырады. Ал бұл нені байқатады? Әрине, біз бұл жерде Аллаһтың Құранға берген кепілдігін өзге кітаптарға бермегенінің айқын дәлеліне куә боламыз. «Хижр» сүресінде Жаратушы: **«Құранды біз түсірдік, қияметке дейін оны біз қорғаймыз» (15.Хижр-9)** дейді.

б) Хазіреті Пайғамбарымыздың келесі бір жөні бөлек ерекшелігі Оның ең соңғы пайғамбар екендігі. Одан кейін ешқандай пайғамбар келмейтіндігі Құранда да анық баян етілген: **«Мұхаммед сендерден ешбір кісінің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың елшісі және пайғамбарлардың соңғысы.**

Аллаһ әр нәрсені толық білуші» (33.Ахзаб-40).

в) Хазіреті Пайғамбарымыз соңғы пайғамбар болғандықтан оның әкелген діні Ислам да ең кәміл де, ең иләһи дін. Исламның негізгі ерекшелігі – ол алдыңғы иләһи діндердің жаңсақ, бұрмаланған үкімдерін жойғандығында. Иә, шын мәнінде, ислам – Аллаһтың разылығына бөленген дін. Кімде-кім Ислам дінінен басқа дін іздеп, сол сенімді өмірлік ұстаным етсе, оның Жаратушы тарапынан қабыл болу мүмкіндігі жоқтың қасы. Құранда бұл мәселе «қара қылды қақ жарған» алмас қылыштай кесіп айтылған: *«Аллаһ алдындағы дін тек Ислам ғана...»* (З.Али Имран-19). *«Кімде-кім Исламнан басқа бір дін іздесе әсте одан қабыл етілмейді де, ол ақиретте зиянға ұшыраушылардан болады»* (З.Али Имран-85).

Ал мына аят Ислам дінінің кәміл дін екендігіне бірден-бір айғақ: **«Бүгін діндеріңді толықтырдым (кәміл еттім) және нығметтеріңді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым»** (5.Майда – 3).

Ислам дінінің ерекшеліктерін бұл жерде тізбектеп айтып жату тақырыптың шеңберінен шығатындықтан қысқаша баяндап отырмыз. Бір ауыз сөзбен айтқанда, Ислам діні тұңғыық терең, қамтымайтын, қарастырмайтын мәселесі жоқ.

ғ) Хазіреті Пайғамбарымызға ақыретте шапағат мақамы берілген. Жер беті Оның үмметіне мешіт етіліп, соғыстан түскен олжаны алу халал болды. Әрине, мұның өзі Екі Дүние Гүлзарының негізгі ерекшеліктері болып табылады.

8. Мұғжиза деп нені түсінеміз?

«Мұғжиза» - сөзінің мағынасы шарасыз, әлсіз, дәрменсіз қалдыру дегенге саяды. Аллаһ Тағала адам-

дарды хақ дініне шақыру үшін пайғамбарлар жіберді. Енді осы пайғамбарлардың пайғамбар екендігінің дәлелі нендей болмақ? Әлде, кім көрінген мен пайғамбармын деп шыға бере ме? Ондайлардың жалғаншы немесе шынайы пайғамбар екендігін қалайша ажыратамыз? «Мен - Аллаһтың елшісімін» деп келген кісінің қолында ешқандай дәлелі, айғағы болмаса, оған не деп сенеміз? Мысалы, әрбіріміздің қолымызда қай елдің азаматы екендігімізді айғақтайтын төлқұжат, жоғарғы оқуды бітіргенімізді растайтын диплом, жұмысқа орналасқанымызды куәландыратын бұйрық бар. Міне, сол секілді пайғамбардың пайғамбарлығын растайтын дәлелі - мұғжиза. Мұғжиза Аллаһ тарапынан жүзеге асырылып, пайғамбардың қалаған сәтінде көрсету және айтуы мүмкін болған табиғат заңдылығына қайшы келетін тосын құбылыс. Яғни, мұғжиза деп табиғат заңдылығына қайшы, ғылыми тұрғыдан анықтамасы жоқ, екінші рет қайталанбайтын, қарапайым жандар оны жасауға дәрменсіз таңғажайып оқиғаларды айтамыз.

Мұғжиза пайғамбардың пайғамбарлығын жалғанға шығарған сәтте, оның елшілігінің хақтығына көз жеткізу мақсатында Аллаһ Тағаланың қалауымен жүзеге асады. Пайғамбарлар өмірінен қайсыбір пайғамбарды мысал ретінде алсақ та, Ол өз қауымына Жаратушының елшісі екендігін айтқанда, көпшілік оның нақ елші екендігін білу үшін «ананы істе», «мынаны істе», «оны айт», «бұны айт» секілді көптеген талаптар қойғандығына көз жеткіземіз.

Аллаһ Тағала жіберген елшісін ешқашан адамдар алдында ұятқа қалдырмайды. Керісінше, адамдарды сан мәрте ұятқа қалдырып, масқаралағандығы Құранда айтылады. Пайғамбарлардың ең үлкен мұғжизасы өз заманында етек жайған, адамдар үшін одан асып түсетін күшті бір кереметтің болуы мүмкін емес деп сенген құбылыстармен

байланысты болған. Мысалы, Хазіреті Мұса дәуірінде сиқыршылық шегіне жеткенде, Хазіреті Мұса аса таяғын айдаһарға айналдырып, адамдарды аң-таң етті. Хазіреті Иса дәуірінде емшілік кеңінен тарап, ем-дом жасаудың түрлі әдістері дамыған. Бірақ Иса (а.с.) олардың ешқашанда қол жеткізе алмайтын: өлген адамды тірілту, тумасоқырдың көзін ашу секілді кереметтерді көрсетіп, қауымын хақ дінге шақырды. Ал, Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) арабтардың әдебиеті мен бәләғаты дүркіреп тұрған кезде, Құран аятымен ақын, шешен, жыраулардың аузына құм құйғандай үнін өшірді¹⁷¹.

Кез-келген оқиғаны мұғжиза ретінде тануымыз үшін, оның мынадай өзіндік ерекшеліктері болуы тиіс:

1. Мұғжиза негізінен Аллаһтың ісі, пайғамбар тек оған дәнекер ғана болады: **«Ешбір елші Аллаһтың рұқсаты болмайынша бір мұғжиза келтіре алмайды»** (40.Ғафыр-78).

2. Мұғжиза қалыпты табиғат заңдылықтарына қайшы оқиға. Мәселен, тастың Пайғамбарымызға сәлем беріп, құрма дінгегінің боздап жылауы және Пайғамбарымыздың саусақтарынан су ағу, т.б. осы секілді жайттар шын мәніндегі мұғжизалықтың классикалық мысалдары болып табылады.

3. Мұғжизаны елшілік қызметпен келген кісі ғана жасайды.

4. Мұғжиза пайғамбарлық ұлы мақсатты жаю кезінде жүзеге асады.

5. Мұғжиза пайғамбардың қалауына сай жүзеге асады. Мысалы, тасты сөйлетемін деп, ағашты сөйлетсе, ол мұғжиза болып саналмайды.

6. Мұғжиза қарапайым пенде жасай алмайтын

¹⁷¹ А. Лутфи Казанжы, ж.к.е., 160-163-бет; Абдулфеттах Шахин, ж.к.е., 2-том, 35-49-бет; Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 106-107-бет.

оқиға¹⁷².

Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар дүние салғаннан кейін біздің ғасырымызға дейін қаншама кісі өзін пайғамбармын, көпшілігі өзін Иса Мәсихпін деп жариялады. Бірақ, олардың сөздерінің бірде-бірі де көпшіліктің назарын аударма алмады. Себебі, біріншіден, Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) ең соңғы пайғамбар, одан кейін ешқандай пайғамбар келмейді. Екіншіден, нақ Иса Мәсих болса, неліктен өзінің хақ пайғамбар екендігін дәлелдейтін мұғжиза көрсетпейді? Демек, олардың ешбірі пайғамбар емес, керісінше адасушы күнәһарлар әрі кәпірлер.

Мұғжиза демекші, Құрандағы «аят» деп аталатын мұғжизаларға қысқаша тоқталып өтсек:

а) Хазіреті Ибраһим Вавилон патшасы Намрудты Аллаһқа иман етуге шақырғанда Хазіреті Ибраһимді тау-дай боп жанып жатқан отқа лақтыртады. Сонда Аллаһтың әмірімен от Хазіреті Ибраһимге әсер етпестен, керісінше, жалындаған от пен шоқтың оған салқын болғандығы белгілі: *«Әй, от! Ибраһимге салқын, зиянсыз бол дедік»* (24. Әнбия-69).

ә) Хазіреті Салих Самуд қауымының талабы бойынша, ұрғашы түйені жартастың ішінен шығаруы нағыз мұғжизаның өзі болатын. Самуд қауымы сол мұғжизамен шығарылған қасиетті малды сойғандықтан, Аллаһ Тағаланың азабына ұшырады (қараңыз: 26.Шуғара, 141-158 аят).

б) Хазіреті Яқуб пайғамбардың ұлы Юсуфтың көйлегін көзіне сүртіп, екі жанарымен қайта қауышуы (қараңыз: 12.Юсуф, 92-96).

в) Хазіреті Мұса пайғамбардың қолындағы аса таяғын айдаһарға айналдыруы (қараңыз: 20.Таһа, 17-21), қолын қойнына салып шығарғанда қолының аппақ болуы

¹⁷² Сайм Клавуз, ж.к.е., 147-148-бет.

(қараңыз: 20.Таһа – 22), Ферғауынның зәбірінен құтылу үшін Қызыл теңізден өтпек болып аса таяғымен тұртіп қалып, теңізді екіге жаруы, одан өтуі және Ферғауын мен жендеттерінің су түбіне кетуі (қараңыз: 26.Шуғара, 61-66).

г) Хазіреті Иса пайғамбардың балшықтан құс жасап, үрлегенде оның жанды құсқа айналуы, өлген кісіні тірілтуі, анадан тума соқырлардың көзін ашуы, алапес ауруына шалдыққанды емдеуі (қараңыз: 5.Майда – 110), хауарилердің сұранысына орай көктен дастарқан түсіруі (қараңыз: 5.Майда, 112-115) толықтай мұғжизалық оқиғалар болып саналады.

9. Хазіреті Пайғамбарымыздың мұғжизалары

Хазіреті Пайғамбарымыз елшілігі кезінде Меккелік мүшріктерге өзінің хақ пайғамбар екендігін дәлелдеу ба-рысында көптеген мұғжиза көрсетті. Мүшріктер оның бірқатарына сенгенімен, біразына сенбеді. Сондай-ақ бұл мұғжизаларды сахабаларына да көптеп көрсеткендігін тарих кітаптарынан білеміз. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мұғжизаларын үш тақырыпта қарастыруға болады.

а) Құран - рухани мұғжиза

Құран - Хазіреті Пайғамбарымызға нәсіп болған ең үлкен мұғжиза. Құран әрбір ғасырдың адамына өзінің мұғжизалығымен көптеген кереметті көрсетіп, алдында еріксіз бас игізуде. Құран адамзат түгіл жын, шайтандардың оған ұқсас сүре, аят келтіруге дәрменсіз болған Ұлы Жаратушының мұғжизасы. Құран қияметке дейін мұғжизалығын сақтап, ғасыр өткен сайын жаңара береді.

б) Сезім мүшелері арқылы көрінген мұғжизалар

Бұл тақырыптағы мұғжизаларға Хазіреті Пайғамбарымыздың кезеңінде адамдардың көзімен көріп,

сезім мүшелерімен куә болған, табиғат заңдылығына қайшы жасалған оқиғалар жатады. Пайғамбарымыз мұндай мұғжизаларды өз өмірінде аз көрсеткен жоқ. Осы мұғжизалардың бірнешеуін келтіре кетелік:

1. 621 жылы Режеп айының 26-нан, 27-не қараған түні Пайғамбарымыз Пыраққа мініп, Мәсжидул Харамнан Мәсжидул Ақсаға барып, одан көкке Аллаһтың құзырына көтеріледі. Аллаһпен перде арқылы сөйлесіп, сол бір мұғжизалық қасиетті сапарынан бес уақыт намазбен оралады. Жеті қабат аспан әлемінде пайғамбарлармен кездесіп, жәннат пен тозақты көреді¹⁷³. Бұл жайында «Исра» сүресі нәзіл болып, оның алғашқы аятында: **«Құлым (Мұхаммедті (с.а.у.)) бір түні өзіне белгілерімізді көрсету үшін Мәсжид Харамнан біз айналасын мубарак қылған Мәсжид Ақсаға апарған Аллаһ әр түрлі кемшіліктен пәк. Шәксіз Ол естуші, білуші»** (17.Исра-1) дейді.

2. Бірде Меккелік мүшріктер Пайғамбарымызға: «Нақ елші екендігің рас болса, бізге анау тұрған айды екіге бөліп, бір жартысын ана төбеге, екінші жартысын мына төбеге қойып бер. Сонда саған иман етеміз», - деп шарт қояды. Пайғамбарымыз: «Егер айтқан уәделеріңде тұратын болсаңдар, мен дегендеріңді жасайын», - дейді де, Аллаһқа сиынып сұқ (шахадат) саусағымен айды ишара арқылы бөліп, бір жартысын мүшріктердің айтқан төбесіне, екінші жартысын екінші төбеге қояды. Бірақ, мүшріктер уәделерінде тұрмақ былай тұрсын, Пайғамбарымызға «сен бізге сиқыр көрсеттің» деп кінә артты (Бухари, Мәнақиб 27).

3. Тастардың Пайғамбарымызға сәлем беруі. Хазіреті

¹⁷³ Кенірек мағлұмат үшін қараңыз: Али Хіммет Берки, Осман Кескіюғлу. Соңғы Пайғамбар Хазіреті Мұхаммедтің өмірбаяны, 137-156-бет; Дамира Өмірзаққызы Ибрагим. Адамзаттың асыл тәжі, 240-244-бет.

Жабирден риуаят бойынша Расулұллаһ: «Мен Меккеде бір тасты білемін. Мен Елші болып жіберілместен бұрын маған сәлем беретін. Мен оны әлі де жақсы білемін» (Муслим, Фәдайл-2).

4. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хазіреті Әбу Бәкірмен бірге хижрет етіп бара жатқанда із кесуші Сурақа деген кісі арттарынан атымен оларға жете бергенде кенеттен аты омырауына дейін құмға кіріп кетеді. Бұл жайт үш рет қайталанған соң, Сурақа Хазіреті Пайғамбарымыздан кешірім сұрап, кері қайтады¹⁷⁴.

5. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) хижрет кезінде жолда бір отбасыға құдайы қонақ болып, олардан ішіп-жеуге сатып алатын бір нәрсе сұрағанда үй егесі өздерінің жағдайын айтып, ештеңе бере алмайтындарын айтады. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз анадай жерде тұрған ешкіні меңзеп: «Сүті жоқ па?», - деп сұрайды. Үй егесі Атиқа: «Сүт қайдан болсын, ол қысыр, түрі болса анау», - дегенде, Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.): «Рұқсат берсең, сауып көрейік», - деп рұқсат алады да, бисмилләһ айтып ешкіні сипайды. Сөйтіп үй егесі Атиқа есімді әйелге енді ешкіні сауып көруін айтады. Әйел ешкіні сауғанда өз көзіне өзі сенбейді. Арық, ең бастысы, қысыр ешкі ыдысты толтырып сүт береді. Кейінірек бұл ешкі өз егелерін пайғамбардың мұғжизасы ретінде қуаңшылықтан құтқарып қалады¹⁷⁵.

6. Хазіреті Пайғамбарымыз мешітте Мәдина халқына уағыз айтқан кезде мешіт ішінде қалған құрма діңгегіне сүйеніп тұратын. Мұсылмандардың саны артқан сайын, уағызды биіктеу жерде тұрып айтпақ болады да, үш

¹⁷⁴ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Али Хіммет Берки, Осман Кескіюғлұ, Соңғы Пайғамбар Хазіреті Мұхаммедтің өмірбаяны, 178-бет; Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, Адамзаттың асыл тәжі, 273-274-бет.

¹⁷⁵ Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, ж.к.е., 272-273-бет.

баспалдақты мінбер жасатады. Бірде сол мінбердің үстіне шығып уағыз айтып жатқанда, боздаған інгеннің дауысына ұқсас дауыс шығады. Сахабалар бұл дауыстың қайдан шыққандығын аңғара алмай аң-таң болады. Сол сәтте Пайғамбарымыз мінберден түсіп, құрма діңгегін сипағанда дауыс сап тыйылады. Пайғамбарымыз сахабаларына қарап: «Егер мен оны сипамағанда кияметке дейін боздап тұрар еді», - дейді. Құрма түбіртегінің бұлай боздауы «Пайғамбар менен кетіп, Одан ажырап қалдым» дегені еді (Бухари, Манакиб 25).

7. Худайбияда сахабалар су бітіп, шөл қыса бастаған соң Хазіреті Пайғамбарымызға келіп мәселені білдіреді. Хазіреті Пайғамбарымыз қорамсасынан бір жебені алып, сондағы суы тартылып қалған Сәмуд құдығына тастауды бұйырды. Оқ тасталысымен, құдық суға толып, сахабалар Худайбиядан қайтқанға дейін су шығып тұрды (Бухари, Әтиммә 6; Муслим, Әшрибә 175).

8. Сахабалар яһудилердің Хайбар атты қамалын алмақ болып қоршауға алады. Қоршау ұзай түсті. Ертеңіне Хазіреті Пайғамбар туды Хазіреті Әлиге бермек болып, оны сұрастырғанда оның көзі ауырып шатырда жатқанын естиді. Дереу Хазіреті Әлиді алып келуді бұйырады. Пайғамбарымыз мүбарак түкірігін оның көзіне жағып дұға еткенде, Хазіреті Әли бейне бір мүлде науқастанбағандай айығып кетеді (Бухари, Фәдаилус-сахаба 9).

9. Бір күні Хазіреті Пайғамбардың даусы жай шыққанын естіген Әбу Талха үйіне келіп әйеліне «ішіп-жейтін бір нәрсе бар ма, оны Расулуллаһқа ұсынайық, даусы эзер естіледі» деп, тағам дайындатады. Тағамда жапырақтай нан және май болатын. Адам жіберіп Расулуллаһты үйіне қонаққа шақырғанда, Хазіреті Пайғамбарымыз қасындағы 70-80-дей сахабасымен бірге келеді. Әбу Талха сасып қалғанымен, әйелі тәуекел деп

сабырлыққа шақырды. Ішке кірген Аллаһтың Елшісі тағамды дастарқанға қойып, дұға етеді де, сырттағы сахабаларын он-оннан ішке кіргізіп, тойғанынша ішіп-жегізіп, өзгелерін де шақырып, бәрін тойдырады (Бухари, Әйман 22; Муслим, Әшрибә 142).

10. Бірде жұма күні Расулуллаһ хұтба оқып жатқанда бір кісі келіп: «Я, Расулуллаһ! Аллахқа дұға етсеңіз, жаңбыр жауса екен», - деді. Расулуллаһ дұға етіп бітісімен, шайдай ашық аспанды лезде қара бұлт қаптап, жаңбыр шелектеп құя бастады. Жаңбыр келесі жұмаға дейін жауды. Сол жұмада бір кісі орнынан тұрып: «Я, Расулуллаһ! Аллахқа дұға етсеңіз, жаңбырды тоқтатса екен», - деді. Хазіреті Пайғамбарымыз: «Аллаһым! Жауынды үстімізге емес айналамызға жаудыр», - деп дұға етті. Аллаһтың құдіретімен жауын Мадина үстіне жаумастан, айналасына жауып тұрды (Бухари, Истисқа 7; Муслим, Истисқа 1).

в) Хабар беру арқылы көрсеткен мұғжизалары

Келешекпен байланысты жағдайды тек Аллаһ Тағала біледі. Аллаһ қана болашақты нақты айта алады. Егер бір кісі келіп келешекте мынандай оқиғалар болады, оған көздерің анық жетеді десе, онда ол Аллаһтың білдіруімен айта алатын пайғамбар болуы мүмкін. Сол секілді Хазіреті Пайғамбарымыз да Аллаһтың ұлық елшісі ретінде өткен-кеткен оқиғалардан хабар беру арқылы мұғжиза көрсеткен. Солардың бірнешеуін келтірсек:

1. Хазіреті Пайғамбарымыздың оқу, жазу білмейтіндігі сол кезеңдегі адамдар тарапынан еш жалғанға шығарылмады. Оның шынайы пайғамбар екендігін сынау үшін христиандар мен яһудилер түрлі діни сұрақтар сұрап, нақты жауабын алып, ешқандай артық сөзге келместен келген ізімен кететін. Бірде Мадинадағы яһудилердің бірі

зина жасап қояды. Яһуди шарифаты бойынша, зина жасаған кісіні тас боран қылып өлтіру жазасы бар. Бұл Таураттың үкімі болатын. Содан әлгі яһудиді мұндай өлімге қимаған қандастары «жүріңдер Хазіреті Мұхаммедке барайық, бәлкім ол бізге жеңілдеу жаза берер» десті. Сөйтіп, Хазіреті Пайғамбарымыздың құзырына барып болған жайды бастан аяқ айтып, үкім беруін өтінеді. Бірақ, олар Пайғамбарымыздан Таураттағы тас боран етіп өлтіру үкімін әдейі жасырады. Пайғамбарымыз олардан: «Тауратта зина етудің жазасы жайында не дейді?», - деп сұрағанда, «Тауратта бұл туралы еш нәрсе жоқ», - деп алып-қашты әңгіме айтады. Хазіреті Пайғамбарымыз: «Тауратта зина жасаушының күнәсі рәжм (тас боран) ету делінген. Ол жазу сенің қолыңның астында жазулы тұр», - деп яһудилердің аузына құм құяды. Хазіреті Пайғамбарымыздың үкіміне келісетіндігін айтып келген яһудилер зина жасаушы қандастарын тас боран етіп өлтіреді.

2. Хазіреті Пайғамбарымыз шамамен өзінен 2500 жыл бұрын өмір сүрген Мысыр Ферғауынының тәні, кейінгі ұрпаққа ғибрат болу үшін теңізден шығарылатындығын мына бір аятпен айтады: *«Сенен кейінгіге үлгі болу үшін денеңді (жансыз түрде) құтқарамыз. Расында адамдардың көбі аяттарымыздан хабарсыз»* (10.Юнус-92). Шынында да 1881 жылы Мысыр патшаларының қабірлері табылып, Ферғауынның да тәнін Қызыл теңізден тауып алған археологтар көпшілікке ғибрат ретінде Англияның мұражайына қойды¹⁷⁶.

3. Бәдір шайқасының алдында, мұсылмандар Бәдір құдығының жанына шатырларын тігіп мүшріктерді тағатсыз күтеді. Ұрыс басталардан бір күн бұрын Хазіреті Пайғамбарымыз Меккенің көсемдері, дін дұшпандары мүшріктердің қай жерде өлтірілетіндігін сахабаларына

¹⁷⁶ Абдулфеттах Шахин, ж.к.е., 2-том, 41-бет.

айтып береді. Бәдір шайқасы біткен соң мұсылмандар майдан алаңындағы өліктерді ретке келтіру үшін жинаған кезде, Хазіреті Пайғамбарымыздың айтқанындай аталған мүшріктердің дәл сол көрсеткен жерлерінде өліп жатқандарын көріп тандай қағысады¹⁷⁷.

4. Алғашқы мұсылмандардың бірі, исламда белгілі үш тақуаның біріншісі болған Әбу Зәһр әл-Ғыффари еді. Хазіреті Пайғамбарымыз оның жалғыз жүріп өлетіндігін айтқан. Расында да Әбу Зәһр Хазіреті Османның халифалық кезеңінде Рәбәзә деп аталатын Мадинаның сыртындағы бір жерге көшіріледі. Себебі, Хазіреті Османның тұсында мұсылмандардың жағдайы біршама жақсарып, бай-куатты мұсылмандар саны көбейе түскен еді. Міне, сол кісілердің дүние жинауын Әбу Зәһр дұрыс көрмей, «Тәубе» сүресінің 34-35 аяттарын олардың беттеріне басып айтатын. Әсіресе, бұл сөздер Шамның қалталылары мен байларының жанына батқандықтан, олар Шам әкімі Муауиядан (өл.680) көмек сұрады. Муауия болса олардың бұл уәждерін халифа Османға білдіреді. Хазіреті Осман оған: «Ей, Әбу Зәһр! Мен елді дұрыс тіршілікке үндеуге, ынсап-ұятқа үндеуге хақым бар, бірақ мен оларды тәркі-дүниеге, тақуа болуға үндей алмаймын!», - дейді. Содан Әбу Зәһр халифадан рұқсат алып Рәбәзәға көшеді. Сол кезде Әбу Зәһр Хазіреті Пайғамбарымыздың өзіне осылай болатындығы жайында айтқан сөзінің айна-қатесіз болғандығына көзі жетеді¹⁷⁸.

5. Мадинаны біржола басып алу үшін Меккелік мүшріктер 24.000 әскермен жорыққа шығады. Мүшріктердің әрекетін естіген мұсылмандар Сәлман Фарисидің ұсынысы бойынша, Мадина қаласының сыртын айналдыра ор қазуға кіріседі. Ор қазу кезінде саха-

¹⁷⁷ Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, ж.к.е., 319-бет.

¹⁷⁸ Жолдасов А., ж.к.е., 122-123-бет.

балар үлкен тасты қайламен ұрып сындыра алмаған соң, Хазіреті Пайғамбарымыздан көмек сұрайды. Хазіреті Пайғамбарымыз қайласын алып, тасты ұрғанда от ұшқыны шығады. Артынан Пайғамбарымыз «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтып, Иран патшалығының құлайтындығын, екінші рет ұрып, Рим империясының құлайтындығын және Шам мен Сананың мұсылмандар қолына өтетіндігі жайында сүйінші хабар айтады. Бірақ сахабалар сол кезде айтылған жерлерді алу былай тұрсын, ол жерге бару ойларына да кіріп шықпаған еді. Уақыт өте келе Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омар тұсында аталған жерлер Ислам билігіне өтеді.

6. Хазіреті Пайғамбарымыз 628 жылы Меккеге қажылыққа бармақ болып, 1400 сахабасымен жолға шығып, Меккеге жақын Худайбия деген жерге келіп қонақтайды. Мүшріктер мұсылмандарды Меккеге кіргізуге бел буғаннан кейін мұсылмандармен он жылдық бейбіт бітім жасауға бел буады. Осы келісім Сухәйл ибн Әмір мен Хазіреті Пайғамбарымыз арасында жасалды. Келісімшартқа: «Бұл Аллаһтың елшісі Мұхаммедпен жасасқан...», - деп жаза бастағанда Сухәйл: «Біз сені Аллаһтың елшісі деп қабыл етсек, бұлай бітім жасаспас едік. Сені елші ретінде мойындағанмыз жоқ. Сондықтан Мұхаммед ибн Абдуллаһ деп жаз», - дейді. Келісімшартты жазушы Хазіреті Әли еді. Оған Сухәйлдің сөзі жүрекке қанжар сұққандай ауыр әсер етеді де, «Расулуллаһ» (Аллаһтың елшісі) деп жазған сөзін өшірмей тұрып алады. Сол кезде Хазіреті Пайғамбарымыз өз қолымен «Расулуллаһ» сөзін өшіріп, Мұхаммед ибн Абдуллаһ деп жаздыртады да, Әлиге: «Бір уақыт келеді, сенің де басыңнан осындай жағдай өткенде мәселені түсінесің», - дейді.

Шынында да 657 жылы Хазіреті Әли өзінің

халифалығын мойындамай қойған Шам әкімі Муауиямен Сыффин деген жерде шайқасып, арты екі жақтың бітімге келуімен аяқталды. Сол кезде Хазіреті Әлидің: «Әмирул муминин (мүминдердің әміршісі) Әлиден Муауия ибн Әбу Суфиянға», - деп жазған бітіміндегі «Әмирул муминин» сөзін өшіріп, орнына Әли ибн Әбу Тәліб деп жазуды Шам төрешісі талап етеді. Ол: «Біз сенің «әмирул муминин» екеніңді мойындасақ, бұлай келісім жасамас едік. Сенің халифалығыңды мойындамаған соң келісім жасап жатырмыз», - деп ақыры «Әмирул муминин» сөзін өшіргізеді. Хазіреті Әли сол кезде барып Худайбияда Хазіреті Пайғамбардың өзіне айтқан сөзі есіне түсіп, оның шындыққа айналғанына көзі жетеді.

Иә, айта берсек Хазіреті Пайғамбарымыздың осыған ұқсас айтқан хабари мұғжизалары өте көп. Мысалы ақырзаманның кіші белгілері жайында айтқан хадистеріне назар аударсақ, аталмыш белгілердің рет-ретімен жүзеге асып жатқандығына куә боламыз. Және олардың көпшілігі әлі сол уақыт сағаты келгенде айнақатесіз болатындығына күмән жоқ. Пайғамбарымыздың мұғжизасына сенбеу имансыздыққа жетелейді. Өйткені мұғжиза - Оның елшілігінің белгісі.

10. Әулиелік және карамат

Әулие сөзі негізінен араб тіліндегі «уәли» - жақын, дос, көмекші, ұғымдарын білдіретін сөздерден шыққан. Бұл сөздің шарифаттағы мағынасына келсек, күнә істеуден бойын алыс ұстайтын, Аллаһқа шынайы итағат етуші, Оған деген махаббаты жалындап, Одан қатты қорыққан және Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) сүннеттерін қалдырмастан мұқияттылықпен орындаған, иманына берік кісі дегенге келеді. «Уәли» сөзінің көпше түрі «Әулие» (достар). Ал

Құран мен хадисте «уәли» және «әулие» есімі Аллаһтың сүйікті пенделері, құлдары, достары деген ұғымды білдіреді. Әйгілі ғұлама Тафтазанидің пікірі бойынша, уәли дегеніміз: *«Аллаһты және Оның сипаттарын біліп, күнәлардан қашып, итағатпен жүруші, ләззәт пен шахуаттарға берілмеген адам».*

Құран аяттарынан «Әулияуллаһ» (Аллаһтың достары) деген сөзді көптеп кездестіруге болады. Себебі, Аллаһ Тағала Өзіне шынайы құлшылығымен мойынұсынушылықтың биікүлгісін көрсетіп, тақуалықпен өмір сүрген құлдарын өзге құлдарынан артық санап, ондай пенделерді Өзіне жақын дос ретінде келтіреді: **«Әлә иннә әулияәллаһи лә хауфун аләһим улә һум яхзанун..... Біліңдер! Расында Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ әрі олар қайғырмайды. Сондай иман келтіріп, тақуа болғандар. Оларға дүние тіршілігінде де, ақиретте де қуаныш бар. Аллаһтың сөздерінде өзгеріс жоқ. Міне, ірі қол жетушілік осы»** (10.Юнус, 62-64).

Сонымен қатар Аллаһ Тағала өзіне құлшылық жасауда тақуалықтан айнымаған сүйікті пенделеріне көмекші әрі дос болатындығын мына бір аятпен баян етеді: **«Аллаһ – иман келтіргендердің досы. Оларды қараңғылықтардан жарыққа шығарады.....»** (2.Бақара-257).

«Шынында менің уәлиім Құран түсірген Аллаһ» (7.Ағраф – 196)

Аллаһ Тағаланың уәли құлының өзгелерден айыратын басты екі ерекшелігі бар екендігін мына бір аяттан аңғарамыз: **«Сондай иман келтіріп, тақуа болғандар»** (10.Юнус-63). Яғни, бұл ерекшелік **иман мен тақуалық** болып табылады. Иманды болу, яғни иман етудің не екендігі баршамызға мәлім. Ал тақуалық дегеніміз не деп сұрар болсаңыз, мына аятқа зер салып қарағаныңыз абзал: **«Жүздеріңді шығысқа-батысқа жөнелту бір**

игілік емес. Бірақ кім Аллаһқа ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға және құл азат етуді жақсы көре отырып, мал сарп қылса әрі намазды толық орындап, зекет берсе, өзара байланысқан уәдесін орындаушы, таршылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар» (2.Бақара-177). Тақуа сөзі Аллаһтан көбірек қорқып, әрдайым Аллаһтың әмірі мен тыйымдарын бұлжытпай орындаушы деген ұғымды білдіреді. Аллаһтың уәли яғни әулие құлдары осы айтылған сипаттың шыңына жеткен жандар болып саналады.

Сайд ибн Жубайрдың риуаяты бойынша, Хазіреті Пайғамбардан (с.а.у.): «Аллаһтың уәли (әулие) құлдары кімдер?» - деп сұралғанда, Хазіреті Пайғамбарымыз былай деп жауап береді: «Олар сондай кісілер, оларды көрген кезде Аллаһ Тағала еске түседі». Демек, Аллаһ Тағала достарының болмысынан олардың әдепті, адамдық қасиеттері мол, парасатты, жүзінен нұр тамған иман жүзді, инабатты, кішіпейіл әрі Жаратушыдан бөлекше қорқа білетін жандар екендігін пайымдаймыз. Аллаһтың тақуа, уәли құлдарының бейнесінен шынайы құлшылықтың нышанын аңғаруға болады. Өйткені Аллаһтың әулие құлдарының жүзіндерінде сәжденің іздері мен құлшылықтың нұрлы бейнесі болатындығын мына аят білдіреді: *«Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар»* (48.Фатх-29).

Хазіреті Омардың риуаяты бойынша, Расулуллаһ былай дейді: «Аллаһтың құлдарынан кейбір адамдар бар, олар шейіт те емес, пайғамбар да емес. Бірақ қиямет күні олардың дәрежелеріне пайғамбарлар мен шейіттер қызығып қарайды». Сахабалар: «Ей, Аллаһтың Ел-

шісі! Олар кімдер және қандай амал жасайды екен? Бізге де айтсаңыз, біз оларды жақсы көріп, құрметтейік», - деген кезде, Хазіреті Пайғамбарымыз сөзін былай деп жалғастырды: «Бұлар бір топ болып, араларында туыстық, бір-біріне беретін мал мен дүниелік пайдалары болмастан, тек Аллаһ разылығы үшін және Аллаһ жолында бір-бірілерін жақсы көреді. Аллаһқа ант етемін. Олардың жүздері бір нұр секілді және олар нұрдан жасалған бір баспалдақ үстінде. Адамдар қорыққан кезде, олар қорықпайды. Адамдар қайғырған кезде, олар қайғырмайды», - деп олардың сипаттарын айтқан. Пайғамбарымыз сөзін мына аятпен ары қарай жалғастырды: *«Біліңдер! Расында Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ әрі олар қайғырмайды. Сондай иман келтіріп тақуа болғандар. Оларға дүние тіршілігінде де, ақыретте де қуаныш бар. Аллаһтың сөздерінде өзгеріс жоқ. Міне үлкен табысқа қол жеткізушілік осы»* (10.Юнус, 62-64)¹⁷⁹.

Аллаһтың достары жайында қысқаша мағлұмат бере отырып әулиелердің осы аят пен хадистегі сипаттарына тоқталдық. Міне, осындай әулие кісілер Аллаһтың өздеріне берген кеңшілігі мен артықшылығы арқасында «карамат» көрсетеді. «Карамат» деп Аллаһтың пайғамбарына шын ықылас ниетімен сенген және Аллаһқа құлшылық етуде алдына жан салмаған әулиелердің табиғат заңдылықтарына қайшы көрсеткен іс-әрекетін айтамыз. Негізінде, бір әулиенің караматы өзінің сенген пайғамбарының мұғжизасынан туындайды. Мұғжиза да, карамат та – төтенше болатын жағдай. Мұғжиза пайғамбарда, карамат сол пайғамбардың жолын ұстанушы әулие кісілерде болады. Бұл жайында Имам Ағзам Әбу Ханифа «Әл-Фикһул әкбар» атты еңбегінде былай дейді:

¹⁷⁹ Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 107-109-бет.

«Әулиелердің көрсеткен қараматы хақ»¹⁸⁰. Олай болса, қарамат мәселесінде күмәндандудың қажеті жоқ.

Кей адамдардың табиғат заңдылықтарына қайшы келген іс-әрекеттері, көрсеткен қараматтары біздің пайымымыздағы діни қараматқа жатпайды. Яғни, ондай адамдардың сенімдері Ислам ақидасына жатпаса, жасаған амалдары Аллаһтың бұйырған әмірлеріне сәйкес келмесе, харам-халалды, әрбір істі айырмаса, ондай адамның көрсеткен ісін «истидраж» дейміз. Мұндай әрекеттер сол кісілердің күпірлігін арттырумен қатар өзгелердің аясуына себеп болады. Әйгілі сопы Баязид Бистами былай дейді: «Бір адамның ауада малдас құрып отырғанындай қарамат көрсеткенін көрсеңіз, ол адамның Аллаһтың әмірлерін, тыйымдарын, бұйырған жолдарын ұстануда шариғатқа сай амал етіп-етпегенін білмейінше, ондайларға сенбеңдер, алданып қалмаңдар»¹⁸¹.

Аллаһ достарының қараматы Құран, Сүннет және Ижма бойынша қабыл етіліп, дәлелдері келтірілген. Әуели Құран аятындағы Аллаһ достарының (әулиелер) көрсеткен қараматтарына тоқталып өтейік:

Хазіреті Зәкәрия (а.с.) балдызы Хазіреті Мариямға мешіттің жанынан арнайы бір бөлме жасап беріп, оны сонда отырғызатын және қажетті заттарын өзі алып беретін. Зәкәрия (а.с.) уақыт өте келе, Хазіреті Мариямның қараматын көре бастайды. Себебі, Хазіреті Мариям ананың бөлмесінде өзінен басқа ешкім кірмейтіндіктен, Хазіреті Мариям ананың алдында жатқан жеміс-жидектерді көріп, еріксіз сұрауға мәжбүр болады. Аятта бұл мәселе былайша баяндалады: **«Сонда оны Раббы жақсы қабылдап,**

¹⁸⁰ Имам Ағзам Әбу Ханифа, Фикһул әкбар, түркіге тәржімалаған әрі таузихын жазған: Сайид Махмуд ат-Тарази, 20-бет; Мәжмұғатул мутун, Мәтнул ақайд ли-Умарин-Нәсәфи, 9-бет.

¹⁸¹ Мустафа Кара, Тасаввуф ве тарикатлар тарихи, «Дергах» баспасы, Истанбул, 1995, 159-бет.

көркем өсірумен өсірді және оған Зәкәрияны ие қылды. Зәкәрия оның бөлмесіне әр кіргенде оның қасында тағамды көріп: «Ей, Мариям! Мыналар саған қайдан келді?» - деді. Мариям: «Ол Аллаһтың қасынан, шәксіз Аллаһ қалаған құлын есепсіз ризықтандырады», - деді» (3.Али Имран – 37). Хазіреті Мариям ананың алдында жаз кезінде қыстың жемісі (азығы), қыс кезінде жаздың жемісі (азығы) болатын. Хазіреті Мариям пайғамбар емес, тек Исаның (а.с.) анасы екені анық. Демек, ол пайғамбар болмаса, онда оның алдында жатқан азық пен жемістер оның қараматының нәтижесі деген сөз.

«Кәһф» сүресіндегі «Асхабы кәһфтың» үш жүз жыл үнгірде ұйықтап, кейін қайта оянуын мұғжиза дей алмаймыз. Себебі, ол үнгірде паналаған иман жүзді жігіттер пайғамбар емес болатын. Олай болса, олардың үш жүз жыл ұйықтауы сол жігіттер үшін қарамат болып есептеледі.

Енді сүннеттен дәлел келтірейік. Хазіреті Пайғамбарымыздың бір хадисінде өткен үмметтерден үш жолаушының жаңбырдан ықтану әрі түнді өткізу үшін бір үнгірге кіріп паналағанын, сол кезде тау басынан құлаған үлкен бір тас үнгірдің аузына кептеліп, әлгі үш кісінің шыға алмай, Аллаһқа дұға еткені айтылады. Олар өздерінің Аллаһ разылығы үшін жасаған амалдарын айтып, Аллаһтан үнгір аузына кептелген тасты жылжытуын сұранады. Аллаһ олардың мінәжатын қабыл етіп, үнгірдің аузына кептелген тасты жылжытады. Олар үнгірден аман-есен шығады. Міне бұл да олардың жасаған қараматы болып табылады¹⁸².

Хазіреті Омар парсы еліне Ислам дінін жаю үшін әскер жолдайды. Парсылар да қарап отырмастан,

¹⁸² Мухиддин Невеви, Риязус салихин ве тержемеси, аударған: К - вamuддин Арслан, Хасан Хүснү Ердем, Анкара, 1991, 1-том, 12 хадис.

мұсылмандарға қарсы қалың қолмен қарсылық танытады. Осындай шайқастың ең шешушісі Хорасан аймағын алу жолындағы шайқас еді. Парсы патшалығының соңғы патшасы Ш. Яздигард қалың қол жиып, мұсылмандарға соққы бермек болады. Олардың әскері сан жағынан мұсылмандардан әлдеқайда басым болатын. Шайқас сахарادا болады деп белгіленген еді. Сол күні Хазіреті Омар түс көріп, егер сахарادا шайқасса жеңілетіндігін, ал тауға бекінсе, жауға бір бағыттан тойтарыс бере алатындығын сезеді. Ертеңінде, жұма күні құтпа оқып жатып, көпшіліктің алдында:

- Я, Сариа жәбәлә, жәбәлә! Ей, Сариа, тауға, тауға! – деп үш рет айғайлайды. Сосын көпке қарап:

- Аллах Тағаланың әскері көп, кейбіреулері жеткізуі де мүмкін? – дейді. Кейіннен парсы әскерлері қанша көп болғанымен, жеңіліске ұшыраған хабар Мадинаға жетеді. Сүйінші хабарды жеткізген Сарияның елшісіне Мәдиналықтар:

- Сендер шайқас кезінде ештеңе естімедіңдер ме? – деп сұрады.

- «Ей Сариа тауға!» деген дауысты естіп, тауға тығылды. Содан жау жеңілді, – деп жауап берді. Иә, бұл да Хазіреті Омардың көрсеткен қараматы еді¹⁸³.

Аллаһтың достары атанған әулие құлдарының қараматы екі түрлі болады:

1. Рухани қарамат – ілім, ахлақ, ғибадат, мағрифат пен тақуалықта рухани дәрежеге жету. Бұл дәрежеге жеткен әулиелердің әрбір айтқан сөздері ғибратқа толы, мағыналы, әдепті, ешкімнің көңіліне тимейтін әсерлі сөздер болады.

2. Кәуни және сури қарамат - ғайып болған затты әп-сәтте әкелу, апару, бір мекеннен екінші мекенге әп-сәтте жеткізу, жабайы аңдарды адамға қызмет етгіру секілді

¹⁸³ Жолдасов А., ж.к.е., 63-64-бет.

т.б. күнделікті өмірде көрсететін қараматтар. Әулиелер мұндай қараматтар көрсетуге әуес болмайды және мұндай қараматтарға көңіл бөлмейді де¹⁸⁴.

Ислам тарихында есімдері ел арасында әулиелігімен танымал болған тұлғалар көп. Сол кісілердің бірнешеуін атын атап өткеніміз абзал болар: Хасан Басри, Малик ибн Динар, Жунейд Бағдади, Абдулқадир Гейлани, Ахмед әр-Рифай, Абдулхалқ Гуждевани, Мәулана Желаледдин Руми, Баязиди Бистами, Бахауддин Нақшибанди, Ахмед Иассауи.

Аллаһтың шынайы досы болуға тырысқан және осы жолдағы әулие жандардың қарамат жайындағы ортақ пікірлері мынандай:

1. Қараматты көрсетпей жасыру, яғни қарамат Аллаһтың өздеріне жіберген сынағы болғандықтан бұл мәселеде аса мұқият болу.

2. Қарамат негізгі мәселе емес, маңыздысы тура жолдан таймау.

3. Қараматқа емес, шариғатқа ұю маңызды.

4. Қарамат көрсетудегі бір мақсат – жаман мінезді тыю. «Қараматым бар деп, елге қарамат көрсетпе, одан да нәпсінді мұсылман ет қараматың болса», - дейді тақуалар.

5. Қараматты бір перде деп ұғыну. Сондықтан көрсеткен қараматты көпсініп, асып-тасымастан, түк болмағандай жұру арқылы хақ жолдан ауытқымау¹⁸⁵.

¹⁸⁴ Осман Нури Топбаш. Имандан ихсана тасаввуф, Ермак баспасы, Истанбул, 2002, 372-373-бет.

¹⁸⁵ Мустафа Кара, ж.к.е., 158-160-бет.

11. Мұғжиза мен қараматтан тыс өзге де табиғат заңдылықтарына қайшы келетін жағдайлар

Ислам діні мен ғұламаларының ерекшелігі сол, табиғат заңдылықтарынан тыс оқиғалардың бәрін мұғжиза демей, оларды өзара бөліп, жүйелеген. Бұл ислам дінінің әдістемесінің дамығандығының көрсеткіші. Жоғарыда айтып өткеніміздей, пайғамбарлардың мұғжизасы мен әулиелердің қараматынан тыс өзге де табиғат заңдылықтарына қайшы келетін жағдайлар бар. Бұларды мұсылман ғалымдары мынадай топтарға бөліп қарайды:

а) Ирхас

Келешекте пайғамбар болатын адамға кейбір төтенше жағдайлардың көрінуін «ирхас» деп атайды. Мұндай төтенше жағдайлар ол адамның болашақ пайғамбар болатындығына дәлел. Мысалы, Хазіреті Исаның (а.с.) яһудилердің дін басыларына, анасына ойнастан тудың деп айып тағушыларға бесікте жатып өзінің пайғамбар болатындығын, Інжіл атты кітап берілетіндігін айтуы ирхасқа жатады. Сол секілді Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) сүт анасы Халиманың үйіне береке әкелуі, көкесі Әбу Тәлібпен тасаттыққа шыққанда, оның қолын жайып атасы Аллаһқа жалбарынғанда, жаңбырдың жаууы, үнемі үстінде бір бұлттың жүруі де табиғат заңдылығына қайшы келетін оқиғалар еді¹⁸⁶.

ә) Мәунат

Мәунат – көмек, жеңілдік деген ұғымды білдіреді. Аллаһ Тағаланың сүйікті бір пендесі болмағанымен, кез-келген бір мұсылман кісінің қиын-қыстау кезін-

¹⁸⁶ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, *Адамзаттың асыл тәжі*, 62-71, 82, 86-87 беттер.

де, Аллаһтың жәрдемімен аяқ астынан ісінің оңға басу құбылысын «мәунат» дейді.

б) Истидраж

Истидраж – уақыт беру, мұрсат беру деген ұғымды білдіреді. Күпірлігі мен күнәһарлығын ашық түрде көрсеткен жандардың ниет-тілектеріне қарай болатын төтенше жағдайларды «истидраж» дейміз. «Карамат» әулиеде болса, «истидраж» күнәһар пендеде болады. Аллаһ күпірлікте шектен шыққан құлдарына истидраж қабілетін беру арқылы күнәға белшесінен батуға мүмкіндік береді. Мысалы, Ібілістің дұғасы қабыл болып, қияметке дейін адамдарды тура жолдан адастыруы, Перғауын мен Нәмруд секілді өздерін құдай дәрежесіне санап, нәпсілерінің қалауы бойынша әрекет етулері истидраж түріндегі оқиғалар. Бірақ, түбінде олардың нәтижесі де оң болмайды. Құранда олардың ауыр азапқа ұшырайтындығын білдіреді: **«Сондай аяттарымызды жалғанға шығарғандарды олар білмеген жақтан бірте-бірте жоямыз. Тағы да оларға мұрсат беремін. Әрине, шараларым да қатаң»** (7.Ағраф, 182-183).

«(Мұхаммед (с.а.у.)) енді осы сөзді (Құранды) жалғанға шығарғандарды Маған қалдыр, оларды білмеген жақтан баяулап кеміте береміз. Оларға мұрсат берейін. Шынында шараларым күшті» (68.Қалам, 44-45).

Бұл аяттардан шығатын ұғым, пенде егер күнә істеуін қоймай үдете түссе, Аллаһ Тағала оның нығметін, ниет-тілегін арттырып, шүкіршілік пен тәубені мүлде ұмыттырып, Өзінің азабы мен қаһарына барынша жақындатып, ақырында төбесінен жай түскендей азапқа ұшыратады.

в) Иханет

«Истидраж» күнәһар, фасық бір кісіге берілген қабілет болса, «**иханет**» те - сондай кісінің ниет-тілегі мен мақсатының керісінше болуы деген сөз. Яғни, «иханет» - жалғаншы, күнәһар кісінің жасаған ісінің жалғандығын айғақтайтын, табиғат заңдылықтарына қайшы келетін жағдайлар. Жасаймын дегенін жасай алмай, болады дегені болмай қалу. Мысалы, жалғаншы пайғамбарлардан Мусәйләмәтул Кәззаб өзінің пайғамбар екендігін дәлелдеу үшін бір көзі көр болған кісінің көзіне шипа беру үшін түкірігін жаққанда, екінші сау көзінің көрмей қалуы секілді¹⁸⁷.

12. Уахи және уахидің келу жолдары

Қасиетті кітабымыз Құран Кәрім Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) уахи арқылы түсті. Уахи сөзі - жасырын сөйлесу, сыбырлау, айту, сөйлеу, ишара ету деген мағыналарға келеді. Аллаһ Тағала елшілеріне кез-келген қалаған құбылысты не оқиғаны уахи арқылы білдіреді. Уахидің қандай болатындығы мен қалай әсер ететіндігі бізге беймәлім, ол Аллаһ пен пайғамбар арасындағы сырлы сөйлесу халі. Хазіреті Пайғамбарымызға уахи мынадай жолдармен келген:

1. Шынайы түс. Уахидің ең көне келу түрі шынайы түс арқылы жүзеге асқан. Мысалы, Хазіреті Ибраһим түсінде ұлы Исмайылды сойып жатқанын көреді. Соңынан Аллаһтың әмірімен ұлы Исмайылды құрбандыққа шалмақ болғаны баршамызға мәлім (қараңыз: 37.Сафпат, 104-105). Сондай-ақ Юсуф (а.с.) пайғамбардың түсінде күн мен айдың және 11 жұлдыздың өзіне сәжде еткенін көруі

¹⁸⁷ Хамди Дөндүрен, ж.к.е.,110-112-бет; Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 163-166-бет.

де, (қараңыз: Юсуф сүресі) уахидің осы түріне жатады. Сол секілді Хазіреті Пайғамбарымыздың да көрген түстері айна-қатесіз дәл келіп отыратын. Бұл жөнінде Айша анамыз: *«Пайғамбарымыздың көрген түстері дәл келетін. Бұл түстер таң нұры секілді анық еді»* (Бухари, Бәдиул уахи 3) дейді. Сол себептен сахабалар Пайғамбарымыз ұйықтап жатқанда, өзі оянбайынша тұрғызып, мазаламайтын еді.

2. Хазіреті Пайғамбардың ояу кезінде Жәбірейіл көрінбестен жүрегіне уахиді үрлеуі. Аятта бұл уахи түріне былай деп тоқталады: *«Оны (Құранды) Жәбірейіл (Рухул Құдус) келтірді. Ескертушілерден болуың үшін жүрегіңе қондырды. Ап-ашық бір араб тілінде түсірді»* (26.Шұғара, 193-195).

3. Жәбірейіл кейде уахиді адам бейнесіне әкелетін. Бұл уахи алудың ең жеңіл түрі. Риуаят бойынша, Жәбірейіл көбіне Дихя¹⁸⁸ есімді сахабаның бейнесінде келетін.

4. Жәбірейіл көрінбестен, шыңғырлаған немесе

¹⁸⁸ Дихя ибн Халифа ибн Фәруа әл-Кәлби (өл.50/670). Хазіреті Пайғамбардың Гераклосқа елші ретінде жіберген сахабасы. Солтүстік Арабиядағы Кәлб руынан шыққан. Дихяның Хижрадан алдыңғы өмірі жайында нақты деректер жоқ. Бәдір соғысынан бұрын мұсылман болғанымен Бәдір соғысына қатыспаған. Ухуд соғысынан бастап өзге жорықтарға қатысқан. Худайбия келіссөзінен кейін Хазіреті Пайғамбар көрші елдерге елшілер жібергенде Дихяны Византия императоры Гераклосқа жібереді. Яғни, Хижраның 7 - жылы Мухаррамда (628 мамыр) жібереді. Дихяның негізгі міндеті хатты Гераклосқа жеткізу үшін Палестина әкіміне тапсыру еді.

Дихя ибн Халифа саудамен айналысқан сахабалардың бірі болатын. Жәбірейіл Дихя бейнесінде келіп, Хазіреті Пайғамбарға уахи әкелгенде сахабалардың көбісі оны Дихя екен деп ойлайтын. Әнас ибн Маликтің айтуы бойынша, Дихя сахабалардың ішіндегі ең әдемісі, сымбатты және ірі денелі, ақ тәндісі екен.

Дихя Хазіреті Пайғамбардан кейінгі өмірін Шамда өткізіп, сонда қайтыс болған. Өмір тарихы жайында толық мәлімет болмағаны секілді, қай жылы қайтыс болғандығы да нақты емес, тек шамалап айтылуда (Ислам ансиклопедисі, Түркия Диянет Вақфы, Анкара, 9 том, 294 бет).

араның ызыңдаған даусына ұқсас дауыспен уахи әкелетін. Уахидің ішіндегі ең қиыны осылай келген уахи еді. Мұндай жолмен келген уахилер көбіне ескерту, қорқыту түрінде айтылған аяттардан тұратын. Осы жолмен уахи келгенде Хазіреті Пайғамбарымыз қатты қобалжып, дірілдеп, терлеп кететін. Айша анамыз былай дейді: *«Қатты суық бір күні Хазіреті Пайғамбарға уахи келгенін көрдім. Сондай суық күні уахи келіп кеткенде, Расулуллаһтың маңдайынан суық тер шығатын»* (Бухари, Бәдиул уахи – 2).

5. Жәбірейлдің өз бейнесінде уахи әкелуі. Мұндай уахи 23 жылдың ішінде екі-ақ рет болған. Алғашқысы - Хира үңгірінде, екіншісі - Миғражда, яғни Сидратул Мунтахада Жәбірейілді көріп, уахи алады. Хазіреті Пайғамбар Жәбірейілді Хира үңгірінде алғаш өз бейнесінде көрген кезде қорқыныштан талып қалған-ды.

6. Хазіреті Пайғамбардың ояу күйінде Аллаһ Тағаламен сөйлесіп, уахи алуы. Миғражда Хазіреті Пайғамбар перде арқылы Аллаһ Тағаламен сөйлесіп, бес уақыт намазды, «Бақара» сүресінің соңғы екі аятын алған¹⁸⁹.

¹⁸⁹ Исмайл Жеррахоглу, ж.к.е., 48-50 бет; Сайм Клавуз, ж.к.е., 154-157 бет; А. Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 129-136 бет.

ІХ БӨЛІМ

АҚЫРЕТ КҮНІНЕ ИМАН

1. Ақырет күніне иман

«Ақырет» сөзі - соңғы деген ұғымды білдіріп, дүние тіршілігінің соңғы уақытын, біткенін білдіретін діни термин. Аят пен хадистерде ақырет, қиямет, ақырзаманның күмәнсіз болатыны білдіріледі. Мысалы, қиямет - дүние тіршілігінің бітуі, яки бітуіне жақын қалуын білдірсе, ақырзаман қияметтің жақындауы деген сөз. Дүние тіршілігі тоқтаған кезде қиямет қайым Исафилдің (а.с.) бірінші рет Сурға үрлеуімен басталып, екінші Сурға үріліп, Аллаһтың құзырына барғанға дейінгі аралықты қамтитын кезең. Қиямет қайымның қалай болатындығын баян еткен аят пен хадистер өте көп. Бірақ қашан болатындығы беймәлім, оны тек Аллаһ біледі. Ақырет күні болса, Исафилдің (а.с.) екінші рет Сурға үрлеуімен басталған қайта тірілу, Аллаһтың құзырында есеп беру, жәннәт пен жәннамдағы орындарына бару мен ондағы өмірдің басталуына дейінгі кезең екендігі ислами танымға байланысты еңбектерде келтіріледі.

Ақырет күніне иман ету – иман негіздерінің бірі. Оған сену - парыз. Құранда Аллаһқа иман етуге байланысты айтылған аяттарда ақырет күніне (яумил ахир) иман ету де бірге айтылады. Ақырет күніне иман етуімізді бұйырған аят пен хадистер саны көп болғандықтан, бірнешеуіне ғана тоқталып өтейік:

«(Мұхаммед (с.а.у.) Олар саған түсірілгенге әрі сенен бұрынғы түсірілгенге сенеді және ақыретке анық нанады» (2.Бақара-4).

«Кім Аллаһқа, ақырет күніне иман ететін болса және ізгі амал жасаса оларға қорқыныш жоқ. Әрі олар қайғырмайды» (2.Бақара-62).

«Бірақ кім Аллаһқа, ақырет күніне, періштелеріне, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар» (2.Бақара-177).

Хазіреті Пайғамбарымыздың да бұл жайында айтқан хадистерінің жеткілікті екені белгілі. Сол хадистерден бір екеуін келтіретін болсақ: *«Қиямет күні Аллаһ Тағала арада аудармашысыз сіздердің әрбіреуіңізбен міндетті түрде сөйлеседі. Сол кезде адам оңына қарайды, сонда дүниеде жасаған амалының пайдасын көреді. Сол жағына қарайды ол кезде де жасаған амалынан басқасын көре алмайды. Алдына қарағанда дәл алдында жәһаннамнан басқасын көре алмайды. Олай болса бір құрманың жартысын болса да, садақа ету арқылы өздеріңді тозақтан сақтаңыздар»* (Бухари, Муслим, Тирмизи риуаяттары).

Кімде-кім ақыретке сенбесе, иман етпеген болып саналады. Діннің жіберілу мақсаты - әрбір адамның ақыретте Жаратушы алдында бұл дүниеде жасаған амалы үшін жеке-жеке есеп беретіндігін ескерту. Сол үшін аятта: **«Кімде-кім Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ақырет күніне қарсы шықса, сенбесе, сонда тым ұзақ адасты»** (4.Ниса-136) деп келтіреді.

Ақырет күніне байланысты аяттар мен хадистердің мазмұнына мән беріп қарасақ, ондағы өмірде болатын жағдайлар бұл өмірдегі нәрселерге ұқсайтын секілді. Ол біз білетін нәрсе секілді болып көрінгенімен, олар ғайып әлемі болғандықтан нақты айта алмаймыз және ғылыми тұрғыдан дәлелдей де алмаймыз. Құран аяттары мен

Пайғамбар хадистерінде қалай айтылса, солай сенумен шектелеміз де, көбіне ақылға салып жорамалдап жатпаймыз. Ақыреттегі болатын жағдайлардың аталымы бұл дүниедегі нәрселермен аттас болғанымен заты мүлдем ұқсамайды. Мысалы, Исафил (а.с.) періште сурға үрлейді, адамдар махшар алаңына барғанда олардың бұл дүниеде жасаған амалын тіркеуге алған амал дәптері беріледі. Амалдарын таразыға тартады, сырат көпірінен өтеді деген кезде осы өмірдегі үлкен, даңғарадай сырнайды елестетсек, тіпті қателескен боламыз. Сол секілді амал дәптері дегенде де күнделікті қолданып жүрген дәптер, яки күнделік, есеп-қисап тіркейтін қалың дәптерге ұқсайды деу әбестік болады. Таразыны да біз білетін қол таразыға, электронды немесе басқа да үлкенді-кішілі сауда таразыларына балай алмаймыз. Бұл атаулар бізге таныс болғанымен болмысы беймәлім.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ақырет мәселесі дініміздегі сенімнің негізгі тірегі болып саналады. Құран сүрелерінің басым көпшілігі ақыреттік өмір заңдылықтарына ұдайы сілтеме жасап өтеді. Ақыреттегі ахуалдың қалай болатындығын анық түрде баян етіп, түрлі мысалдармен келтіреді. Мұндағы мақсат пенденің о дүниелік өмірге бұ дүниеден дайындап, жауапкершілік сезімді санасына құю. Құран аяттарына зер салып қараған кезде ақырет күнін түрлі атаулармен атап, оның соншалықты маңызды екендігін нақыштап келтіреді. Мысалы, Яумул ахир (ақырғы күн), Яумул бағс (қайта тірілу күні), Яумул қияма (қиямет күні), Саат (қиямет уақыты), Яумуддин (дін мен жаза күні), Яумул хисаб (есеп күні), Яумут-тәлақ (қауышу күні), Яумул – хулуд (мәңгілік күн), Яумул хуруж (шығатын күн), Яумут-тәнад (айғайға басытын күн) тәрізді т.б. бірнеше атаулармен аталады¹⁹⁰.

¹⁹⁰ Сайм Клавуз, ж.к.е., 198-199 бет.

2. О дүниелік өмірдің маңыздылығы мен қажеттілігі

Күнделікті тіршіліктің пәни екендігін бәріміз мойындаймыз. Себебі, осы уақытқа дейін қаншама миллиардтаған адам бұл дүниеге қонақ болып кетті және әлі де қаншамасы келіп кетері сөзсіз. Адам бұл пәни дүниеге өзін жаратқан Ұлы Жаратушыға құлшылық ету үшін келген болса, (қараңыз: Зарият, 56 аят) ғұмырын құлшылықпен өткізіп, Аллаһтың сынағынан өтуді басты мақсат деп білу тиіс. Олай болса, осы дүние ақырет өмірінің егістік алқабы іспетті. Осы өмірде адам баласы не ексе, ақыретте соның жемісін, яки жазасын көреді. Өмірдегі сынақтан өту үшін Аллаһ адамға ақыл мен таңдау еркін беріп, дұрысты бұрыстан айырсын деп пайғамбар мен шарият жіберді.

Бұл пәниге ешбір мақсатсыз, ойымызға не келсе соны жасау үшін жіберілмедік. Аятта бұны былай деп келтіреді: *«Расында Біз сендерді босқа жаратпадық. Тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма? Шынайы патша Аллаһ өте жоғары. Одан басқа Тәңір жоқ. Ол ардақты ғаршының Раббы»* (23.Муминун, 115-116). Дүние тіршілігіндегі өлім мен өмірдің мақсұты пенденің сынақтан өтуі екендігін Аллаһ мына бір аятымен ашық түрде ескертеді: **«Ол сондай Аллаһ, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өлім мен тіршілікті жаратқан. Ол тым үстем, аса жарылқаушы»** (67.Мулк-2).

Пенде бұл дүниеде ішіп-жеген, жиған-терген бүкіл рызық-несібесі үшін о дүниеде міндетті түрде есеп беретіндігі де басы ашық мәселе: *«Сол күні (дүниеде берілген) әр нығметтен әлбетте сұраққа тартыласыңдар»* (102. Тәкәссур-8).

Әлемдегі өмір сүру қағидасы ықылым заманнан бері өзгермей келеді. Күшті әлсізді езіп, билік иесі қол астындағыларға білгенін істетіп, қала берсе, ақысын

жеп, құқығын таптап ғұмыр кешуде. Қаншама жазықсыз жандар өлтіріліп, бас бостандығынан айрылуда. Мұндай жайттарды айта берсек көп. Дегенмен әділдік болу керек қой? Жәбір шегушілер бұл дүниеде өзінің мұңын айта алмай, ақысын ала алмай, ішкі жан дүниесі бұлқанталқан болып, жанын қоярға жер таппай, шарасыздықтан не істерін білмей, іштей тынады. Бірақ ақыретте мұндай әділетсіздік болмайды. Себебі, әділдердің әділі Аллаһ Тағала әркімнің жасаған амалына қарай сыйы мен жазасын береді. Пенденің бұл өмірде ала алмаған ақысын, құқығын о дүниеде Аллаһ Тағала қайтадан орнына келтіреді. Егер о дүниеде де әділдік болмаса, пенде Раббысының құзырында: «Я, Раббым Аллаһ! Екі дүниеде де әділдік болмаса мені неге жараттың? Неге бізге шынайы дара жолыңды үйреттің? Егер де ақыретте оның ақысын ала алмасам, жасаған амалымның нәтижесін көрмесем, тек ақ жолыңды ұстанып, ешкімнің ақысын жемеуге тырыссам, Сені Әділ Жаратушы деп танып, иман етсем, бірақ та мұның ешбірінің сиын көрмесем, неге мені жазаламақсың?» - деп уәж айтары сөзсіз.

Әрине, бұл мәселенің де Құранда қисынды жауабы дайын. Аллаһ Құранда жақсы амал жасап, иман келтіргендерге сый ретінде жәннәтті, кесір амал жасап, күпірлікке бой алдырғандарды жаза ретінде тозақты дайындағанын аяттарында соқырға таяқ ұстатқандай етіп баяндаумен қатар, о дүниеде пендеге әділ баға беретіндігін айтады: **«Күдіксіз тақуалар үшін Раббыларының қасында Нағым жәннәттары бар. Бой ұсынушыларды күнәһарлардай етеміз бе? Сендерге не болды, қалай үкім бересіңдер?»** (68.Қалам, 34-36).

Демек, Аллаһтың әділдігіне күмән жоқ, пендеге жасаған амалына қарай әділ бағасын беретіні хақ. Аятта бұл анық айтылады: **«Қиямет күні туралық таразысын**

қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз» (21.Әнбия-47).

«Немесе жамандықтарды істегендер, өздерін иман келтіріп,ізгіісістегендер сияқты қылатындығымызды, тіршіліктерінде, өлімдерінде тең боларын ойлай ма? Олардың берген үкімі нендей жаман. Негізінде Аллаһ көктерді әрі жерді шындық бойынша жаратты. Әркім жасаған табысын алады. Сондай-ақ олар әділетсіздікке ұшырамайды» (45.Жасия, 21-22).

Хазіреті Пайғамбарымыз да бұл мәселеде көптеген хадис айтып кеткен.

«Ант етемін, қиямет күні бүкіл хақтар міндетті түрде иесіне қайтарылады. Тіпті мүйізсіз бір қой үшін мүйізді бір қойдан қысас жасалып өш алынады» (Сахих Муслим риуаяты).

«Кімнің қолында дін бауырының намысына яки малына қандай да бір жолмен жасалған жәбірлік, зұлымдық және ақысы өткен болса, динар мен дирхам (алтын мен күміс ақша) болмайтын күн келмей тұрып кешірім алсын. Егер залым адам кешірім алмастан өлсе, оның жақсы амалы болса жасаған зұлымдығы мөлшерінде жақсы амалы алынып жәбірленушіге беріледі. Егер оның жақсы амалы болмаса, жәбірленушінің күнәларын алып, залымның мойнына іледі» (Сахих Бухари риуаяты).

Бұл дүние пәни, о дүние бақи. Бақилық өмірге сенген адамда ұлы жауапкершілік болады. Мысалы, бастықтың алдына есеп беруге дайындалған қызметкер мен көшедегі бір адамның сол кездегі ішкі сезімін салыстыру мүмкін емес. Бірі аласұрып не айтып, не қоям, қалай болады екен деген сезіммен алып-ұшып тұрса, екіншісі ештеңеден хабарсыз, түк болмағандай жайбарақат күйінде тұрады. Міне, сол сияқты ақыретке иман еткен адам о дүниеде істе-

ген ісі үшін Аллаһ Тағала алдында есеп беретіндігін білгендіктен, бұл өмірде ойына келгенін істемесі анық. «Бұл өмірден өткен соң, екінші өмір жоқ, бәрі бітті, шіріп жоқ боламыз», - деген өзін алдайтын жылтыр қағиданы ұстана алмайды. Ал Құран аяттары әлгіндей бос қағидалардың бірден тамырын шауып тастайды: **«Олар: Тіршілігіміз дүниедегі ғана. Өлеміз, өмір сүреміз. Бізді заман ғана өлтіреді дейді. Негізінде олардың бұған байланысты мәліметі жоқ. Олар тек болжам жасайды. Оларға аяттарымыз ашық оқылған кезде, егер сөздерің шын болса, аталарымызды тірілтіп, келтіріндер деулерінен басқа дәлелдері болмады. (Мұхаммед (с.а.у.)) айт: Сендерді Аллаһ тірілтеді, сосын өлтіреді. Сосын сендерді қиямет күнінде шәксіз жинайды. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді». Көктер мен жердің иелігі Аллаһқа тән. Қиямет–қайым болған күні я сол күні бұзық құмарлар зиянға ұшырайды»** (45.Жасия, 24-27).

3. Қабір өмірі

Аллаһ Тағала алдымен топырақтан пішін жасап адамды бейнелеп, артынан оған жан бергендіктен, пенде жанмен тәннен тұрады. Адам өмірі төрт кезеңнен тұрады. Бірінші кезең - рухтар әлеміндегі өмір, яғни тәніміз жаратылмас-тан бұрын жанымыздың бар болуы. Аллаһ Тағала рухтарды жаратып алып, оларға алғашқы тәблиғды жасағанын аятта былай деп келтіреді: **«Сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?»** - дегенде, олар: **«Әрине, куәміз»,** - деген. **Қиямет күні бұдан хабарымыз жоқ, - демендер»** (7.Ағраф-172). Екінші кезең - осы өмірдегі тіршілігіміз. Бұл өмірдегі тіршілік өмірге келумен басталып, бұл пәнимен қош айтысумен

аяқталады. Дүние өмірінің ең ұлы мақсаты - әркімнің ақырет үшін не істей алғандығы, сынақтан қалай өткендігі, нәтижесі қалай болатындығымен өлшенеді. Үшінші кезең - өлгеннен кейінгі қиямет күніне дейінгі аралық, яғни бұл кезең қабір өмірінен тұрады. Төртінші кезең - қиямет қайымның басталуынан мәңгілікке дейін созылған ақырет өмірін қамтиды.

Қабір өмірі - ақырет өмірінің есігі, ақыреттің бастамасы не баспалдағы іспетті. Қайтыс болған кісі мейлі көмілсін, мейлі көмілмесін, мейлі хайуанаттарға жем болсын яки суға батып, отқа жанып күл болсын, қандай жағдайда жан берсе де ол кісі үшін қабір өмірі басталған болып саналады.

Екі түрлі қиямет бар. Біріншісі, қабір өмірінен бастау алатын кіші қиямет. Екіншісі, Исафил періштенің Сурға үрлеуімен басталатын нағыз қиямет қайымның басталуы. Адам жан беріп, қабірге қойылған соң Жаратушысына есеп беруге көшеді де Мункәр, Нәкир атты екі періштенің сұрақ-жауабы басталады. Сұрақтың біріншісі, «Раббың кім? Пайғамбарың кім? Қай дінді ұстандың?» деп, одан әрі рет-ретімен жалғаса түседі. Дүниеде иманды, салихалы ғұмыр кешкен кісі бұл сұрақтарға мүдірмей дұрыс жауап береді. Мұндай жандарға жәннәт есіктері ашылып, жәннәттің кереметтері көрсетіледі. Егер марқұм болған кісі имансыз яки мунафиқ болып дүниеден өткен болса, екі періштенің сұрақтарынан тосылады (Тирмизи, Қияма – 26). Ондай пенделерге тозақ есіктері ашылып, ондағы азаптың белгілері көрсетіледі. Сондықтан қабірде имансыз жан азап шегеді де, иман еткен мумин сыйға бөленеді.

Әһли сүннет сенімі бойынша, иман етпеген кәпірлер мен кейбір күнәһар муминдер қабір азабын тартады. Имам Ағзам Әбу Ханифа¹⁹¹ және өзге де Матуридия

¹⁹¹ Имам Ағзам Әбу Ханифа, Фикһул-әкбар, ж.к.е., 26-бет.

мектебінің ғалымдары да аят пен хадиске сүйене отырып, бұл мәселені бірауыздан қабыл еткен¹⁹².

Ғалымдар қабір азабының хақтығына қатысты дәлел ретінде төмендегідей тұжырымдарды келтіреді:

1. Құранда Ферғауын және оның адамдары қиямет қайымға дейін қабірде азап шегетіндігі туралы айтылады: **«Олар ертелі-кеш отқа тасталады. Қиямет-қайым болған күні: Ферғауындықтарды азаптың ең қаттысына кіргізіндер»** (40.Ғафыр-46).

2. *«Аллаһ сондай иман келтіргендерді, дүние тіршілігінде де, ақыретте де мықты сөзбен бекітеді»* (14.Ибраһим-27). Бухаридің риуаяты бойынша, бұл аят қабірдегі азаптың болатындығын білдіреді. Себебі, бұл аяттың қабір азабы жайында түскендігін Хазіреті Пайғамбарымыз сахабаларына айтқан.

Ал, Хазіреті Пайғамбарымыздың төмендегі хадистері қабір азабының болатындығын ашық әрі анық түрде баян етеді.

1. Абдуллаһ ибн Аббастан жеткен риуаят бойынша, Хазіреті Пайғамбарымыз бір зираттың қасынан өтіп бара жатып екі қабірді көрсетіп, сол қабірде жатқан екі мәйіттің азап шегіп жатқандығын сахабаларына айтады. Пайғамбарымыз: «Мына қабірдегі екі мәйіт не үшін азап шегіп жатқанын білесіндер ме?» - деп сұрағанда сахабалары: «Аллаһ және Оның Елшісі біледі», - десті. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз: «Бұл екеуі де үлкен күнәнің азабын шегіп жатқан жоқ. Бірі кіші дәреттен сақтанбайтын, екіншісі өсек таситын. Бұлардың қиналып жатқандары әлгі екі әдеттің азабы», - деп үн қатты да, бір жас шыбықты алып, екіге бөліп, екеуінің қабірінің басына егіп қойды. Соңынан: *«Осы екі шыбық құрағанға дейін*

¹⁹² Нуреддин әс-Сабуні, Матуриди акайди, аударған: Бекир Топалоглу, Анкара, 1979, 185-бет; Мәтнул акайди ли-Умари ән-Нәсәфи, 6-бет.

бұл екі адамның қабірдегі азабын жеңілдетеді» (Бухари, Жанайз 82; Муслим, Иман 34; Әбу Дәуіт Тахара 26) деді.

2. «Қабір жәннәт бақшаларынан бір бақша яки жәһәннам шұңқырларынан бір шұңқыр» (Тирмизи, Қиямет 26).

3. Келесі бір хадисте: «Мәйіт қабірге көмілгеннен кейін біреуі - Мункәр, екіншісі - Нәкир деп аталатын қара көк түсті екі періште келеді де, қабірдегі кісіге: «Анау Мұхаммед (с.а.у.) деген кісі жайында не айтасың?» - деп сұрайды. Ол: «Ол Аллаһтың құлы және Елшісі. Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Оның құлы және Елшісі екендігіне куәлік етемін» деп жауап береді. Бұдан кейін екі періште: «Біз сенің осылай айтатындығыңды білген едік», - дейді. Содан кейін олар оның қабірін жетпіс құлаш кеңейтеді. Кейінірек ол мәйіттің қабірін жарық қылады. Ең соңында періштелер мәйітке: «Жат, ұйықта», - дейді. Періштелер оған: «Сен төсектес болған (әйелің) және ең көп жақсы көрген кісі жағынан ояндырылатын махшар күніне дейін ұйықтай бер», - дейді. Егер өлген кісі мунафиқ болса, періштелерге былай деп жауап береді: «Елдің Мұхаммед жайында бір нәрселер айтқанын естідім. Мен де солар сияқты айттым. Одан басқа ештеңе білмеймін». Періштелер оған: «Осылай дейтінін білген едік», - деседі. Содан кейін қара жерге: «Мына адамды сыға алғаныңша сық», - дейді. Қара жер оны сыққан сайын сыға түседі. Сыққандығы соншалық, сүйектері сырқырап кетеді. Әлгі бейбақ махшар күніне дейін қабірде осылай азап шегеді» (Тирмизи, Жәнәиз – 70).

4. Бірде Хазіреті Осман бір қабірдің қасында тұрып, сақалы су болғанша жылайды. Қасында тұрған кісілер оған:

- Сен жәннәт пен тозақты айтқан кезде жыламайсың да, қабірді көріп мұншалықты неге көп жылайсың? – деп сұрайды. Сонда Хазіреті Осман:

- Расулуллаһ былай деген еді: «Шындығында қабір ақырет қонақтарының алғашқысы. Егер өлген кісі одан сәтті өтсе, одан кейінгі кедергілер оған жеңіл болады. Ал егер пенде одан құтыла алмаса, яғни қабір азабын шексе, кейінгі сатылар одан да бетер ауыр болады», - деді. Хазіреті Осман сөзін ары қарай жалғастырып былай дейді:

- Расулуллаһ бұған қоса: «Мен дүниеде қабірден бетер сүйкімсіз әрі қорқынышты ештеңе көрмедім» (Ибн Мажа риуаяты) деді.

Хазіреті Осман қабірге көміліп жатқан мәйітті көрген сәтте мына бір өлең жолдарын еске алатын:

«Егер сен қабір азабынан құтылсаң, үлкен бір пәлекеттен құтылғаның.

Егер одан құтылмасаң, тіпті құтылуың жөнінде ойлай да алмаймын»¹⁹³.

5. Фатима бинти Әсәд Пайғамбарымыздың көкесі Әбу Тәлібтің жары, Хазіреті Әлидің анасы еді. Ол алғаш иман еткен мұсылмандардың бірі болып, Мадинаға көшкен болатын. Пайғамбарымызға бала жасында көп қызмет жасаған бұл әйел оны өз балаларынан артық жанына жақын көретін. Сондықтан Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) те оны ерекше сыйлап, құрмет көрсететін. Фатима ханым хижреттің төртінші жылы (626) Мадинада қайтыс болады. Ол қайтыс болғанда Хазіреті Пайғамбарымыз оған деген ілтипатын: «Бүгін анам қайтыс болды» деген сөздерімен білдірген.

Фатима ханым қайтыс болғанда, Пайғамбарымыз үстіндегі көйлегін (жейдесін) шешіп оған кебін қылды және жаназасын да өзі шығарды. Сонан соң Пайғамбарымыз оның қабіріне өзі түсіп біраз уақыт жатып көреді де, жылап тұрып мәйітті жайғастырады. Сахабалар мұны көріп:

¹⁹³ Имам Шарани, Өлүм – киямет – ахирет ве ахир заман аламетлери, аударған: Халил Гүнайдын, Бедир баспасы, Истанбул, 92-бет.

«Уа, Расулұллаһ! Сенің бұрын-соңды бұлай жасағаныңды көрмеп едік», - деп таңырқайды. Аллаһ Елшісі оларға:

«Әбу Тәлібтен кейін осы әйелдей маған жақсылық жасаған ешкім болған емес. Жұмақтың жібегін жамылсын деп өз көйлегіммен кебіндедім. Қабірде өткізетін сәттері оңай болсын деп көріне өзім жатып тұрдым» - деп жауап береді¹⁹⁴.

Қабір азабы тек кәпір мен күнәһар мұсылмандар үшін ғана дегенімізбен мұның негізгі ақиқатын бір Аллаһ қана біледі. Дегенмен о дүниелік болған әрбір пенде қабірде сан-алуан сұраққа тартылып, тиісті жазасына, не болмаса лайықты сыйына қауышатыны сөзсіз. Себебі, Хазіреті Пайғамбарымыз Сағд ибн Муаз есімді сахабасы қайтыс болғанда былай дейді: *«Әлбетте, қабір қысымы бар. Егер одан біреу құтылар болса, Сағд ибн Муаз құтылар еді»* (Ахмад ибн Ханбал, 6/55).

Имам Ағзам Әбу Ханифа айтуы бойынша, қабірде пайғамбарлардан, содан соң сәбилер мен шейіттерден сұрақ сұралмайды¹⁹⁵.

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына үнемі мына дұғаны үйрететін. Аллаһтың қалауымен біз де осы дұғаны айтуды әдетке айналдырсақ нұр үстіне нұр болар еді:

«Аллаһым, расында да мен тозақ отынан Саған сиынамын. Қабір азабынан Саған сиынамын. Мәсих Дәжжалдың фитнәсінен Саған сиынамын. Өмір мен өлімнің фитнәларынан Саған сиынамын» (Әбу Дәуіт, Тирмизи, Нәсәи, Ибн Мажа риуаяты).

¹⁹⁴ Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, ж.к.е., 405-бет.

¹⁹⁵ Алиюл Қари, Фыхкы Екбер, аударған: Ю.Вехби Явуз, Истанбул, 1979, 259-бет.

4. Қиямет - қайым және оның уақыты

О дүниелік өмір қарсаңында бұл дүниедегі тіршілік атаулы бүтіндей тоқтайды. Мұны яғни, тіршіліктің тоқтау мерзімін «қиямет қайым» дейді. Қиямет қайымның болатындығын жер бетіндегі күллі діндер қабыл етеді. Өйткені, әлемнің жаратушысы Аллаһ ерте ме, кеш пе қиямет қайымды болдырады. Құран аяттары да бұл мәселені ап-айқын растай түседі: **«Әй, адам баласы! Раббыларыңнан қорқындар. Расында қияметтің сілкінісі үлкен нәрсе. Ол күні әр емізушінің емізгенін ұмытқанын және әрбір буаз жәндіктің іш тастағанын көресің. Адамдарды мас түрде көресің. Негізінде олар мас емес. Бірақ Аллаһтың азабы қатты»** (22.Хаж, 1-2).

«Ол күні аспан еріген кен сияқты болады. Таулар түтілген жүндей болады. Дос достың халін сұрамайды» (70.Мағариж, 8-10).

«Көк жарылған сәтте. Жұлдыздар төгілген сәтте. Теңіздер тасыған сәтте. Қабірлер қопарылған сәтте. Әркім алдындағы және артындағы нәрселерді біледі» (82.Инфитар, 1-5).

«Қияметтің күні қашан болады? – деп сұрайды. Қашан көз шағылысқан, ай тұтылған, күн мен ай бір араға келтірілген кезде. Адамдар сол күні: «Қашар жер қайда?» - дейді. Жоқ, әсте пана жоқ. Ол күнгі тұрақ Раббыңның алды» (75.Қиямет, 6-12).

Жоғарыдағы аяттарда қиямет қайымның адам шошитын аса қорқынышты болатындығының бір қырын Аллаһ Тағала алдын ала адамзатқа білдіріп отыр. Егер мұншалықты дәлелге сенбеген адам болса, ондай пендеге Аллаһ жәрдемші болсын деуден басқа айтар сөзіміз жоқ.

Құранда қияметтік кезеңмен байланысты мынадай сөздер бар: әс-Саат (уақыт), әл-Уақия, (нақты түрде болатын), әт-Тамматул кубра (үлкен апат, үлкен азап), әл-

Хаққа (ақиқат болған), әл-Ғашия (азабымен бірден елді орап әкететін), әл-Қария (орайтын азап).

Енді қиямет қайымның уақытына келер болсақ, бұл жайында ешбір пенденің, тіпті Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар мен оған уахи әкелген Жәбірейлдің, Сурға үрлеуші Исрафилдің де мағлұматы жоқ. Қиямет қайымның қашан болатындығын жалғыз Аллаһ қана біледі. Бұл жайында Құранда Аллаһ былай дейді:

«Әрине, қиямет мерзімінің мәліметі Аллаһтың қасында» (31.Лұқман-34).

«Қиямет мезгілінің мәліметін тек Аллаһ біледі» (41.Фуссилат-42).

«(Мұхаммед (с.а.у.)) Олар сенен қияметтің қашан болатындығын сұрайды. Шынында оның мәліметі Раббымның қасында. Оның уақытын Өзі ғана білдіреді. Көктер мен жердегі ауыр жағдай сендерге кенеттен-ақ келеді де. Сен оны зерттеп отырғандай сұрастырады. Шынында оның білімі Аллаһтың қасында, бірақ адамдардың көбі оны түсінбейді деп айт» (7.Ағраф-187).

Жоғарыда Хазіреті Пайғамбарымыздың бір хадисінде Жәбірейіл періштеге қиямет қайымның қашан болатындығын білмейтіндігін айтқаны жайлы сөз қозғалған болатын. Яғни, Жәбірейіл періште бейтаныс бір адам кейпінде Хазіреті Пайғамбарымыздан «Ислам, иман, ихсан және қиямет» хақында сұрайды. Сонда соңғы сұраққа қатысты Хазіреті Пайғамбарымыз: «Сұралушы кісі сұрап отырған кісіден артық білмейді», - деп жауап береді. Мұнан түйетініміз, мұсылман үшін қияметтің қашан болатындығынан гөрі оның мәніне үңілу аса маңызды болмақ. Яғни, «қиямет болып қалса, мен о дүниеге нендей рухани байлығыммен барамын?», «амалдарымның сауабы қаншалықты?», «біліп-білмей істеген үлкенді-кішілі күнәләріме толықтай тәубе ете алдым ба?» деген секіл-

ді иман мәселесіне қатысты сан сұраққа бас ауырттып, соған қарай құлшылығыңызға адал болып, ақыреттің қамын ойлай түскеніңіз абзал. Себебі, қиямет Аллаһтың қалауымен болатындықтан күтпеген уақытта келуі де ғажап емес.

5. Ақырзаманның белгілері жайында

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) қиямет қайымның қашан болатындығын сұрағандарға, ұдайы: «Оның уақытын Аллаһ біледі», - деп жауап беретін. Десек те, Пайғамбарымыз ақырзаманның уақытын айтпағанмен, оның белгілері жайлы көптеген хадистерінен «мынадай оқиғалар болмайынша қиямет қайым болмайды» деген мағынадағы ғибраттарды кездестіруге болады. Ақырзаманның белгілерін ғұламалар осы хадистерге сүйене отырып екіге бөледі:

- а) Ақырзаманның кіші белгілері;
- б) Ақырзаманның үлкен белгілері;

а) Ақырзаманның кіші белгілері

Хазіреті Пайғамбарымыздың хадистеріне сүйене отырып, ақырзаманның кіші белгілерінен бірнешеуін келтіре кетейік:

1. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) жер бетіне пайғамбар болып жіберілуінің өзі ақырзаманның алғашқы белгісі. Себебі, Пайғамбарымыз: *«Қиямет пен мен бірге жіберілдім»*, деп, сұқ саусағы мен ортаншы саусағын қимылдатып көрсеткені жайында деректер бар (Муслим, Фитән, 132; Тирмизи, Фитән, 39).

2. *«Қияметтің белгілерінің бірі дін ілімі азаяды, сауатсыздық көбейеді, зина жасау етек алады, әйелдер көбейіп еркектер азаяды. Тіпті елу әйелдің бір ғана қараушысы болады»* (Бухари риуаяты).

3. Әйелдердің саны ер кісілердің санына карағанда әлдеқайда көп болады (Бухари, Худуд, 20).

4. Расулуллаһ(с.а.у.) сахабаларымен сөйлесіп жатқанда бір түздік араб келіп қияметтің қашан болатындығын сұрағанда, оған: «Аманат аяқ асты етілген кезде қияметті күте бер», - дейді. Сонда түздік араб кісі: «Мұны қалай түсінсек болады», - дегенде, Пайғамбарымыз: «Қызмет өз маманына берілмеген кезде қияметті күте бер», - деп жауап береді (Бухари риуаяты).

5. Көп қабатты үйлердің салынуы, өз ісінің маманы емес кісілердің сөз сөйлеуі мен билік етуі (Бухари, Иман 37; Муслим, Иман 1).

6. Адам өлтіру оқиғасының көбеюі (Бухари, Фитән 25).

7. Жалаң аяқ, жалаңаш және кедей шопандардың да үй салуда бір-бірімен жарысқандарын көресіндер (Муслим риуаяты).

8. «Мен Аллаһтың Елшісімін» деп, өзін пайғамбармын деп жариялайтын отызға жуық жалғаншы дажжалдар шығады.

- Зілзаланың көбеюі.

- Көптеген бүліктер етек алуы.

- Жөнсіз жерде адам өлтіру көбейеді.

- Екі үлкен Ислам әскерлері бір-бірімен шайқаспайынша, қиямет болмайды (Бухари, Фитән 25).

9. Мал дүние судай болып ақпайынша, фитнелар және жөнсіз жерде адам өлтіру көбеймейінше, қиямет болмайды (Хадис ансиклопедиси, Кутубус ситте, 17 том, 1234 хадис).

Осы хадистермен мазмұндас көптеген хадистер бар. Олардың бәрін тізбектеп айтудың орнына бірнеше мысалмен шектеуді жөн көрдік.

Имам Шарани ақырзаманның белгілері жайында Әбу Нуаймның риуаят еткен мына хадисіне көз жүгіртіп

қарайтын болсақ, Хазіреті Пайғамбарымыз адамдар арасында мынадай жайттардың етек алатындығынан хабар береді.

1. Адамдар намаздарын қаза етеді, тіпті оқымайды.
2. Нәпсіге бой алдыру мен ойына келгенін жасайды.
3. Аманатқа қиянат етеді.
4. Харам нәрселерді халал деп санайды.
5. Өсімнен түскен ақшаны ойланбастан жейді.
6. Пара алушылық көбейеді.
7. Зәулім үйлер салынады.
8. Дүниеге қызығып, дінін сатады.
9. Туыстық қатынастар үзіледі.
10. Төрешілер мен қазылар үкімді сататын болады.
11. Жастардың үкімет басына келуі.
12. Жабайы аңдардың терілерінен киімдер тігіліп киіледі.
13. Ерлі - зайыптылардың ажырасуы көбейеді.
14. Зина жасау етек алады.
15. Сенімді, адал кісілерді опасыз адамдай көреді.
16. Опасыз, өтірікші кісілер сенімді халге келеді.
17. Жала жабу мен жалған куәгерлік көбейеді.
18. Жауыннан апаттар, селдер болады.
19. Зекет берілмейтін болады.
20. Ішімдік ішу көбейеді.
21. Ол кездерде кейбір фасық, өтірікші, күнәһар өкімет ел басылары мен әкімдер болады.
22. Балаларды тәрбиелейтін тәрбиешілер болады.
23. Құран оқитын фасық және күнәһар хафыздар болады.
24. Жағымсыз ғалымдар болады.
25. Опасыз, өтірікші саудагерлер болады.
26. Құран Кәрімді әшекейлеу әдетке айналады.
27. Мұнаралар биік болады.

28. Бастықтар көбейеді.
29. Дін ілімін білетін ғалымдар, фақиһтар азаяды.
30. Сенімді кісілер азаяды.
31. Кедейлер көбейеді.
32. Аллаһтың қойған жазалары жарамсыз болып жүрмей қалады.
33. Өнші қыздар көбейеді.
34. Таразыдан жеу көбейеді.
35. Әйел өзінің бастығынан босанатын болады.
36. Әйелдер өздерін еркектерге, еркектер де өздерін әйелдерге ұқсататын болады.
37. Тек таныс кісілерге ғана сәлем беріледі.
38. Ілім – құлшылық ету үшін емес, дүние табу үшін оқылатын болады.
39. Ол кезде адамдар арасындағы кәпірлер мен залымдардың мәртебесі биік болып, құрмет етіледі.
40. Ол кезде адамдар арасында екіжүзділер мен күнәһарлар басым әрі күшті болады.
41. Надандар мәртебелі болады.
42. Тақуа кісілер адамдар арасында келеке-мазаққа айналады¹⁹⁶.

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) ақырзаман таяғанда болатын жағдайларды осылайша 14 ғасыр бұрын үмметіне айтып кеткен. Осы айтылған мәселелерге қарап отырсаңыз, ақырзаманның көптеген белгілері бүгінгі тех-ногендік ғасырымыздың дертіне айналып отыр.

б) Ақырзаманның үлкен белгілері

Хузайфа ибн Әсид әл-Ғыфариден жеткен риуаят бойынша, Хазіреті Хузайфа былай дейді: «Біз Мәдинада бір қорғанның көлеңкесінде отырғанбыз. Пайғамбарымыз болса бір шатырдың үстінде отырған еді. Сол сәтте

¹⁹⁶ Имам Шарани, ж.к.е., 449-456 бет.

Аллаһтың Елшісі жоғарыдан бізге қарап тұрып:

- Сендерді жұмыстарыңа қандай мәселе жібермей тұр?- деп сұрады. Біз:

- Сөйлесіп отырмыз, - дедік. Пайғамбарымыз:

- Не мәселе жайында сөйлесіп отырсыңдар? – деді.

Біз:

- Қиямет-қайымның уақыты жайында әңгімелесіп отырмыз, - деп жауап бердік. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз:

- Сендер мына он нәрсені көрмейінше қиямет қайым болмайды деді:

1. Тұманды (түгін).

2. Дажжалды.

3. Даббатул арзды.

4. Күннің батқан жақтан шығуын.

5. Хазіреті Исаның (а.с.) көктен түсуін.

6. Яжуж-Мәжуждың шығуын.

7. Шығыс жақтағы бір жердің шөгуі

8. Батыс жақтағы бір жердің шөгуі

9. Араб түбегіндегі бір жердің шөгуі

10. Йеменнің Аден жазығының ең шалғайынан бір от шығады. Ол от барлық жерді өртеп отырып, адамдарды махшарға дейін алып барады, - деді (Муслим, Фитән 39; Ибн Мажа, Фитән 28).

Енді хадисте айтылған жоғарыдағы ақырзаманның 10 үлкен белгісіне жеке-жеке қысқаша шолу жасап өтелік:

6.1) Тұман (духан) шығу

Қиямет қайым жақындағанда жер бетін тұман қаптайды. Тұман қырық күн, қырық түн бойы жалғасады. Бұл тұманнан мумин пенделер тұмауратып, кәпірлер мас адам секілді сенделіп жүретін болады. Жер бетін қаптаған тұманнан имансыз болған пенделер көз жұматындығы ри-

уаят етіледі. Бір хадисте былай дейді: «*Ақырзаманда бір тұман шығады. Бұл тұман кәпірлерді өлтіреді, муминдерді тұмауратады*» (Муслим, Мунафиқун 39).

6.2) Дажжал

Ақырзаман таяғанда Дажжал есіміндегі бір кісі шығып, адамдарға өзін құдаймын деп танытып, өзінің жолымен жүруге үндейді. Хазіреті Пайғамбарымыздың айтуы бойынша, келіп- кеткен бүкіл пайғамбарлар өз дәуірінде үмметін Дажжалмен қорқытқан.

Дажжал сөзі - «өтірікші» деген ұғымды білдіреді. Хазіреті Пайғамбарымыздың Дажжал жайында айтқан хадистеріне тоқталып өтейік:

Хузайфадан жеткен риуаят бойынша: «*Дажжал сол көзі соқыр, қалың қою шашты бір адам. Оның қасында жәннәт пен от бар. Оның оты негізінде жәннәт болып, жәннәті де тозақ болады*» (Муслим риуаяты).

«Тәмимуд Дари атты кісі алғашқыда христиан болып, артынан Исламды қабылдаған соң Хазіреті Пайғамбарымызға бір сапарда адасып жүріп, Дажжалмен кездескені жөнінде айтып береді. Ол қасында отыздай ұлты араб кісілермен теңіз сапарына шығып, жолда адасып бір аралға тап болады. Онда үсті-басын жүн басқан бір адамнан жөн сұрағанда, ол шіркеудегі бір кісіге жолдайды. Шіркеуге барғанда олар аяқ-қолы кісендеулі еңгезердей біреуді көріп, одан жөн сұрайды. Әңгіме барысында әлгі кісендеулі адам оларға Хазіреті Пайғамбардың келіп-келмегенін, арабтармен шайқасып-шайқаспағандығы жайында бірқатар сұрақтар қояды. Жолшылар болса Пайғамбарымыздың арабтарды жеңгендігін және өзіне бағындырғандығын айтады. Сонда Дажжал оларға: «Мен енді өзімді таныстырайын, мен Мәсих Дажжалмын. Бостандыққа шығуға рұқсат берілетін уақыт аз қалды.

Сол кезде жер бетін шарлаймын. Қырық күн ішінде Мекке мен Мадинадан басқа бармаған ауылым қалмайды. Бұл екі қала маған харам етілді. Ол екі қаланың біріне қалай кірмекке әрекеттенсем, сол сәт қолында жалаң қылышы бар бір періште алдымнан шығып, ол жаққа кіруіме кедергі жасайды. Ол қаланың әрбір өткелінде бір-бірден періштеден тұрады».

Хазіреті Пайғамбарымыз сол Дажжал шынжырлаулы тұрған мекен жайында былай дейді: «Ол Шам теңізінде немесе Йемен теңізінде. Жоқ, ол шығыс жақтан шығады. Иә, ол шығыс жақтан шығады. Ол шығыс жақтан шығады! – деп қолымен шығыс жақты меңзеді» (Муслим, Фитән 119; Әбу Дәуіт, Мәлахим 15)¹⁹⁷.

«Дажжал шыққан кезде өзімен бірге су мен от болады. Бірақ елдің от деп көргені тәтті су, су деп көргені күйдіретін бір от болады. Сендерден кім сол күнге жететін болса елдің от деп көргенін қабыл етсін. Өйткені ол тәтті мұздай су» (Бухари, Фитән 26; Муслим Фитән 105)¹⁹⁸.

6.2.1.) Хадистерде айтылған Дажжалдың сипаттары

Хузайфадан риуаят етілген бір хадисте: *«Дажжалдың сол көзі соқыр, қалың шашты кісі. Оның қасында жәннәт пен от болады. Оның оты жәннәт, жәннәті де тозақ деді»* (Муслим риуаяты).

Хазіреті Хузайфа (р.а.) Хазіреті Пайғамбарымыздың былай дегенін риуаят етеді: *«Әлбетте, мен Дажжалдың қасында болатын нәрселерді одан жақсы білемін. Оның қасында ағып жатқан екі өзен бар. Олардың біреуі – көздің нұрын алатын аппақ су. Екіншісі – көздің жанарын алатын өз-өзінен тұтанып лаулап жанған от. Егер*

¹⁹⁷ Хадис ансиклопедиси, Кутуби ситте, 14-том, 5009 хадис.

¹⁹⁸ Хадис ансиклопедиси, Кутуби ситте, 14-том, 5011 хадис.

де кімде-кім оны көретін болса, от болып көрінген өзенге барсын. Содан кейін басын суға батырсын, артынан иіліп одан су ішсін. Өйткені, ол өзен мұздай су болады. Дажжалдың көзі көрмейді. Көзінің үстінде қалың теріден болған перде бар. Оның екі көзі арасында кәпір деген жазу жазылған. Ол сөзді жаза алатын да, жаза алмайтын да әрбір мумин кісі оқиды» (Муслим риуаяты).

Хазіреті Әбу Бәкір Сыддықтан (р.а.) жеткен риуаят бойынша, Хазіреті Пайғамбарымыз: «Дажжал шығыс аймағынан, Хорасан деген жерден шығады. Оған ергендердің жүздері терімен қапталғандай ірі денелі адамдар болады» (Тирмизи риуаяты) деген.

Әбу Амр әд-Данидің риуаят еткен бір хадисінде Дажжал жайында былай делінеді: «Дажжал шықпастан бұрын үш жыл жаңбыр жаумайды. Бірінші жылы жауатын жаңбырдың үште екісі жауып, үште бірі жаумайды. Жерді қолдап суарғанмен өсімдіктердің үште бірі шықпай қалады. Екінші жылы жауатын жаңбырдың үште екісі жаумай қалады да, өсімдіктердің үште екісі шықпайды. Үшінші жылы Аллаһ Тағала жауын жаудырмай, өсімдіктерді шығармай қояды. Тіпті көктен бір тамшы су тамбай, жерден бір көгерген өсімдік шықпай қалады. Қуаңшылықтың болғандығы соншалық жер беті мыс секілді, көк жүзі шиша секілді болады. Адамдар ашаршылыққа ұшырап, өліммен тайталасып жатады. Сол кездерде фитналар, көтерілістер, төңкерістер көп болып адамдар бір-бірлерін өлтіреді. Мұның ақыры жер бетіндегі ірі апаттарға ұласады. Міне, осындай қиын-қыстау кезде Исфаханнан Яһудилер ауылы деп аталатын жерден малғұн Дажжал қашырға ұқсас, құйрығы кесілген бір есекке мініп шығады. Есектің екі құлағының арасы қырық құлаш ұзын болады. Бір аяғынан екінші бір аяғына дейінгі қашықтық төрт күндік жол. Дажжал қолымен бұлттарды ұстайды. Алдында тұманды тау,

артында да сол секілді тау бар. Екі көзінің арасында «кәпір» деп жазылған. Дажжал елге қарап:

- Мен сендердің үлкен Раббыларыңмын, - деп айқайлайды. Дажжалға еретіндер өсім жейтіндер мен зинадан туылған балалар» (Китабун-Нихая, Ибн Кәсир, 1 том/131 бет)¹⁹⁹.

Басқа бір хадисте Хазіреті Пайғамбарымыз Дажжалды сипаттаған кезде былай деп келтіреді: «Күмәнсіз, маған дейінгі пайғамбарлар өз үмметін Мәсих Дажжалдың фитнасынан қорқытқан. Дажжалдың:

1. Оң көзі соқыр.
2. Сол көзінде теріден қалың бір перде бар.
3. Екі көзінің арасында «кәпір» деген сөз жазылған.
4. Өзімен бірге екі жазық бар, біреуі - жәннәт, екіншісі – тозақ.

5. Қасында пайғамбарларға ұқсас екі періште бар. Егер қажет болса ол пайғамбарларды өз атымен, әкесінің атымен айтып беремін.

6. Періштенің бірі Дажжалдың оң жағында, екіншісі сол жағында тұрады (Екі періштенің бұлай тұруы адамдарды сынауы үшін). Содан Дажжал адамдарға:

- Мен сендердің Раббыларың емеспін бе? Мен жан берушімін әрі өлтіремін, - дейді. Бұдан кейін періштелердің бірі Дажжалға:

- Сен өтірік айтып тұрсың, - дейді. Бірақ бұл сөздерді адамдардың ешбірі естімей қалады. Ал екінші періште оның сөзін естіп, ол періштеге:

- Дұрыс айтасың, - деп үн қатады. Адамдар бұл жолы періштенің сөзін естіп, ол періште Дажжалдың сөзін растап тұр екен деп ойлайды. Міне, сондықтан да Дажжал үлкен бір бүліктің, адам айтқысыз фитнәнің басы болады.

¹⁹⁹ Имам Шарани, ж.к.е., 480-482 бет.

Осыдан кейін Дажжал сапарын жалғастыра отырып, Мадинаға дейін келеді. Бірақ оның Мадинаға кіруіне рұқсат етілмейді. Сонда Дажжал:

- Бұл жер Мұхаммедтің (с.а.у.) мекені, - дейді.

Осы жерден ол кері қайтар жолға шығып, Шамға барады. Аллаһ Дажжалды Афиқ өткеліне жеткенде өлтіреді» (Ахмед ибн Ханбал риуаяты).

Мына бір хадисте де Дажжалдың бойынан табылатын белгілері жөнінде айтылады. Убада ибн Самиттен жеткен риуаят бойынша, Хазіреті Пайғамбарымыз: «Әлбетте, мен сіздердің адасушылыққа түсулеріңнен қорыққандықтан, Масих Дажжал жайында көптеген мағлұмат бердім. Енді жақсылап ұғып алыңдар. Масих Дажжалдың белгілері:

1. Дене бітімі ірі, қарынды, бірақ бойы аласа.
2. Аяқтары қисық.
3. Бұйра шашты.
4. Бір көзі соқыр.
5. Екінші көзі бұлыңғыр.

6. Көзі қабағынан шығып та тұрған жоқ, шүңірейіп те тұрған жоқ. Егер Дажжалдың жайы сіздерге күмәнді болса, Раббыңыз көр емес екендігін жақсы біліңіздер». (Ахмед ибн Ханбал риуаяты)²⁰⁰.

Дажжал жайында айтылған хадистердің бірінде оның оң көзі соқыр десе, екінші бір хадисте сол көзі соқыр деп айтылады. Яғни, бұл жерде негізгі мәселе оның көзінің көр екендігі. Бір көзінің көр, ал екінші көзінің терімен қапталғандығы да екінші көзінің де соқыр болуға таяп қалғандығын білдіреді, сондықтан жоғарыдағы риуаяттардың қай-қайсысы болса да дұрыс дейді ислам ғалымдары.

²⁰⁰ Имам Шарани, ж.к.е., 483-484 бет.

6.2.2.) Дажжалдың баруына рұқсат етілмеген мекендер

Дажжал уақыты келіп, жер бетіне шыққан соң адамдарды азғыру үшін бүкіл жер шарын шарлайды. Алайда, ол барлық елді-мекенді қалағанынша аралағанымен кейбір мекендерге кіруіне рұқсат етілмейтіндігі жайлы мына хадистерден білеміз:

«...Шығуыма рұқсат етілетін уақыт жақын қалды. Мен шыққан соң жер бетін шарлаймын. Қырық күн ішінде бармаған елді-мекен қалмайды. Тек Мекке мен Мадинадан басқа. Бұл екі қала маған харам етілді. Ол қалаларға қай уақытта кірмек болсам, қолында жалаң қылышы бар бір періште алдымнан шығып, кіруіме кедергі болады. Олардың әрбір өткелінде бір періште бар және олар сол жерлерді қорғайды» (Муслим, Фитән 119; Әбу Дәуіт, Мәлахим 15).

«Дажжалдың бармайтын ешбір мекені, ешбір мемлекеті қалмайды. Тек қана Мекке мен Мадинадан басқа» (Бухари, Муслим риуаяты).

6.2.3.) Дажжал шыққан кезде өзін «Аллаһпын» деп жариялайды

Дажжал халыққа өзін «Құдаймын» деп таныстырады. Ол сөзін сиқыр арқылы дәлелдеп бағады. Самура ибн Жундубтан жеткен риуаят бойынша:

«Дажжал шыға сала, өзін «Аллаһпын» деп жариялайды. Кімде-кім оған сенсе, артынан ерсе, оның алдыңғы жасаған жақсы амалдары ақыретте пайда бермейді. Егер Дажжалды мойындамай қарсы келсе, алдыңғы жасаған амалы үшін ақыретте жаза шекпейді»²⁰¹.

Кім де кім сол кезде Дажжалдың айтқанына қарсы келетін болса, Дажжал ондай пендені дереу өлтіреді. Сөйтіп өзгелерге: «Мына өлген адамды қайта тірілтем, мені Аллаһ деп қабыл етесіңдер ме?» - дейді. Олар

²⁰¹ Имам Шарани, ж.к.е., 485-бет.

да: «Иә, қабыл етеміз», - дегенде, Дажжал қолындағы таяғымен өлген кісіні түртіп қайта тірілтеді. Бұл оқиғаға куә болғандар сол жерде Дажжалды Аллаһ деп сенеді екен. Дажжалдың мұнан басқа да сиқырлары толып жатыр. Мысалы, жауын жауғызу, өзімен бірге тозақ пен жәннәтті алып жүруі, оған ергендердің рызықтары мол болатындығы айтылады²⁰².

б.2.4.) Дажжалдың шығу себебі мен оның мінген есегінің ерекшелігі

Хадистердегі белгілері бойынша, Дажжал – ірі денелі, тепсе темір үзетіндей еңгезердей адам. Жоғарыда бір хадисте Дажжалдың шіркеу ішінде аяқ-қолы шынжырлаулы екендігін айтып өттік. Сонымен қатар хадистерде Дажжалдың мінген есегінің өте үлкен хайуан екендігі айтылады: *«Дажжал дін әлсіреген кезде, дін іліміне ат үсті қаралған кезде шығады. Дажжал қырық күн жер бетін шарлайды. Қырық күннің бір күні бір жылдай, бір күні бір айдай, бір күні бір аптадай, қалған күндері жай күндердей болады. Дажжалдың мінген есегі бар. Есектің екі құлағының арасы қырық құлаш. Дажжал адамдарға:*

- Мен сендердің Раббыларыңмын, - деп жар салады. Негізінде оның көзі соқыр. Раббымыз болса, соқыр емес. Дажжалдың екі көзінің арасында «кәпір» деп жазылған. Ол жазуды әрбір мумин оқи алады. Дажжал әрбір су ішілетін жерге барады. Бірақ Мәдинаға бара алмайды» (Ахмед ибн Ханбал риуаяты).

Дажжалдың сипаты мен оның есегі жайындағы хадистер негізінен астарлы ұғымда айтылады. Оның шыннайы мағынасы мынадай деп нақты тәпсірлей алмаймыз. Мысалы, Дажжалдың бір күні бір айға тең болады дейді. Ал бүгінгі техногендік заманда бір айлық жолды ұшақпен бірнеше сағатта еңсеріп алуға болады. Сол сияқты оның

²⁰² Хадис ансиклопедиси, Кутуби ситте, 14-том, 95-бет.

да бір күні бір айлық уақытқа осылай сәйкес келуі мүмкін. Бұл әрине, пайымдаудың бір ғана қыры, негізгі мағынасы бір Аллаһқа белгілі.

6.2.5.) Хазіреті Исаның (а.с.) Дажжалды өлтіруі

Ақырзаманда Дажжал шығып, елді өзінің дегеніне көндіріп, білгенін істеген уақытта Аллаһ көктен Хазіреті Исаны түсіреді. Хазіреті Иса Аллаһтың дұшпаны Дажжалмен соғысып, оны өлтіреді. Әбу Рафиғтан жеткен риуаят бойынша, Хазіреті Пайғамбарымыз былай дейді: «Дажжал көкке жаңбыр жаудыр деп әмір еткенде, көктен жауын жауады, жерге өсімдік шығар деп әмір еткенде, жерден түрлі өсімдіктер шығады. Бұл - Дажжалдың фитнәсі. Содан Дажжал бір қауымға барып, тұрғындарын өзіне иман етуге шақырады. Олар Дажжалдың жалғаншы екендігін айтып, иман етуден бас тартқан соң, Дажжал кері қайтады. Дажжал кетісімен сол қауымның бүкіл малы соның артынан еріп кете береді. Дажжал екінші бір қауымның қасына барып өзіне иман етуге шақырады. Олар оның құдай екендігіне иман еткенде, Дажжал көктен жауын жаудырып, жерден өсімдіктерді шығарады. Сол қауымның малы кешке дейін жайылып, бұрын-соңды болмаған семіз болып шыға келеді.

Дажжал Мекке мен Мәдинадан басқа елді-мекендерді таптап өтеді. Дажжал Мекке мен Мәдинаға барғанда алдынан қолында қылышы бар періштелер шығып кіргізбей қояды. Ішке кіре алмаған Дажжал соры шыққан тастақ жазықтың шетіне барып түнейді. Ертесіне періштемен күзетілген Мәдина қаласы үш рет сілкінеді. Осы сілкіністен кейін Мәдинада мунафик болған ер кісі мен әйелдерден ешбірі қалмай сыртқа шығып, Дажжалға келіп қосылады. Мәдина қаласы осы күні жаман пиғылды адамдардан құтылып, тазаланады. Сол кезде бір әйел:

- Ол күні араб халқы қайда болады? – деп сұрағанда

Пайғамбарымыз:

- Ол күні араб халқы аз болып, мекендері Бәйтул Макдусте (Акса мешіті) болады, имамдары салих бір кісі яғни Мәһди, - дейді.

Имам Мәһди жамағатқа таң намазын оқытпақ болып, жамағаттың алдына шыққанда Мариямұлы Иса таң намазының уақытында көктен түсіп, олардың қастарына барған кезде Имам Мәһди Хазіреті Исаның имамдыққа өтуі үшін кері қадам жасайды. Сол кезде Хазіреті Иса имамның жауырынының ортасына қолын қойып:

- Алға шық, намазды сен оқыт. Өйткені, сен үшін қамат айтылды, - дейді. Сөйтіп, ол имам жамағатқа намаз оқытады. Намазды бітіріп бұрылғанда, Хазіреті Иса:

- Мешіттің есігін ашыңдар. Есік ашылғанда, есіктің алдында бастан аяқ қаруланған жетпіс мың яһуди мен бірге Дажжалдың оларды күтіп тұрғанын көреді. Дажжал Хазіреті Исаны көре сала, суда еріген тұздай кері бұрылып қаша жөнеледі. Хазіреті Иса оған:

- Саған сілтейтін бір соққым бар, сен бұл соққыдан еш құтыла алмайсың, - дейді.

Хазіреті Иса оны қуа отырып, Палестинадағы Бабу Лудтың шығыс жағындағы Бабу Рәмләда жетіп, Дажжалды өлтіреді. Аллаһ яһудилердің әскерін жеңіліске ұшыратады. Нәтижеде яһудилерге жасырынатын, паналайтын ешбір жер қалмайды. Себебі, тау, тас, ағаштар артына жасырынған яһудиді айтып тұрады. Яғни, тау, тас, ағаш пен хайуанға тіл бітіп былай дейді:

- Ей, Аллаһтың мұсылман құлы! Міне мұнда яһуди жасырынып тұр, кел, оны өлтір. Тек Гаркад есімді ағаш қана айтпайды» (Алиюл Қари, 5 том/196 бет).

Басқа бір хадисте былай дейді: *«Дажжал елді өзіне сендіруге әрекет еткен кезде, Аллаһ Мариямұлы Исаны жібереді. Иса Шамның шығыс жағындағы ақ мұнараға*

түседі. Ол екі қолын екі періштенің қанатына қойып түседі. Артынан Дажжалды іздеп жүріп, Ақса мешітіне жақын Бабу Лудд деген жерде өлтіреді» (Алиюл Қари, 5 том/197 бет)²⁰³.

6.2.6.) Дажжалдың фитнасынан сақтанудың жолдары

Хазіреті Пайғамбарымыз күнделікті ғибадатында Мәсих Дажжалдың фитнасінен сақтану үшін Аллаһқа былай деп дұға еткен: *«Аллаһым! Күмәнсіз мен тозақ отынан Саған сиынамын. Қабір азабынан Саған сиынамын. Мәсих Дажжалдың фитнасінен Саған сиынамын. Өмір мен өлімнің фитнасінен Саған сиынамын»* (Әбу Дәуіт, Тирмизи, Нәсәй риуаяты). Сонымен қатар Дажжалдың фитнасінен сақтану жайында Хазіреті Пайғамбарымыз: *«Кімде-кім «Кәһф» сүресінің алдындағы 10 аятын жаттап алса, Дажжалдың фитнасінен сақтанған болады»* (Сахих Муслим, 1 том, 555 хадис) деп бізге баға жетпес нақты нұсқау береді.

Кейбір ғұламалар өздерінің өмір сүрген кезеңінде көз көріп, куә болған залым елбасылар мен қолбасшыларды (Напалеон, Гитлер, Мұсаллини, Шыңғыс хан т.б.) Дажжалға теңеген. Бірақ олардың ешбірі де хадисте айтылған сипаттағы Дажжалға ұқсамайды және шынында да Дажжал болса, оның артынан Хазіреті Иса пайғамбар көктен түсуі керек еді. Сондықтан Дажжалдың қашан келетіндігі, кім болатындығы жалғыз Аллаһқа аян. Біз ең дұрысы хадисте айтылған күйіне сенейік, қалғанын Аллаһ Тағала біледі.

6.3) Даббатул арз (жерден шығатын хайуан)

«Дабба» сөзі - әрекет етуші, қимылдаушы дегенді білдіреді. Яғни, ақырзаманда «дабба» есімді бір хайуанның шығатындығын Хазіреті Пайғамбарымыз хадистерін-

²⁰³ Имам Шарани, ж.к.е., 491-496 бет.

де айтып кеткен. Даббатул арз мәселесіне байланысты Құранда былай дейді: **«Оларға айтылған (Қиямет) бастарына келген кезде, олар үшін жерден бір хайуан шығарамыз да, ол оларға адамдардың аяттарымызға мүлде сенбегендіктерін айтады»** (27.Нәмл-82).

Даббатул арз хайуан болғанымен, адам секілді әрекет етіп, мумин мен кәпір пенделерді бір-бірінен айырып, мынау мумин, мынау кәпір дейтіндей дәрежеге ие болады. Хазіреті Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді: *«Даббатул арз өзімен бірге Дәуітұлы Сүлейменнің мөрі мен Имранұлы Мұсаның асасын алып шығады. Аса таяқпен муминнің жүзін жарқыратып, мөрмен кәпірдің мұрнын сындырады. Тіпті бір үйге тамақ ішу үшін жиылған кезде елдер бір-біріне:*

- Әй, мумин!

- Әй, кәпір! – деп бір-бірін ажыратып отыратын болады» (Ибн Мажа, Фитән 31).

Даббатул арздың қандай хайуан екендігі, неге ұқсайтындығы анық белгісіз. Бірақ кейбір хадистердегі белгілері арқылы оның жер бетінде ұқсасы жоқ, сондай бір үлкен хайуан болатындығын аңғаруға болады. Амир ибн Астың айтуы бойынша: *«Даббатул арз қажылық кезінде Меккедегі бір ағаштан шығады. Басы бұлтқа жеткенімен аяғы әлі жерден шығып бітпейді»*.

Абдуллаһ ибн Зубайр Даббатул арзды былай деп сипаттайды: *«Даббатул арз жердегі хайуанаттардың мүшелерінен жиналған. Мысалы, басы өгіздің басына, көзі шошқаның көзіне, құлағы пілдің құлағына, мүйізі тау ешкінің мүйізіне, мойны түйеқұстың мойнына, құйрығы қошқардың құйрығына, аяғы түйенің аяғына ұқсайды»* (Ибн Кәсир, Китабун-нихая, 1 том, 163 бет.)²⁰⁴.

Даббатул арз қай жақтан шығады дегенге келсек, де-

²⁰⁴ Имам Шарани, ж.к.е., 513-бет.

ректер оның Меккеге жақын жердегі сахара аймағынан шығатындығын меңзейді. Осы жөнінде Хазіреті Бурайда есімді сахаба:

«Бірде Расулуллаһ мені Меккеге жақын сахарадағы бір жерге алып барды. Ол жер құмды, құрғақ жер екендігін көрдім. Сол кезде Пайғамбарымыз: «Даббатул арз осы тұстан шығады», - деді. Көрсеткен жерге қарасам, бас бармақ пен сұқ саусақ арасындай ғана яки бір қарыстай ғана жер екен» (Ибн Кәсир, Китабун-нихая, 1 том, 161 бет.) дейді.

Ғалымдармыз бұл хайуанды Тәмим әд-Даридің Дажжалмен байланысты айтқан хадисіндегі үсті басы жүнжүн, адамға да, хайуанға да ұқсамайтын мақлұққа теңейді. Қалай дегенімізбен түп ақиқаты бір Аллахқа белгілі.

6.4) Күннің батқан жерінен қайта шығуы

Қиямет қайымның және бір белгісі – Аллаһтың әмірімен табиғат заңдылығына қайшы құбылыс орын алып, күннің батқан жерінен қайта шығуымен байланысты. Бұл күн жұма күніне сәйкес келеді. Күннің батыстан шыққанын көзі көрген адам баласы сол сәт жаппай иман етіп, тәубелеріне келеді. Бірақ ол кездегі иман етулері мен жасаған тәубелері қабыл болмайды. Иә, ондай шақта сол кезге дейін иман етіп, тәубеге келмей жүрген пенде үшін орны толмас қайғы болары сөзсіз. Себебі, Хазіреті Пайғамбарымыз былай дейді: *«Күн батыстан шықпайынша қиямет болмайды. Күн батыстан шыққанда адамдар оны көріп, жаппай иман етеді. Оған дейін иман етпеген немесе иманында жақсылық болмаған пендерлерге сол күні еткен имандары пайда бермейді»* (Бухари, Фитән 25; Муслим, Иман 72; Әбу Дәуіт, Мәлахим 12).

Екінші бір хадисте: *«Күн батыстан шыққанға дейін Аллаһ тәубе етушінің тәубесін қабыл етеді»* (Муслим, 1 том, 138 хадис) деп айтылады.

6.5) Хазіреті Исаның (а.с.) көктен түсуі

Ақырзаман таяғанда Дажжал шығып, өзін құдаймын деп жариялап, түрлі сиқыр мен истидраж²⁰⁵ көрсетіп жүрген уақытта, Аллаһ көктен Иса пайғамбарды түсіреді. Хазіреті Иса жер бетіне түскен соң, Хазіреті Мұхаммед пайғамбардың дінімен жүріп, Исламды жаю үшін күреседі. Себебі, оған түсірілген дін, Ислам діні келгеннен соң күшін жойған болатын.

Хазіреті Иса Дажжалды өлтіріп, адамдар арасында әділдік орнатады. Хазіреті Иса пайғамбардың ақырзаманда түсетіндігін және не істейтіндігін Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) Пайғамбарымыздың мына хадисінен білуге болады:

«Барлық пайғамбарлар әке жағынан бауыр болғанымен, аналары бөлек. Бірақ діндері бір. Мен Мариямұлы Исаға жақынмын. Өйткені мені мен оның арасында басқа пайғамбар келмеді. Расында да ол ақырзаманда жер бетіне түседі. Оны көрген кездерінде мынадай ерекшеліктерімен танысындар:

1. Орта бойлы.
2. Тәні қызыл мен ақ түске жақын.
3. Үсті - басы өте таза; шаштарына су тимесе де су тәрізді болып тұрады.
4. Ол айырды (кресті) сындырады.
5. Шошқаны өлтіреді.
6. Жан салығын жояды.
7. Мал дүние көп болып, судай ағады.
8. Адамзатты Ислам дініне шақырады.
9. Аллаһ Тағала оның кезінде Исламнан басқа діндерді жоқ етеді.
10. Ол Аллаһтың қалауымен Дажжалды өлтіреді.

²⁰⁵ табиғат заңдылығына қайшы келетін имансыз пенденің көрсеткен қараматтары

11. Ол кезде жер бетінде бейбіт заман орнап, арыстандар түйелермен, жолбарыстар сиырлармен, қасқырлар қойлармен жайлауда бірге жүріп, балалар жыландармен ойнайтын болады.

12. Хазіреті Иса жер бетінде 40 жыл өмір сүргеннен кейін қайтыс болады және мұсылмандар оның жаназасын шығарып, жерлейді» (Бухари, Әнбия 48; Муслим, Фәзәйл 143; Әбу Дәуіт, Сүннет 13).

Кейбір хадистерде Хазіреті Исаның жер бетінде 7 жыл, 24 жыл, 45 жыл өмір сүретіндігі тұрғысында айтылғанымен, солардың ішінде «40 жыл қалады» деген риуаят ең қуаттысы болып саналады.

Хазіреті Иса пайғамбардың Дажжалды өлтіріп, әділетті үкім орнатқан соң, өзі де өзге адамдар секілді үйленіп, үйлі жайлы болатындығы айтылады. Кағбул Ахбардың айтуы бойынша, Хазіреті Иса пайғамбар ұлты араб бір әйелмен отау құрып, одан Мұхаммед, Мұса есімді екі ұл перзент сүйеді. Жер бетіндегі Аллаһтың берген ғұмыры біткен соң, ол да бақилық болып, Хазіреті Пайғамбарымыздың қасына жерленеді²⁰⁶.

Хазіреті Иса қайтыс болған соң, Аллаһ Тағала Шам тарапынан суық бір жел жібереді. Осы желден жер бетінде жүрегінде иманы бар барша мүмин о дүниелік болады. Тіпті біреулер таудың астына кіріп жасырынса да, желдің иісі арқылы бақилық болады. Ал өзге имансыз, қара ниетті жандарға бұл желдің ешқандай әсері болмай, керісінше олар білгендерін жасап, ғұмыр кешеді. Шайтан олардың осындай есалаң сәттерін пайдаланып, оларды пұттарға табындырады. Мұның артынан көп ұзамай Исафил сурға үрлеп, қиямет қайымның болатындығын Хазіреті Пайғамбарымыз айтып өткен (Муслим Фитән 23; Ахмед ибн Ханбал, II, 166).

²⁰⁶ Имам Шарани, ж.к.е., 500-бет.

Хазіреті Иса пайғамбардың түсетіндігі жайында айтылған хадистердің саны отызға жуық. Міне, осы айтылған хадистердегі Хазіреті Исаның келетіндігі жайындағы мәліметті арам пиғылды жандар өз мүдделеріне пайдалануға тырысқаны ислам тарихынан мәлім. Қаншама кісі өзін: «Мен Мәсих Исамын» - деп, елді өзіне иман етуге шақырған. Ондайлардың кейбіреуін халифалар жазалағанымен көпшілігі білгенін айтып, жаңа дін құруға әрекет жасаған. Мәселен, Қадияниліктің құрушысы Мирза Ғұлам Ахмед те солардың санатындағы сұм пиғылды жан еді. Бірақ, әрине осы уақытқа дейін өзін Исамын дегендердің ешбірі де шынайы Хазіреті Иса емес екені белгілі. Себебі, Хазіреті Исаның ақырзаманда Дажжалдан соң келетіндігі хадистерде анық айтылған. «Мен Исамын» деп келгендердің бәрі Исламды іштей құлатуды мақсат тұтқандардың саяси ойындарының қуыршақтары болып саналады. Ал діни терминологияда оларды көбіне «жалғаншылар» деп атайды.

6.6) Яжуж – Мәжуждың шығуы

Ақырзаманның және бір белгісі ретінде Яжуж – Мәжуж атты екі тайпаның шығатындығы жайында аяттар мен хадистерде баян етіледі. Бұл қауымның кімдер екені белгісіз. Бірақ, хадистерді қорғанның ішінде қамалған Яжуж-Мәжуж елі ақырзаманда жер бетін құмырсқадай қаптап, олардың жүріп өткен жерлерінен шөп шықпайтындай болатындығы жөнінде айтылады.

Алдымен Құрандағы Яжуж – Мәжуж жайында айтылған аятқа тоқталып өтейік: **«Олар: Әй, Зұлқарнайн! Яжуж – Мәжуж бұл жерде бұзақылық істеуде. Саған салық төлесек, олар мен біздің арамызға бір бөгет жасайсың ба? – деді. Зұлқарнайн: «Раббымның маған бергені одан артық. Сендер маған көмектессендер олар-**

мен араларыңа бір бөгет жасайын, - деді. «Маған темір тақтайлар әкеліндер», - деді. Екі беттің арасы теңелген кезде: «Көріктендер», - деді. Ол от болған сәтте: Маған еріген мыс әкеліндер үстіне құяйын, - деді. Сонда олар одан аса алмады да, тесе алмады. Зұлқарнайн: «Бұл Раббымнан бір мархамет. Қашан Раббымның уәдесі келсе, оны жермен-жексен қылады. Сондай-ақ Раббымның уәдесі хақ, - деді» (18.Кәһф, 94-98).

«Яжуж, Мәжуж ағытылып, әрбір төбеден келгенге дейін. Ол шын уәде, қиямет таяса, сол уақытта қарсы болғандардың көздері шарасынан шығып: Әттеген-ай! Біз бұдан қаперсіз залым екенбіз, - дейді» (21.Әнбия, 96-97).

Ия, аят мағынасы бойынша пайымдасақ, Зұлқарнайын Аллаһтың әмірімен Яжуж-Мәжуж деген қауымды бір жерге (тау астына деп келтіреді) қамаған. Ақырзаман таяғанда Яжуж-Мәжуж сол қорғанды тесіп шығып, жер бетін жайлап, ел арасында бүлік шығармақ.

Енді осы тақырыптағы хадистерге орын берейік. Әбу Хурайрадан жеткен риуаят бойынша: «Яжуж – Мәжуж Зұлқарнайын қамап кеткен қорғаннан шығу үшін күнде қабырғаларды ояды. Тесуге сәл қалғанда күннің сәулесін көріп, басшылары: «Тоқтаңдар! Қалғанын ертең жалғастырасындар», - дейді. Олар қазба жұмысын тоқтатқан кезде Аллаһ қазылған жерді әдепкі қалпына қайта келтіреді. Осылайша күнде қорғанның қабырғаларын тесуге тырысады. Күндер осылай өте береді де, олардың жер бетіне шығатын уақыты таянғанда басшылары: «Қане, қайтайық. Иншааллаһ, ертең қалғанын ойып бітіреміз», - деп, иншааллаһ (Алла қаласа) сөзін алғаш рет қолданады. Сөйтіп, ертесіне әлгі жерге қайта келгенде еңбектерінің еш кетпегенін көріп, сәл ғана қалған жерді аяғына дейін ойып бітіріп айналадағы елді мекендерге лап қояды.

Адамдар олардан құтылу үшін қорғандарына тығылады. Олар жүріп өткен жерлеріндегі бүкіл суды ішіп тауысады. Яжуж-Мәжуж елі адамдарды езгенімен қоймай, аспан әлемін де өз биліктеріне алғысы келіп, көкке қарай оқ жаудырады. Атылған оқтар көктен қайтып жерге түскенде қан болып түседі. Мұны көрген олар: «Жердегілерді де, көктегілерді де езіп жаншып, жеңдік», - дейді.

Осыдан кейін Аллах Тағала олардың бастары мен желкелеріне бір құрт жібереді. Құрттар олардың жанын жеп, ақырында барлығы түп-түгел қырылып қалады.

Пайғамбарымыз сөзін ары қарай жалғастырып: *«Мұхаммедтің жанын өз қолында ұстаған Аллаһқа ант етемін, жер бетіндегі күллі хайуанаттар мен жәндіктер олардың өлген етін жеп, аққан қанын ішіп, жардай болып семіріп кетеді, -деді»* (Ибн Мажа, Фитән 33).

Ал келесі бір хадисте Яжуж – Мәжуж қауымының қырылуы Хазіреті Иса пайғамбардың оларға қарсы жасаған дұғасымен іске асатындығы тұрғысында баяндалады. Абдуллаһ ибн Масғудтан жеткен риуаят бойынша, Хазіреті Пайғамбарымыз Миғраж түнінде көкте Хазіреті Ибраһим, Хазіреті Мұса және Хазіреті Исамен кездеседі. Онда қиямет қайым жайында да әңгіме болады. Әуелі Хазіреті Ибраһимнен одан кейін Хазіреті Мұсадан қиямет-қайымның қашан болатындығын сұрады. Олар қойылған сұраққа жауап бере алмайтындықтарын айтқан соң, кезек Хазіреті Исаға келеді. Хазіреті Иса қиямет жақындағанда болатын кейбір мәліметтерді бергенімен қияметтің қашан болатындығын Жаратушыдан өзге ешкім білмейді деп жауап береді. Сөзін жалғастыра келіп, ақырзаманда Дажжал шығады, содан кейін мен түсіп оны өлтіремін, одан соң халық елдеріне қайтады. Сол кезде олардың алдарынан Яжуж-Мәжуж қауымы қаптап шығып, шабуыл жасайды. Олар кезіккен суды ішіп, тауысады, алдарынан шыққан

барлық нәрсенің астан-кестенің шығарады. Мұндай ала-сапыранды көрген халық Аллаһтан жәрдем сұрайды. Мен де Аллаһтан Яжуж-Мәжуж қауымының жойылып кетуін тілеймін. Жасаған дұғам қабыл болып, олар өліп тынады. Мәйіттерінің иісі өте қатты саси бастаған соң Аллаһқа қайта дұға етемін. Аллаһ Тағала сол сәт жауын жаудырып, өліктердің бәрін теңізге жібереді» (Ибн Мажә риуаяты)²⁰⁷.

Яжуж – Мәжуж қауымы жайында көптеген болжамдар айтылған. Олардың кімдер екені, қай ұлттан шығатындығы, бет-әлпеті, бойы қандай болатындығы жайында түрлі көзқарастар жетерлік. Сондықтан бізде Яжуж – Мәжуж жайында кеңірек мәлімет бере алмаймыз. Өткен ғасырларда маңғолдарды яжуж, мәжужге теңесе, кейінгілер қытайға теңеуде. Маңғолдарға теңегендердің пікірлері дұрыс еместігі уақыт өте келе айғақталса, қытайға теңеушілердің де пікірлері дұрыс болмай шығулары әбден мүмкін. Сол үшін ақиқатын Аллаһ біледі.

6.7) Шығыста бір жердің батуы

6.8) Батыста бір жердің батуы

6.9) Араб түбегінде бір жердің батуы

Хадисте айтылғандай шығыста, батыста, араб түбегінде бір жердің батуымен ақырзаманның таялғаны анық болады. Бірақ бататын жерлердің қай мемлекетте болатындығын Аллаһ біледі. Дегенмен, Имам Шарани өзінің еңбегінде сілтемесіз мынадай хадисті келтіреді: *«Салибидің риуаяты бойынша, Расулұллаһ былай деген: «Тигр мен Ефрат жазығы арасында бір қала салынады. Ол жерде әлемнің залымдары жиналады және ол жерге қазыналар тасылып, ақырында жерге батады. Ол жердің қазыналары қазықтың жерге оңай кіргеніндей тез арада*

²⁰⁷ Хадис анциклопедиси, Кутуби ситте, ж.к.е., 17-том, 1245-хадис.

батып кетеді»²⁰⁸.

Демек, ақырзаманның үлкен белгілері жайында кеңірек мағлұматымыз болмағандықтан, біздер айтылған хадиске сеніп, қиямет қайымның хақ екендігін мойындап, тек Аллаһтан ғана медет тілейік.

6.10) Хижаз тарапынан үлкен от шығады

Ақырзаманның соңғы белгісі Хижаз тарапынан үлкен бір оттың шығып, шартарапты жарық қылатындығы хадисте айтылады. Хазіреті Пайғамбарымыз бұл жайында былай дейді: *«Хижаз жерінен шығатын, Бусрадағы түйелердің мойындарын жарқырататындай бір от шықпайынша қиямет қайым болмайды»* (Муслим, Фитән 42).

«Бусра» Сирия мемлекетіндегі бір ауылды мекеннің аты. Хазіреті Пайғамбарымыз 12 жасында көкесі Әбу Тәлібпен бірге сауда мақсатымен Шам аймағына барғанда, сол жердегі Бахира есімді монахтың ескертуімен, Меккеге кері қайтқан еді. Бахира христиан дінін жетік меңгерген монах болғандықтан, соңғы пайғамбардың келетіндігін және оның бойында қандай ерекшеліктер мен қасиеттің бар екендігін білетін. Сондықтан алыстан келе жатқан керуенмен ілесіп келе жатқан бұлтты көріп, оның тегін еместігін сезеді де, Әбу Тәліб бастаған саудагерлерді арнайы асқа шақыртады. Сөйтіп, Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) болашақ пайғамбар екендігіне көз жеткізіп, сол жерден кері қайтуларын бұйырған еді. Міне, сол Бусрадан шығатын алып оттың жарығы жүздеген шақырымнан көрінетін болады. Мүмкін осы маңдағы мұнай кеніштерінің бірі отқа оранады ма, кім білсін?

Осы жерге дейін ақырзаманның белгілерін айтып келдік. Бірақ қиямет қайымның аласапыранын көретін пенделер жаман адамдар мен иман етпеген жандар бола-

²⁰⁸ Имам Шарани, ж.к.е., 479-бет.

ды. Ал жүрегінде иманы бар пенделер қиямет-қайымның сілкінісін көрместен бұрын жан тапсырады. Хазіреті Пайғамбарымыз бұл жайында былай дейді: «Аллаһ Тағала Йемен тарапынан жібектен де жұмсақ болып тиетін бір самал естіреді. Бұл самал жүрегінде бидайдай иманы болған пенделерді бақилық етеді» (Муслим, Фитән – 23).

«Өздері тірі тұрып, қияметтің болғанын көрген кісілер адамдардың жамандары» (Бухари, Фитән 5; Ибн Мажа, Фитән 24).

в) Ақырзаманда келетін Мәһди

Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ақырзаманға байланысты айтқан хадистері ішінде әһли бәйттен, яғни, Пайғамбар ұрпағынан Мәһди есімді бір кісінің келетіндігі айтылады. Мәһди - тура жолға бастаушы деген ұғымды білдіреді.

Мәһди келген соң мұсылмандар арасында әділ билік орнатып, дінсіздермен күресіп, Исламды үстем етеді деген сенім күллі мұсылман қауымы арасында жайылған. Мәһди жайында көптеген сахих хадистер айтылғандықтан, біз де бұл жерде бір-екеуіне тоқталып өтеміз.

Абдуллаһ ибн Мәсғудтан риуаят бойынша Расулуллаһ былай деген: *«Әлемнің бір күндік өмірі қалса да, Аллаһ ол күнді ұзатып, менің бір адамымды сол күні жібереді. Яғни, Әһли-бәйтімнен біреуді жібереді. Бұл кісінің аты менің атыма ұқсас, әкесінің есімі әкемнің есіміне сәйкес келеді. Ол адам жер бетіндегі зұлымдықты жойып, орнына әділеттілікті орнатады»* (Әбу Дәуіт, Тирмизи, Фитән 52).

Умму Сәләмәдан риуаят бойынша, Расулуллаһ былай деген: *«Мәһди – менің ұрпағымнан, қызым Фатиманың балаларынан келеді»* (Әбу Дәуіт, Мәһди 1, 4284).

Ислам ғалымдары арасында Мәһдидің ақырзаманда

келіп, келмеуі жөнінде әр түрлі пікірлер айтылады. Кейбір ғұламалар Мәһди деген адам жоқ және ондай кісі келмейді. Мәһди мен Хазіреті Иса деп айтып жүргеніміз бір адам. Хадисте екеуінің бір адам екендігі айтылған деп, Мәһдиге деген сенімді жоққа шығарады. Көпшілік ғалымдар Мәһди жайында айтылған хадистерді сахих деп тапқандықтан, Мәһдидің келетіндігін қабыл етеді. Хазіреті Иса мен Мәһди екеуі екі адам деп, керекті хадистерді дәлел ретінде келтіреді. Мысалы, жоғарыда Әбу Дәуіттан келтірілген сахих хадиске сүйеніп, Мәһди Пайғамбар әулетінен шығатын тура жолға бастаушы имам деп сенеді. Олай болса, Хазіреті Иса мен Мәһди екеуі екі тұлға деген сөз. Сондай-ақ жоғарыда Дажжалдың өлтірілу мәселесін айтып өткенімізде Хазіреті Иса көктен түскенде, Имам Мәһди жамағатқа таң намазының парызын оқытпақ болып тұрады. Хазіреті Иса (а.с.) Имам Мәһдидің артында тұрып намаз оқитындығы хадисте айтылады. Демек, Имам Мәһди Хазіреті Исадан бұрын шығады және ол онымен бірге Дажжалды өлтіреді.

Біз де хадисте айтылғандай қабыл етіп сенеміз. Мәһдидің келетіндігіне сену иман негіздеріне жатпағандықтан, Мәһди келмейді деген кісі иманнан шықпайды. Алайда сахих хадисте айтылғандықтан, біз Әһли сүннет уәл-жамағат Мәһдидің келетіндігіне сенімдіміз.

Орта ғасырдан бастап Ислам әлемінде өзін Мәһдимін деп жариялаған көптеген кісілер болды. Әлі күнге дейін әр жерден өзін Мәһдимін деп жариялаушылар да бар. Бірақ олардың ешбірі хадисте айтылған Мәһди емес. Өзін Мәһдимін деп шыққан кісілердің шығу тарихына көз жүгіртсеңіз, олардың белгілі бір мүддені көздеп, халықты артынан ергізу үшін осы атты жамылып шыққандығына көз жеткіземіз. Олай болса, Мәһдимін деп шыға білу

үшін алдымен Дажжалдың, содан кейін Хазіреті Иса пайғамбардың шығуы қажет. Дажжал шықпастан бұрын Мәһди шықпайды. Дажжал пайда болған соң кезегімен ақырзаманның өзге белгілері шығуы тиіс. Сондықтан осы ретке қарай отырып келуші мейлі Мәһди болсын, мейлі Иса болсын оларды танып, иман келтіріп, қолдау көрсету өз уақытының талабы болып қала береді.

6. Сур және сурға үрлеумен қияметтің басталуы

Сур сөзі - сырнай, үрлегенде дыбыс шығаратын, дауыс шығару деген ұғымдарды білдіреді. Шарифаттағы Сур сөзінің мағынасы болса, ақырзаманның болуымен қияметтің басталуы, тіршіліктің тоқтауы және қиямет қайым болғаннан кейін бүкіл адамзат атаулы Аллаһқа есеп беру үшін махшар алаңына жиналумен қайта тірілу уақытын білдіру мақсатында Исафил періште тарапынан сурды (сырнай) үрлеп, белгі беру. Бұл сур қандай болады деген сұраққа мына бір хадиспен жауап беруге болады: *Абдуллаһ ибн Аббастан риуаят бойынша, бірде бәдәудидің бірі Хазіреті Пайғамбарымыздан (с.а.у.): «Сур деген не?»,- деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Қияметтің хабарын беру үшін үрленген кезде дыбыс шығаратын құрал»,- деп жауап береді.* (Тирмизи, Қиямет, 8 бөлім, 2430 хадис). Олай болса, Сурдың шынайы болмысын жалғыз Аллаһ білгендіктен біздер айтылған күйіне сеніп, басқаша жорамалдау, болжау секілді пікір айтуымызға болмайды.

Құранның хабар беруі бойынша, Исафил періште сурға екі рет үрлейді. Бірінші үрлегенде жер бетіндегі тіршілік тоқтайтын қиямет сілкінісі болады. Екінші рет үрлегенде адамзат қабірінен қайта тіріліп шығады.

Енді осы бірінші сур үрленген кезде болатын көріністің қалай болатындығын Құраннан тыңдайық: **«Сур үрілген күні Аллаһ қалаған біреулерден басқа көктерде болғандар да, жерде болғандар да үрейленеді. Сондай-ақ барлығы Аллаһтың алдына сүмірейіп келеді»** (27.Нәмл-87). **«Сонда бір рет сур үрілген сәтте жер мен таулар көтеріліп, соғылып күйреген сәтте. Міне, сол күні қиямет уақиғасы болады. Сол күні көк жарылып, босайды»** (69.Хаққа, 13-16). Қиямет-қайымның қалай болатындығы жайында алдыңғы тақырыпта айтып өткендіктен, Сур үрілген соң, сол айтылған құдірет күшімен болатын уақиғаны көз алдыңызға ойша елестетін болсаңыз, қаншалықты жан түршігерлік қорқыныш екендігін сезінесіз. Ол кезде жер түгіл аспан әлеміндегі періштелер де қорқып, жан тапсырады.

Ал сурға екінші рет үрлену – қайта тірілудің басталғанын білдіреді. Адамдар қалай өлген болса, солай тіріліп, махшар алаңына жиналып, Раббыларына есеп береді. Аятта: **«Сур үрілсе сонда олар қабірлерінен тұрып, Раббыларына жүгіреді»** (36.Ясин-51). **«Сур үрілгенде Аллаһтың қалағанынан басқа көктердегі жан иелері, жердегі жан иелері жығылып өледі. Сосын екінші рет сур үріледі де сонда олар тұрған бойда қарап қалады»** (39.Зумәр-68).

Исрафил періштенің сурға екі рет үрлейтіндігі анық болғанымен екі сур арасында қанша уақыт өтетіндігі белгісіз. Әбу Хурайрадан риуаят етілген бір хадисте де бұл мәселе ұмыт қалған. Яғни, Хазіреті Пайғамбарымыздың: **«Сурға екі рет үрлейді. Осы екі рет үрлеудің арасында қырық уақыт бар»**, деп айтқанын жеткізгенде, тыңдаушылар Әбу Хурайрадан: **«Әй, Әбу Хурайра, қырық күн бе?»** - деп сұрайды.

- Білмеймін, - дегенде:

- Қырық ай ма? – деп сұрайды. Тағы да:
- Білмеймін, - деп жауап береді. Ол жердегілер:
- Әлде қырық жыл ма? – дегенде:
- Білмеймін, - деп жауап қайырады» (Бухари, Тәфсир 39 сүре; Муслим, Фитән 28; Әбу Дәуіт, Сүннет-22).

Осы екі сур арасында қабірде жатқан кәпірлер мен мунафиқтар және күнәһарлар қабір азабынан босатылады. Екінші сур үрлегенге дейін ұйықтап, тынығатындығын мына аяттан білеміз: **«Әттең-ай, бізді жатқан жерімізден кім тұрғызды? – дейді. Міне мейірімді Аллаһтың уәдесі. Пайғамбар да шын айтқан еді»** (36.Ясин-52).

Ғасырымыздағы кейбір оқымысты мұсылмандар сур оқиғасын атом бомбасына теңейді. Қияметті, сур үрілген кездегі болатын оқиғаны атом бомбасы кезіндегі жарылысқа балап, өздерінше түсіндіруге тырысады. Аллаһ мұндай адасушылық пен түсініктен сақтасын. Қиямет пен сур оқиғасын аят пен сахих хадистерде анық, тайға таңба басқандай етіп айтылғандықтан, біз соған иман етіп, басқаша қырынан жори алмаймыз.

7. Өлімнен кейін қайта тірілу

Исламның иман негізі әуелі Аллаһқа сенумен болады. Құранда Аллаһқа, ақырет күніне сенуге шақыратын аяттар көп. Ақырет күніне сенімнің мәні - өлгеннен кейін қайта тірілудің хақ екендігіне сенумен байланысты. Ал сол қайта тірілу әһли сүннет сенімі бойынша, әрі тәнмен, әрі жанмен болады.

Ақыретте қайта тірілудің хақ екендігі Құранда анық түрде баян етілсе де, осы мәселені жокқа шығарушылар да баршылық. Олардың пайымы бойынша, адам өлген соң іріп-шіріп жоқ болады да өмір сонысымен бітіп, о дүние тіптен болмайды. Бұл әрине, тек ақырет мәселесіне емес,

жалпы Жаратушының барлығы мен бірлігіне сенімсіздіктен шығатын күпірлік пікірлер. Себебі, сәл ойланып көрген кез-келген парасатты сана ақырет күніне сенімсіздікпен қарай алмайды. Ғаламзаттағы сәт сайын мың өліп, қайта жанданып жатқан тіршілік тәрізді, бізді де Жаратушы Жаппар Иеміз қалай өлсек, солай тірілтіп алады. Аятта осы мәселеге қатысты Жаратқанның нақты байламы келтіріледі: **«Негізінен ондай аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел тозаққа саламыз да, олардың терілері жанған сайын азапты татулары үшін оны басқа терілерге ауыстырамыз. Шәксіз Аллаһ тым үстем, хикмет иесі»** (4.Ниса-56). Иә, аяттан шығатын пайым біреу. Яғни, азаптаудың астарында жатқан және бір басты ұғым о дүниеде адамның әрі тәнімен, әрі жанымен тірілетіндігі.

Хазіреті Пайғамбарымыз Меккеде дінсіздерге Исламды, ақыретті алғаш түсіндіргенде мүшріктер өлгеннен кейін қайта тірілу сенімін мүлде жоққа шығарып, Пайғамбарымызды келеке еткені белгілі. Ал Қасиетті Құран Кәрімнің осы ақырет мәселесіне қатысты тұстарына назар аударсақ, оның айрықша маңыздылығы көзге ұрып тұр. Қайта тірілудің хақтығы сан түрлі мысалдар мен теңеу тәсілдері арқылы кеңінен баяндалған. Енді осы тұжырымымызды аталмыш тәсілдер арқылы жүйелей отырып, бірқатар аяттардан мысал келтіре кетейік.:

1. Құранда қайта тірілуді алғашқы жаратылысқа теңейді, яғни мұның мәні бастапқыда қалай жаратылсаң, екінші мәрте де солай жаратыласың. Әрине, бұл жерде жаратылатын нәрсенің пішіндік жағынан ұқсастық сөз болып отырған жоқ. Дәлірегі, Жаратушы бізді бастапқыда қалай **жаратса**, қайта тірілу де сондай процесс арқылы жүзеге аспақ. Бірде мүшріктердің көсемі Убәй ибн Халаф Пайғамбарымызға шіріген адамның сүйегін әкеліп: «Мына

шіріген сүйекті кім тірілтеді?» - деп жұртшылықтың алдында қайта тірілудің болмайтындығын айтады. Дәл осы оқиғаның артынша мына аят түседі: **«Олар өз жаратылысын ұмытып, бізге мысал берді: «Міне шіріген сүйектерді кім тірілтеді?» – деді. Мұхаммед оларға айт: «Оны сондай алғаш жаратқан тірілтеді. Ол барлық жаратылысты біледі»** (36. Ясин, 78-79).

2. Қиын да күрделі нәрселер мен құбылыстарды жаратқан Аллаһ, одан оңайын әлбетте жасайды. Асылында, Аллаһ Тағалаға әлемдердің, аспан мен жердің жаратылысына қарағанда адамды жаратудың пәлендей қиындығы жоқ екендігі қисынды. Аятта да мұны бізге анық білдіреді: **«Әлбетте, көктер мен жерді жарату, адамдарды жаратудан зор. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді»** (40.Ғафыр-57).

Жеті қабат аспанды тіреусіз, жерді төсек секілді тегіс етіп жаратқан Аллаһ өлгеннен кейін адамды жеп-жеңіл қайта тірілтеді. Құранда аспан мен жердің жаратылысының алты күнде жүзеге асқандығы тұрғысында мәлімет болғанымен, адамның жаратылысы тұрғысында ешқандай уақыт өлшемі келтірілмейді. Демек, адамның жаратылысы Аллаһ Тағаланың («кун», «фәякун» - «бол», «бола салу») шексіз құдіретімен байланысты. Міне адамды дәл солай оңай жаратқан Аллаһ ақыретте де оны тап солай жеңіл жолмен тірілтеді: **«Сондай көктер мен жерді жаратқан Аллаһ олар сияқтыны жаратуға күші жетпей ме? Әлбетте күші жетеді. Ол әр нәрсені жаратушы, толық білуші»** (36.Ясин-81). **«Олар көрмей ме? Шәксіз Ол сондай Аллаһ, көктер мен жерді жаратты. Сондай-ақ оларды жаратқанда болдырмаған Аллаһтың өліктерді тірілтуге шамасы келеді. Әрине, Оның әр нәрсеге күші толық жетуші»** (46.Ахқаф-33).

Адамды өлгеннен кейін қайта тірілту оны әуел баста

жоқтан бар етумен салыстырғанда әлдеқайда күрделі іс емес. Мәселенің осы тұсы да аяттарда тайға таңба басқандай анық әрі ұғынықты түрде қамтылған: **«Ол сондай жоқтан бар етіп, сосын қайта жаратады. Бұл Оған оңай. Әрі көктер мен жердегі жоғары сипат Оған тән. Ол өте үстем хикмет иесі»** (30.Рум-27). **«Алғашқы жарату Бізді шаршатты ма? Жоқ, олар жаңа жаратылыстан күмәндануда»** (50.Қаф-15).

3. Құранда адамның қайта тірілтуін – жансыз, өлі топыраққа теңейді. Қаңырсыған үмітсіз қара жерге дымқыл түсіп, өзегіне су жеткенде көк майса болып көктеп жадырап шыға келетіні секілді шіріген сүйекке де дәл солай жан берілмек: **«...Қураған жерді көресің. Оған жаңбыр жаудырсақ құлпырып, көпсиді де әр түрлі көркем өсімдік шығарады. Осы дәлелдер бойынша шын мәнінде Аллаһ хақ. Күдіксіз Ол өлікті тірілтеді. Өйткені барлық нәрсеге күші жетеді. Әлбетте, қиямет келеді. Онда күдік жоқ. Шәксіз Аллаһ қабірдегілерді тірілтеді»** (22.Хаж, 5-7).

4. Аллаһ Тағаланың құдіретімен бізге қалыпты көрінетін заңдылықтарға кереғар жайттар да болып жатады. Мысалы, біз сулы ағаштан от шықпайтынын білеміз, от шығу былай тұрсын, дымқыл ағаш отындыққа да жарамсыз емес пе?! Ал Аллаһ Тағаланың құдіреті мен шеберлігінің арқасында сулы, жап-жасыл ағаштан да от шығады. Тіпті, сулы ағашты адамдар сіріңке ретінде пайдаланып келді. Ертеректегі Африка тұрғындары сіріңке шықпастан бұрын, сіріңке ретінде арнайы қолданып жүрген кәдімгі өсіп тұрған ағашты кесіп, ішіне шыбық сиятындай етіп тесіп, екі алақанымен шыбықты ұстап әлгі ағашты қатты үйкелеп от шығаратын болған. Міне, Құранда осындай жайттарды алға тарта отырып, оларды қайта тірілудің хикметімен байланыстырады: **«Ол сон-**

дай Аллаһ сендерге жасыл ағаштан от жаратты. Сол уақытта сендер оны жағасындар (Марых, Ғафыр деп аталатын екі жасыл ағаш). Сондай көктер мен жерді жаратқан Аллаһ олар сияқтыны жаратуға күші жетпей ме? Әлбетте күші жетеді. Ол әр нәрсені жаратушы, толық білуші» (36.Ясин, 80-81).

5. Бүгінде әлемдік медицина адам денесіндегі сегіз көз атты сүйектің мүлдем шірімейтіндігін дәлелдеп отыр. Ал бұл мәлімет мұсылмандар үшін аса жаңалық болып табылмайды. Себебі, Хазіреті Пайғамбарымыз адам физиологиясындағы аталмыш ерекшелікті бұдан 14 ғасыр бұрын айтып кеткен еді. Яғни, біз сегіз көз арқылы Аллаһ Тағала ақыретте адамды әп-сәтте қайта тірілтеді деп білеміз.

6. Адам қайта тірілгенде бәз-баяғы қалпында тірілмек. Құранда бұл жөнінде: «Адам баласы біз сүйектерді жинай алмайды деп ойлай ма? Әрине, оны саусақтарының ұшына дейін қайта жасай аламыз» (75. Қиямет, 3-4) деп, тіпті саусақтағы іздерге дейін өзгеріссіз қайта тірілетіні айтылады.

7. Өлім мен қайта тірілуді күз бен көктем айына ұқсатуға болады. Күзде жер бетіндегі күллі өсімдік атаулы қурап, шіріп, ағаштар сояу-сою болып жазғы көркінен айрылады. Мұны көріп, сіз бәлкім: «Мыналардың бәрінің шаруасы біткен екен. Ай бұлар енді қайта көгермес», - дерсіз. Шындығында солай ма? Әсте олай емес, әрине, олардың өзі қуарғанмен өзегі, тамыры тірі. Әлгі сіз өлі деп топшылаған өсімдік әлемі қалай көктем келісімен солай жанданып жасыл желекке бөленіп шыға келеді. Бұл өсімдіктер қайдан шықты? Күздегі өсімдіктер өліп қалмап па еді? Иә, бұл ұлы механизм – Жаратушының шексіз хикметімен көмкерілген. Демек, қабірдегі шаруасы біткен жандай көрінетін өлі дене көктемде қайта

жанданған ағаштай қайта тірілері хақ. Сөйтіп, Исафил екінші рет сурға үрлегенде пенде қабірде қайта тірілімек. Адамның тәні шірігенімен жаны тірі, ол жан тіршілігі бәрзах (көмескі) әлемінде болады. Ақыретте Аллаһтың әмірімен жан мен тән қайта қауышады.

8. Ақыретте болатын жағдайлар

Күллі адамзат қайта тіріліп, Аллаһқа есеп беру үшін махшар алаңына жиналады. Махшар алаңына жиналған адамдар рет-ретімен төмендегідей кезеңдерден өтіп, соңында жәннәтқа лайықтыларына жәннәт бақыты, тозаққа лайықтыларына тозақ азабы бұйырады.

1) Махшар алаңына жиналу сәті

Аллаһ Тағала адамдардан есеп алу хикметімен ақыретте қайта тіріліп, махшар алаңына жинайды дедік. Осы кезде адам жанымен де, тәнімен қайта тіріледі. Адамдардың махшар алаңына жиналу сәті аятта былай келтіріледі:

«Олар қабірлерінен көздерін сүмірейтіп, шашыраған шегіртке құсап келеді. Шақырушы жаққа жүгірген кәпірлер: Бұл ауыр күн, - дейді» (54.Қамар, 7-8).

«Сол күні тақуаларды Рахманның құзырына қонақ түрінде жинаймыз» (19.Мәриям – 85).

«Оларды жинайтын күні дүниеде күндіз бір-ақ сағат тұрғандай болып, олар бір-бірін таниды» (10.Юнус-45).

«Сол күні кісі туысынан қашады. Шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан. Ол күні әркімнің ісі ауыр. Ол күні кейбір жүздер жарқырайды. Күлген қуанышты. Ол күні кейбір жүздің үстін шаң басқан болады. Оны қара түнек қаптаған болады. Міне, солар қарсы келгендер» (80.Абаса, 34-42).

Хадистерде махшарға жиналатын сәтте адамдар ана-

дан туғандай болып жалаңаш баратындығы, кім қалай өлсе, солай тірілетіндігі айтылады. Хазіреті Айшадан жеткен риуаят бойынша, Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Адамдар қиямет күні жалаң аяқ, жалаңаш және сундеттеусіз болып жиналады»*. Хазіреті Айша: *«Я, Расулуллаһ! Ол кезде әйелдер еркектерге, еркектер әйелдерге қарап қоймай ма?»*, - деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Ей, Айша! Ол кездегі жағдайда ешкімнің ешкімге қарауға шамасы жетпей болмайды. Тіпті қарау ойына да келмейді. Өйткені, ол кездегі жағдай өте қорқынышты»*, - деді (Бухари, Рикақ 5; Муслим, жәннәт – 14).

Және бір хадисінде Хазіреті Пайғамбарымыз бұл мәселе жайында бізге ұлы сабақ боларлықтай мына мәселені айтады: *«Адамдар қиямет күні үш топ болып жиналады, жаяу, атты және бетімен жүретіндер тобы»*. Сонда сахабалар: *«Я, Расулуллаһ! Адамдар бетімен қалай жүреді?»* - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Оларды аяғымен жүргізген Аллаһ, бетімен жүргізуге күші жетеді»*, - деп жауап берді (Тирмизи, Тәфсир, 18; Ахмед ибн Ханбал, II, 354).

2) Амал дәптерлерінің таратылуы

Махшар алаңына жиылған адамдарға осы дүниеде жасаған амалдарын тіркеген, жазған амал дәптерлері таратылады. Адамдар осы дәптер арқылы Аллаһқа есеп береді. Амал дәптердің қандай болатындығы бізге беймәлім. Яғни, ол біз білетін дәптер ұғымын бермейді. Пенденің жақсылы-жаманды барлық амал-әрекеттері екі иығындағы ардақты екі періште оның амал дәптеріне жазады. Құранда мұны былай деп келтіреді: **«Әр адамның қылығын мойнына саламыз. Сондай-ақ қиямет күні оның кітабын шығарамыз. Оған ашылған түрде кез-**

деседі. Кітабынды оқы, есеп көру тұрғысынан өз-өзіңе жетесің (делінеді)» (17.Исра, 13-14)

«Амал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәһарлардың, одан қорыққанын көресің. Олар: Ойпырм-ай! Бізге нендей өкініш! Мына Кітапта кішкене нені де, үлкенді де тастамай-ақ түгендепті, - дейді. Сондай-ақ олар істегендерін дайын түрде табады. Раббың ешкімге әділетсіздік етпейді» (18.Кәһф – 49).

Амал дәптері жәннәттықтарға оң жағынан, тозақтықтарға сол жағынан беріледі. Амал дәптері оңынан берілгендерге - Құранда «асхабы ямин», сол жағынан берілгендерге - «асхабы шимал» делінеді. Құранда бұл жөнінде төмендегідей жайттар баян етілген: «**Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай өте тырыссан, сонда Оған жолығасың. Ал енді кімнің дәптері оңынан берілсе, сонда ол дереу жеңіл есеппен есептеледі. Ол үй-ішіне қуанып қайтады. Ал кімнің дәптері арт жағынан берілсе, дереу өлім шақырады. Қайнаған тозаққа түседі. Өйткені ол өз үйінде мәз-мейрам еді. Негізінен ол Аллаһқа қайтпаймын деп ойлайды. Олай емес. Расында Раббы оны бақылауда еді**» (84.Иншиқак, 6-15).

3) Пенденің Аллаһқа есеп беретін күні

Он сегіз мың ғаламның жаратушысы Ұлы Аллаһ – шексіз әділет иесі. Сол себепті Аллаһ Тағала мұсылман мен кәпірді, жақсы мен жаманды тең тұтпайды. Әркімнің жасаған іс-әрекетіне қарай сый яки жазасын береді. Шынайы әділдік тек ақыретте Аллаһтың құзырында ғана болады. Сондықтан пенде махшар алаңында жасаған амалына есеп береді. Аллаһ Тағала мұсылман мен кәпірдің, жақсы мен жаманның тең емес екендігін аятта былай деп келтіреді: «**Көк пен жерді әрі екі арасындағыларды босқа жаратпадық. Ол қарсы келгендердің ойы. Сондықтан**

оттан азап болатын қарсы келгендерге қандай өкініш. Немесе иман келтіріп, ізгі іс істегендерді жер бетіндегі бұзақылардай қыламыз ба?» (37.Сад, 27-28).

«Соқыр мен көруші тең емес. Сондай-ақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер мен жамандық істеушілер де тең емес. Аз ғана түсінерсіңдер. Расында қиямет сағаты келеді. Онда шәк жоқ. Бірақ адамдардың көбі сенбейді» (40.Ғафыр, 58-59).

Махшар алаңында әрбір адамның амал дәптері өздеріне таратылған соң, Аллаһ Тағала пенделерінен жеке-жеке есеп алады. Хазіреті Пайғамбарымыз бір хадисінде әрбір адамнан мына бес сұрақ міндетті түрде сұралатындығын айтады:

1. Өмірін қайда өткізгендігі.
2. Жастық шағын қалай өткізгендігі.
3. Мал-дүниесін қандай жолмен тапқандығы.
4. Мал-дүниесін қалай жұмсағандығы.
5. Білгендерімен амал етіп-етпегендігі (Тирмизи, Қиямет, 1 бөлім, 2416 хадис).

Пенде Аллаһтың құзырында есеп беру кезінде жасаған қылмысын мойындамай жалтарғанда, амал дәптері ұсынылады да бүкіл ісі әшкере етіледі. Пенде сонда да мойындаудан жалтарған сәтте оның он екі мүшесіне тіл бітіп, Аллаһтың құзырында жасаған қылмыстарын тізбектеп айта жөнеледі. Аятта осындай сәттің хақтығын былай түсіндіреді: **«Сол күні Аллаһтың дұшпандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды-артын тосады. Ақыр оларға барған кезде оларға құлақтары, көздері және терілері олардың не істегендеріне айғақ болады. Олар терілеріне: «Не үшін бізге куә болдыңдар?» - дейді. (терілері): «Бізді не нәрсені де сөйлеткен Аллаһ сөйлетті. Сендерді алғаш рет жаратқан және Сол жаққа қайтарыласыңдар», - деп жауап береді. Сендер**

өздеріне құлақтарың, көздерің және терілерің айғақ болады деп жасырынбаушы едіңдер. Тіпті Аллаһ істегендеріңнің көбін білмейді деп ойлаушы едіңдер. Міне осы Раббыларың туралы ойлаған ойларың өздеріңді жойды да, сонда зиянға ұшыраушылардан болдыңдар» (41.Фуссилат, 19-23).

«Қиямет күні оларға тілдері, қол-аяқтары не істегендеріне айғақ болады. Сол күні Аллаһ оларға лайықты жазасын береді. Сондай-ақ рас Аллаһтың ашық шындық екенін олар біледі» (24.Нұр, 24-25).

Адам мүшелерінің айғақ болулары аздай, қара жер де өзін таптап, жаншып, үстінде неше түрлі пәлені жасаған пенденің әрекеттері үшін қияметтегі ұлы есеп кезінде куәлік етеді. Әбу Хурайрадан жеткен риуаят бойынша, Хазіреті Пайғамбарымыз «Ол күні жер хабарын айтады» мағынасындағы «Зилзәл» сүресінің 4-аятын оқып:

- Жердің қалай хабар беретіндігін білесіңдер ме? - деп сахабаларынан сұрайды. Сахабалар:

- Аллаһ пен Оның Елшісі ең дұрысын біледі, - деп жауап қатады. Сонда Расулуллаһ:

- Жердің хабар беруі деген сөз, еркек пен әйел яғни әрбір пенденің жер бетінде жасаған амалы жайында пәленше мына күні мына сағатта ана жерде мынаны істеді деп хабар береді, - деді» (Тирмизи, Қиямет, 7 бөлім, 2429 хадис).

Ақыретте Аллаһтың кеңшілігімен жәннәтқа кіретіндер, балиғатқа толмаған сәбилер және балиғатқа жетпестен ақыл есінен ауысып өлген пенделер есеп бермейді.

Есеп беру кезінде әділетсіздік атаулыға жол жоқ. Кімнің біреуде ақысы болса, Аллаһ оның ақысын әпереді. Ол кезде ақысы өткен кісі өзіне жәбір көрсеткен кісіні кешірмей, керісінше оның ақысына сай сауабын сұрайды. Ал егер оның сауабы жоқ болса, өзінің күнәсін соның мой-

нына артуды талап етеді. Бір хадисте бұл жайт былайша баяндалады: «Хазіреті Пайғамбарымыз: «Муфлистің кім екендігін білесіңдер ме?» - деп сұрады. Сахабалар: «Муфлис – ақшасы мен малынан түгел айрылған кісі», - деп жауап береді. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз сөзін былай деп жалғастырады: «Үмметімнен ақыретте тақырға отырушы кісілер, қиямет күні оған тіл тигізген, жала жапқан, оның малын жеген, оның қанын төккен күйде намаз, ораза және зекетімен келетін кісі. Оның сауабы анаған беріледі, жақсылықтары мынаған беріледі. Мойнындағы қарызы толық бітпестен жақсылығы бітіп қалса, олардың күнәлары алынып, оның мойнына атылады. Содан соң ол адам тозаққа тасталады» (Муслим, Тирмизи риуаяты).

4) Пенденің амалы тартылатын таразы

Адам жақсылы-жаманда амалдарымен Аллаһ Тағаланың құзырына барады. Міне, сол жерде пенденің амалын өлшейтін таразы болады. Әр адамның амалы осы таразыда (мизанда) өлшеніп, сауабы ауыр тартқандар жәннәтқа кіреді де, күнәсі ауыр тартқандар тозаққа тасталады. Егер тозаққа тасталушы иман еткен кісі болса, күнәсінің мөлшеріне қарай тозақта жазасын өтейді де, сонан соң тозақтан шығарылып жәннәтқа кіреді.

Әрине, бұл таразы Иләһи әділет өлшемі болғандықтан, біздің ұғымымыздағы таразыдай емес. Оның шынайы болмыс-бітімі бір Аллаһқа аян. Қиямет қайымдағы әділет таразысы жайында аяттарда төмендегідей мәліметтер келтіріледі: **«Қиямет күні туралық таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір дән түйірінің салмағындай болса, оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз»** (21.Әнбия – 47).

«Ал сол күні кімнің таразысы ауыр тартса, міне солар құтылушылар. Ал кімнің таразысы жеңіл тарт-

са, міне олар өздерін зиянға ұшыратқандар. Олар тозақта мәңгі қалады» (23.Муминун, 102-103).

Пенденің қай амалы таразыда ауыр тартатындығы белгісіз. Мәселен, үлкен бір қайырлы амалыңыз титтей сауапқа баланып, керісінше өзіңіз «бұл титтей ғана амалым ғой» деп жүрген әрекетіңіздің сауабы ұшан-теңіз болуы мүмкін. Кейде Аллаһты бір сәт зікір етудің өзі ұлы құлшылық екенін біле бермейміз. Асылында, Аллаһты зікір ету тілге жеңіл болғанымен – таразыда сауабы өте ауыр болады. Хазіреті Пайғамбарымыз былай дейді: **«Тілге жеңіл, таразыда ауыр Рахманның жақсы көретін екі сөзі бар: Субханаллаһи уа бихамдиһи, субханаллаһил азим»** (Бухари, Муслим риуаяты).

Әділет таразысында құлдың жасаған бүкіл амалдары өлшенеді. Кейбіреулер «Аллаһ біреу, ал жер шарында миллиардтаған адам бар. Олардың бәрі ақыретте Аллаһ құзырында жеке-жеке есеп беретін болса, қанша уақыт кезекте тұрады екен» деп ойлауы мүмкін. Мейлі адам миллиард болсын, мейлі триллион болсын, Аллаһ адамдардан дүниеде істеген ісі жайында есеп алуда өте жылдам (сарифул хисаб). Бір адамнан есеп алуы кезінде екінші бір адамнан есеп алуына құдіреті жетеді. Сол секілді күллі адамзаттан бір мезетте жеке-жеке есеп алады.

5) Кәусар хауызы

Қиямет күні Аллаһ пайғамбарларына бірер хауыз береді. Әр пайғамбардың жәннәтқа баратын үмметі сол хауыздан су ішеді. Ол хауыздан бір жұтым су ішкен пенде еш уақытта шөлдемейді. Хазіреті Пайғамбарымыздың да Кәусар атты хауызы бар екендігін «Кәусар» сүресі баян етеді. Кәусар хауызынан бір жұтым су ішу әрбір мұсылманға бұйыра бермейді. Хауыздан бір жұтым су ішу бақытына ие болу үшін шынайы мұсылмандардың

сапында болып, Аллаһтың әмірі мен Пайғамбар сүннетін кәміл орындау қажет. Хазіреті Пайғамбарымыз хауызы жайында былай дейді: *«Кәусар хауызына сіздерден бірінші болып мен барамын. Маған келген кісі одан ішеді. Одан ішкен ешқашан шөлдемейді. Кейбір қауым маған келгенде мен оларды танымын, олар да мені таниды. Содан кейін мені мен олар арасында зәбәни (тозақ) періштелері кіріп кедергі болады. Мен: «Олар менің үмметім», - дегенімде, маған: «Олар сенен кейін не нәрселер жасағанын білмейсің зой», - дейді. Бұдан кейін мен: «Менен кейін дінін ауыстырғандар хауыздан алыс тұрсын», - деймін»* (Бухари, Рикақ 53; Муслим, Фәдәйл – 9).

Екінші бір хадисте былай дейді: *«Менің хауызымның бір жағы бір айлық жол. Суы сүттен ақ, балдан тәті, шынылары көктегі жұлдыздардан да көп. Одан бір рет су ішкен жан ешқашан шөлдемейді»* (Тирмизи, Қиямет, 14, 15; Ибн Мажа, Зухд 39; Әбу Дәуіт, Әдәб 21).

6) Сырат көпірі (қыл көпір)

Сырат – тозақтың үстінен өтетін жол, яғни көпір. Әрбір пенде осы көпірден өтеді. Сырат көпірінен өтудің жеңілдігі не болмаса қиындығы пенденің осы дүниеде жасаған амалына, тақуалығына, ықыласына қарай өзгеріп отырады. **«Сендерден тозаққа келмейтін (сыраттан өтпейтін) ешкім болмайды. (бұл) Раббыңа тұжырымды, міндетті бір үкім. Соңыра тақуа болғандарды құтқарамыз да залымдарды тозаққа жүгіндіріп қоямыз»** (19.Мариям, 71-72). Аятта тікелей сырат сынағының кімдерге қатқыл, кімдерге жұмсақ екені айтылып тұр.

Сыраттан әр пайғамбар өз үмметімен өтетіндіктен, әз пайғамбарлар өз үмметі үшін Аллаһқа жалбарынып дұға етіп жарылқау сұрайды. Яғни: *«Аллаһым, өзің амандық бере гөр!»* деп дұға етеді. Сырат көпірінің қандай екендігі жайында хадистерде дәлме-дәл нақты ешқандай мәлімет

жоқ. Сондықтан оның болмыс-бітімінің қандай екендігі бір Аллаһқа аян.

Пайғамбарымыз бұл мәселе жөнінде: *«Тозақтың үстіне сырат құрылады. Одан бірінші өтетін мен және үмметім болады. Ол күні Пайғамбарлардан басқа ешкім сөйлемейді. Пайғамбарлардың дұғасы да: «Аллаһым, амандық бер» болады»* (Бухари, Азан 129; Муслим, Иман 81) дейді.

7) Шапағат

Ақырет күні Аллаһ Тағаланың рұқсатымен пайғамбарлар сауабына қарағанда күнәсі басым болған күнәһар муминдерге шапағатшы болады. Аллаһтан олар үшін медет тілеп, тозақ отынан сақтап қалу үшін жалбарынады. Сондай-ақ, пайғамбарлардың шапағатына ие болған кейбір муминдердің дәрежелері де көтеріледі.

Пайғамбарлармен қатар ең сүйікті құлдар да Аллаһтың рұқсатымен шапағат ету құзіретіне ие болады. Бірақ Аллаһтың рұқсатынсыз ешкім де шапағатшы бола алмайды. Бұл тақырыпқа қатысты көптеген аяттар бар: **«Оның рұқсатынсыз ешбір шапағатшы жоқ»** (10. Юнус-3). **«Оның құзырында өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді?!»** (2.Бақара-255).

Шапағатқа Аллаһтың разы болған пенделері ғана қол жеткізеді: **«Олар Аллаһтың разы болған кісісіне ғана шапағат ете алады»** (21.Әнбия-28). Ал кәпірлер мен мунафиқтерге шапағат етілмейтіні жайлы аятта: **«Сонда оларға шапағатшылардың шапағаты пайда бермейді»** (74.Мудәссир – 48) делінген.

Ал Хазіреті Пайғамбарымыздың Аллаһтың рұқсатымен шапағат ететіндігін әһли сүннет жолын ұстанушылар қабыл етеді және Пайғамбарымыздың шапағаты үлкен күнә істеген мұсылманға болатындығына

бек сенеді²⁰⁹. Әһли сүннет сенімі бойынша, пайғамбарлар, әулиелер, шейіттер мен ғалымдар үлкен күнә істеген кісілерге шапағат ете алады.

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) үмметіне шапағат ететіндігі жайында былай дейді: *«Шапағатым үмметімнен үлкен күнә істегендер үшін»* (Әбу Дәуіт, Сүннәт 21; Тирмизи, Қиямет, 11). *«Әр пайғамбардың өзіне тән, жасағанда қабыл болатын бір дұғасы бар және онымен дұға еткен. Ал мен болсам дұғамды ақыретте үмметіме шапағат ету үшін қалдырдым»* (Бухари, Дауат 1; Муслим, Иман 86). Сонымен қатар ғалымдарымыз «Исра» сүресінің: *«Түннен оянып Құранмен өзіңе тән нәпіл оқы, Раббыңның сені мақтаулы орынға жеткізуінен үміт етіледі»* мағынасындағы 79-аяты Пайғамбарымызға шапағат құқығы берілетіндігіне тікелей дәлел болатындығын алға тартады.

Пайғамбарымыздың шапағаты жайындағы және бір хадисте былайша баян етіледі: *«Қиямет күні күн өте жақындатылып адамдар ыстықтан терлейді. Адамнан аққан терден амалына сай тобығына, кіндігіне құлағына дейін шомады. Міне осындай жан қинаушы ыстық кезінде Хазіреті Адамнан шапағат сұрайды. Ол: «Мен шапағат ете алмаймын», -дейді. Содан Мұсаға барып көмек сұрайды, ол да солай жауап қайырған соң, Хазіреті Мұхаммедтен (с.а.у.) шапағат сұрайды. Ол шапағат етеді. Содан кейін халық араларындағы үкімді орындау үшін жылжып, жәннәттың есігіне дейін барады. Сол күні Аллаһ Тағала еліісіне мақталған мақамды береді. Махшар халқының бәрі Мұхаммедке (с.а.у.) мақтау айтады»* (Бухари, Зекат-52). *«Қиямет күні болғанда мен пайғамбарлардың имамы, сөз басшысы және шапағаттарының иесі боламын. Бірақ бұнда*

²⁰⁹ Мәтнул акайди ли-Умари ән-Нәсәфи, 7-бет.

мақтанатын еш нәрсе жоқ» (Тирмизи, Мәнакиб 1; Ибн Мажа Зухд 37).

Мұсылман кісінің Хазіреті Пайғамбарымыздың шапағатына сеніп, атқаратын әрбір міндеттеріне немқұрайлы не селқос қарамағаны абзал. Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей шапағат Аллаһтың разылығына бөленген құлдарына ғана беріледі.

8) Жәһәннам – дінсіздер мен имансыздардың мекені

Сырат көпірінен өте алмаған пенделердің тозақ отына лақтырылатындығы белгілі. Мәселе солай болғандықтан жәһәннәм - кәпірлер мен мүшріктердің және мунафиқтардың мәңгілік азап шегетін мекені. Ал күнәһар мұсылмандар істеген күнәларының деңгейіне қарай жәһәннамда соның жазасын тартып, жүрегіндегі әдепті иманының арқасында соңында жәннәтқа барады. Құранда жәһәннамның түрлі есімдері мен дәрежелері келтіріледі. Мысалы, Нар (от), Хауия (түскендердің көпшілігі қайтпайтын жер), Сайр (лаулаған от пен жалын), Лазза (түтінсіз от), Сакар (от), Хутама (қып-қызыл қарыған от) деген тәрізді атаулар кездеседі. Бұлардың әрбірі тозақтың түрлерін білдіреді.

Жәһәннамның қандай екендігі, имансыздардың онда қалай жазаланатындығы Құранда жан-жақты кеңінен баяндалған. Тоzaқтың отыны адамдар мен тастардан құралған. Жәһәннәм азабын тартып жатқандардың ішетіндері – ыстық қайнаған су мен қан аралас ірің. Тозақ олар үшін бейне бір зындандай болып, олардың дене бітімдері жанып біткен сайын ет пен тері қайта кигізіліп, мәңгілік азап шегеді. Осылайша Аллаһтың әмірі мен тыйымдарына қарсы келгендердің жазасы адам айтқысыз ауыр болады.

Егер жәһәннәм азабы болмаса, өмірдегі жақсы мен

жаманның, халал мен харамның, ақ пен қараның, күнә мен сауаптың пәлендей маңыздылығы да болмай, адамзаттың жаратылысының да ешбір мәнісі қалмас еді. Әркім өз білгенін істеп, күшті әлсізді езіп, бейбіт қоғам құру мен өмір сүру еркіндігі мүлдем шектеліп, адамдық қасиеттен жүрдай болып, қадір-қасиеттен айрылар едік. Сондықтан Аллаһ адамның мәртебесін өлшеу үшін тозақ пен пейішті жаратты. Бұл қай тұрғыдан алсақ та әділеттің ақ туындай Жаратушының бізге берген баға жетпес сыйы екендігін ұмытпауымыз керек.

9) Жәннәт - мүминдердің мәңгілік бақыт мекені

Қияметте ақырет күнінің есебінен абыроймен өткендер сырат көпірінен де жеңіл өтіп, өздеріне уәде етілген мекендері жәннәтқа кіреді. «Жәннәт» сөзі – бау-бақша, жанға жайлы саяжай деген ұғымды білдіреді. Ол – мүминдердің мәңгілік мекені болғандықтан, онда Аллаһтың мүмин құлдарына сыйлаған шексіз нығметтері бар. Жәннәтта астынан өзендер ағып жататын зәулім сарайлар, түрлі-түсті жеміс-жидектер, сан алуан тағам түрлері, яғни адам қажеттілігін қанағаттандыратын ғажайыптардың барлығы бар. Жәннәттың басты ерекшелігі онда өлім жоқ, тек мәңгілік жалғасатын ләззатті өмір, бақыт һәм қуаныш бар. Мұншалықты нығметті Аллаһ өзіне иман етіп, әмірі мен тыйымдарын бұлжытпай орындаған пенделеріне ғана нәсіп етеді. Жәннәттағы Жаратушының ұлы сыйы жайында көптеген аяттарда баян етілген.

Құранда жәннәттың түрлерін мына есімдер арқылы танып білеміз: Жәннәтул мәуа (шәхидтер мен мүминдердің мекені), Дарул хулуд (мәңгілік үйі), Фирдаус (барлық нәрсені қамтыған жәннәт бағы), Дарус-Сәләм (амандық, есендік мекені), Жәннәтул адн (тұрақты,

мәңгілік жәннәты), Дарул муқама (мәңгі қалатын жер), Әл-Мақамул-әмин (сенімді мақам).

Жәннәттің таңғажайып асыл мекен екендігі Құранда да ап-айқын баяндалады: «Иман келтіріп, ізгі іс істегендерді қуандыр! Расында олар үшін астарынан өзендер ағатын жәннәттар бар. Әрқашан оларға оның жемісінен бір ризық берілсе, олар осы бізге бұрын да беріліп еді деп айтады. Тағы соншасы беріледі. Әрі олар үшін тап-таза жұбайлар бар. Олар онда мәңгілік қалады». Жәннәттағы адамның қиялы жетпейтіндей өте әдемі де сүйкімді, қараған сайын көздің нұрын алатындай тартымды өзге де нығметтердің бар екендігін мына бір хадистен білеміз: *«Аллаһ былай дейді: «Мен Салих құлдарым үшін жәннәтта ешбір көз көрмеген, бұрын-соңды ешбір құлақ естімеген, ешбір адамның ойына кіріп-шықпайтын кейбір нығметтер дайындадым»* (Бухари Тәфсир 32 сүре; Муслим Жәннәт 1; Ибн Мажа, Зухд 39).

Мүминдер үшін жәннәттағы ең үлкен нығмет – Аллаһтың разылығын алу мен Оның дидарын көру. «Тәубе» сүресінің 72-аяты да осыны меңзейді: *«Аллаһтың разылығы – (жәннәттың барлық нығметтерінің) ең үлкені. Міне, осы – ең үлкен табыс, қол жеткізушілік».*

X БӨЛІМ

ТАҒДЫР МЕН ҚАЗАҒА ИМАН

1. Тағдыр мен қазаға иман

Иман шарттарының алтыншысы – тағдырға иман. Тағдыр – араб тіліндегі «қадар» деген сөзден шыққан. «Өлшеу, бір нәрсені белгілі бір өлшем бойынша жарату, белгілеу» дегенді білдіреді. Ал діни терминологиядағы мағынасы – әлем жаратылғаннан бастап, болмыста болатын бүкіл құбылыстар мен жаратылыстардың қашан болатындығын, мезгілін, орнын, мекенін, ерекшеліктері мен сипатын Аллаһ Тағаланың ежелден яғни әу бастағы ілімімен белгіленіп, өлшеніп қоюымен байланысты. Тағдыр – Аллаһтың «Ілім» сипатымен жүзеге асады²¹⁰.

Тағдыр – осы әлемді және оның ішіндегі сан-алуан түрлі жаратылыс иелерін белгілі бір жүйе мен тәртіп бойынша басқаратын иләһи заңдылық. Құранда жер бетіндегі күллі мақлұқаттың болмыс-бітімі Жаратқанның белгілі бір тәртібімен өлшеніп қойылғандығы тұрғысында көптеген аяттар бар.

«Оның жанында әр нәрсе өлшеулі» (13.Рағызд-8).

«Шын мәнінде әр нәрсені бір өлшеумен жараттық» (54.Қамар-49).

«Сондай-ақ әр нәрсені жаратып, оның өлшеуін белгіледі» (25.Фурқан-2).

Ал «қаза» дегеніміз – Аллаһтың ежелден, әу бастан белгілеп, тағдырға жазып қойған құбылыстар мен жаратылыстардың уақыт, сағаты, мезгілі мен мекені, сәті келгенде жүзеге асуы. Яғни, әуелден Аллаһтың ілім

²¹⁰ Сайм Клавуз, ж.к.е., 106-бет; Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 118-бет.

мен қалауына сай бекітілген нәрселердің уақыты келгенде, Жаратушының «Тәкуин» сипаты арқылы іске асуы. Сондықтан табиғаттағы барлық нәрселер Аллаһтың тағдыр мен қазасына сәйкес болады. Еш нәрсе тағдыр мен қазадан тыс өздігінен яки кездейсоқ жүзеге аспайды.

Тағдыр мен қазаға иман – Аллаһ Тағаланың Ілім, Ирада, Құдірет және Тәкуин сипаттарына иман ету. Себебі, тағдыр мен қаза Аллаһтың осы сипаттары арқылы өлшеніп, белгіленіп, жаратылады. Бұл жағдайда біздер тағдыр мен қазаға иман етумен қатар жақсылық пен жамандықтың, ащы мен тәттінің, бүкіл жаратылыс атаулының Аллаһтың білуі, қалауы мен жаратуынан тұратындығына иман еткен боламыз.

Құранда иман негіздерімен байланысты аяттарда (Бақара-117; Ниса-136) тағдыр мен қазаға иман ету мәселесі айтылмаған. Бірақ, Хазіреті Пайғамбарымыздың мәшһүр «Жибрил» хадисінде тағдырға сенудің де иманның шарттарына кіретіндігі айтылады. Бірде Хазіреті Пайғамбарымыз сахабаларымен бірге отырғанда Жәбірейл періште адам бейнесінде келіп, былай деп сұрақ қояды:

- Иман дегеніміз не? Сонда оған Хазіреті Пайғамбарымыз:

- Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне, тағдырға сену, - деп жауап береді (Муслим, Иман 1).

Құранда тағдырға иман ету мәселесі айтылмағанымен, жоғарыда келтірілген аяттарда барлық нәрсенің әу бастан тағдырға белгіленіп қойылғандығы ашық түрде баян етілген. Әһли сүннет бойынша, тағдырға сену – иман шарттарының бірі. Исламда Муғтазила секілді кейбір адасқан ағымдар тағдырға иман ету мәселесін Құранда

тікелей айтылмаған деу арқылы оны тіптен жоққа шығарады.

2. Адам тағдырының жазылу мәселесі

Аллаһ Тағаланың шексіз ілімі – өткенді, қазіргіні және келешекті де бірдей қамтиды. Сондықтан Жаратушының назарынан еш нәрсе тыс қалмайды. Құранда бұл мәселе жайында көптеген аяттар бар. Мысалы: **«Аллаһ олардың істегендерінің бәрін толық біледі»** (24.Нұр-41). **«Аллаһ олардың өткенін, келешегін біледі. Өзгелер оны толық білмейді»** (20.Таһа-110). Мәселе осылай болған соң әлемдегі болып кеткен, болып жатқан және болатын барлық нәрсе Аллаһтың қазасы мен тағдырына сәйкес жүреді. Ешқандай тіршілік иесі Аллаһтың Ләуһу Махфузында жазылған иләһи тағдырының шеңберінен тыс әрекет ете алмайды.

Күллі мақлұқат әлемінің тағдыры әуел бастан Ләуһу Махфузда жазылғандықтан, әлбетте әрбіріміздің де тағдырымыз сонда жазылған. Ләуһу Махфуз тағдыр кітабының негізгі нұсқасы болып, барлық болатын хәм болған нәрселер сонда жазылады. Құранда бұл жайында былай дейді: **«Мұхаммед оларға айт: «Бізге Аллаһтың жазғаны ғана болады»** (9.Тәубе-51). **«Жазуда еш нәрсені қалдырмадық»** (6.Әнғам-38).

Сондықтан Ләуһу Махфуздағы «Ана кітап» (Уммул кітаб) негізге алына отырып, басқа кітаптар мен дәптерлерге Аллаһтың әмірімен періштелер көшірме жасайды²¹¹. Яғни, әрбір адамның тағдыры осы ана кітаптан жекелеген кітаптар мен дәптерлерге көшіріледі. Мысалы, біз мұны мемлекеттің азаматтарына жеке басын тұлғаландыратын құзырлы мекеме тарапынан қолымызға берілетін куәлікті

²¹¹ М. Абдулфеттах Шахин, Инанжын Гөлгесінде, 1-том, 211-бет.

осы мәселеге ұқсатсақ, түсінікті болар деп ойлаймыз. Әрбір азаматтың негізгі құжаттары құзырлы мекемедегі тіркеуде тұратыны белгілі. Қажет кезде сол түпнұсқадан көшірме жасалынады. Ал көшірме мен түпнұсқаның арасында пәлендей айырмашылықтың болмасы түсінікті жайт. Сол секілді кез-келген тіршілік иесінің тағдыры Аллаһ Тағаланың Ләуһу Махфузына жазылған соң оның көшірмесін періштелер жасайды. Адам тағдырын ана жатырында жатқан кезде жазатындығын мына хадис баян етеді. *«Сіздерден әрбіріңіздің жаратылысы былай болады: Қырық күн мәни болып ана жатырында күтеді. Содан кейін ұйыған қан болып қырық күн тұрады. Содан бір түйір ет болып, тағы қырық күн тұрады. Содан кейін Аллаһ Тағала төрт сөзбен бір періште жібереді. Ол періште оның а) өмірін, ә) рызығын, б) амалының жаман немесе в) жақсы болатындығын Ләуһу Махфузға жазады. Жақсы деп жазған кісі алғашқыда тозақилардың амалын жасайды. Тіпті жаман әрекет жасап тозақпен екеуінің арасы өте жақын қалады. Бұл кезде кітаптағы үкім оның бағытын, тағдырын өзгертіп үстем келеді. Сөйтіп, жәннәтқа баратындардың амалын жасауға көшеді де, ақырында жәннәтқа кіреді. Ал жаман амал жасап тозаққа баратын кісі болса әуелде жәннәтқа апаратын амал жасайды. Тіпті онымен жәннәт арасы өте жақын қалғанда, кітаптың үкімі оның әрекетіне үстем келеді. Сөйтіп, тозаққа баратындардың амалын жасайды. Осылайша тозаққа барады»* (Бухари, Муслим риуаяты).

Адам сайып келгенде, бұл дүниеде ешқандай мәжбүрлікке түспестен тек өз қалауымен тағдырда жазылған нәрсені ғана істейді. Бірақ, бұл жерде адамның жасаған амалдарының оның ерік-жігері мен қалауынан туындайтынын назарда ұстауымыз керек. Яғни, адам

белгілі бір істі жасауды қаласа, Аллаһ Тағала оның сол қалауына сай сол істі жаратады. Жоғарыда Аллаһ барлық нәрсені әуел бастан біліп, тағдырға жазып қойған дедік. Бірақ, бұл жерден «біздің іс-әрекетіміз әлмисақтан белгіленіп қойылған екен, біз соны тек қайталап шығады екенбіз» деген түсінік туындамауы керек. Себебі, мәселе бұл жерде тіптен бұлай емес. Асылында, Аллаһ қиямет қайымға дейінгі күллі тіршілік иесінің, адамзаттың не істейтіндігін, қандай жолды таңдайтындығын өте жақсы біледі. Бірақ, біздің әрекетіміз Аллаһтың әлгіндей барлығын білетіндігі үшін жасалмайды. Керісінше, біздің қандай іс-әрекет жасайтындығымызды Аллаһ әуелден-ақ біліп, тағдырымызды солай белгілеген. Мысалы, күн мен айдың қашан тұтылатындығын ғалымдар алдын ала арнайы құралдар арқылы есептеп, пәлен уақытта тұтылатындығын айтады. Енді осы жерде аздап ойланып көрейікші, сонда күн ғалымдардың айтып, жоспарлап қойғандығынан тұтылды ма? Әлде ғалымдар күннің тұтылатындығын есептеп білгендігі үшін дәл сол уақытта тұтылды ма? Әлбетте, бұл жерде ғалымдар айтсын, айтпасын күннің сол уақытта тұтылары хақ. Ал бірақ, мұнда ең мағыздысы ғалымдар күннің дәл сол уақытта тұтылатындығы анық білгендіктен әлгі уақытты белгілеп айтып отыр. Сол секілді метеорология орталығы ертең қар жауады десе, қардың солардың айтқандары үшін жаумайтыны өз-өзінен түсінікті. Міне, дәл осы мысалдар іспетті біз де Аллаһтың жазып қойғандығы үшін амал етпейміз. Біздің қалай амал ететінімізді Аллаһ әуел бастан біледі. Ал біз өз қалауымызбен амал етеміз де сол Аллаһтың иләһи ілімімен межелеп қойған тағдыр жазуымызды табамыз.

Хазіреті Пайғамбарымыздың бір хадисінде: «Аллаһ сендердің әрбіріңнің жәннәттағы немесе тозақтағы орындарыңды жазып қойған. Оның жаман не жақсы болғандығы да жазылған. Сонда бір адам: «Уа, Аллаһтың

Елшісі тағдырымыз белгілі екен әуелде жазылған маңдай жазуымызға сеніп, амал етуді тәрк етсек қалай болады? - деп сұрады. Пайғамбарымыз: «Жақсы адам жәннәттың амалын істейді. Жаман болғандар тозақтықтардың амалын істейді. Сендер амал етіңіздер. Әркім не үшін жаратылған болса соған жетеді. Жақсы адамға жәннәттықтардың амалы жеңілдетіледі», - деді» (Бухари, Жәнәйз 83; Мус-лим, Қадар-1).

3. Адамның ерік-жігері мен қалау еркіндігі

Жаратушы алдында пенденің жауапты болуы не болмауы екі тұрғыда қарастырылады. Біріншісі, адамның қалауымен яғни ықтиярымен, екіншісі, пенденің қалауынан тыс болатын әрекеттер. Шарифатта бұны ихтияри (қалауымен) және изтирари (мәжбури) әрекеттер деп атайды²¹². Мәжбури әрекеттерге адам бойындағы дене мүшелерінің жұмыс істеуін айтуға болады. Мысалы, жүректің соғуында, асқазанның ас қорытуында, тыныс алуында адамның ешқандай ықпалы болмайды. Сондықтан адам өз еркінен тыс жүзеге асатын мұндай әрекеттер үшін Аллаһтың алдында жауап бермейді. Бірақ, дені-басының саулығына селқос қарап, өзін тіпті күтпеген адам онысына жауапты болмақ.

Ал, адамның ерік-жігері мен қалауы арқылы болатын іс-әрекеттерге келсек, оларға: отыру, тұру, бару, келу, ұру, соғу, құлшылық ету, етпеу секілді т.б. көптеген амалдар жатады. Мұндай саналы әрекеттері үшін пенде не мол сауапқа кенеледі, не мол күнә арқалайды. Демек, пенденің ерік-жігеріндегі бұл істер оның өз қалауымен болады. Оны мұндай іске ешкім мәжбүр етпейді. Пенде бір істі қалап, соны жасамақ болып ұмтылса, Аллаһ оның қалауына сай, сол ісін жаратады, болдырады. Бұл да Аллаһтың тағдыры

²¹² Сейфеддин Языжы, ж.к.е., 101-бет; Хамди Дөндүран, ж.к.е., 120-бет;

мен қазасына сай болады.

Адамды Аллаһ ерікті, таңдау мен қалау иесі етіп жаратқандықтан ол өз қалауы бойынша әрекет ете алады. Халал не харам амалдарды да өз қалауымен жасайды. Әрине, ақ пен қараны өз еркімен таңдағандықтан, сол таңдау еркінің ақысы үшін жауапқа тартылады. Егер адамда таңдау мен қалау еркі болмаған жағдайда, ол ақыретте жауапқа тартылмас еді. Пенде тек таңдау мен қалау еркіне ие, ал оның қалауына қатысты істі жарату - Аллаһтың құзіретіндегі жайт. Яғни, пенденің жасамақ болған ісі Аллаһ Тағаланың құдіретімен жаратылады. Сөйтіп, пенденің өз ерік-жігерімен, қалауымен жасаған әрбір ісі үшін ақыретте жауапқа тартылады.

Жоғарыда Аллаһ барлық мақлұқат атаулының жаратушысы болғандықтан адамның да ісін жаратады дедік. Дегенмен, Аллаһ біздің қалаған, таңдаған ісімізді жаратқанымен оларды іске асыруға міндетті емес. Аллаһ бұл мәселені табиғат әлеміндегі қалыпты үйлесімділік іспетті өз заңдылығы бар етіп жасап қойған. Яғни, адамның жүріп-тұруы, ішіп-жеуі табиғаттың тарту еткен сыйы секілді көрінеді. Негізінде тіршілікті де пенденің қалауына сай етіп жаратқан бір Аллаһ екенін естен шығармайық.

Адамның таңдау ерік-жігерінің бар екендігіне дәлел ретінде төмендегі аяттарды келтіруге болады:

«Расында оған тура жол көрсеттік. Мейлі шүкіршілік қылсын, мейлі қарсы келсін» (76.Инсан-3).

«Оған екі жол көрсетпедік пе?» (90.Бәләд-10).

«Әркім істеген ісі үшін жауап береді» (74.Муддәсир-38).

«Кім ізгі іс істесе, сонда өзі үшін. Ал кім жамандық істесе өзіне тән. Раббың құлдарына зұлымдық етуші емес» (41.Фуссилат-46).

Әһли сүннет сенімі бойынша, пенде жасамақ болған ісін нысанаға алып, жүрегімен қалаған сәтте оны Аллаһ

іске асырады. Яғни, құл – қалаушы, Аллаһ – жаратушы деген сөз. Сондықтан пенденің «мен бұл істі өзім істедім, бәріне өз ерік-жігерім арқылы жеттім, өзім жасадым» дегені үлкен қателік. Себебі, адамның қалауын Аллаһ жаратпаса, ол ойға алған ісін қайтіп жүзеге асырмақ? Сондықтан біз (әһли сүннет сенімі), Аллаһтың бүкіл мақлұқатты жаратқаны іспетті, пенденің ісін де жаратушы деп білеміз. Бұған мына аяттарды дәлел ретінде келтіруге болады:

«Аллаһ барлық нәрсенің жаратушысы» (39.Зумәр-62).

«Аллаһ сендерді де, сендердің амалдарыңды да жаратты» (37.Сафفات-96).

Исламдағы пенденің қалау еркі жайлы мәзһабтардың пікірлері де әрқалай. Мысалы, Жәбрия мәзһабы бойынша, адамда қалау, таңдау еркі жоқ. Олардың пайымдары бойынша пенде бейне бір программаланған робот секілді маңдайына жазылғанды ғана жасайды. Ал Муғтазила мәзһабын ұстанушылар пенде барлық ісін өзі жасайды. Аллаһтың бұған ешқандай қатысы жоқ. Яғни, пендеде маңдайына жазулы тағдыр болмайды, ол өз тағдырын өзі жасайды. Егер оның тағдыры болатын болса, ол о дүниеде істеген ісін тағдырға тапсырып, Аллаһқа кінә артатын болады деп санайды. Ал, біз әлбетте бұл пікірлерге қосылмаймыз. Себебі, жоғарыда бірнеше мәрте тәптіштеп айтқанымыздай, пенденің ең алдымен жузи ирадасы (жузи ирада - белгілі бір қалау еркі) бар²¹³. Адам осы жузи ирада яғни таңдау еркі арқылы қандай да бір істі қалауға құқылы. Айталық арақ ішіп күнә істеу немесе мұқтажға көмек беру арқылы жақсылық жасау пенденің қалауы және таңдауы арқылы жүзеге асады. Осы амалды жасау барысында оны ешкім мәжбүрлеп, міндеттемейді. Міне сондықтан пенде осы қалауы үшін ақыретте жауап

²¹³ Сайм Клавуз, ж.к.е., 102-105 бет; А.Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 228-229 бет.

береді. Себебі, ол осы істі өз еркімен жасап отыр. Бұл жерде Аллаһ пендеге бұл істі мәжбүрлеп істетіп тұрған жоқ, пенде өз қалауымен амалды тандап, жузи ирадасын (қалау еркіндігін) қолдану арқылы жасауда. Олай болса, пенде Аллаһтың өзіне берген қалау еркіндігі арқылы қандай да бір істі жасауға әрекет етсе, Аллаһ та оған сол істі жасайтын күшті (иститағат) беріп, амалын іске асырады Сол үшін Құранда **«Аллаһ сендерді де, сендердің амалдарыңды да жаратты»** (37.Саффат-96), деп анық түрде баян етуде.

4. Тағдырды сылтау ету дұрыс па?

Тағдыр мен қазаға иман ету – парыз. Бірақ пенде тағдырдың мәнін дұрыс тәпсірлемей, өз пайымымен қорытынды шығарап, сылтауратып жауапкершіліктен құтыла алмайды. Мысалы: «Аллаһ пешенеме осылай жазған екен», - деп күнә істеу немесе: «Тағдырыма жазылған соң қолымнан келер шара жоқ», - деп өзін кінәсіз санау пенденің осы тұрғыдағы білімінің таяздығынан туындап жатады. Құранда Аллаһ Тағала бізге тағдырға тәуелді болуды емес, жасаған әрбір іс-әрекетімізге жауапты болуды бұйырады. Егер шынында да тағдырға бас иіп жүру бірінші кезектегі, дініміздегі өте маңызды жайт болса, Хазіреті Пайғамбарымыз ол жөнінде бізге ең болмағанда бір ғибратты хадис қалдырған болар еді. Хазіреті Пайғамбарымыз керісінше, ешқашан тағдырды сылтау етпеген. Өзінің бейкүнәлік ерекшелігінен хабардар бола тұра, өмірін күндіз-түні Аллаһ Тағалаға ғибадат етіп, дұға жасаумен өткізген. Дәл сол секілді сахабалар өмірінен де тағдырға налып құлшылығын тастаған, яки өзге де үмітсіздікке түскендері жайында ешбір мәлімет кездестірмейсіз. Тіпті өмірінде жәннәтпен сүйіншіленген бақытты сахабалар да тағдырды сылтауратып, енді барар

жерім жәннәт деп шалқасынан түсіп, бейғам жатпағаны белгілі. Сөзімізге бірден-бір айғақ боларлық жайт, ардақты сахаба Хазіреті Омардың өмірі.

Бұл жерде мына бір нәзік мәселеге және бір тоқталып өткеніміз жөн. Біздің бүкіл саналы іс-әрекет, тіршілігіміз Аллаһтың тағдырымызға жазып қойғандықтан жүзеге асып жатпайды. Яғни, біз «тағдырымыз жазылып қойылған» дегенде, ең алдымен, өзіміздің қалау ниетімізбен жүзеге асатын бүкіл әрекетіміздің Аллаһқа әлмисақтан аян екенін санамызда ұстауымыз керек. Сонда ғана, тағдырдың жазылып қоюы мен сіздің жеке саналы тіршілік иесі ретіндегі пайым-парасатыңызға, ілім-біліміңізге құрылған әрекет, жоспарларыңыздың арасында соншалықты бас бұзарлықтар бір-біріне тәуелді заңдылықтың жоқ екендігін бірден түсінесіз.

Тағдырды сылтау еткен кісіге байланысты Хазіреті Омардың бекіткен жазасы да ойланған жанға үлкен сабақ болары сөзсіз. Хазіреті Омардың халифалық (634-644) тұсында ұрлық жасаған бір кісіні халифаның құзырына әкеледі. Сонда Хазіреті Омар:

- Не үшін ұрладың? – деп сұрағанда, ұры:

- Аллаһ Тағала осылай жазған, - деп жауап бергенде, Хазіреті Омар:

- Оған 30 дүре соғындар, содан кейін қолын кесіндер, - деп әмір етеді. Ондағылар берілген үкімге таңырқап:

- Неге бұлай, - деп сұрайды. Хазіреті Омар:

- Ұрлық істегені үшін қолы кесіледі, Аллаһқа қарсы өтірік айтқандығы мен ұрлық жасаудағы жауапкершілікті тағдырға сылтауратқандығы үшін дүре соғылады, - деп жауап береді²¹⁴.

²¹⁴ Сайид Сабик, Әл-Ақайдұл-Исламия, Бэйрут, 98 бет.

5. Тағдыр өзгере ме?

Аллаһ Тағала жер бетіне келіп-кететін күллі тіршілік атаулының тағдырын әуелде Ләуһу Махфузда жазып қойған. Ләуһу Махфуз негізгі ана кітап болғандықтан Аллаһтың одан басқа «Ләуһу Маху», «Лауһу Исбат» есімді тағдыр кітаптары бар. Міне, осы тағдыр кітаптарында Аллаһ қалағанын өшіріп, қалағанын сол күйінде қалдырады²¹⁵. Сол секілді адам тағдырының өзгеріп, өзгермеуі де Аллаһтың қалауында. Аятта да бұл жөнінде: **«Аллаһ қалағанын өшіреді, қалағанын қалдырады. Негізгі Кітап (Уммул Китаб) Оның қасында»** (13. Рағыз-39) деп ашық айтылған.

Аллаһ қаласа пендесінің тағдырын немесе қазасын өзгертуі мүмкін. Дегенмен бұл мәселеде пенденің ниеті мен іс-әрекеті негізгі рөл ойнайтындығын мына хадистен аңғаруға болады.

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) құлайын деп тұрған үйдің қасынан өтіп бара жатып, жылдам жүреді. Сонда қасындағы сахабалар: *«Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһтың қазасынан қашып барасыз ба?»* – деп сұрағанда, Хазіреті Пайғамбарымыз: *«Аллаһтың қазасынан Аллаһтың тағдырына (қадарына) сыйынамын»*, - деп жауап береді²¹⁶.

Хазіреті Омар (р.а.) хижри 18-жылы Шамға бармақ болып сапарға шығады. Жол жүріп келе жатып Сәрг атты елді мекенге жеткенде Шамда оба ауруының шыққанын естіп, кері қайтпақ болады. Сонда Шам қолбасшысы Хазіреті Әбу Убайда ибн әл-Жәррах: *«Уа, Мүминдердің әміршісі! Аллаһтың тағдырынан қашпақсыз ба?»* - дегенде, Хазіреті Омар оған: *«Ей, Әбу Убайда! Әттен, бұл сөзді сенен басқа жан айтқанда ғой! Иә, Аллаһтың*

²¹⁵ М. Абдулфеттах Шахин, ж.к.е., 238-бет.

²¹⁶ Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 121-бет.

тағдырынан қайтып, Аллаһтың тағдырына қашып барамыз. Тағдырға не жазылғанын бір Аллаһ біледі. Мәселен, сенің жайылымға шыққан түйелерің, бір жағы тақыр, оттығы жұтаң, бір жағы шалғынды сайға түсті делік. Сен түйелеріңді шалғынды, шайырлы жотаға жайып тойдырсаң да, немесе тақыр, шөпсіз жотаға жайып, аш қалдырсаң да, Аллаһтың тағдырына сәйкес әрекет еткен болмайсың ба!?»), - деп қисынды жауап береді.

Хазіреті Абдуррахман ибн Ауф бұл мәселеге қатысты мынадай хадис айтады: *«Бір жерден оба шыққанын естісеңдер, ол жерге бармаңдар. Егер сендердің тұрып жатқан жерлеріңде оба ауруы шықса, онда ол жерден шықпаңдар»* (Бухари риуаяты).

Хазіреті Омардың ұсынысына Хазіреті Әбу Убайда ибн әл-Жәррах құлақ аспай тағдырда жазғанын көрермін деген ниетпен Шамға кетеді. Кейіннен Хазіреті Әбу Убайда және өзге де беделді сахабалардың осы оба ауруынан шәхит болған хабары Мадинаға жетеді. Хижри 18-жылы Шам өлкесінде шыққан осы «Амуас обасынан» 25 мың адам өледі²¹⁷.

Хазіреті Омар тағдырдың өзгеруі үшін Аллаһқа үнемі дұға еткендігі белгілі. Ардақты сахаба былай деп дұға ететін: «Аллаһым! Егер есімімді шакилардың (жамандар, тозақтықтар) арасында жазған болсаң, атымды ол жерден өшір. Егер саидтардың (бақыттылар, жәннәттықтар) арасында жазған болсаң сол жерде берік қыл. Өйткені Сен **«Аллаһ қалағанын өшіреді, қалағанын қалдырады. Негізгі Кітап (Уммул Китаб) Оның қасында»** (13. Рағыд – 39), деп айттың. Сенің бұл сөзің хақ» (С.Вехби, Мәжмуатул-Маариф, Коня 1327, 123 бет)²¹⁸.

²¹⁷ Жолдасов А., ж.к.е., 94 -бет.

²¹⁸ Хамди Дөндүрен, ж.к.е., 121-122 бет.

6. Жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену

Біз, яғни иман етуші пенделер әу баста әмәнту билләһты айтқан кезде жақсылық пен жамандықтың бір Аллаһтан екендігіне сендік. Негізінде Аллаһ Тағаланың шексіз құдіреті арқылы жер бетіндегі әрбір нәрсе жұп-жұбымен жаратылған (бұл жайында жоғарыдағы тақырыптарда сөз болды). Жақсылық пен жамандық ұғымдары да бір-біріне қарама-қайшылық жұбы. Дегенмен олардың жұптық қасиеті болған соң, әркез бір-бірін толықтырып отыратын хикметі бар. Жамандықтың бет-пердесін жақсылық, жақсылықтың мәнін жамандық ашады. Аллаһ құзырында да адамдардың дәрежесі жақсы не жаман амал жасауына байланысты. Егер мұндай айырмашылық болмаса, барлығымыз бейне бір періштедей күнәсіз болып, дүниелік сынақтың ешқандай да маңыздылығы қалмас еді.

Аллаһ жамандықты жаратты ма, жаратпады ма деген мәселе ислам ағымдары арасында талас тудыруда. Біреулер Аллаһ тек жақсылықты жаратты, жамандықты адам өзі жаратады, өзі жасайды десе, біз сунниттер, жақсылықты да, жамандықты да бір Аллаһтан деген пайымды ұстанамыз. Аллаһ адамды жамандыққа итермелеп, кез-келген қасіретті әдейі басымызға душар етпейді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, пенде өзінің ерік-жігерінің таңдауымен жақсылықты да, дәл сол секілді жамандықты да басына тілеп алады. Аллаһ Тағала болса оның қалауына сай сол істі жүзеге асырады. Сонда бұл жерде кім кінәлі? Әлбетте, таңдаушының яғни, пенденің өзі кінәлі.

Құран аяттарының мағынасынан адамның өз-өзіне кесір тигізетінін аңғаруға болады. Ал Аллаһ Тағала пендесін күнәһар болсын, жаман адам болсын демейді. Мысалы, (әрине, бұл мәселедегі келтіріп отырған салысты-

румыз тек тақырыптың мағынасын ашып беру үшін ғана; себебі, мәселе басқалай болғанда бұл салыстыру тіпті орынсыз болар еді) ата-ананың балаларына жамандық қаламайтыны түсінікті жайт. Керісінше, ата-анасы баласын сәт сайын жамандықтан жиіркендіріп, жақсылыққа үндеуден ешқашан жалықпайды. Бірақ, ата-анасының адал көңілі мен баланың шалыс қылығы көп жағдайда сәйкес келе бермейді. Егер балалардың бәрі ата-анасының айтқандарымен жүріп, бірден судан ақ, сүттен таза болып кетсе, жер бетінде бұрын-соңды болмаған бейбіт ғұмыр орнар ма еді, кім білсін?! Өкінішке орай, ата-анасын тыңдайтын перзент аз. Ата-ана баласының шалыс басып, жаман жолға түскенін қаламайтыны секілді, Аллаһ та пендесінің тозаққа баруын қаламайды. Ата-анасын тыңдамаған бала темір тордан бір-ақ шығады немесе қоғамдағы сүйкімсіз, жағымсыз тұлғаға айналады. Сол секілді пенде де Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарына құлақ аспай, Аллаһтың ақ жолымен жүрмей, бұл дүниеде қарғысқа ұшырап, о дүниеде тозаққа бармақ.

Осы тақырыпқа қатысты аятта да: **«Аллаһ оларға зұлымдық етпеді. Бірақ олар өз-өздеріне зұлымдық еткен еді»** (16.Нахыл – 33) деп, барлық мәселеде пенденің өзі кінәлі екенін білдіреді.

«Расында Аллаһ адамдарға еш зұлымдық жасамайды. Бірақ адамдар өздеріне-өздері зұлымдық жасайды» (10.Юнус-44).

Мәселе осылай болған соң шынайы мұсылман жақсылыққа кенеліп, жақсы іс істеп, табысқа жетіп жатса, Аллаһқа шүкір етіп, жамандыққа ұшыраса сабыр етіп, Аллаһтан әрбір істің қайырлысын тілегені абзал. Бұл жамандыққа кезіккенде басын иіп, соңы не болар екен деп күту деген сөз емес. Керісінше, пенде сол жамандықтан құтылудың жолын іздеп, әркімге жөн-жосықсыз шағымын

айта бермей, Аллаһқа шын ниетімен жалбарынып, дұға етуі керек. Кейде жайсыздыққа ұшыраған жандар аузына келген ғайбат сөздерді айтып, тіпті, Аллаһқа да тіл тигізуден жасқанбайды. Ал шынайы мұсылманның мұндай маскаралыққа жол бермеуі тиіс. Аятта осындай бір жағдаятқа ұшыраған пенденің кейпін былай баян етеді: **«Ал енді Аллаһ адамды қашан сынап игілікке бөлесе: Раббым мені сыйлады, - дейді. Қашан оны сынап, несібесін тарайтса: Раббым мені қорлады, - дейді»** (89. Фәжр, 15-16).

Мұсылманның келесі бір міндеті – дін бауырларын жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйылуға үндеу. Мүмин бұл істе тек бір Аллаһтың разылығын ғана ойлайды. Сонымен қатар жасаған әрбір жақсы амал үшін сауап, жаман амалы үшін күнә жазылатындығына бек сенеді. Мұсылман ешбір нәрсенің де жауапсыз қалмайтындығын бір сәт естен шығармауы тиіс.

Асылында иманды жан ешкімнің ала жібін аттамай, қолынан келген жақсылығын аямай, дін үшін жаман әдеттен аулақ болып, өзгені де жамандықтан жеріндіруді өзінің асыл мақсаты деп біледі. Өзіне жамандық жасағанға жамандықпен жауап қайтармастан, кешірімшіл болу, яки «таспен ұрғанды аспен ұру» қағидасына сай амал етеді.

7. Хидаят (дұрыс жол) пен далалат (адасушылық)

Хидаят – Аллаһтың бұйырған тура жолына түсу, иман етіп, ізгі амал істеу. Ал далалат – хақ жолдан бас тартып, адасушылыққа бой алдыру деген ұғымды білдіреді.

Кейбір мұсылмандардың түсінігі бойынша, Аллаһ Тағала пенденің қалауынан тыс не хидаят нәсіп етеді, не далалатқа салады. Бұл әрине, қате пікір. Мәселен,

Аллаһ сізді еріксіз далалатқа (адасушылыққа) түсірді делік. Адасушылықпен ғұмыр кешкендіктен сіз, әлбетте, тозаққа лайықсыз. Енді сіз тозақтық болардың алдында: «Я, Аллаһым! Мені мына дүниеге жібердің де, ешқандай ерік берместен адасушылардың санатына тастадың. Енді мені неге жазаламақсың? Менің нендей күнәм бар? Өзің адастырып, Өзің жазаламақсың. Бұл Сенің әділдігіңе жатпайды ғой», - деп, сөзсіз уәж айтпайсыз ба?! Сондықтан Аллаһ ешкімді зорлап хидаятқа, не далалатқа түсірмейді. Аллаһ құлдарына жәбір көрсетуден пәк. Себебі, Оның мейірімі де, рахымы да шексіз!

Пенде тура жолға түспек болып ниет етсе, барлық ықыласымен Аллаһтан тілесе, шүбәсіз оған хидаят нәсіп болады. Егер адасушылардың жолын таңдап, хақ жолды қабыл еткісі келмей бұра тартса, онда оған Аллаһ далалаттың жолын ашады. Ислам бойынша, ешбір пендені дінге, иманға қинап кіргізуге болмайтындығынан баршамыз азды-көпті хабардармыз. Бұл ислам дінінің шексіз мейірім діні екенін айғақтайтын бірден-бір дәлел. Аятта былай дейді: «**Дінде зорлық жоқ**» (2.Бақара-256), «**(Мұхаммед (с.а.у.)) егер Раббың қаласа әрине жер бетіндегілердің барлығы түгелдей иман келтірер еді. Адамдарды иман келтіруге сен күштейсің ба?**» (10. Юнус-99). Міне осы аятта айтылғандай, Аллаһ қаласа, барлық адамды еріксіз иманды етер еді. Бірақ, Әділет падишасы әсте олай етпейді, тіпті Пайғамбарымызға да иман мәселесінде ешкімге зорлық көрсетпе деп бұйырады.

Хидаят пен далалат пенденің ниетіне қарай болатын жағдайлар екені Құранда да анық баян етілген: «**Енді кім тура жолда болса, өзі үшін тура жолда болады. Ал енді біреу адасса, өз зиянына ғана адасады. Мен сендерге кепіл емеспін деп айт**» (10.Юнус-108). «**Аллаһ құлдарына зұлымдық жасамайды**» (40.Ғафыр-31).

Пайғамбарлар да ешкімді мәжбүрлеп, иман еттірмей, тек Алланың ақ жолына шақырып, өз міндеттерін ғана атқарған. Иманға көңілі бұрмайтын пендеге пайғамбар ешқандай да бұйрық бере алмайды. Себебі, жол таңдау пенденің қалауында. Қалауына қарай, Аллаһ Тағала сол жолдың есігін ашады. Хазіреті Пайғамбарымыз да көкесі Әбу Тәлібке қанша жалынып, сұранғанымен иманға келтіре алмады. Ең ақырында иманнан қашқан көкесіне, Аллаһ адасушылардың жолын ашты да, ол сол иман келтірмеген күйі бұл дүниеден озды.

Тіпті, бар ықыласын адамды тура жолдан тайдыруға арнаған шайтан да адамдарға адасушылықтың жолын көрсетіп, алдап-арбағанымен, бірақ ешбір пендені зорлап адастыруға құдіреті жетпейді. Ал шайтанның шынайы мүминге зәредей зиян тигізе алмайтындығы белгілі: **«Менің шынайы құлдарыма ықпалың жүрмейді. Бірақ саған кім ерсе, адасқандардан болады»** (15.Хижр-42).

8. Жүректегі мөр

Дінімізде кейбір жандардың жүректерінің мөрленгендігі жайында айтылады. Мөрленген деген сөздің мағыналық шеңбері – иманға құлақ асып, жүрегі жібімейтін, хақ жолды теріс деп санап, өз пікірінен эсте танбайтын жандар деген ұғымды қамтиды. Осыдан келіп, санамызда «шындығында да пенденің жүрегіне мөр басылып, содан ол мәңгілік кәпір бола ма екен?» деген заңды сауал қылаң береді. Ешбір құлына Аллаһ Тағаланың зұлымдық етпейтіні басы ашық мәселе. Бұл тұрғысында жоғарыда рет-ретімен сөз болды.

Ал бұл жердегі негізгі ілтипат ең алдымен, пенденің өзіне қатысты. Егер пенде ешбір діни үгіт-насихатқа селт етпей, ақиқатты ашық түрде кесірлікке бой алды-

рып мойындамаса, адасушылықты өзіне ту етіп ұстанып, қасарысып тек өз пәлсафасын дұрыс деп, дегенінен қайтпаса, Жаратушы ондай пенденің жүрегіне рухани мөр басады. Яғни, пенденің өз қалауының кесірінен, оған ешқандай үгіт-насихат дарымаған соң ғана Аллаһ Тағала оның жүрегіне мөр басады да, өлгенше хидаятты нәсіп етпейді.

Егер біз «пәленшенің жүрегіне мөр басылған, сондықтан ол енді ешқашан иман етпейді» десек, қатты қателесеміз. Асылында, ол Аллаһ оның жүрегіне мөр басқандықтан иманға келмей жүрген жоқ. Керісінше, оған берілген мөр оның маңдай терімен еңбектеніп тапқан «адал еңбек ақысы» секілді нәрсе. Яғни, әлгіндей жан ақиқатқа, Аллаһқа мүлде сенбей, көбіне сенгісі де келмей, өзінің пікірін ғана дұрыс деп санағандықтан, оның бетінің бері қарауы мүмкін болмаған жағдайда ғана жүрегіне мөр басылған. Мысалы, Әбу Жәһил, Әбу Ләхаб, т.б. осы секілді мүшріктер өз әрекеттері мен сенімдерін дұрыс деп, сол жолдан бас тартпағандықтан жүректері мөрленген. Олар Хазіреті Пайғамбарымыздың айтқандарының ешбірін қабыл етпей, тіпті Пайғамбарымызды келеке етумен болған. Міне, осындай шектен шыққан жағдайда ғана әлгіндей жандардың жүректеріне мөр басылмақ. Аллаһ Тағала бұл тақырып жайындағы хикметті мына аяттарда білдіреді:

«Күпірліктерін жалғастыру себебімен Аллаһ олардың жүректерін мөрлеген. Сондықтан азы ғана иман етеді» (4.Ниса-155).

«(Мұхаммед (с.а.у.)) Расында қарсы болғандарды үгіттесең де, үгіттемесең де бәрі бірдей. Олар иман келтірмейді. Аллаһ олардың жүректеріне, құлақтарына мөр басқан. Әрі көздерінде перде бар. Сондай-ақ олар үшін үлкен азап бар» (2.Бақара, 6-7).

9. Пенденің рызык-несібесі

Жаратылыстағы бүкіл тіршілік атаулының өлшеулі рызығын бір Аллаһ Тағала ғана береді. Ал сол рызык-несібесін өз аяғымен жүріп табатындар мен әрекет етуге дәрменсіз тіршілік атаулының рызығының арасында пәлендей айырмашылық жоқ. Мәселен, адамдар, хайуанаттар мен құстар өз рызык-несібелерін саналы түрде әрекет ету арқылы тапса, ана жатырындағы сәбиге Аллаһ анасының қанымен рызык береді. Тіршіліктегі басқа да әлсіз «шақалақтар» туралы да осыны айтуға болады. Оларға ата-аналарын не басқа да жағдаяттарды себепші қылу арқылы Аллаһ өз рызыктарына жеткізеді. Және де Аллаһ пенденің әрекеті мен ниетіне сай халал не харам жолдан рызығын нәсіп етеді. Біздің айтып отырған тұжырымдарымыздың түпкі өзегі Құранда баяндалады: **«Жер бетіндегі әр жәндіктің қорегі Аллаһқа тән. Ол олардың тұрақты, тұрақсыз орындарын біледі. Барлығы ашық бір Кітапта»** (11.Худ-6). **«Шүбәсіз, Ол Аллаһ рызықтандырушы және мықты күшке ие»** (51. Зәрият-58).

Негізінде пенденің рызык-несібесі оның қаншалықты әрекет етуіне тікелей байланысты. Десек те, Аллаһ Тағаланың қалаған құлына есепсіз рызык беретіндігі басы ашық мәселе. Бірақ, Аллаһ рызыкты пенделердің иманды не имансыздығына қарай бөле-жарып бермейді. Егер жағдай солай болғанда иман еткен мұсылмандардың бәрі ірі байлық иесі болып, дінсіздердің барлығы тақыр кедей болулары керек еді ғой. Ал күнделікті өмірдегі жағдай мұны мүлде теріске шығарып тұрған жоқ па!? Сондықтан пенденің бай не кедей болуы Аллаһтың қалауындағы мәселе екендігін түсінуіміз керек. Бұл тақырыпта да бізге Құран аяттары негізгі көмекші: **«Аллаһ қалаған кісінің несібесін молайтып, қалаған пенденің несібесін та-**

рылтады....» (13.Рағызд-26); **«Аллаһ қалағанын есепсіз рызыкқа бөлейді»** (2.Бақара-212).

Пенде тіршіліктегі өз рызык-несібесін табу жолында түрлі әрекеттерге, айла-тәсілдерге барып, бүкіл күш-жігері мен ақыл-парасатын жұмсайды. Әрине, пенде өз қарым-қабілетіне қарай рызығын айырады, бірақ ең бастысы, рызыктың халалын ішіп-жеуді Аллаһтың бұйыратынын бір сәт естен шығармау керек. *«Ал енді Аллаһтың сендерге берген рызығының халал әрі тазасынан жеңдер...»* (16.Нахыл-114) - деген Аллаһ Тағала – мұсылман пендеге өз рызығын табудың негізгі тұжырымдық формуласын ұсынады.

Әрбір тіршілік атаулы Аллаһтың өзіне бұйыртқан өлшеулі рызык-несібесін ішіп-жемей бұл фәни дүниеден өтпейді және ешқандай тіршілік иесі өзгенің Жаратушының шексіз даналық ілімімен белгіленген рызығына ортақ бола алмайды. Хазіреті Пайғамбарымыз былай дейді: *«Рызыкты іздеуден бас тартпаңдар. Ешкім өзіне бұйыртқан рызыкқа жетпей өлмейді. Олай болса халалын алып, харамын тастаумен рызыктарыңды жақсылап іздеңдер»*, (әт-Тәрғиб уәт-тәрхиб, 2/534)²¹⁹.

Қым-қуат сынаққа құрылған мына тіршіліктегі рызык-несібе мәселесіне қатысты шынайы мұсылманның ұстанымы – Аллаһтың бұйыртқан рызык-несібесіне әркез шүкір етіп, таршылығы болса, оған сабырлықпен әркез қанағат етіп, әрбір істің қайырын бір Жаратушыдан тілеу. Асылында, шүкіршілік – Аллаһтың сүйікті құлдарының қасиеті. Иманды кісілердің бұл мінезі оның рызык-несібінің арта түсуіне де бірден-бір себепші болады: **«Сол уақытта Раббыларың: Егер шүкір етсеңдер, арттыра беремін. Ал егер қарсы келсеңдер азабым қатты деп жариялады»** (14.Ибраһим-7).

²¹⁹ А. Лүтфи Казанжы, ж.к.е., 273-бет.

10. Өмірдің бітуі мен ажал мәселесі

Дүниедегі тіршілік атаулының ғұмыры Жаратушының әу баста тағдырға жазған мөлшерімен өлшенеді. Ешкім де сол межеден не артық, не кем өмір сүре алмайды. Пенде өзіне бұйырылған рызық-несібесіне қол жеткізіп, дәм-тұзы таусылған соң пәни өмірмен қош айтысып, мәңгілік өмір сапарына көш түзейді. Себебі, өмірді де, өлімді де жаратушы – бір Аллаһ. Әрбір кеудесінде жаны бар тіршілік иесі өліммен бетпе-бет келері хақ екендігі қасиетті Құранның «Имран» сүресінде: **«Әркім өлімді татады»** (3.Али Имран-185) деп тайға таңба басқандай анық айтылады. Әрине, бұл ойлы жанға үлкен сабақ. Сонымен қатар, Құранда өлімнің уақыты да Аллаһтың иләһи ілімімен белгіленіп қойғандығы жөнінде айтылады: **«Біз араларыңда өлімді белгіледік. Бізден ешкім оза алмайды»** (56.Уақиға-60).

Аллаһ әрбір пендеге тек өзіне тән өмір өлшемін нәсіп еткендіктен, кімнің қанша уақыт ғұмыр кешетіндігі біз үшін беймәлім. Ол әрине, бір Аллаға аян. Кейде пенденің денінің саулығына, жас-кәрілігіне қарап, «пеленшенің денсаулығы аттай екен, ал түгеншенің ғұмыры санаулы, тіпті ауру меңдеп алыпты ғой өзін» деп, соған байланысты біреудің өмірінің ұзақтығы мен қысқалығы тұрғысында тон пішетін кездеріміз де болады. Ал тіршілікте бәрі де біз ойлағандай бола бермесі белгілі. Тепсе темір үзетін жігіттердің де аяқ астынан ажал құшып жатқаны да ешкімге жаңалық емес. Демек, ажал күтпеген сәтте келері анық, өлімнің ерте-кеші, жасы не кәрісі болмайды. Пенденің тағдырында жазылған ажал сәті келгенде, Әзірейл періште оның жанын бір сәт те болсын кешіктірместен алады. Өлімнің уақыт сәті таянғанда ешқандай кешігу немесе ерте кету деген ұғымның әсте болмайтындығын мына аяттардан білеміз: **«Әрбір адамның ажалы бар. Оларға**

ажал келген кезде, бір сағат бұрын және кейін кешіктірілмейді» (7.Ағраф-34).

«Әрбір үммет үшін бір ажал бар. Қашан олардың белгілі мерзімі келсе, бір сәтке кешіктірілмейді де, ілгерілетілмейді де» (10.Юнус-49).

«Қашан біреудің ажалы келсе, Аллаһ оны әсте кешіктірмейді» (63.Мунафиқун-11). Демек, пенденің тағдырына жазылған дәм-тұзы біткенде оны өлімнен ешқандай күш ұзарта да, арашалап қала да алмайды. Бірақ, осы мәселеге байланысты Хазіреті Пайғамбарымыздың өмірді ұзартатын амалдардың бар екендігі жөнінде айтылатын хадистері бар. Бұған мысал ретінде садақа беруді айтуға болады. Расында да адам садақа беру, не басқа да қайырлы амалдар, дұғалар жасау арқылы ғұмырын ұзарта ала ма? Әлбетте, ұзарта алмайды. Себебі, әу баста пенденің ғұмыры белгіленгенде, Аллаһ оның не істейтіндігін, садақа беріп-бермейтіндігін, нендей қайырлы амалдар жасайтындығын, немесе жасамайтындығын білген. Пенденің өлшеулі ғұмыр жасы да соған қарай белгіленген. Ал, Ғаламның Рақым нұрына айналған ардақты Пайғамбарымыздың кейбір құлшылық түрлерінің өмірді ұзартады дегенге саятын хадисі, негізінен адамдардың аталған құлшылық түрін істеуге ынталандырудан туындаған болса керек. Яғни, бұл жерде аталған хадистердің ең бастысы, ғибраттық ұстанымдары басым екенін ескергеніміз жөн.

Мұсылман кісі үшін ажалды күткеннен гөрі, жалпы ақырет үшін қандай да дайындық жасағаны маңызды. Кейде, өмірдің тауқыметіне төзе алмаған жандар өз-өзіне қол жұмсап немесе өзіне өлім тілейтін жағдайға дейін барып жатады. Асылында, мұндай үмітсіздікке түскен кісілердің Хазіреті Пайғамбарымыздың: *«Тап болған бәле-жала, апатқа қарсы ешбіріңіз өлім тілемеңіздер»*

(Риязус-Салихин, 2 том, 16 хадис) деген аса маңызды тұжырымын назарға алғандары дұрыс болар.

Хазіреті Пайғамбарымыздың мына хадисін көкейімізде сақтап, соған қарап амал етейік: *«Бес нәрсені бес нәрсе көрместен бұрын олжа деп біл. Өлместен бұрын өміріңді, ауырмастан бұрын денсаулығыңды, бейнеттенбестен бұрын бос уақытты, қартаймастан бұрын жастық шағыңды, кедейленбей тұрып байлықты занимет деп біл»* (Бухари риуаяты).

Қорыта айтқанда иман негіздеріне сену – әрбір адам баласының парызы. Себебі, Ислам соңғы дін және күллі адамзат пен жын атаулыға жіберілген. Алайда жер бетінде қаншама дін бар және әрбір дін өз сенімдерін белгілі бір жүйе арқылы түсіндіруде. Ал дініміз исламның сенім жүйесі өте түсінікті әрі нақты дәлелдерге сүйенеді. Міне осы түсінікті әрі нақты дәлелдерге сүйенетін иман мәселелерін қамтитын саланы «ақида» деп атаймыз. Иман негіздеріне сенген адам Аллаһтың құзырында және қоғамда «мұсылман» деп аталса, сенбеген немесе теріске шығарған пенде Аллаһ құзырында Құран тілімен айтқанда «сенбеуші, терістеуші, қабыл етпеуші» мағынасын білдіретін «кәпір» есімін алады. Бұл – ислам дінінің қағидасы.

Ақида – мұсылманның сенімін бір бағытты әрі тұрақты ұстап тұратын сенім жүйесі. Міне сондықтан ақиданы дұрыс түсінбеу түрлі кері ағымға жетелейтіндіктен біздер иман негіздерін толыққанды түсінуге тырысайық. Аллаһ Тағала баршамызға жар болсын!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі, Халифа Алтай, Мадина.
2. Д.Дж. Фрэзер, Золотая ветвь, Москва 1980.
3. Гүнай Түмер, Абдуррахман Күчүк, Динлер тарихи, Анкара 1997.
4. Оразкүл Көбеева, Дінтану негіздері, Алматы ҚАЗАқпарат – 1999.
5. Мұханмадияр Орынбеков, Қазақ сенімдерінің бастаулары, Алматы «Қазақ университеті» 2002.
6. И.Н. Яблоков, Религиоведение, Москва 1998.
7. Сайм Клавуз, Акиф Көтен, Осман Четин, Хусейн Алгүл, Дин Күлтүрү ве ахлак билгиси, Байрак баспасы, Истанбул 1997.
8. Хамди Дөндүрен, Делиллериле ислам илмихалы, «Еркам» баспасы, Истанбул.
9. А. Сайм Клавуз, Ислам акайды ве келама гириш, Истанбул 1993, Енсар баспасы.
10. Ислам ансиклопедиси, Түркие диянет вакфы баспасы, Истанбул 1984, 2, 9 том.
11. Сүлеймен Улыдаг, Фуат Кавукчу, Келам дерслери, Истанбул–1979.
12. Бекир Топалоглу, Келам илми гириш, Истанбул 1996.
13. Етхем Рухи Фыглалы, Чаымызда итикади ислам мезхеплери, Истанбул-1996.
14. Мухаммед Ебу Зехра, Мезхеплер тарихи, Истанбул.
15. А. Лүтфи Казанжы, Ислам акайди, Истанбул 1997.
16. Дамира Өмірзаққызы Ибрагим, Адамзаттың асыл тәжі, Алматы 2004, 2 баслым.
17. Имам Ағзам Әбу Ханифа Нұғман ибн Сабит, Фикһул әкбәр, түркіге тәржімалаған және таузих жазған Сайид Махмуд ат Тарази, баспаға дайындаған Дайрабай Серікбайұлы, Алматы 2000.

18. Нурәддин Ахмед ибн Мәжмуд ибн Әби Бәкр әс-Сабуни, Әл-Бидая фи усулуд-дин, Димашқ 1979.
19. Али Химмет Берки, Осман Кескіюғлұ., Соңғы Пайғамбар Хазіреті Мұхаммедтің өмірбаяны, Анкара – 1997.
20. Нурәддин Ахмед ибн Мәжмуд ибн Әби Бәкр әс-Сабуни, Әл-Бидая фи усулуд-дин, Димашқ, 1979
21. Нуреддин әс-Сабуни, Матуриди акайди, аударған Бекир Топалоглу, Истанбул.
22. Мәжмуатул мутун, Мәтнул акайди ли-Умари ән-Нәсәфи
23. Әл-Баяди, Кәмәладдин Ахмәд бин Хасан бин Синанеддин, Ишаратул мәрам, Мысыр 1368/1949
24. Мухтасар Сахих Бухари, тәлиф: әл-Имам Зәйнуддин Ахмед ибн Абдуллатиф әз-Забиди, Бәйрут – 1992.
25. Ибн Хажер ел-Хейтеми, Исламда халаллар ве харамлар, Истанбул 1990. 1,2 томдар.
26. Мехмед Емре, Ланетленмиш кишилер ве ишлер, Истанбул 1994.
27. С.Сейтбеков, С.Нысанбаев, Ислам әдебі, Шымкент – 2003 ж.
28. Елмалы Хамди Иазыр, Хак дини Куран дили, Истанбул – 1993, 1-8 том.
29. Осман Нұри Топбаш, Ислам, иман ғибадат, аударған: Хайреддин Өзтүрк, Алматы 2003.
30. Метин Юрдагүр, Аллаһын сыфатлары, Истанбул.
31. Имам Газали, Иһиау улумид-дин, мутержим; Ахмет Сердароглу, Истанбул, 1-4 том.
32. Қайрат Жолдыбайұлы, Ұлы Жаратушыға иман, Алматы – 2003.
33. Қайрат Жолдыбайұлы, Ақиқат шуағы, Алтын қалам баспасы, Алматы 2004 жыл.
34. Рахми Балабан, Илим-Ахлак-Иман, Анкара.
35. Осман Нури Топбаш, Имандан иһсана тасаввуф, Истанбул – 2002.
36. Али Осман Татлысу, Есмаул-хусна, Истанбул 1990.
37. Ислам және өркениет, №8, тамыз, 2002 жыл.

38. Сайд Рамазан әл-Бути, Яратжынын варлыгы яратанын гөрөви Ислам акаиди, Истанбул 1986.
39. Ибраһим Жанан, Хадис ансиклопедиси, Кутуби ситте, Истанбул 1998, 2, 14, 17 том.
40. Али ибн Мухаммед Мауарди, Әл-Ахкамус-султания уәл-уәләятуд-диния, Мысыр 1380/1960
41. Шерафеддин Гөлжүк, Ислам акаиди, Истанбул-1997.
42. Сайид Сабик, Әл-Ақайдул-Исламия, Бәйрут
43. Мухтасар илмихал, Фазилет баспасы, Истанбул.
44. Әт-Тафтазани, Шәрхул макасид, 2 том, Истанбул 1277.
45. М. Абдулфеттах Шахин, Инанжын гөлгесинде, Измир-1992, 1 -2 том.
46. Малик Ибраһим, Паралелльный мир или многое, но не всё о джиннах, Казань 2004.
47. Сахиhi Бухари ве тержемеси, Мехмед Софьюглу, Истанбул-1989, 13 том.
48. «Шайтанның адамды алдау-арбау амалдары», Мұхиддин Араби, аударған: Бауыржан Аманкелдіұлы Сайпов, Шымкент – 2000 жыл.
49. Халықаралық Қазақ-Араб университеті, Түркістанның 1500 жылдығына арналған профессор-оқытушылардың ғылыми-теориялық және оқу-әдістемелік конференциясының материалдары, Шымкент-1999 ж.
50. Ебул Лейс Семерканди, Тенбихул гафилин, аударған: Салих Учан, Челик баспасы, Истанбул-2001.
51. Киелі кітап, Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбаларының таңдамасы жиынтығы және Інжіл шариф, «Жаңа өмір» баспасы Станбул-2000.
52. Оразкүл қажы Көбеева, Шындыққа жол, Алматы ҚазАқпарат, 1999.
53. Латиф Баты, Құран, Інжіл, Забур, Таурат; Шымкент-1998.
54. Ә. Дербісәлиев, Араб әдебиеті, Алматы Мектеп 1982.
55. Мұхитдин Исаұлы, Құран кімнің сөзі?, «Алтын қалам» баспасы, Алматы 2004.

56. Жолдасов А., Әділетті төрт халифа тарихы, Шымкент 1998.
57. Исмайыл Жеррахолу, Тefсир усулу, Анкара – 1997.
58. Сейтбеков С., Нысанбаев С., Ислам тарихы, Шымкент-2002.
59. Сейфеддин Языжы, Негізгі діни мағлұматтар, Алматы 2004.
60. Пейгамберлер тарихи ансиклопедиси, Түркие газетеси, Истанбул, 1-5 томдар.
61. Осман Нұри Топбаш, Пайғамбарлар баяны, Алматы 2003, 1-4 том.
62. Мустафа Кара, Тасаввуф ве тарикатлар тарихи, «Дергах» баспасы, Истанбул 1995.
63. Мухиддин Невеви, Риязус салихин ве тержемеси, аударған: Кывамуддин Арслан, Хасан Хүснү Ердем, Анкара-1991.
64. Имам Шарани, Өлүм – киямет – ахирет ве ахир заман аламетлери, аударған: Халил Гүнайдын, Бедир баспасы, Истанбул.
65. Алиюл Кари, Фыххы Екбер, аударған: Ю.Вехби Явуз, Истанбул 1979.
66. Алиюл Қари, Минәхур раудил-әзхари ли шәрхил-фиқһул әкбәр, Кайр 1323
67. Иени рехбер ансиклопедиси, Истанбул 1994, 14 том.
68. Зекиюддин Шабан, Ислам хукук илминиң есаслары (Усулул фыхх), ТДВ баспасы, Анкара 1996.

Смайыл СЕЙТБЕКОВ

ИМАН
негіздері

Редактор: Ұлан Еркінбаев

Дизайнер: Саят Қали